

«Қазақстанның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресте зардап шеккен тұлғаларды ақтау мен олардың есімдерін мәңгі есте сақтау жөніндегі «Қаһармандар» Республикалық Қоғамдық Қоры



ISSN: 2957-6725
E-ISSN: 2957-6733

ҰЛТ ЖАДЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

2023, № 1 (3)



ISSN: 2957-6725
E-ISSN: 2957-6733

ҰЛТ ЖАДЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2023, № 1 (3)

1 / 2023

Бас редактор
Қасымов Сабыр Ахметжанұлы

Редакциялық алқа

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (Астана қ., Қазақстан)

Балтабаева Күлғазира Нұранқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Түлектер қауымдастығының атқарушы директоры (Алматы қ., Қазақстан)

Борчашвили Исидор Шамилович – заң ғылымдарының докторы, профессор, қазіргі заманғы құқық Институтының директоры, ҚР Жоғарғы Соты жанындағы ғылыми-консультативтік кеңестің мүшесі (Астана қ., Қазақстан)

Дихан Қамзабекұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, «Егемен Қазақстан» РГ» ЖШС Бас директоры (Астана қ., Қазақстан)

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, корр.-мүшесі. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Алматы қ., Қазақстан)

Кан Георгий Васильевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Корей этномәдени бірлестігінің бірінші орынбасары (Алматы қ., Қазақстан)

Кенжетәев Досай Тұрсынбайұлы – философия ғылымдарының докторы, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры (Түркістан қ., Қазақстан)

Қойгелдиев Мәмбет Құлжабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы қ., Қазақстан)

Көкебаева Гүлжаухар Кәкенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Тарихи және әлеуметтік-саяси зерттеулер институтының директоры (Новосибирск қ., Ресей)

Құрманов Зайнидин Карпекұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы СІМ Дипломатиялық академиясының проректоры (Бішкек қ., Қырғызстан)

Панто Дмитрий Иванович – PhD докторы, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми бөлімінің бас маманы (Гданьск қ., Польша)

Саиров Ерлан Бияхметұлы – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (Астана қ., Қазақстан)

Сарым Айдос Әміроллаұлы – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (Астана қ., Қазақстан)

Жауапты редактор
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Ғылыми редакторлар:
Сәрсембина Құралай Қуандыққызы
Шериязданов Бауржан Рахымғалиұлы

Техникалық хатшы
Зікірбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Касымов Сабыр Ахметжанулы

Редакционная коллегия

Әбіл Еркін Аманжолұлы – доктор исторических наук, профессор, депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан (г. Астана, Казахстан)

Балтабаева Кульгазира Нурановна – кандидат исторических наук, исполнительный директор Ассоциации выпускников Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Борчашвили Исидор Шамилович – доктор юридических наук, профессор, директор Института современного права, член Научно-консультативного совета при Верховном Суде РК (г. Астана, Казахстан)

Дихан Қамзабекұлы – доктор филологических наук, профессор, Генеральный директор ТОО «РГ «Егемен Қазақстан» (г. Астана, Казахстан)

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, член-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Кан Георгий Васильевич – доктор исторических наук, профессор, первый заместитель корейского этнокультурного объединения (г. Алматы, Казахстан)

Кенжетев Досай Турсынбайұлы – доктор философских наук, профессор Международного казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясави (Алматы, Казахстан)

Койгелдиев Мамбет Кулжабаевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (г. Алматы, Казахстан)

Кокебаева Гулжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института исторических и социально-политических исследований (г. Новосибирск, Россия)

Курманов Зайнидин Карпекович – доктор исторических наук, профессор, проректор Дипломатической академии МИД Кыргызской Республики (г. Бишкек, Кыргызстан)

Панто Дмитрий Иванович – доктор PhD, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны в Гданьске (г. Гданьск, Польша)

Саиров Ерлан Бияхметович – депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан (г. Астана, Казахстан)

Сарым Айдос Амироллаевич – депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан (г. Астана, Казахстан)

Ответственный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Научные редакторы:
Сарсембина Куралай Куандыковна
Шериязданов Бауржан Рахимгалиевич

Технический секретарь
Зикирбаева Венера Сериковна

Editor-in-Chief

Kassymov Sabyr Akhmetzhanuly

Editorial Board

Abil Yerkin Amanzholuly – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy of the Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan (Astana, Kazakhstan)

Baltabayeva Kulgazira Nuranovna – Candidate of Historical Sciences, Executive Director of the Al-Farabi Kazakh National University Alumni Association (Almaty, Kazakhstan)

Borchashvili Isidor Shamilovich – Doctor of Law, Professor, Director of the Institute of Modern Law, member of the Scientific Advisory Council at the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan (Astana, Kazakhstan)

Dikhan Kamzabekuly – Doctor of Philology, Professor, General Director of LLP “RG “Egemen Kazakhstan” (Astana, Kazakhstan)

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, corresponding member. NAS RK, Director of the Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan)

Kan Georgy Vasilyevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, First Deputy of the Korean Ethno-Cultural Association (Almaty, Kazakhstan)

Kenzhetaev Dosai Tursynbayuly – Doctor of Philosophy, Professor of the Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Almaty, Kazakhstan)

Koigeldiev Mambet Kulzhabaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhauhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher of the Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan)

Kozodoy Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of Historical and Socio-Political Studies (Novosibirsk, Russia)

Kurmanov Zainidin Karpekovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Vice-Rector of the Diplomatic Academy of the Ministry of Foreign Affairs of the Kyrgyz Republic (Bishkek, Kyrgyzstan)

Panto Dmitry Ivanovich – PhD, Chief Specialist of the Scientific Department of the Museum of the Second World War in Gdansk (Gdansk, Poland)

Sairov Yerlan Biyakhmetovich – Deputy of the Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan (Astana, Kazakhstan)

Sarym Aidos Amirollayevich – Deputy of the Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan (Astana, Kazakhstan)

Responsible Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Scientific Editors:

Sarsembina Kuralay Kuandykovna
Sheriyazdanov Baurzhan Rakhimgalievich

Technical Secretary

Zikirbaeva Venera Serikovna

Редакция туралы мәліметтер:

«Ұлт жады» (Национальная память / National memory) журналының құрылтайшысы: «Қазақстанның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресте зардап шеккен тұлғаларды ақтау мен олардың есімдерін мәңгі есте сақтау жөніндегі «Қаһармандар» Республикалық Қоғамдық қоры

Редакцияның мекен-жайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 11/5, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жобалық кеңсесі

Сайтқа сілтеме: <https://journal.e-memory.kz>

Тел.: +7 (717) 279-64-58.

E-mail: uzhady@bk.ru

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2022 жылы 9 маусымда тіркелген, № KZ39VPY00050349 куәлігі бар.

Мақалаларды қайта басып шығару, микрофильмдерге және басқа көшірмелерге түсіру кезінде міндетті түрде журналға сілтеме жасалады.

Ұсынылған деректердің дұрыстығына авторлар жауапты болады.

Сведения о редакции:

Учредитель журнала «Ұлт жады» (Национальная память / National memory): «Республиканский Общественный Фонд по реабилитации и увековечиванию лиц, пострадавших в борьбе за свободу и независимость Казахстана «Қаһармандар»

Адрес редакции: 010000, Республика Казахстан, г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 11/5, Проектный офис Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий

Ссылка на сайт: <https://journal.e-memory.kz>

Тел.: +7 (717) 279-64-58.

E-mail: uzhady@bk.ru

Журнал в Министерстве информации и общественного развития Республики Казахстан зарегистрирован 9 июня 2022 г., имеет свидетельство № KZ39VPY00050349.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно делается ссылка на журнал.

Ответственность за достоверность представленных данных несут авторы.

Information about the editorial office:

Founder of the "Ult Zhady" (National memory) journal: «Republican Public Fund for Rehabilitation and Perpetuation of Persons Injured in the struggle for Freedom and Independence of Kazakhstan «Қаһармандар»

Editorial office address: 010000, Republic of Kazakhstan, Astana, Kabanbai Batyr Ave., 11/5, Project office of the State Commission for the Complete Rehabilitation of Victims of Political Repression

Link to the website: <https://journal.e-memory.kz>

Phone: +7 (717) 279-64-58.

E-mail: uzhady@bk.ru

The journal was registered with the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan on June 9, 2022, has certificate № KZ39VPY00050349.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies, a link to the magazine is necessarily made.

The authors are responsible for the accuracy of the submitted data.

**РЕДАКТОР СӨЗІ
СЛОВО РЕДАКТОРА
EDITOR'S WORD**

Редакциядан

Құрметті оқырмандар!

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның (бұдан әрі – Мемкомиссия) материалдарын жариялайтын «Ұлт жады» республикалық ғылыми журналының (National memory / Ұлт жады) кезекті нөмірі қолдарыңызға тиіп отыр.

2023 жыл саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемкомиссия жұмысының соңғы кезеңі болып табылады. Біздің алдымызда Президенттің саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Жарлығын сапалы орындау бойынша үлкен міндет тұр. Мемкомиссияның жұмыс топтарының мүшелері, өңірлік комиссиялар, Жобалық кеңсе қызметкерлері жұмылып, белгіленген жоспарларды орындау үшін қарқынды жұмыс жасаулары қажет. Басқа мәселелердің қатарында саяси қуғын-сүргін құрбандары мен зардап шеккендерді құқықтық және саяси ақтау үшін заң жобаларын, сонымен қатар саяси қуғын-сүргін құрбандарын, оның ішінде Қазақстанның бостандығы, тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы үшін күресте ерлік көрсеткендерді мәңгілік халық жадында қалдыру жөніндегі Мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуді аяқтау жөніндегі жұмыс та өте маңызды болып отыр.

Бүгін біз саяси қуғын-сүргін бойынша барлық материалдарды іздеу мен жинақтаудың жаңа деңгейіне шығамыз. 2023 жылы Мемкомиссияның қызметі шеңберінде ұжымдық монография, өңірлік комиссиялар тарапынан ұсынылатын материалдар жинақтары, сондай-ақ саяси қуғын-сүргін құрбандары мен зардап шеккендердің ұрпақтары, оқиғалардың куәгерлері туралы естеліктердің бірегей жинақтары әрбір өңір бойынша жаңа «Халық жады» форматында жарияланады деп жоспарланған.

Жинақтарға қуғын-сүргін құрбандарының жаңадан белгіленген санаттары бойынша, бұрын белгісіз болып келген немесе халыққа түгел жетпеген фактілер мен құжаттар, қуғын-сүргін құрбандары мен ұрпақтарының қана емес, сонымен қатар жекелеген тақырыптарды зерттеушілер мен өлкетанушылардың, құқық қорғаушылардың, жергілікті архивтер мен музей қызметкерлерінің сауалнама бойынша алынған жаңа материалдары енгізіледі. Сонымен қатар жинаққа жеке қорлар мен жеке архивтерден алынған материалдар қоса тіркелетін болады және т. б.

Әрине, тарихи және ғылыми тұрғыда көзі тірі саяси қуғын-сүргін құрбандары мен зардап шеккендердің, яғни Қазақстандағы 1920-1950 жж. жаппай саяси қуғын-сүргінді көргендер мен олардың ұрпақтарының айғақтары аса құнды болып табылады. Олардың саны күннен күнге азаюда. Дегенмен де, арамызда сонау зұлмат, зобалаң жылдарды көзімен көрген қарияларымыз әлі де бар. Біз бұл жұмысты кейінге қалдырмай, тезірек қолға алуымыз керек. Бұрынғы одақтас республикаларда мұндай сауалнамалар 1990-2000 жылдары жүргізілді.

Жобалық кеңсе құрбандардың әрбір санаты бойынша жеке тақырыптық және кеңейтілген сауалнама әзірледі. Сауалнамада материалдарды іздеу және жинау, заманауи техникалық құралдарды пайдалану және т. б. әдістемесі жазылған. Жобалық кеңсе сонымен қатар әрбір облыс, аудан және ауыл бойынша 1920-1940 жылдары туылған 186 776 адам санын анықтады. Жұмыс жасау барысында жетекшілікке алу үшін сауалнама, көзі тірі қария кісілердің санын және әдістемелік нұсқаулықты өңірлердегі комиссияларға жібердік.

Қазақстандықтардың жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырауына қатысты материалдарды қосымша іздеу және жинақтау, сондай-ақ жинақтарды жаңа форматта шығаруға дайындау келесідей себептерге байланысты болды:

- біріншіден, 1920-30 жылдары революциялық анархия мен заңсыздық кезеңінде жергілікті шенеуніктердің озбырлығы мен билікті асыра пайдалануымен қатар жүретін жаппай ату, тұтқындау, тәркілеу, босқынға ұшырату және басқа да қуғын-сүргін түрлері мемлекеттік органдар тарапынан ешқандай шешім қабылданбай, процессуальды құжаттарды рәсімдемей-ақ жүзеге асырылды;

- екіншіден, құжаттардың бір бөлігі жойылды немесе Қазақстаннан әкетілді;

- үшіншіден, архивтерді зерделеу олардың Қазақстандықтардың орасан зор қуғын-сүргінге ұшырағандығын жеткілікті түрде көрсетпейтіндігін, қамтымайтындығын, сондай-ақ озбырлық пен зорлық-зомбылықтың құрбаны болған ондаған-жүз мыңдаған жазықсыз отандастарымыздың қайғысы мен азабын әрдайым көрсете бермейтінін көрсетеді;

- төртіншіден, қазақстандық саяси қуғын-сүргін құрбандарын есептеудегі қателіктердің нәтижесінде, мысалы, мүлікті жаппай тәркілеу, мәжбүрлі босқындар, күштеп ұжымдастыру кезінде қуғын-сүргін құрбандары негізінен отбасы немесе шаруа қожалықтарының басшылары болып саналды, өйткені олар бірінші кезекте сот және соттан тыс органдармен сотталып, қамауға алынды, сотсыз және тергеусіз атылды.

Осыған байланысты партия-кеңестік және жазалаушы органдардың архивтерінде сақталған қылмыскерлер мен қудалау объектілеріне қолданылған құжаттар мен статистика жазықсыз репрессияға ұшырағандарға да жүргізілген. Шын мәнінде, отбасы басшыларымен және үй шаруашылықтарымен бірге барлық отбасы мүшелері де саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды, өйткені оларға мемлекеттік қудалау мен саяси қуғын-сүргін шаралары қолданылды. Олар қамауға алынды, отбасылық мүліктердегі үлестері тәркіленді, тұрғылықты мекендерінен басқа жерлерге күштеп көшірілді, сайлау және басқа да азаматтық құқықтарынан айырылды, өзге жерлерге ауа көшуге мәжбүр болды және т. б. Олардың туыстары, қызметтестері, жақындары, туғын-туыстары да жазықсыз құрбан болды. Олар тіршілік ету, өмір сүру көзінен айырылды немесе бірге Қазақстаннан тыс жерлерге қашуға мәжбүр болды. Сондықтан, саяси қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтарынан, зобалаң жылдар куәгері болған адамдардан сауалнама жүргізе отырып, біз кімнің және қалай зардап шеккенін анықтаймыз, жазықсыз саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әрбір отбасы мүшесі мен туыстарының тағдырын анықтаймыз. Бұрын олардың көпшілігі назардан тыс қалды.

Бұл құжаттар мен сол бір қайғылы заманға куә болған адамдардың жазбаларының әдуір бөлігі қалалық және аудандық архив қорларында, өңірлердегі музей коллекцияларында бар екендігін де ескеру қажет. Қуғын-сүргін бойынша жергілікті мемлекеттік органдардың, қуғын-сүргінді жүргізу бойынша аудандық атқару комитеттері мен ауылдық округтердің, облыстық және аудандық комиссиялардың материалдарын, яғни бұрын зерттелмеген жаңа құжаттарды анықтау мақсатында өңірлік архивтерде жұмыс жүргізу үшін облыс және аудан орталықтарына баруды жүзеге асыру қажет. Мемкомиссияға қажетті тәркілеу, күштеп ұжымдастыру және отырықшыландыру, халықты тонаған астық дайындау, ет дайындау бойынша құжаттар бар облыстық және аудандық архивтерге ерекше назар аудару қажет.

«Халық жады» жинақтары Мемкомиссия төрағасының редакциясымен Мемкомиссия материалдарының бірыңғай сериясы шеңберінде шығарылатын болады. Материалдарды сапалы іріктеуді, саяси қуғын-сүргін куәгерлеріне пәндік сауалнама жүргізу және басқа да ұйымдастыру шараларын өңірлік комиссиялар әкімдер орынбасарларының – өңірлік комиссиялар Төрағаларының басшылығымен жүргізуі тиіс.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша Жобалау кеңсесі ғылыми-зерттеу топтары мен өңірлік комиссиялардың ғылыми-сараптамалық қорытындылары негізінде саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі санаттары бойынша фактілік материалдан және оларды толық заңдық және саяси ақтау жөніндегі ұсыныстардан тұратын Мемкомиссияның ақырғы қорытындысының жобасын әзірлейтін болады.

Біз саяси қуғын-сүргін бойынша архив құжаттарын құпиясыздандыру жөніндегі іс-шараларды жалғастырамыз. Сонымен қатар, Жобалық кеңсенің ғалымдары мен

сарапшылары саяси қуғын-сүргін бойынша арнайы терминдер жинағын (гlossарий) дайындауды жүзеге асыруда. Біздің жұмысымыздың нәтижелері елдегі қоғамдық ғылымдардың, әсіресе тарих саласының дамуына жаңа серпін береді деп үміттенеміз.

Мемкомиссия жұмысының өте маңызды және жұртшылық күткен нәтижесі – біз жинаған материалдарға, Президенттің жарлығында көрсетілгендей, құрбандар мен зардап шеккендерді толық құқықтық, сондай-ақ саяси ақтауға негізделген жаңа заңнамалық негіздерді әзірлеу болып табылады. Заң әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы бүгінгі таңда Заңның екі жобасын әзірледі: бұл біз белгілеген барлық 15-тен астам санатты және құрбандар мен зардап шеккендердің 100-ге жуық кіші санатын толық заңдық ақтау және тәуелсіздік үшін күрескерлердің мәртебесі және оларды саяси ақтау туралы. Біз бұл заң жобаларын Президент Әкімшілігіне жібердік. Оларды заң ретінде қабылдау Мәжілістің жаңа құрамының мойнында. "Қазақстаннан кеткен мәжбүрлі босқындар туралы" үшінші заң жобасы да әзірленуде.

Қорытындылай келе, біздің мемлекеттік көзқарастарымыз бен қағидаттарымыз туралы тағы да еске салғым келеді. Біз тақырыпты да, жеке фактілерді де саясаттандырмаймыз. Біз басқа мемлекеттер мен басқа халықтарды да кінәламаймыз. Біз жау іздемейміз. Біз большевиктік-сталиндік биліктің жаппай саяси қуғын-сүргінінен зардап шеккен және жазықсыз құрбан болған қазақстандықтарды қана ақтаймыз. Біз халықаралық стандарттар мен құндылықтарға негізделген принциптер мен әдістемелерді берік басшылыққа аламыз және Сізбен бірге басталған істі соңына дейін жеткізуіміз керек.

Сабыр Қасымов
бас редактор, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын
толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның
Жобалық кеңсесінің басшысы

От редакции

Уважаемые читатели!

Перед Вами очередной номер Республиканского научного журнала «Ұлт жады» (National memory / Национальная память), который издает материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (далее – Госкомиссия).

2023 год является завершающим этапом работы Госкомиссии. Перед нами стоит большая задача по качественному исполнению Указа Президента по полной реабилитации жертв политических репрессий. Членам рабочих групп Госкомиссии, региональным комиссиям и работникам Проектного офиса необходимо мобилизоваться и напряжённо поработать, чтобы выполнить намеченные планы. В числе других вопросов очень важным и ожидаемым является работа по завершению разработки законопроектов для юридической и политической реабилитации жертв репрессий и пострадавших, а также Государственной программы по увековечению памяти жертв политических репрессий, в том числе проявивших героизм в борьбе за свободу, независимость и территориальную целостность Казахстана.

Сегодня мы выходим на новый уровень поиска и обобщения всех материалов по политическим репрессиям. В 2023 г. в рамках деятельности Госкомиссии запланировано издание коллективной монографии, сборников материалов региональных комиссий, а также уникальных сборников воспоминаний потомков жертв политических репрессий и пострадавших, очевидцев событий «Халық жады» в новом формате по каждому региону.

Сборники будут включать новые материалы по вновь установленным категориям жертв репрессий, по ранее неизвестным или малоизвестным фактам и документам, по опросу не только жертв и потомков репрессий, но и краеведов, исследователей отдельных тем, правозащитников, работников местных архивов, музеев, к сборнику также будут приобщены материалы из личных фондов и частных архивов и т.д.

Конечно, в историческом и научном плане наиболее ценными являются показания живых жертв и пострадавших, т.е. непосредственных свидетелей и очевидцев массовых политических репрессий в Казахстане. Их остается все меньше и меньше. Мы их теряем с каждым днем. Но они еще есть. Нам надо успеть провести эту работу, не откладывая ее на потом. В ряде других бывших союзных республик такие опросы проведены в 1990-х и 2000-х гг.

Проектный офис разработал предметный и расширенный опросник отдельно по каждой категории жертв. В нем прописаны методология поиска и сбора материалов, использования современных технических средств и т.д. Проектный офис также установил количество всех ныне живущих старожилов, родившихся в 1920-1940-х гг. по каждой области, району, поселку и сельским округам в количестве 186 776 человек. Вместе с опросниками, базой данных старожилов и методическими рекомендациями мы отправили их в региональные комиссии для руководства при работе.

Дополнительный поиск и сбор материалов, свидетельствующих о массовых репрессиях казахстанцев, а также подготовка к изданию сборников в новом формате, были вызваны следующими причинами:

- во-первых, в 1920-30-х гг., в период революционной анархии и беззакония массовые расстрелы, аресты, конфискации, выселения и другие виды репрессий, сопровождавшиеся произволом и злоупотреблениями властью местных чиновников, осуществлялись без всякого принятия государственными органами решения, без оформления процессуальных документов;

- во-вторых, часть документов была уничтожена либо вывезена из Казахстана;

- в-третьих, изучение архивов показывает, что они недостаточно отражают и охватывают масштабные репрессии казахстанцев, а также не всегда показывают горе и

страдания десятков-сотен тысяч невинных наших соотечественников, ставших жертвами произвола и насилия;

- в-четвертых, в результате ошибок при подчете жертв политических репрессий казахстанцев, например, при массовой конфискации собственности, вынужденных беженцев, насильственной коллективизации жертвами репрессий считались в основном главы семейств или хозяйств, поскольку арестам, расстрелам без суда и следствия, осуждениям судебными и внесудебными органами, в первую очередь, подвергались именно они.

Однако фактически вместе с главами семейств и хозяйств жертвами политических репрессий становились все члены семей, поскольку на них также распространялись государственные преследования и политические репрессии. Они также подвергались аресту, конфисковались их доли имущества в семейной собственности, они также выселялись, лишались избирательных и других гражданских прав, были вынуждены бежать с мест своего проживания и т.д. Жертвами и пострадавшими становились также их родственники, сослуживцы, близкие, которые лишались источников существования или вместе бежали за пределы Казахстана. Поэтому, проводя опросы потомков и очевидцев мы, выясняем, кто и как фактически пострадал, устанавливаем судьбу каждого члена семьи и родственников. Ранее большинство из них оставались без внимания.

Необходимо учитывать, что значительная часть документов и свидетельств очевидцев содержится в фондах городских и районных архивов, музейных коллекциях региона. Необходимо осуществить выезды в областные и районные центры с целью выявления ранее неизученных документов местных государственных органов по репрессиям, материалов райисполкомов и сельских округов, областных и районных комиссий по проведению репрессий. Особое внимание следует уделить областным и районным архивам, где находится первичный, нужный для Госкомиссии материал по конфискации, насильственной коллективизации и оседанию, грабительским хлебозаготовкам и мясозаготовкам.

Сборники «Халық жады» будут изданы под редакцией Председателя Госкомиссии в рамках единой серии материалов Госкомиссии. Качественный отбор материалов, предметный опрос старожилов и другие организационные меры должны провести региональные комиссии под руководством заместителей акимов – Председателей региональных комиссий.

По результатам научно-исследовательских работ Проектным офисом на основе научно-экспертных заключений ученых научно-исследовательских групп и региональных комиссий будет разработан проект итогового заключения Госкомиссии, содержащий фактический материал по основным категориям жертв политических репрессий и предложения по их полной юридической и политической реабилитации.

Мы продолжим мероприятия по рассекречиванию архивных документов по политическим репрессиям. Также учеными и экспертами Проектного офиса осуществляется подготовка сборника специальных терминов по политическим репрессиям (гlossария). Мы надеемся, что результаты нашей работы дадут новый импульс развитию общественных наук в стране, особенно ее исторической отрасли.

Очень важным и ожидаемым общественностью результатом работы Госкомиссии является разработка, исходя из собранных нами материалов, новых законодательных основ, как прописано в Указе Президента, полной юридической, а также политической реабилитации жертв и пострадавших. Рабочей группой по законотворческой деятельности, на сегодняшний день разработаны два проекта Закона: это о полной юридической реабилитации всех установленных нами более 15 категории и около 100 подкатегорий жертв и пострадавших, и отдельно о статусе борцов за независимость и их политической реабилитации. Эти законопроекты мы отправили в Администрацию Президента. Их принятие в качестве закона – за новым составом Мажилиса. Третий законопроект «О вынужденных беженцах из Казахстана» разрабатывается.

И в заключение, хочу напомнить о наших государственных подходах и принципах. Мы, как и раньше не политизируем ни тему, ни отдельные факты. Мы не обвиняем другие государства и другие народы. Мы не ищем врагов. Мы только реабилитируем казахстанцев, ставших невинными жертвами и пострадавшими от массовых политических репрессий большевистско-сталинской власти. Мы твердо стоим на принципах и методологии, основанных на международных стандартах и ценностях, и должны довести начатое дело до конца.

Сабыр Касымов
главный редактор, руководитель
Проектного офиса Государственной комиссии
по полной реабилитации жертв политических репрессий

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН МӘСЕЛЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
СПЕЦИФИКА И ОСОБЕННОСТИ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ
SPECIFICITY AND FEATURES OF POLITICAL REPRESSIONS IN KAZAKHSTAN**

ХҒТАР 03.20.00

**ОРТА АЗИЯЛЫҚ БЮРО ҚЫЗМЕТІ БАРЫСЫНДА
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ТОПТЫҚ КҮРЕСТІҢ» ПАЙДА БОЛУЫ****Жанысбекова Гульнар Амирбаевна^{1*}, Әшім Жантөре Қайратұлы²**

¹Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының басшысы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті. Қазақстан, Шымкент қ. E-mail: amirbaevag@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9446-089X>

²7M02220-Тарих мамандығы 2 курс магистранты, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті. Қазақстан, Шымкент қ. E-mail: unknownstreet@mail.ru, <https://support.orcid.org/hc/en-us/requests/new>

*Автор-корреспондент

Аңдатпа. Ресей архив құжаттарын алғаш рет ғылыми айналымға енгізе отырып, Оңтүстік Қазақстан жерінде өздері қызмет жасаған биліктің саяси қуғын-сүргініне ұшыраған қазақ коммунистері мен кеңестік билік орындарында жұмыс жасаған қазақтардың қызметіне, ұстанымдары мен мақсаттарына тарихи талдау жасау жүзеге асырылды. Ресей мемлекеттік әлеуметтік саяси тарих архивінің қорларында сақталған БК(б)П-ның Орта Азиялық бюро мәжілістерінің хаттамалары дерек көзі ретінде қолданылды. Бюрода жергілікті халыққа қарсы жүргізілген әрекеттің ішкі құпия жағын ашып көрсету және жалпыадамзаттық гуманитарлық тұрғыдан баға беру мақсатында кеңестік билікке қарсы Оңтүстік Қазақстандағы «Топтық күрес» құбылысының басталуына себеп болған тарихи оқиғаларға талдау жасалынды.

Түйін сөздер: автономия, партия, күрескер топтар, «қазақ топшылдары», «топтық күрес», ұлттық бірлесу комитеті, Орта Азиялық бюро

МРНТИ 03.20.00

**ВОЗНИКНОВЕНИЕ «ГРУППИРОВОЧНОЙ БОРЬБЫ»
В РАБОТЕ СРЕДНЕАЗИАТСКОГО БЮРО НА ЮГЕ КАЗАХСТАНА****Жанысбекова Гульнар Амирбаевна^{1*}, Әшім Жантөре Қайратұлы²**

¹Кандидат исторических наук, доцент, руководитель Центра «Рухани жаңғыру и Ассамблеи народа Казахстана» Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова. Казахстан, Шымкент. E-mail: amirbaevag@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9446-089X>

²Магистрант 2 курса, специальность 7M02220-История, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова. Казахстан, Шымкент. E-mail: unknownstreet@mail.ru, <https://support.orcid.org/hc/en-us/requests/new>

*Автор-корреспондент

Аннотация. Проведен исторический анализ введенных впервые в научный оборот материалов сохраненных в фондах Российских архивов для установления генезиса «групповой борьбы» казахских коммунистов и советских сотрудников казахской национальности, которые впоследствии были подвергнуты политическим репрессиям со стороны власти, к которым они же служили, а так же их целей, принципов и деятельности. Для этого авторами анализированы протоколы заседания Средазбюро, которые были найдены в фондах РГАСПИ. Для раскрытия секретной деятельности неказахских коммунистов против местного населения и выявления тех событий, которые служили причиной и поводом для появления в Южном Казахстане явления «групповой борьбы» - использованы методы описания, исторического сравнения и анализа.

Ключевые слова: автономия, европейские члены партии, борющиеся группы, казахские группировки, групповая борьба, комитет национального объединения, Средазбюро.

IRSTI 03.20.00

THE ORIGIN OF "GROUPING FIGHT" IN THE WORK OF THE CENTRAL ASIAN BUREAU IN SOUTHERN KAZAKHSTAN

Zhanysbekova Gulnar Amirbaevna^{1*}, Ashim Zhantore Kairatuly²

¹Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Head of the Center "Rukhani Zhangyru and the Assembly of the People of Kazakhstan" of the M. Auezov South Kazakhstan University. Kazakhstan, Shymkent. E-mail: amirbaevag@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9446-089X>

²Master student of the 2nd course, specialty 7M02220-History, M. Auezov South Kazakhstan University. Kazakhstan, Shymkent. E-mail: unknownstreet@mail.ru, <https://support.orcid.org/hc/en-us/requests/new>

*Corresponding author

Abstract. The historical analysis of the materials stored in the funds of Russian archives, introduced for the first time into scientific circulation, was carried out to establish the genesis of the «group struggle» of Kazakh communists and Soviet employees of Kazakh nationality, who were subsequently subjected to political repression by the authorities to whom they also served, as well as their goals, principles and activities. To do this, the authors analyzed the minutes of the meeting of the Sredazburo, which were found in the funds of the RGASPI. Methods of description, historical comparison and analysis were used to uncover the secret activities of non-Kazakh communists against the local population and to identify those events that served as the cause and reason for the appearance of the phenomenon of «group struggle» in Southern Kazakhstan.

Key words: autonomy, European party members, fighting groups, Kazakh groups, group struggle, national unification committee, Sredazburo.

Кіріспе. Кеңестік билік өз үстемдігін кең-байтақ жерімізде орнату үшін қазақ қоғамының ғасырлар бойында қалыптасқан дәстүрлі саяси, әлеуметтік және экономикалық-шаруашылық ішкі байланыстарын жоюды өзіне мақсат етіп қойғаны белгілі. Осы үшін сол жерді мекендеген елдің есін алып, еңсесін тұқыртып, большевиктердің негізгі құралы – пролетариат диктатурасын орнату мақсатында ХХ-шы ғасырдың І-ші жартысында сталиндік саяси қуғын-сүргін аса жоғарғы қатігездікпен жүргізілді. ХХ ғасырдың басында патша өкіметі құлағаннан соң Қазақ елінің тәуелсіз дамуына деген мүмкіндіктер пайда болды. Қазақ зиялылары осы мүмкіндікті қалт жібермей пайдаланып, дербес қазақ мемлекеттілігін құруға кірісті. Алаш ардақтыларының қасіретке толы соқтықпалы соқпақтары біздерге таныс. Кеңестік билік Алашорданы құлатып, алашордашылардың барлығын саяси қуғындап, нәтижесінде қазақ жерінің түкпір-түкпіріне толықтай ендеп кіріп, өзінің толық үстемдігін жасауға қарсы келгендердің барлығын жойды.

Материалдар мен әдістер. Ресей архив құжаттарын алғаш рет ғылыми айналымға енгізіп пайдалана отырып, Оңтүстік Қазақстан жерінде алғаш рет өздері қызмет жасаған биліктің саяси қуғын-сүргініне ұшыраған қазақ коммунистері мен советтік билік орындарында жұмыс жасаған қазақтардың қызметіне, ұстанымдары, мақсаттарына тарихи талдау жасау жүзеге асырылды. Осы үшін Ресей мемлекеттік әлеуметтік саяси тарих архивінің қорларында сақталған БК(б)П-ның Орта Азиялық бюроның мәжілістерінің хаттамаларымен танысу жұмысы жүргізілді. Бюрода жергілікті халыққа қарсы жүргізілген әрекеттің ішкі құпия жағын ашып көрсету және жалпыадамзаттық гуманитарлық тұрғыдан баға беру мақсатында советтік билікке қарсы Оңтүстік Қазақстандағы «Топтық күрес» құбылысының басталуына себеп болған тарихи оқиғалардың тізбегі мен олардың барысына сипаттау, салыстыру әдістері пайдаланылды.

Талқылау. БК(б)П-ның Орта Азиялық бюро деп аталған Орталық Азиядағы бөлімі 1922 жылы он тоғызыншы мамырдағы алғашқы мәжілісінде Түркістан, Хиуа және Бұхараны біріктіре отырып, Орта Азия деген құрама құрылым құрды. Және оның 9 мүшеден тұратын

партия ұйымының орталық комитетінің құрамына Түркістаннан 3 мүше, Бұхарадан 1 мүше, Хиуадан 1 мүше қабылданған, ал басқа 4-і Мәскеуден жіберілген азиялық емес большевиктерден құралды. ВКП(б)-ның Средазбюро бөлімі құрылған алғашқы мәжілісіне Мәскеуден келіп Гусев, Рахимбаев, Сольц, Файзуллаев, Соколов, Махмудов, Баранов, Цукерман, Иванов, Элиава, Орджаникидзе қатысқан (РМӘСТА, 1; 1-2).

Құрамға назар аудару маңызды. Өйткені, қарастырып отырған тарихи нысанымыз – «топшылдар» мен «топтық күрес» болғанымен, бұл күрестің алғашқы нышаны большевиктердің орталық билігіне қарсы жекелеген тұлғалардың іс-қимылы мен күресінің, өзінің айналасына пікірлестері мен көмекшілерін топтастыруынан басталады. Сондықтан, осы мәжілістердің құрамына байланысты кестеге мән берсек:

Кесте №1 – Орта Азия бюросының мәжілістеріне қатысқан большевиктер құрамы

р.с.	Орта Азия бюросының мәжілістерінің өткізілген мерзімі	Қатысушылар
1	18.07.1922 ж.	Гусев, Сольц, Рахимбаев, Атабаев, Баранов, Файзулла, Ходжаев, Сайдашев. Ресей коммунистік партиясының орталық комитетінің мүшесі: Рудзутак .
2	19.07.1922 ж.	Ресей коммунистік партиясының Ортаазия бюросының орталық комитетінің мүшелері: Гусев, Сольц, Рахимбаев, Атабаев, Бараков, Сайдашев, Файзулла-Ходжаев и Соколов. Шақырылғандар: Паскуцкий, Марьясин, Хадыралиев, Казарин, Асфендияров, Икрамов, Сатыгулов.
3	9.09.1922 ж.	Ресей коммунистік партиясының Ортаазия бюросының орталық комитетінің мүшелері: Рудзутак, Дегран, Эпштейн, Бахимбаев; Ресей коммунистік партиясының Ортаазия бюросының орталық комитетінің хатшысы: Матусов; Түркістан коммунистік партиясының орталық комитетінің хатшысы: Фокин; Түркістан коммунистік партиясының орталық комитетінің мүшелері мен кандидаттары: Тюрякулов, Асфендияров, Устабаев, Султан-Ходжа-Касымходжаев, Ходжанов, Хыдыр-Алиев, Хамутханов, Атабаев, Скалов, Манжера, Таджикиев, Сатыгулов; Соловьев, Прибытков, Рустемов, Епанешников, Паскуцкий, Кофанов, Конобеев.
4	13.06.1922 ж.	Гусев, Тюрякулов, Махмудов, Баранов, Иванов и Сайдешов.
5	09.09.1922 ж.	Рудзутак, Легран, Эпштейн, Рахимбаев.
6	05.10.1922 ж.	Рудзутак, Эпштейн, Любимов, Рахимбаев.
7	09.10.1922 ж.	Рудзутак, Любимов, Эпштейн, Рысқұлов. По приглашению т.т. Паскуцкий, Хадыралиев.
8	11.10.1922 ж.	Рудзутак, Любимов, Эпштейн, Рысқұлов. Шақырылғандар: Паскуцкий, Асфендияров, Рыкунов.
9	29.11.1922 ж.	Рудзутак, Эпштейн, Любимов, Рысқұлов.
10	6.12.1922 ж.	Рудзутак, Эпштейн, Михайлов, Матусов, Хадыр-Алиев.
11	5.04.1923 ж.	Михайлов, Эпштейн, Рысқұлов.

12	2.07.1923 ж.	Рудзутак, Хидиралиев, Рысқұлов, Михайлов, Розенблюм, Ходжанов, Джандосов, Айтаков, Торопков, Бобруйко, Троцкий, Захаров, Черный. Төраға: Рудзутак. Хатшы Глаголева.
13	4.07.1923 ж.	Рудзутак, Ходжанов, Михайлов, Рысқұлов, Розенблюм, Соколов, Малаховский, Русанов Шақырылғандар: Троцкий, Розенталь, Печерский, Мулин, Черный, Цибаль, Левенталь Төраға: Рудзутак.
14	2.08.1923 ж.	Гольдберг, Рахымбаев, Прибытков, Джурабаев, Петушков, Плакунов, Бауэр, Прыскин, Исеев, Климов, Мищериков, Шурылгин, Лавров, Троцкий, Михайлов, Рысқұлов, Ходжанов, Хидыралиев, Розенблюм, Мамаев, Исламов, Никонов Төраға: Любимов Хатшы: Малаховский.
15	14.08.1923 ж.	Любимов, Мухамединов, Соколов, Цейхер и Завгосиздатом Төраға: Любимов.
16	21.11.1923 ж.	Карклин, Любимов, Рысқұлов, Светлов, Рахимбаев, Ходжанов, Хидыралиев, Михайлов Төраға: Карклин Хатшы: Виноградов.
17	13.12.1923 ж.	Рысқұлов, Межлаук, Рахимбаев, Светлов, Карклин, Рудзутак, Ходжанов, Хидыр-Алиев, Файзулла-Ходжаев, Матусов. Шақырылғандар: Позднышев, Знаменский, Антипов.
18	16.12.1923 ж.	Рудзутак, Карклин, Межлаук, Рахимбаев, Ходжанов, Рысқұлов, Хидыр-Алиев, Светлов, Герман, Матусов. Шақырылғандар: Аралбаев, Шапошников, Кабанов, Денисов, Берзин, Айтаков.
19	10.01.1924 ж.	Карклин, Рысқұлов, Рахимбаев, Хидр-Алиев, Матусов, Ходжанов, Герман, Межлаук. Шақырылғандар: Паскуцкий, Асфендияров, Цехер, Блудау Төраға: Карклин, Хатшы: Глаголева.
20	28.04.1924 ж.	Ортаазиялық бюро: Карклин, Герман, Межлаук, Рахимбаев, Айтаков, Варейкис, Рыкунов, Ходжанов, Файзулла-Ходжаев. Түркістан коммунистік партиясының орталық комитетінің мүшелері мен кандидаттары: Асфендияров, Имам-Ходжаев, Паскуцкий. Шақырылғандар: Адинаев, Абдусалимов, Атабаев, Пулатов, Мухаметдинов, Шапошников, Матусов, Муратбаев, Худайкулов, Амиров, Сегизбаев.

Кестеде келтірілген мәліметтерге назар аударар болсақ, Орта Азиялық бюроның жиырма мәжілісіне қатысушы кеңестік қызметкерлер құрамымен таныс бола аламыз. Кесте бойынша 1922 жылдың тамыз айынан 1924 жылдың сәуір айына дейін Орта Азиялық бюро құрамына Ресей Федерациясынан келіп қызмет жасағандарды тізіп шығар болсақ, олар: 1) Гусев, 2) Сольц, 3) Баранов, 4) Рудзутак, 5) Соколов, 6) Бараков, 7) Пацкуцкий, 8) Марисьян, 9) Казарин, 10) Дегран, 11) Эпштейн, 12) Матусов, 13) Фокин, 14) Скалов, 15) Манжера, 16) Соловьев, 17) Прибытков, 18) Епанешников, 19) Кофанов, 20) Конобеев, 21) Иванов, 22) Легран, 23) Любимов, 24) Михайлов, 25) Розенблум, 26) Торопков, 27) Бобруйко, 28) Троцкий, 29) Захаров, 30) Черный, 31) Глаголева, 32) Соколов, 33) Малаховский, 34) Русанов, 35) Розенталь, 36) Печерский, 37) Мулин, 38) Цибаль, 39) Левенталь, 40) Гольдберг, 41) Петушков, 42) Плаунов, 43) Бауэр, 44) Прыскин, 45) Исеев, 46) Климов, 47) Мищериков, 48) Шурылгин, 49) Лавров, 50) Никонов, 51) Малаховский, 52) Цейхер, 53) Светлов, 54) Карклин, 55) Виноградов, 56) Межлаук, 57) Позднышев, 58) Знаменский, 59) Антипов, 60) Герман, 61) Цехер, 62) Блудау, 63) Варейкис, 64) Рыкунов, 65) Шапошников (Кесте №1). (РМӨСТА, 1, 3, 4, 7, 8, 9, 19).

Яғни, сол кезеңде қазақтарды «бұратана халықтар» деп санайтын большевиктік Ресейдің орталығынан 2 жыл ішінде алпыс бес «маман кадрлар» Орта Азияға жіберілген. Олардың Орта Азиялық бюро мәжілістеріне қатысу динамикасына шолу жасайтын болсақ – келімсектер бір сәттік қана іс-сапарда болмаған. Олар, бюро алғашқы ашылғаннан бастап, таратылғанға дейінгі барлық сәттерінде бірін-бірі алмастыра отырып өлкедегі партиялық ұйымның жұмысының басы-қасында үнемі болған. Орталықтан астамшылық ой-пікірмен келген «мамандар» бірте-бірте жергілікті халықтың жағдайын түсініп елмен етене бола бастаған сәтінен бастап олар кері қайтарылып отырылған.

Ал, қазақ қызметкерлерден тек қана Н. Төреқұлов, Т. Рысқұлов және С. Қожанов қана болған. Орта Азиялық бюроның кейбір мәжілістеріне С. Асфендияров, Аралбаев, Мұратбаев бір реттен ғана шақырылған. Бұл статистиканың өзі ғана қазақ қайраткерлерін советтік биліктің қаншалықты қиыншылық пен оқшауландыру жағдайында ұстағандығын дәлелдеп бере алады. Өздері тәуелді болып отырған билік иелерінің 65 қолшоқпарының сан жағынан өзінен 10 есе кем жергілікті халық өкіліне қарсы қоюы – бұл тізе көрсетудің бір түрі екендігін айтпай-ақ біле аламыз. Өлкені басқарудың жоғарғы сатысындағы тең емес қатынас және «пролетарит диктатурасы» деген жамылғы ұранды пайдалана отырып, орталық билік үшін ыңғайластыра жасаған ереже-тәртіп «бұратана шет аймақтар» деп аталған Азия континентінің бір бөлігі Түркістан өлкесіндегі жергілікті халықты тырп еткізбеуге бағытталды.

Бұл жағдайды Орта Азиялық бюроның негізгі міндеті және құрылғаннан кейін оның алғашқы атқарған қызметі сол кезеңде кеңестік билік «Орта Азия» деп атаған жер аумағында Қызыл Армияның қаруының күшімен «бейбітшілік» орнатуды көздеуінен де аңғаруымызға болады. Бұл жердегі «бейбітшілік» терминінің астарына үңілетін болсақ, оның кеңестік билік үшін ғана орнатылатын бейбітшілік екендігіне назар аударуымыз қажет. Нақ осындай сипаттағы бейбітшілікті орнату үшін өзінің екінші мәжілісінің нәтижесінде: «А. Во исполнение... постановления ЦК РКП поручить Исполнительной комиссии Среднеазиатского бюро составить обращение к мусульманским народам Средней Азии за подписью «ЦИК», разоблачающую авантюру Энвера, подчеркивающего необходимость скорейшего миротворения Средне-Азиатских республиках, и обрисовывающую освободительную роль Красной Армии на Востоке. Срок составления обращения – трехдневный», - деген қаулы шығарды (РМӨСТА, 4; 10).

Келімсек кеңестік билікке ыңғайлы «бейбітшілікті» орнату үшін Орта Азиялық бюроның барлық сұрқия іс-әрекеттердің кез-келген түрін де жасаудан тартынбағандығын архив деректеріне сүйене отырып байқауымызға болады. Бір жағынан, жергілікті ұлт өкілдерінен шыққан оқығандарды өз қызметтеріне тартты, алайда, өздеріне қарсы жергілікті көзі ашық оқығандардың өзара бірікпеуін басты назарда ұстады. Осы үшін Орта Азиялық бюроның қазақ, өзбек республикаларының өкілдерін оларды бір-бірімен алауыздық жағдайында ұстауы қажет болды. Бұл үшін мәжілістерге Түркістан, Бұхара, Хиуа және Хорезм өкілдерін өз республикаларындағы мәселелер бойынша жекелеп шақырып отырған: басқа өңірлердегі ұқсас жағдайлар туралы мәліметтер құпия ұсталынғандығын хаттама мазмұндарынан да аңғаруымызға болады. Яғни, кеңестік билікте жүрген жергіліктілер оларға кеңестік биліктің

тізе көрсетуіне қарсыластықты жасамауы үшін – яғни, «бейбітшілікті орнату үшін» – өзіне көршілес өңірлер мен облыстардағы кеңестік биліктің осал тұстары мүлдем бейхабар болуы тиіс болды. Сөйтіп, Орта Азиялық бюроның азиаттық мүшелері үнемі ақпараттық оқшаулану жағдайында қалдырылып отырылды. 1921-1924 жылдарда ғана қызмет атқарған Орта Азиялық бюроның құрамында әртүрлі уақыттарда еліміздің қуғын-сүргінге ұшыраған атақты зиялылары мен қайраткерлері – Н. Төрешұлов, Т. Рысқұлов және С. Қожанов қызмет жасады және осы кезеңде Азиялық партия қызметкерлеріне сенімсіздік таныту олардың советтік билікке қарсы жергілікті қарсыласық жасаушыларға туысқандық, руластық, діндестік, жерлестік және т.б. қатынас жағынан жанашырлық танытып жәрдем беруі мүмкін деген қауіптен туындағандығы анық. Өйткені, Орта Азиялық бюроның ұйымдастыру комитетінің 1922 жылғы 25-ші қаңтардағы мәжілісінде нақ осындай жағдай талқыланғанын архив құжаты материалының мазмұнынан көре аламыз. Мәжіліс:

«1. Поставить на вид Среднеазиатскому Бюро Центрального Комитета на недопустимость мягкого отношения к факту грубого нарушения партдисциплины и июльской директивы Центрального Комитета со стороны т.т. Рахимбаева, Тюрякулова и Атабаева в деле неареста басмача Бахрама.

2. Центральный комитет считает поведение т.т. Тюрякулова, Рахимбаева и Атабаева в деле неареста басмачского главаря Бахрама преступным, отзывает т.т. Рахимбаева, Тюрякулова и Атабаева в распоряжение Центрального комитета в Москву и передает их дело в ЦКК с просьбой рассмотреть его в срочном порядке», - деп қаулы шығаруының өзі, Н. Төрешұловтың басына түскен және онан кейінгі елі үшін әрекет жасайтын қазақ қайраткерлерінің алдынан шығып отыруы мүмкін ауыр жазаның болатындығын алдын-ала ескерту, келімсек биліктің айбат шегуі деп те баға беруге болады (РМӘСТА, 4; 6). Осы қаулыдан соң жергілікті ұлт өкілдерінің Орта Азиялық бюроның құрамы бір орынға қысқарды. Халық комиссарлары төрағасы болып қызмет атқарған Атабаевтың орнына Рысқұлов тағайындалған, ал басқаларының орнына ешкім алынбаған. Сөйтіп, бұрыннан да азғана қазақ қайраткерлердің саны онан да әрі қарай сиретілген (РМӘСТА, 8; 10).

Өздерінің осы құйтырқы саясатын Орта Азиялық бюроның Ресейден келген мүшелері, солардың ішінде оның төрағалық қызметін атқарып отырған Ян Рудзутактың «киргиздардың» өздерінің психологиясы басқарушы орындарда қызмет жасауға лайықты емес деген «ілімсымақ» пікірімен жергілікті халықтың санасы төмен деген жала жабады: «Я думаю, что нужно считаться немного с психологией киргиза; это то же самое, если бы Вы предложили рядовому киргизу выбрать, что он хочет быть председателем Средазбюро, или начальником милиции, он конечно выберет последнее, потому, что тут и мундир, и шашка на боку и пр. и пр.» (РМӘСТА, 8; 9).

Я. Рудзутак осылайша қамқорси сөйлей отырып, өздері қаламайды деген пайымға келтіре сылтауратып, қазақтардың билік басына және кез-келген әкімшілік қызметтерге келуге үлкен тосқауыл қоймақшы болды. Жалпы алғанда, советтік және партиялық қызмет орындарында жергілікті ұлт өкілдері большевиктік партияның ұлттық мемлекеттер мен автономиялардың өміріне тезірек тереңдеп араласуы үшін мүмкіндік жасайтын құрал ретінде ғана пайдаланылған. Бұл туралы олар Орта Азиялық бюроның мәжілістерінде: «нужно поставить дело так, чтобы смычку производил среди русских русский, а среди туземных масс туземец, и мы говорили о том, что нужно провести партийное строительство среди русских через киргиз и наоборот, поэтому нужно было сохранить этот беднейший элемент, чтобы к русским кулакам пошел русский, а не киргиз. Я думаю, этого не нужно здесь записывать, а провести через Обкомы», - деген тұжырым-тапсырма жасаған (РМӘСТА, 8; 4).

Әкімшілік қызметтерге келуге тосқауылдар қоюмен қоса-қабат, Орта Азиялық бюроның құрамында қызмет жасап жүрген қазақ қайраткерлерінің қызметі мен жүріс-тұрысына да үлкен қысымшылықтар жасала басталды. Осындай әрекеттің тағы да бір эпизоды Орта Азиялық бюро мәжілістерінің бірінде Түркістан өлкесінде большевиктер партиясының құрылысының барысын талдаған кезеңде бой көрсеткен екен. Коммунистер құрамының 50 пайызын кедейлерден құру туралы ұсыныс жасалған кезде, Орта Азиялық бюроның төрағасы жоғары партиялық және кеңестік қызметтерде отырған қызметкерлер өздерінің қызмет бабын төмендегі қызметкерлерге қысым жасауы үшін пайдаланбауы керек деген тапсырманы хаттамаға қоса жазғызады. Өйткені, кез-келген облыста төрағалардың сайлауы

басталған кезде жер-жерден хаттардың эстафетасы орталыққа қарай ағыла бастайды, - деп негіздеме болды өзінің ойын Орта Азиялық бюроның төрағасы Я.Рудзутак.

Бұл тапсырманы Т. Рысқұлов пен С. Қожановтан басқа мүшелердің барлығы құптады. Мәжілісте осы мәселе бойынша сөз алып сөйлеген Т. Рысқұлов: «... у нас есть партийная программа, существует известная дисциплина и каждый член партии все это должен знать, и во всех пунктах имеются указания Комитета Партии. И поэтому такой пункт вносить не следует, ибо получается такое впечатление, что даже запрещается писать друг другу письма; товарищ Черный в комиссии так объяснил этот пункт, но так ставить вопрос нельзя, и если действительно запрещается писать письма, то можно декрет издать, и я думаю, что это для нас обидно, это может быть обидно и для товарища Рудзутака!», - деген сөзінен партия және мемлекет қызметіндегі қазақ және басқа да ұлттық қызметкерлер арасында өзара қандай да бір қарым-қатынас жасауға қатаң тиым салына басталғандығын да көре аламыз (РМӘСТА, 19; 8).

Колхозник колхоза имени 17 партсъезда Зерендинского района С., в прошлом бывший в плену в Германии, в разговоре о предстоящих выборах в местные советы, сказал: *«Зачем заранее думать о том, за кого будем голосовать, придет время, узнаем, наше дело проголосовать за тех, кого нам укажут»* (СГА КНБ РК, 69: 170-175).

В спецсообщении органа госбезопасности секретарю ЦК КПК № 453 от 15 января 1947 г. содержатся сигналы об отрицательных проявлениях среди городского и сельского населения СССР, связанных с выборами в Верховный Совет Казахской ССР, как например, высказывание одного агитатора по выборам в Верховный Совет Казахской ССР, беспартийного, инженера М.:

«Меня назначили агитатором. Вот сейчас ходи и доказывай добрым людям, что стенка черная, когда она на самом деле белая. Удивительные все-таки «они» (коммунисты) люди, неужели они думают, что после той экзекуции, которая творится над народом уже 29 лет, кто-нибудь посмеет запротестовать против того, что его насильно заставляют делать».

У нас все делается в добровольно-принудительном порядке. <...> Вот и избираем мы тоже добровольно, какой бюллетень дадут в руки, такой, даже не прочитав, с трепетом духовным и опускаешь в ящик, боясь уже голову повернуть, чтобы плохо не подумали по этому поводу. Не понимаю, зачем агитаторам ходить, людей беспокоить, ведь все равно, если дадут бюллетень, то бросим его в ящик».

Переданы и другие «нездоровые высказывания»:

З., главный бухгалтер издательства «Социалистический Казахстан»:

«У нас никакой борьбы за избирателя нет и не может быть. Выдвигают кандидата и за него все голосуют. Нравится вам кандидат или нет, а вы за него будете голосовать, – свободных выборов у нас нет. За вас уже кто-то побеспокоился, кандидатов подобрал, а ваше дело в урну бюллетень опустить»;

К., правщик газеты «Коммунист» Джамбульской области:

«Выборы в Верховный Совет республики – одна комедия. Говорят, что выборы свободные, а попробуй не выбрать того кандидата, который заранее выставлен и выставь свою кандидатуру. Напрасно только бумаги много без толку портят»;

К., заведующий складом, беспартийный:

«В сталинской конституции говорится о свободе слова, печати, собраний и т.д., а попробуйте скажите о неправильном руководстве, законах и политике. Что с вами могут сделать? Также и при выборах в Верховный Совет не имеете права выставлять свою кандидатуру и выбрать себе другое правительство из рабочих и крестьян, которое лучше знает вашу жизнь. Списки кандидатов дают сами коммунисты сверху, а кто будет голосовать против выдвинутых кандидатов – за это ему грозит арест и расстрел. Вот вам какие свобода слова, печати и свободные выборы. Народы стонут от таких законов и руководства и все же говорят, что в России все хорошо. Это говорят из-за страха перед наказаниями и смертью»;

З., разговаривая со своим знакомым о предстоящих выборах, сказал:

«Часть избирателей совсем не знает кандидатов, а голосует лишь бы отбыть повинность. А попробуй не пойдешь на выборы, сейчас же начнут допытываться, как и почему. Не любовь к власти, а боязнь – вот чем объясняется энтузиазм избирателей»;

С., житель г. Кызыл-Орды:

«Подлинной демократии у нас нет. Хочешь, не хочешь – голосуй за кандидатуру, выдвинутую сверху, а попробуй не голосовать, все равно он будет избран» (СГА КНБ РК, 4: 69).

Содержащиеся в этой престонародной критике советской выборной системы сталинского периода идейно-психологические конструкции о трудностях существования в подобном перекошенном мире (как высказывания агитатора «стенка черная, когда она белая» и др.) передают недоверие народа к власти, к коммунистическому строю.

В послевоенные годы особенный социальный феномен представляла молодежь. Поколение, чье детство пришлось на тяжелые военные годы, рано взрослело и отличалось внутренней самостоятельностью, имело свои суждения и взгляд на окружающую

действительность. Организованное, а также индивидуальное сопротивление сталинизму ряда юношей и девушек было одним из проявлений молодежной фронды в послевоенные годы, хотя и не самым распространенным.

Почти сразу же после окончания войны, не находя отклика на свои запросы в формальной атмосфере учебных заведений и в массовых официальных молодежных организациях, учащиеся и студенты стали создавать кружки и группы для целей самообразования и общения по интересам со сверстниками. Как правило, политического направления эти кружки не носили, зачастую приобретая характер игры и дружеского общения. Это были в основном литературные, культурно-просветительские кружки.

Но молодежь всегда потенциально представляла «группу риска» для системы и привлекала к себе повышенное внимание различных идеологических и подчиненных им инстанций – от партийных и комсомольских органов до школьной, вузовской администрации. Свой постоянный контроль над умонастроениями молодежи власть старалась не афишировать. Поэтому для многих судьба участников антисталинских молодежных групп оставалась неизвестной, так же как и само существование этих групп. Между тем как последнее подтверждается рядом вновь выявляемых источников спецоргана. К тому же ряд групп и организаций имел довольно длительную историю и этапы в своем развитии, чему посвящены ряд исследований (статей и монографий) автора. Так, например, в 1951 году в Казахстане были привлечены к уголовной ответственности участники националистической группировки «ЕСЕП» (Елін сүйетін ерлер партиясы – Партия героев, любящих Родину), истоки которой начинаются с 1940 г. В документах спецоргана отмечается, что «в Алма-Ате Искаков Б., Нарешев А., Нарешев Р., Темиров М. и др. (всего 7 человек) обрабатывали молодежь в националистическом духе, восхваляли и идеализировали байских авторитетов, в извращенной форме истолковывали национальную политику Советского государства. Название группы «ЕСЕП» было дано такое же, какое имела группа Жаксылыкова и его связей, арестованных во время войны в Карагандинской области, где в 1940-1942 гг. учились в Карагандинском университете Б. Искаков и М. Темиров». Братья Нарешевы, уроженцы Кзылкогинского района Гурьевской области, были взяты под арест в 1950 г., будучи студентами Алма-Атинского института иностранных языков (СГА КНБ РК, 1: 236).

Сталинский режим эффективно использовал различные механизмы воздействия на сознание граждан – от пропаганды до политических репрессий. Режим проводил линию по усилению идеологического контроля, государственного надзора и ужесточению цензуры. Чисто научным дискуссиям также придавался политический характер, что является предметом отдельного рассмотрения.

Но советское общество не было «молчаливым», абсолютно «верноподданным». В палитре общественных идей и взглядов были различимы ожидания либеральной трансформации режима. Частичная либерализация внутренней жизни в Советском Союзе при Н.С. Хрущеве, смягчение внутривнутриполитического курса после XX съезда партии, состоявшегося в 1956 г., оставило серьезный след в национальной жизни СССР. В хрущевский период кризисные явления в экономике, в социальных отношениях, в том числе межнациональных отношениях, в культуре, в международном положении советского государства еще только начинали обозначаться. Система сохраняла колоссальный запас прочности.

Большое влияние на оппозиционные умонастроения в обществе и усиление непредсказуемой гражданской активности в СССР оказали события в Польше и Венгрии осенью 1956 г. Потом, в исторической перспективе, они названы были освободительной борьбой 1956 г., когда участвовавшая в выступлениях интеллигенция и молодежь всего социалистического лагеря протестовала против сталинской модели социализма. При Хрущеве советские танки задавили восстание в Венгрии, бурлила готовая взорваться Польша, во всех социалистических странах прокатился вал анти тоталитарных выступлений. Общественное, особенно студенческое, брожение в Советском Союзе, в поддержку венгерских и польских студентов было частью широкой антикоммунистической борьбы. С этими событиями связывают процесс радикализации взглядов молодежи. Часть молодежи даже была склонна рассматривать венгерские события как образец для подражания, руководство к действию.

Те события были ранними, «подземными» толчками антикоммунистической революции, хотя и слабыми, но показательными, как симптомы общественного кризиса, который

тоталитарная система стала обнаруживать уже в ту пору. Хрущевская критика сталинского режима была осторожной, дозированной, сосредоточенной преимущественно на самом диктаторе и его ближайших сподвижниках, и сочеталась с охранительством по отношению к устоям режима. Но критические умонастроения в обществе уже тогда шли намного дальше той черты, на которой партийное руководство хотело бы их остановить и сдержать. Находясь под сильным впечатлением от них, советское руководство предприняло меры по усилению «политической бдительности» внутри страны.

События в Польше и Венгрии вызвали настоящие всплески общественного оживления, возросшего самосознания, выражения гражданских чувств. Направленные на свержение просталинских коммунистических режимов, массовые выступления во многом были близки и разделялись оппозиционной советскому режиму частью общественности.

КГБ республики докладывал в спецсообщении секретарю ЦК КП Казахстана № 165-96 от 3 ноября 1956 г. о настроениях среди отдельных слоев населения в связи с событиями в Польше, Венгрии:

Студент Н.:

«Волнения студентов в Будапеште являются результатом плохого благосостояния народа. Там в Венгрии студенты привыкли жить свободно, поэтому чуть их прижали, они и поднялись. А у нас не так устроено, что ни пикнуть, ни вздохнуть».

Касаясь сообщения «Би-Би-Си», студент заметил, что *«у нас пропаганда скрывает правду от народа».*

Студент 3 курса физматфакультета КазГУ:

«Студенты всех стран мира представляют активную политическую силу. В Венгрии студенты с оружием в руках выступили против бюрократии, а мы с вами не можем поднять свою политическую активность».

Рабочий М.:

«В Венгрии восстала не какая-либо контрреволюционная группа, а восстал рабочий класс и венгерская армия, в связи с чем подавление этого восстания при помощи Советской Армии политически невыгодно для Советского Союза, т.к. это является вмешательством в международные дела самих венгров».

Старший инженер Алма-Атинской горбольницы:

«В Венгрии не будет наведен порядок, ибо их поддерживают Америка и Англия, которые в мировой политике играют основную роль. Это есть начало того, что коммунистическая система лопнет, так как наша теория не жизненна. У нас тоже не все довольны политикой нашего правительства».

Другие высказывания:

«У нас, в Советском Союзе, были и остаются сильные притеснения трудящихся и значительно легче было бы для народа при наличии в нашей стране нескольких партий»;

«Русские везде хотят социализм, везде хотят распусть свои корни, а венграм, видимо, не по душе, вот и поднялись»;

«Венгры были недовольны всеми порядками, которые, безусловно, проводило венгерское правительство под нашим диктатом. Россия при царском режиме была жандармом Европы, а мы хотим быть им во всем мире»;

«Если восстание в Венгрии будет подавлено, то все равно оно будет иметь большое моральное значение. Во всех демократических странах в народе существуют такие же настроения, как и в Венгрии, но только до поры до времени народ терпит»;

«Это то же самое, что и здесь. Вы видите, как здесь рабочие относятся к материалам и вообще к труду. Все это надо рассматривать, как немое сопротивление против существующей власти»;

«Неблагоприятно у нас и с демократий. Пора кончать с системой «механического» голосования на выборах в Советы за одного единственного кандидата»;

«Венгерские события – это результат глубокого недовольства народных масс, на которые чересчур крепко нажали, требуя чрезмерных жертв во имя индустриализации. У нас положение тоже не весьма важное. Достаточно серьезных мер к улучшению материального положения народа не принимается, да их и нельзя принять, пока все силы ухлопывают только на тяжелую индустрию. Это неверно»;

«Главные причины событий в Венгрии – наши ошибки, шаблон, с каким мы подходим к другим странам, навязывая им политику, которая во всем должна подражать политике внутри СССР, при этом забывая ленинские указания о недопустимости шаблонного подхода, об обязательности внимательного учета национальных особенностей каждой страны, каждого народа» (СГА КНБ РК, 1: 408-419).

Результаты исследования.

Таким образом, на основании изложенного, можно сделать следующие выводы. Великая Отечественная война, внеся коррективы в жизнь советского государства и общества, оказала существенное влияние на развитие общественного сознания. Начало войны выявило острую необходимость внутренней консолидации и мобилизации общества. Население всей советской страны от взрослых до детей, охваченное единым патриотическим порывом, трудясь на заводах и предприятиях, в колхозах, делало все для достижения победы над врагом.

Вместе с тем во время войны привычные основы общественного сознания населения подверглись серьезному психологическому давлению, как со стороны противника, так и со стороны советских органов пропаганды. В обществе возникло своего рода раздвоение массового сознания: официальные призывы и лозунги порой не совпадали с психологическим настроением людей, что и показал приведенный анализ общественных мнений и настроений в народе.

Послевоенное советское общество также представляло сложный социально-психологический феномен. Сравнение иных образцов жизни с ситуацией внутри страны было не в пользу последней, что формировало критическое отношение к внутренним порядкам.

Период так называемой «оттепели» традиционно ассоциируется со временем перемен. Вместе с тем для этого периода характерны прерывистость и незавершенность процесса начатых тогда преобразований. Это в полной мере относится и к сфере отношений между союзным центром и национальными регионами. Несмотря на расширение самостоятельности региональных структур, принципиальных изменений в системе «центр–регионы» не произошло, поскольку такого намерения у центральной власти не существовало.

В первые годы «хрущевской оттепели» национальная политика руководства СССР привела к некоторому ослаблению диктата центра над республиками. В ряде законов и актов 1957 года права союзных республик были значительно расширены. Однако суверенитет республики в целом оставался фиктивным. В рамках СССР он имел черты псевдо-, или квазигосударственности. В то же время протест против политической опеки центра нарастал со стороны партийных лидеров коренной национальности. Этот протест выражался в требованиях больших прав региональным лидерам национальных республик, больших инвестиций в собственную республику, против непрекращающегося притока русских в республику, против тенденции к языковой русификации.

Казахстан, как и весь юго-восток СССР, по-прежнему рассматривался как вспомогательная база по обеспечению центра промышленным и сельскохозяйственным сырьем. За период правления Хрущева поменялось шесть первых секретарей ЦК Компартии Казахстана.

Незыблемыми в деятельности КПСС оставались командно-административные методы и практика однонаправленных сверху вниз декретов и распоряжений, требовавших безусловной подчиненности нижестоящих звеньев. Политическая система в целом оставалась по-прежнему консервативной, не терпящей инакомыслия.

Сильное воздействие на рост неконформизма в советском обществе оказывали непоследовательность и противоречивость процесса либерализации, разница в понимании обществом и руководством страны причин и пределов отхода от прежней модели управления.

Идущие из 30-40-х гг. административно-командные отношения центра с республиками, характерные в целом для всего хрущевского периода, привели к образованию в республике скрытой оппозиции советскому режиму в лице национальной интеллигенции и кадровых партийных и советских работников.

Расширению прав союзных республик в экономической и правовой областях, реабилитации репрессированных народов после смерти Сталина сопутствовало в то же время игнорирование обострившихся национальных и межнациональных проблем, волюнтаристскими решениями вопросов о территориях при восстановлении национальных автономий,

сохранением курса на изживание «национализма», утверждением теории о «расцвете и сближении наций».

Потенциал духовного обновления общества не был реализован полностью. Масштабные общественно-политические и духовные преобразования были заданы и контролировались сверху и исходили из интересов стабильности существующей административно-командной системы. Сменились лозунги, но не методы. Сознательно дискредитировалась режимом научная и творческая деятельность национальной интеллигенции. Лучшие представители казахской интеллигенции находились под пристальным вниманием партийных органов. Но идейно-духовное сопротивление режиму продолжалось.

Благодарность. Статья выполнена в рамках реализации проекта OR11465470 «Массовые политические репрессии в Казахстане в 20-50-х гг. XX в. и процессы реабилитации: создание единой базы данных» Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Список литературы и источников:

Зубкова Е.Ю. Послевоенное советское общество: политика и повседневность. 1945 - 1953 гг. - М.: РОССПЭН, 1999. – С. 5.

Кыдыралина Ж.У. Нация и история. – Астана: Ел Орда, 2008. – С. 134, 135.

Специальный государственный архив Комитета национальной безопасности Республики Казахстан (СГА КНБ РК). Ф.9. Оп. 1. Арх. № 3. Л. 238-243.

СГА КНБ РК. Ф. 9. Оп. 4. Арх. № 1. Л. 226-236.

СГА КНБ РК. Ф. 9. Оп. 1. Арх. № 27. Л.5-19.

СГА КНБ РК. Ф. 9. Оп. 1. Арх. № 62. Л. 244-246.

СГА КНБ РК. Ф. 9. Оп. 1. Арх. № 69. Л. 170-175.

СГА КНБ РК. Ф. 9. Оп. 5. Арх. № 4. Л. 69-75.

СГА КНБ РК. Ф. 9. Оп. 28. Арх. № 1. Л. 408-419.

References

Zubkova E.U. Poslevoennoe sovetskoe obshestvo: politica i povsednevnost. 1945-1953 gg. [Post-war Soviet society: politics and everyday life. 1945 - 1953] – M.: ROSSPEN, 1999. – P. 5 [in Russian].

Kydyralina Zh.U. Nastia i istoria [Nation and history]. – Astana: El Orda, 2008. – P. 134, 135 [in Russian].

Special state archive of the Committee of National Security of Republic of Kazakhstan (SSA CNS RK). F.9. Inv.1. Arh. №3. L.238-243.

SSA CNS RK. F. 9. In. 1. Arh. № 1. L. 226-236.

SSA CNS RK. F. 9. In. 1. Arh. № 27. L.5-19.

SSA CNS RK. F. 9. In. 1. Arh. № 62. L. 244-246.

SSA CNS RK. F. 9. In. 1. Arh. № 69. L. 170-175.

SSA CNS RK. F. 9. In. 5. Arh. № 4. L. 69-75.

SSA CNS RK. F. 9. In. 28. Arh. № 1. L. 408-419.

ҒХТАР 03.20.00

ҚАЗАҚСТАНДА САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖҮЙЕСІНІҢ ОРНЫҒУЫ

Бейсекеева Улпан Шакировна^{1*}

¹Кіші ғылыми қызметкер, Астана қаласындағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының филиалы. Қазақстан, Астана қ., E-mail: u.beisekeeva78@mail.ru.

*Автор-корреспондент

Аңдатпа. Мақалада саяси қуғын-сүргін жүйесінің орнығуы деректермен баяндалады. Кеңес өкіметі орнаған күннен бастап саяси – қуғын сүргін жүйесінің орнауы, еңбек тәртібін бұзушы мен себепсіз норманы орындамағандарды 6 айға дейінгі мерзімде еңбекпен түзету лагерьлеріне қамау, қару сақтағаны үшін ату жазасына кесу және т.б. репрессиялық шаралар, ВЧК-ГПУ-НКВД 1920 жылдан бастап халық арасынан «кеңестерге қарсы мәліметтерді» жүйелі түрде жинағандығы, партияның саяси қуғын-сүргінге жол ашып, заңсыздықтар сот-тергеу органдарының қолымен жасалғандығы, заң орындарының әкімшіл-әміршіл жүйе құрамына еніп, асыра сілтеушіліктерге жол бергендігі, яғни ҚК баптарын өкімет пен партия нұсқауларына сай бұрмалағандығы. Кеңестік құқық «биліктен айырылған қанаушы таптарға» қарсы бағытымен ерекшеленгендігі деректермен дәлелденеді.

Түйін сөздер: репрессия, тоталитаризм, кеңестік сот жүйесі, ет дайындау, бай-кулакты тап ретінде жою, социалистік меншікті қорғау науқандары.

МРНТИ 03.20.00

УСТАНОВЛЕНИЕ СИСТЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ

Бейсекеева Улпан Шакировна^{1*}

¹Младший научный сотрудник филиала Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова в г. Астане. Казахстан, Астана, E-mail: u.beisekeeva78@mail.ru

*Автор-корреспондент

Аннотация. В статье освещается проблема функционирования системы политических репрессий. С момента установления Советской власти была установлена система политической ссылки, нарушителей трудовой дисциплины и лиц, не соблюдающих нормы без уважительных причин, заключались в исправительно-трудовые лагеря на срок до 6 месяцев, расстреливались за хранение оружия, применяли другие репрессивные меры. ВЧК-ГПУ-НКВД систематически собирал «антисоветскую информацию» у населения с 1920 г., партия подготовила почву для политических репрессий, судебные и следственные органы совершали беззакония, органы юстиции вошли в состав административно-властной системы, что приводило к увеличению данных и искажению статей Уголовного кодекса по указанию правительства и партии. Данные доказывают, что советское право отличалось своей направленностью против «эксплуататорских классов, лишенных власти».

Ключевые слова: репрессии, тоталитаризм, советская судебная система, приготовление мяса, ликвидация бая-кулака как класса, кампании по защите социалистической собственности.

IRSTI 03.20.00

ESTABLISHMENT SYSTEM OF POLITICAL REPRESSION IN KAZAKHSTAN

Beisekeeva Ulpan Shakirovna^{1*}

¹Junior researcher, branch of the Ch.Ch. Ualikhanov Institute of History and Ethnology in the city Astana. Kazakhstan, Astana, E-mail: u.beisekeeva78@mail.ru

* Corresponding author

Abstract. The article highlights the problem of the functioning of the system of political repression. Since the establishment of Soviet power, a system of political exile was established, violators of labor discipline and persons who did not comply with the norms without good reason were imprisoned in labor camps for up to 6 months, shot for possession of weapons, and other repressive measures were used. The VChK-GPU-NKVD systematically collected "anti-Soviet information" from the population since 1920, the party paved the way for political repression, the judicial and investigative bodies committed lawlessness, the justice bodies became part of the administrative-power system, which led to increases in data and distortion of articles Criminal Code at the behest of the government and the party. The data prove that Soviet law was distinguished by its orientation against the "exploiting classes deprived of power."

Key words. Repression, totalitarianism, the Soviet judicial system, meat preparation, the elimination of the BAI-Kulak as a class, campaigns to protect socialist property.

Кіріспе. Кеңес өкіметі құрылған күннен бастап өз саясатын қуғын-сүргін шараларымен бастады. 1918 жылы 21 ақпанда РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі “Социалистік Отанға қауіп төнуде” деген лениндік декретті қабылдады. Оның 8-бөлімінде “Неприятельские агенты, спекулянты, громилы, хулиганы, контрреволюционные агитаторы, германские шпионы расстреливаются на месте преступления” (Красная книга ВЧК, 1990: 17), - деп жазылды. Осы декретке қарай отырып, «контрреволюционерлер», «шпиондар» сөзінің кеңес өкіметі құрылған күннен бастап қолданыла бастағандығын көреміз.

1920 жылдан бастап ВЧК-ГПУ-НКВД халық арасынан “кеңестерге қарсы мәліметтерді” жүйелі түрде жинаған. Жак Россидің айтуынша 1920 жылдың басынан бастап-ақ “контрреволюциялық” немесе “кеңестерге қарсы” іс – әрекеті үшін айыпталғандарға 6 айдан жоғары мерзіммен бас бостандығынан айыру жазасы берілсе, ал 1930 жылы РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-10 бабымен 10 жылға сотталғандар саны миллионға жетіп, ГУЛАГ халқының 25 процентін құраған. Аталған бап бойынша сотталғандар түрмелер мен еңбекпен түзету лагерьлерінде “Агитатор” деп аталған (Жак России, 1991, 25). Кеңес өкіметі тұсындағы жазалау саясаты патшалық Ресей кезіндегі жазалау шараларынан да анағұрлым асып түскен.

Методология. Мақаланы жазу барысында сараптау, талдау, жүйелеу, салыстыру, қорыту әдістері қолданылды.

Талқылау. Мақалада саяси қуғын-сүргін жүйесінің орнығуын крсететін еңбектер қарастырылды. Мәселен, Жак Росси «Справочник по ГУЛАГУ» - деген кітабында «патша уақытында 1905 жылғы революция басылған соң жылына орта есеппен 90 адам өлім жазасына кесілді, 1918-1919 жылдары Мәскеу революциялық Трибуналы жылына орта есеппен 575 адамды ату жазасына бұйырған, төтенше комиссияның "контрреволюция мен спекуляцияға қарсы күрес апталығы" журналында атылған тізімі жарияланып, қуғын-сүргін саясатына бұқаралық ақпарат құралдары да тартылды, 1930-жылдан бастап өлім жазасына кесілгендер туралы ақпарат мемлекеттік құпияға айналды» - деп жазды (Жак Росси, 1991: 74).

1920-1930 жылдардағы сот жүйесі қайта құрылып, қуғын-сүргінге әзірлік жасалынды. Сот жүйесі өзінің тәуелсіздігінен айрылды. Заңсыздықтар сот-тергеу органдарының қолымен жасалды. Заң орындары әкімшіл-әміршіл жүйе құрамына еніп, асыра сілтеушіліктерге жол берген, яғни ҚК баптарын өкімет пен партия нұсқауларына сай бұрмалады. Заңдар бұқараны коммунистік санамен тәрбиелеуге қызмет етті. Кеңестік сот жүйесі 1920 жылдың басынан бастап “тап күресі” саясатына бейімделді (История политических и правовых учении, 1988: 677).

Сол кезеңдегі КСРО Конституциясының 157-бабында сот мәжілістері ашық жүргізіледі, ал 155-бапта судьялар мен халық заседательдері дербес, тәуелсіз болып, олар тек қана заңға бағынады деп жазылды. Бірақ, олай болмады (Правоохранительные органы в СССР, 1991: 31). Сталин генералдарды да “ғайбат” (донос) айтуға мәжбүрлеген. Дәлел келтірер болсақ: “...Плохо сигнализируете. А без ваших сигналов ни военком, ни ЦК ничего не могут знать”, деп жеткізілген әңгіменің 95 проценті жалған, ал 5 проценті ақиқат болса да қанағаттанған (Печенкин, 2003: 33).

Сталиндік саясаттың қылмыстарын тұңғыш әшкерелеген Н.С. Хрущев “Сталин халық жауы деген ұғымды енгізді. Өзімен келіспегендерді “халық жауы” деп есептеді. Мойындату

үшін ұрып-соғу шараларын қолданды” деп КОКП-ның XX съезінде айтқан болатын (Реабилитация, 1991).

1937-1938 жылдардағы жаппай қуғын-сүргін саясатына даярлық 1920-шы жылдардың ортасынан басталды. 1920 жылдың ортасына дейін ауыл шаруашылығына зиян келтіруші жәндіктер мен жануарларға қолданылған “зиянкес” сөзі 1925-жылдан бастап саяси мәнге ие болып, қуғын-сүргін тұсындағы айыптау процестерінде, әсіресе ОГПУ коллегиясында 1934 жылға дейін жиі пайдаланылды. Алайда, Қылмыстық Кодекске еңбей қалып, оның орнына Қылмыстық Кодекстің “контрреволюциялық бүлік” және “мемлекеттік өндірісті бүлдіру” – деген 58-14, 58-7 баптары өмірге келеді (Жак Росси, 1991: 63).

1928 жылы Қазақстанға Л.Д. Троцкийдің, кейін Л.Б. Каменевтің, Г.Ю. Пятаковтың және тағы басқа көрнекті қайраткерлердің жер аударылып келуі жергілікті зиялыларды қудалауды жеделдеткен. “Троцкистік ұйымның мүшелерін” мұқият іздестіру нәтижесінде қазақ қайраткерлерінің басым көпшілігі аталған ұйыммен “астыртын байланыста болғандығы үшін” айыпталады. Ал, 1928-1931 жылдар аралығында ескі зиялы қауым өкілдерін қудалап, жою мақсатында жүргізілген үш процесс “Шахтинск ісі.” (1928ж.), “Промпартия процесі” (1930 ж.), “Меньшевиктер бюросының одағы” (1931ж.) заңсыздықты бастап, жаппай тұтқындауға жол ашты (Ефимов Е., Щетинин, 1989: 73-77).

Зерттеу нәтижесі. 1928 жылы мамыр айында болған БЛКЖО съезінде Ф. Голощекин “ақпарына” сүйенген Н. Бухарин Мағжан Жұмабаевқа саяси сенімсіздік білдіреді. Көп ұзамай-ақ қазақтың ірі ағартушылары, әдебиетшілері және әртүрлі саладағы оқымыстылар жаппай тұтқындалады. Толық емес мәліметтер бойынша “Алаш” қайраткерлерінің 300-і қуғын-сүргінге ұшыраған (Нұрпейісов, 1995: 216). Олардың кейбірі “жазаларын” өтеп келгенімен 1937-1938 жылдары қайта ұсталып, атылды. Қазақ зиялыларының үш мәрте тұтқындалғандары да бар.

Қазақ зиялылары халыққа араша түсті. Кеңестік биліктің саяси, экономикалық реформаларының халыққа үйлеспейтіндігін айтты. Сол үшін де саяси қуғын-сүргінге ұшырады.

1928-1931 жылдар аралығында жалған айып пен жала жабу әдісі күшейді және айыпкерді мойындатудың “әдіс-тәсілдері” жетілдіріліп, ОГПУ-дің қолында репрессияны жүргізудің даяр механизмі болды. Осы механизм 1930-шы жылдардың ортасында толықтай күшіне енеді. Нәтижесінде саяси қуғын-сүргін жалпылама бағыт алады. Сот-тергеу органдарының жазалаушы қызметі саяси-шаруашылық науқандар барысында қарқынды деңгейде болған. Заңсыздықтардың шексіз орын алғаны соншалықты саяси қуғын-сүргін құрбандарының саны орасан зор.

1929 жылдың күз айынан бастап өкіметтің халыққа жат реформаларына қарсылық ретінде республикада халық ереуілдері орын алғаны белгілі. Зерттеуші ғалым Б.Қойшыбаев: қарсылық қозғалыстары басталардан бұрын, 1928 жылдың соңында, әлде 1929 жылдың басында Шымкент қаласында «Көтер, қазақ, басыңды! (Оян, қазақ!)» үндеуі пайда болғандығын жазады. «№ 2370 істе үндеудің орысшаға аударылған нұсқасы бар, оған «Қазақшылдар» ұйымы» деп қол қойылған. Шағын үндеуге қазақ басына түскен советтік солақай саясат салдарлары жайында күрделі ойлар сыйғызылып, баршаны «Саналы Алты Алаш» өкілдері орыс авантюристеріне және оларға сатылған қазақ халқының опасыздарына қарсы ашық саяси күреске шығуға шақырады» деп жазылыпты» (Қойшыбаев, 2022)

Қазақстанда 1932 жылы “Қазақ шаруалары партиясының” “контрреволюциялық іс-әрекеті ашылып”, оның “орталығы” Алматы қаласында екендігін ОГПУ “дәлелдейді”. Нәтижесінде, оның мүшелері Қ. Ақжанов, Ш. Тоқжігітов, Ә. Ермеков және тағы да басқа азаматтар айыпқа тартылып, олардың жергілікті жерлердегі “сыбайластары” іздестіріледі (Омарбеков, 1997: 8-15).

1932 жылғы 7-тамызда заңның мәнін Н.В. Крыленко былайша түсіндірді: “Всякому, кто покушается на общественную собственность, если это будет выходит из враждебный среды, - расстрел. Если это вовлеченным в кулацкую компанию, поддавшийся от старых воззрений единоличник или колхозник, - 10-летнее лишение свободы. Вот так гласит закон” (30-е годы: взгляд из сегодня, 1990: 50). Ашаршылық жылдарында балалары аштан өлмес үшін бір уыс бидай алғандар «жау» болып, 10 жыл мерзіммен сотталып кете барған.

1933 жылы қаңтарда Л.М. Каганович Орталық Комитет пленумында кейбір судьяларды арбаның төрт дөңгелегін ұрлағандарды 10 жыл мерзіммен түрмеге қамап, соттауға қолдары

бармайтындығы үшін айыптайды. Сөйтіп, заңның сөзсіз орындалуын талап етіп, тіпті төменгі сот жүйесін “тазарту” идеясын да ұсынады. Вышинскийдің өзі 1933 жылы орташалар мен кедейлердің де “кулак” ретінде айыпқа тартылғандығын мойындаған (30-е годы: взгляд из сегодня, 1990: 41). Әділетсіздікке араша түскенде де жазықсыз сотталған. Елде саяси қуғын-сүргін жүйесі толығымен орныққан.

1934-жылғы 1-желтоқсандағы С.М. Кировке жасалған қастандықтан соң саяси қуғын-сүргін шаралары асқына түседі. Мәселен, Жак Россидің айтуынша Киров өлтірілгеннен кейін 1934-1935 жылдары Сібірге Ленинградтан 100 мың, көпшілігі комсомол, партия мүшелері жер аударылған (Жак Росси, 1991: 203). Саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың істерін қарап, ақтау мәселесімен айналысқан комиссия құрамында болған заңгер Х. Шопанов “...Киров өлтірілген күні шыққан құпия заң біздің жағамызды ұстатты. Оған сүйеніп іс-әрекет еткен КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасының масқара әрекетін айтып жеткізу қиын..., әскери алқа мәжілісіне Прокурор да, қорғаушы да қатыстырылмаған. Алқа үкіміне шағым-арыз жаздырылмаған, үкім шығарылған күні орындалған. Әрбір істі қарауға 15 минут уақыт кеткен. Әскери емес адамдарды Әскери алқа соттаған. Репрессия құрбандарының есебін шығару мүмкін емес”, - деп жазды (Шопанов, 1998: 35-36). Қылмыстық істердің “шектен тыс көп болуы” себебінен Әскери Алқаның “уақыты жетпей”, әр істі 15 минут қараған. Атылып кеткеннен кейін де үкім сырттай жазылған сәттер жиі болған.

Түрмелер мен лагерь, колонияларда С.М. Кировке “қастандық” жасады деп сотталғандарды “Кировский набор немесе Кировский поток”, деп атаған (Жак Росси, 1991: 254). Қазақстанның түкпір-түкпірінде де “С.М. Кировтың өліміне кінәлілер” іздестіріледі. Әр-түрлі деңгейдегі партия ұйымдары осы мәселені талқылау мақсатында жоғарыдан келген нұсқау бойынша жиі-жиі жиналыстар өткізеді. 1934 жылы шілде айында С.М. Кировтың Алматыға келуі, 1937-38 жылдардағы жаппай қуғын-сүргін саясаты тұсында көптеген жазықсыз жандардың жазаға тартылуына да сылтау болды. Мәселен, 1938 жылы 27-қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысындағы сол кезеңде “Сталинкент” деп аталатын колхоздың төрағасы Ташполат Әлікұлов, ал 5-ақпанда Асанқожа Артықожаев, Ташполат Момынбаев, 11-ақпанда Юлдаш Таев, Әбдрайым Қошақов қамалады. Бес азаматтың үстінен 79-номерлі қылмыстық іс бойынша “Сайрамдық азаматтар Киров жолдасқа қастандық жасаушылармен ауыз жаласқан саяси қылмыскерлер” болып шығады. Жалған айып тағу үшін жасалынған бірнеше жобаның біріне тоқталсақ. “Қылмыскерлер Машат өзеніндегі көпір рельсіне киіз қаптап қоюды қарастырған. Сонда Киров мінген поезд аударылуы ықтимал...”. Осылайша Сайрамдық азаматтарға “1934 жылы Киров Алматыға өтіп бара жатқанда қастандық жасауды ойластырған”- деген айып тағылады. Жауап алу барысында Сайрамда “буржуазияшыл-ұлтшыл топтың 2 мүшесі бар, топ облыстық ұйыммен, облыс өз кезегінде республикалық топпен байланысады, ал бұлардың барлығы Мәскеуде тоғысады”, - деген қорытынды жасалады. 14-ақпанда НКВД үштігі шешімімен “қылмыскерлер” атылады (Рәмберді, 2000: 2).

1929 жылдың аяғынан бастап “өндіріс орындарындағы тап дұшпандарын әшкерелеу науқаны” қарқынды дамиды. Сот процестері А.Я. Вышинскийдің ойлап тапқан “дәлелдердің ханшасы” теориясының нәтижесінде “жемісті” болды (Жак Росси, 1991: 83). Сот-тергеу орындары қуғын-сүргін жүйесіне бейімделгендіктен, зансыздықтар қатары жылдан-жылға арта түскен.

1925-1938 жылдардағы қуғын-сүргін саясатына темір жол бойы, заводтар мен өнеркәсіп орындарының, көлік (транспорт) саласының қызметкерлері мен арнайы жер аударылғандар (спецпереселендер) да көп ұшырады.

1937 жылғы 21 қыркүйектегі «Правда» газетіне жарияланған «На поводу у буржуазных националистов» деген мақала Қазақстан партия ұйымы мүшелерін қуғын-сүргінге ұшыратуға жеделдетті. Осы жылғы шілдедегі Ішкі Істер Халық Комиссары Ежовтың жедел түрдегі 000447-ші номерлі бұйрығы жарияланып, онда 4 айдың ішінде 268950 адамды соттап, оның 75950-ін тез арада ату жазасына кесу бұйырылады. Сондай-ақ тұтқындауға алдын-ала санкция талап етілмейтіндігі және әлі сотта қаралмаған істер үштіктерге берілетіндігі де ескертіледі. Ежовтың Ішкі Істер халкомы болып тағайындалуы жағдайды ушықтырып, жеке басқа табынуды күшейткен: “Соңғы кезде біздің аппараттың жұмысы Ежов жолдастың келуімен жанданды. Жұмыскерлердің рухы жанданды. Біздер чекистер Ежов жолдастың сөзін орындау үшін барлық нәрсені жасаймыз...” (Политические репрессии в Казахстане, 1998: 68).

1937-жылдың 3-желтоқсанында БК(б)П ОК Қазақстанда қуғын-сүргінге ұшырағандар санын I дәреже бойынша 600 адамға, ал II дәреже бойынша 1000 адамға өсіру жөнінде шешім шығарады. Нәтижесінде I дәрежеге жататын “кеңестерге қарсы аса қауіпті элементтер” ату жазасына кесіліп, ал II дәрежеге 8 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімнен бас бостандығынан айрылғандар жатты.

1938 жылы тамыз айында Сталин КСРО ІХК басшылығын ауыстырып, Ежовтың орнына Берияны тағайындайды. Сөйтіп, ІХК органдарын “тазарту” басталады.

1938 жылдың басында Қазақстанның НКВД басшылығына тағайындалған С.Ф. Реденс 25 ақпан мен 13 наурыз аралығындағы 10 күн ішінде Қазақстанның басшы қызметкерлерін, нақтырақ айтқанда әскери коллегия арқылы 650 адамды ату жазасына кескен (Мустафин, 1997: 2). Озық ойлы адамдардың барлығын жазықсыз саяси қуғын – сүргінге ұшырап, елімізге зор қасірет әкелді.

Сонымен, 1928 жылдың соңында «буржуазияшыл ұлтшылдар» атанған Алаш зиялыларының барлығы тұтқындалды. «Алаш» партиясының өкілдерін қудалау мақсатында барлық тәсілдер қолданылды. Баспасөзде оларды қаралайтын мақалалар жарияланып, олардың отбасы мүшелері, туған-туыстары тұтқындалды.

Оларға «буржуазияшыл-ұлтшылдар» деген айып тағылды. Сол жылы 44 алашордашы тұтқындалып, оның ішінде Ж. Аймауытов, Ә. Байділдин, Д. Әділев ату жазасына кесілді, үкім орындалған. Қалғандары түрмеге жабылған.

Ұлт зиялыларының екінші тобы 1930 жылдың қыргүйек-қазан айларында тұтқындалып, оның 15-і Ресейге жер аударылған. Бұл кезеңде Ж. Аймауытов, Ә. Байділдин, Д. Әділевтер атылып, қалғандары әртүрлі мерзімге түрмеге жабылды. Олардың кейбіреулері (М. Дулатов т.б.) лагерьлерде қайтыс болды, қалғандары (А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев т.б.) жазасын өтегенімен «Алашорданың» қызметіне араласқаны үшін қайта айыпталып, 1937-1938 жылдары атылды. Озық ойлы адамдардың барлығын жазықсыз саяси қуғын – сүргінге ұшырап, елімізге зор қасірет әкелді.

Қорытынды. Пролетарлық революция және оның табиғатына тән тоталитаризм принциптері 1920-1950 жж. саяси қуғын-сүргіннің, озбырлық пен заңсыздықтың басты себебі болды. Саяси қуғын-сүргін тоталитаризм табиғатына тән. Билік үшін күрес және большевиктер партиясы қатарындағы тазарту, қуғын-сүргіннің басталуының басты және негізгі себептері болып табылады. Қуғын-сүргін жалпылама бағыт алып, КСРО аумағын түгелдей қамтыды.

Алғыс айту. Мақала OR11465470 «XX ғ. 20-50 жж. Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін және ақтау процестері: бірыңғай деректер базасын құру» жобасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржылық қолдауымен дайындалған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Ефимов Е., Щетинин Ю. Три процесса над старой интеллигенцией // Политическое образование. – 1989. – № 6. – С. 73-77.

Жак Росси. Справочник по ГУЛАГУ. – М.: Просвет, 1991. – Ч.1. – 548 с.

История политических и правовых учений / Под. ред. В.С. Нересянца.-М.: Юридическая литература, 1988.-816с.

Красная книга ВЧК / Под. ред. А.С. Валидова. – М.: Политиздат, 1990. –250 с.

Қойшыбаев Б. Саяси қуғын-сүргіндер: сипаты мен ерекшеліктері / Abai.kz. 2022.1.04.

Мустафин Б. Спасибо, что вернули веру // Казахстанская правда. – 1997. – 17 июля.

Нұрпейісов К.Н. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.

Омарбеков Т. Процесс // Ақиқат. – 1997. – № 3. – 8-15 бб.

Печенкин А.А. 1937: Сталин и военный совет // Отечественная история. – 2003. – № 1. – С. 29-36.

Политические репрессии // Известия. – 1999. – 21 декабря.

Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник документов / Отв. ред. Л.Д. Дегитаева. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 336 с.

Правоохранительные органы в СССР. – М.: Политиздат, 1990. – 231 с.

Рәмберді Т. Кировке қастандық жасады деген жала б азаматты оққа байлап опат етті // Егемен Қазақстан. – 2000. – 28 шілде.

- Реабилитация: Политические репрессии 30-50-х годов / Сост. И.В. Курилов, В.П. Наумов. – М.: Политиздат, 1991. – 461 с.
- 30-е годы: взгляд из сегодня / Отв. ред. Д.А. Волкогонov. М.: Наука, 1990. – 164 с.
- Шопанов Х. Алқаның шешімімен атылғандар // Заң. – 1998. – № 12. – 35-36 бб.

References

- Efimov E., Shchetinin YU. Tri processa nad staroj intelligencij [Three trials of the old intelligentsia] // Politicheskoe obrazovanie. – 1989. – № 6. – P. 73-77. [in Russian]
- Zhak Rossi. Spravochnik po GULAGU [Guide to Gulag]. – М.: Prosvet, 1991. – Ch.1. – 548 p. [in Russian]
- Istoriya politicheskikh i pravovyh uchenii [History of political and legal doctrines] / Pod. red. V.S. Neresyanca. – М.: YUridicheskaya literatura, 1988. – 816 p. [in Russian]
- Krasnaya kniga VCHK [Red Book of the Cheka] / Pod. red. A.S. Validova. – М.: Politizdat, 1990. – 250 p. [in Russian]
- Qoishybaev B. Saıası qýgyn-súrginder: sıpaty men erekshelikteri [Political repressions: nature and features] // Abai.kz. 2022; April 1. [in Kazakh]
- Mustafin B. Spasibo, chto vernuli veru [Thank you for returning my faith] // Kazhstanskaya pravda. – 1997. – 17 iyulya. [in Russian]
- Nurpejisoв K.N. Alash hám Alashorda [Alash and Alashorda]. – Almaty: Atatek, 1995. – 256 b. [in Kazakh]
- Omarbekov T. Process [Process] // Aqiqat. – 1997. – № 3. – 8-15 pp. [in Russian]
- Pechenkin A.A. 1937: Stalin i voennyj sovet [1937: Stalin and the Military Council] // Otechestvennaya istoriya. – 2003. – № 1. – P. 29-36. [in Russian]
- Politicheskije repressii [Political repression] // Izvestiya. – 1999. – 21 dekabrya. [in Russian]
- Politicheskije repressii v Kazahstane v 1937-1938 gg. [Political repressions in Kazakhstan in 1937-1938] Sbornik dokumentov / Отв. ред. L.D. Degitaeva. – Almaty: Қазақстан, 1998. – 336 p. [in Russian]
- Pravoohranitel'nye organy v SSSR [Law enforcement agencies in the USSR]. – М.: Politizdat, 1990. – 231 p. [in Russian]
- Ramberdi T. Kirovke qastandyq zhasady degen zhala 6 azamatty oqqa bajlap opat etti [6 citizens were shot and killed on suspicion of assassination of Kirov] // Egemen Қазақстан. – 2000. – 28 shilde. [in Kazakh]
- Reabilitaciya: Politicheskije repressii 30-50-h godov [Rehabilitation: Political repressions of the 30s-50s] / Sost. I.V. Kurilov, V.P. Naumov. – М.: Politizdat, 1991. – 461 p. [in Russian]
- 30-e gody: vzglyad iz segodnya [30s: a view from today] / Отв. ред. D.A. Volkogonov. М.: Nauka, 1990. – 164 p. [in Russian]
- Shopanov H. Alqanyn sheshimimen atylgandar [Those fired by the decision of the board] // Zan. – 1998. – № 12. – 35-36 pp. [in Kazakh]

**ШАРУАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ КҮШТЕП ҰЖЫМДАСТЫРУ,
ЕТ, АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА НАУҚАНДАРЫНЫҢ ҚҰРБАНДАРЫ
ЖЕРТВЫ НАСИЛЬСТВЕННОЙ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ, ЗАГОТОВИТЕЛЬНЫХ И
ДРУГИХ КАМПАНИЙ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ОТНОШЕНИИ КРЕСТЬЯНСТВА
VICTIMS OF FORCED COLLECTIVIZATION, PROCUREMENT AND OTHER
CAMPAIGNS OF THE SOVIET AUTHORITY IN RESPECT OF THE PEASANTRY**

XҒТАР 03.20.00

1921-1923 ЖЫЛДАРДА АТЫРАУ ӨЛКЕСІНДЕ БОЛҒАН АШАРШЫЛЫҚ

Нағымов Шахман Нағымұлы^{1*}

¹Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті. Қазақстан, Атырау қ. E-mail: waxman45@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7664-4115>

*Автор-корреспондент

Аңдатпа. Мақалада 1921-1923 жылдардағы Атырау өлкесіндегі ашаршылық мәселесі баяндалады. Ашаршылықтан қаза тапқандардың нақты саны белгісіз. Өлім – жітімнің күрт өсуінің және халықтың аштыққа ұшыраған аудандардан жаппай қашуының нәтижесінде Атырау өлкесінің халқы біршама азайды. 1919-1923 жылдардағы ашаршылықтың себебі қазіргі Қазақстанның әртүрлі аймақтарында егіннің азаюы болды. Осыған байланысты Кеңес өкіметі 1919 жылы қаңтарда 1918 жылдың 13 мамырынан бастап жұмыс істеп тұрған азық-түлік салығының орнына азық-түлік салғыртын енгізді. Зерттеушілердің пікірінше, бұл қарсыз қыстың және оның орнына құрғақ жаздың салдары болды. Қарсыз қыс, көктем мен жаз жаңбырсыз құрғақшылықты тудырды, бұл өз кезегінде аштық қаупін алып келді. Бірақ Атырау өлкесінің халқы құмда өсетін «құмаршық» атты өсімдікпен балықтың арқасында күн көрді. Сонымен қатар, өлкеде ашаршылықтан халықтың аман қалуына қазақтың байлары көмектесті. Оларды үкімет мәжбүрледі.

Түйін сөздер: ашаршылық, ашаршылыққа қарсы күрес комитеттері, құмаршық, әншоқай, қазақ байларының көмегі.

МРНТИ 03.20.00

ГОЛОД 1921-1923 ГОДОВ В АТЫРАУСКОМ КРАЕ

Нағымов Шахман Нағымұлы^{1*}

¹Кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Атырауский университет им. Х. Досмұхамедова. Казахстан, г. Атырау. E-mail: waxman45@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7664-4115>

*Автор-корреспондент

Аннотация. В статье освещается проблема голода в Атырауском крае в 1921-1923 годах. Точное количество погибших от голода неизвестно. В результате резкого роста смертности и массового побега населения из голодающих районов население Атырауского края несколько сократилось. Причиной голода 1919-1923 годов стало снижение урожая в различных регионах Казахстана. В связи с этим советские власти в январе 1919 года увеличили число продовольственных налогов, которые стали не под силу для населения. На ряду с этим, по мнению исследователей, это было следствием также бесснежной зимы и засушливого лета, которые привели к падежу скота. Бесснежная зима и засуха в свою очередь привели к угрозе голода. Но население Атырауского края выжило благодаря наличию рыбы и растения «кумаршык», которое растет на песке. Кроме того, пережить голод в крае помогли богатые казахи. Их вынудило правительство.

Ключевые слова: голод, помощь комитетов по борьбе с голодом, кумаршик, аншоқай, казахские байы.

IRSTI 03.20.00

FAMINE OF 1921-1923 IN ATYRAU REGION

Nagymov Shahman Nagymuly¹

¹candidate of pedagogical sciences, associate professor, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan. E-mail: waxman45@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7664-4115>

* Corresponding author

Abstract. The article highlights the problem of hunger in the Atyrau region in 1921-1923. The exact number of deaths from starvation is unknown. As a result of a sharp increase in mortality and mass flight of the population from starving areas, the population of the Atyrau region has slightly decreased. The reason for the famine of 1919-1923 was a decrease in the harvest in various regions of Kazakhstan. In this regard, the soviet authorities in January 1919 increased the number of food taxes, which became beyond the power of the population. Along with this, according to the researchers, it was also a consequence of a snowless winter and a dry summer, which led to the death of livestock. A snowless winter and drought in turn led to the threat of famine. But the population of Atyrau region survived thanks to the presence of fish and the plant "kumarshyk", which grows on the sand. In addition, rich Kazakhs helped to survive the famine in the region. They were forced by the government.

Key words: hunger, assistance of committees to combat hunger, kumarshik, anshokai, Kazakh bais.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының президенті Қ.К. Тоқаев өзінің 2021 жылы қаңтарда «Егемен Қазақстан» газетінде жариялаған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Миллиондаған адамды қазаға ұшыратып, тірі қалғанын жан сауғалап босып кетуге мәжбүр еткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі- 1921- 1922 жылдардағы нәубеттен бері 100 жыл өтті. Сол зұлматтың кесірінен қырылып қалмағанда, халқымыздың саны қазіргіден әлденеше есе көп болар еді. Тарихымыздың осы ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін әлі жан-жақты зерттелмей келеді. Тіпті, ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Ала-кұла деректер және оның себеп- салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады. Тиісті тарихи құжаттарды, жинақталған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек» деген болатын (Егемен Қазақстан, 2021: 1).

«Қазақстан тарихы» порталында 2020 жылдың 4 наурызында жарияланған «1921-1922 жылдардағы ашаршылық» атты мақаланың авторы Аян Ареннің мәліметтері басшылыққа алынатын болса: Зерттеушілердің пікірінше, бұл қарсыз қыстың және оның орнына құрғақ жаздың салдары болды. Қарсыз қыс, көктем мен жаз жаңбырсыз құрғақшылықты тудырды, бұл өз кезегінде аштық қаупін алып келді. 1921 жылдың жазында аштық елдің аймақтарына тарала бастады және әсіресе Еділ аймағын қамтыды. 1921 жылдың күзіне қарай бүкіл ел бойынша ашыққандар саны 20 млн. адамға жетті. Тарихшылар партиялық құжаттарда көрсетілген себептермен бірге ашаршылық кәсіпкерлікті жою, өнеркәсіпті ұлттандыру, сыртқы сауданы монополияландыру, мәжбүрлі еңбек міндеттілігі және азық-түлік диктатурасымен қатар жүретін «соғыс коммунизмі» саясатымен туындаған елдегі төтенше экономикалық жағдайдың нәтижесі болуы мүмкін деп санайды. Мұның бәрі халық шаруашылығына және ауылшаруашылық саласына, атап айтқанда, қатты соққы берді. Осы жылдары ашаршылық Қазақстанның әрбір өңіріне қауіп төндірді. Құрғақшылықтың басым бөлігі егістік алқаптары орналасқан Орал, Орынбор, Қостанай, Бөкей және Ақтөбе губернияларында орын алды, бұл жерлерде егістік алғаш жаздың басында құрғап кетті. Көшпелі және жартылай көшпелі мал өсіретін аудандарда жайылымдар мен шабындық жерлер жойылды. Аштық құрбандарының саны күн сайын артып отырды. 1921 жылдың тамыз айынан бастап Орынбор, Ақтөбе, Орал, Қостанай губерниялары мен Бөкей Ордасы ресми түрде аштықтан жапа шеккен аймақтардың қатарына қосылды. Аштықпен бірге жұқпалы аурулар да пайда болды – іш сүзегі, тырысқақ, оба, қышыма және басқалар. Ол кезде жұқтырған адамдардың саны республиканың емдеу мекемелерінің мүмкіндіктерінен едәуір асып түсті. Аштық жоғары өлім-жітімді тудырды, ал кедейлік, эпидемия және аурухана

жетіспеушілігі оның көрсеткіштерін арттырды. Мысалы, 1921-1922 жылдары Қостанай губерниясының аш және ауырып қалған тұрғындарының 75% - ға жуығы қаза тапты. Республиканың Денсаулық сақтау халық комиссариатының деректері бойынша Орынбор, Орал, Ақмола және Ақтөбе губернияларында 1921 жылғы 1 қараша мен 1922 жылғы 1 шілде аралығында 37 657 адам қаза тапқан (Арен, 2020: 2).

Материалдар мен әдістер. Объективтік, тарихилық, салыстырмалы талдау және т.б. ғылыми әдістер басшылыққа алынды. Мақаланы жазу барысында Атырау облыстық мемлекеттік архивінде сақталған Гурьев уезіндегі 1921-1923 жылдардағы ашаршылыққа байланысты № 109 қорының №№ 1, 2, 3, 8, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 42 істері мұқият зерделенді. Сонымен қатар, ашаршылық жылдары туралы естелік құжаттар да қолданылды.

Талқылау. Тарғын-Бөкей губерниялық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы Хамид Шурин өз естеліктерінде былай дейді: «1921-1922 жж.қыста уездік орталық болған кент көшелеріне біз таңғы сағат 5-6-да шығып, ондаған адам мәйіттерін жинадық». Күн сайын аштықтан қайтыс болған ата-аналардың 50-60-қа жуық қараусыз қалған балалары жергілікті балалар үйлеріне таратылды. Егер 1921 жылғы 1 желтоқсандағы деректер бойынша Қазақ АССР бойынша қадағалаусыз қалған балалардың саны 128 мың баланы құраса, сол жылдың соңына қарай бұл көрсеткіш 158 мыңға жетті, ал 1923 жылғы 1 наурызға қарай тіпті 400 мың адамнан асты. ҚазОАК-нің төрағасы Сейітқали Меңдешевтің 1922 жылғы 8 шілдедегі баяндамасында Қазақстан бойынша ашаршылық құрбандарының саны 2 млн 832 мың адамды құрағаны айтылған. Айта кету керек, Қазақстан халқының жалпы саны 1920 жылдың соңында 4 млн 781 мың адамды құрады, олардың 50,3%-ы қазақтар болды. 1922 жылғы наурыз және сәуірдегі деректер бойынша Қазақстанның алты губерниясында (Семей губерниясының тұрғындарын қоспағанда) тұрғындардың 68,2% - ы аштыққа ұшыраған, ал кейбір губернияларында аштыққа ұшырағандардың саны орташа көрсеткіштен әлдеқайда жоғары болған. Мәселен, Орал губерниясында халықтың 99%-ы, Орынбор губерниясында – 80,3%-ы, Қостанай губерниясында – 74,5%-ы аштыққа ұшырады. Сонымен қатар, Бөкей губерниясында бұл көрсеткіш 29,5% - ды, Ақмола губерниясында-40,2% - ды құрады (Шурин, 1960: 15). 1921-1922 жылдардағы аштықтан республика халқының 1 миллион адамы қаза болды (Кан, 2011: 172). Бұл жерде назар аударарлық бір мәселе: Бүкіл Орал губерниясында жалпы халықтың 99 пайызы ашаршылықтан жапа шеккен кезде, неліктен сол Орал губерниясымен көршілес орналасқан Бөкей Ордасының халқының тек қана 29,5 пайызы ғана аштыққа ұшыраған деген сұрақтың туындауы мүмкін. Оның себебі, Бөкей Ордасының көпшілік территориясын құмдар мен шағылдар құраған болатын. Ол жерлерде табиғи дәнді дақыл «құмаршық» өскен. Жергілікті халық сол құмаршықты қағып нан, ботқа дайындауға пайдаланған. Соның арқасында Нарын құмын жайлаған халықтың басым көпшілігі аштықтан жандарын сақтап қалған. Сондай-ақ, Орал Губерниясына қарасты Гурьев уезінің құрамында болған Есбол, Жаманқала аудандарына тиесілі Мәмбет, Орпа, Тума, Кетешағыл, Манаш, Тұщықұдық, Бәйет, Қаңбақты, Бекетай, Нарын құмдарын мекендеген Байұлы руларының жұртшылығы да ашаршылыққа қала халқынан аз мөлшерде ұшыраған. Мысалы, Қаратоқай Шіндіке руына жататын жұртшылық сол кезде Мәмбет құмын мекендеген еді. Ол құтты мекенге қаратоқайлар Қарабаудан 1801-1802 жылдары сұлтан Бөкей Нұралыұлының пәрменімен қоныс аударған болатын. Ашаршылық басталғанда сол рудың өкілдері Едресов Нағым мен Оразғалиева Мәзкура біреуі 21, екіншісі 16 жаста болғандықтан сол кездегі халықтың басына түске ауыртпалықты бір адамдай-ақ көрген. Бірақ ол кісілердің айтуынша сол жердің халқының жанын тек құмаршық алып қалған көрінеді. Индер поселкесінің тұрғыны 84 жастағы Әйіп Ғабдысамат бұл мәселе бойынша былай деді: 1961 жылы Елтай елді мекенінің тұрғыны 1895 жылы туған Әбуов Ғаббас өз естелігінде 1921-23 жылдары халықтың арасында аштықтың жайлағанын айтқан. Ол кезде Ғаббас «Живсырьё» мекемесінде агент болып еңбек еткендіктен ел аралап көп жүрген. Сонда ол кісі Жаңақала мен Есбол аудандары жұртшылығының тамақ іздеп әрлі-берлі босып жүргенінің куәсі болған екен. Әсіресе Орал губерниясына қарасты Казталовка елді мекені мен Горы селосында аштан өлген отбасылар болғандығын, ал Қарой, Мәмбет құмдарын мекендеген халықтың құмаршықтың арқасында аштықтан өлмегендігін айтқан.

Бұл кісілердің естеліктеріндегі мәліметтерді ғылыми әдебиеттердегі деректер де растай түседі. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Хамит Шуриннің 1960 жылы Алматы

қаласынан басылып шыққан «В сквозь бурю» атты кітабынан сол кезде Бөкей Ордасында орын алған жағдай жөніндегі мынандай мәліметтерді кездестіреміз: «1921 жыл халықтың басына үлкен ауыртпалық әкелді. Еділ бойы мен Орал губерниясында қуаңшылық орын алып, адам айтқысыз ашаршылық басталды. Ашаршылық сүзек және оба эпидемияларымен қатар жүрді. 1921 жылдың күзіне қарай Бөкей Ордасы халқының басым көпшілігі ашықты. Бөкей Ордасының құм және шағылдар орналасқан оңтүстік бөлігі халқының жағдайы бірсыпыра тәуір болды. Олардың жанын құмаршық өсімдігі сақтап қалды. Сондай-ақ ол жерлерде малға жайлы жайлымдар мен шабындықтар сақталып қалды» (Шурин, 1960: 18).

Зерттеу нәтижесі. Сол кездегі халықты әртүрлі ауыртпалықтардан аман алып қалған қазақ жұртшылығының арасында ғасырлар бойы берік қалыптасқан адами факторлар. Бұл мәселені ұрпақтың санасына сіңірген абзал. Қазақ қоғамында сол кезде өмір сүрген байлар мен діни қайраткерлердің шынайы филантроптық ерекше ролі кеңестік үкімет тарапынан және қазіргі кезде де мүлде ескерусіз қалып келеді. Олардың басым көпшілігі, кейін 1928 жылы Қазақстанда ірі бай-феодалдарды тәркілеу шараларының құрығына ілініп қаза болды.

Аталған ауыр кезеңнен көп уақыт өткеннен кейін, 2020 жылы ашаршылық азаптарын бастарынан өткерген халықтың ұрпақтары, Қазақстан Парламенті Сенатының депутаты Сәрсенбай Құрманұлы Еңсегеновтың идеясы және сол кісінің тікелей араласуымен Атырау қаласының ең көрнекті алаңдарының біріне мыңдаған адамдардың өміріне араша болған Құмаршыққа ескерткіш орнатты. Алайда, сол кездегі халық ашаршылық сынды індеттен тек құмаршықтың арқасында ғана аман қалды деп тұжырымдалатын болса ол үлкен қателікке бой ұрындырған болар еді. Қайырымдылықтың арқасында халық аман қалды. Сондай қайырымды адамдардың біреуі - бүкіл республикаға белгілі ғалымдар, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі Мұфтақ Дияров пен профессорлар Қатап және Қазим Қамматовтардың атасы Лұқпан қажы Ажаев болатын. Жалпы, қазақтың діни ағартушыларының өз халқы мен кедейлеріне деген мейірімділігі мен жомарттығын әлемнің бірде-бір елінде баламасы жоқ бірегей құбылыс деп қарастыруға болады. Бұған айқын мысал ретінде молда Ажаев Лұқпанның қызметі: оның арнайы мешіт үшін салдырған ғимаратының үлкен бөлмелерінің бірінде сыйымдылығы 25-30 литр болатын үлкен қазан болған, онда шелпек нан пісіріліп, әр жұмада жергілікті ауыл тұрғындарына таратылған. Лұқпан Атаның салған мешітінің қызметі Кеңес өкіметі орнағанға дейін созылды, тек 1928 жылы бай-феодалдар тәркіленгеннен кезде діни қайраткердің барлық мүлкі тәркіленіп, мешіт кеңес мектебіне айналды. Ол өте бай, төрт түлік малдың иесі болған. Сол байлығымен 20-жылдардағы ашаршылық кезінде Қаңбақты құмында өмір сүрген бегіс ағайындарымен бөлісіп, оларды аштықтан аман алып қалған. Осындай имандылық шараларын Нарын құмында сол кезде өмір сүрген Арал, Байғазы қазіреттердің ұрпақтары, Жайық бойында Есжан Тасжанұлы, Тегісбай молда, Қызылқоға өңірінде Хасан қазірет, Қарабауда Қарабала молда жүзеге асырған (Нағымұлы, 2018: 54).

1922 жылдың көктемінде аштыққа көмек көрсету үшін республика бойынша 7 губерниялық, 1 уездік, губерниялық (Адай губерниясы), 46 уездік және аудандық, 1127 болыстық, ауылдық және ауылдық комиссиялар ұйымдастырылды. Бұл ретте өзара көмек көрсету жөніндегі 556 жергілікті комитет құрылды. Барлық комиссиялардың қызметін Қазақстан үкіметі жанынан ұйымдастырылған аштыққа көмек көрсету жөніндегі орталық комиссия үйлестірді (Арен, 2020: 2).

Сол кездегі жаппай ашаршылыққа қарсы күрес шаралары Орал губерниясының құрамында болған Гурьев уезінде де үлкен жауапкершілікпен жүргізілген. Осыған байланысты Атырау облыстық мемлекеттік архивінің № 109 қорында мынандай мәліметтер бар: 1921-1923 жылдарғы өлкедегі ашаршылыққа байланысты сол кездегі уездік биліктің тарапынан бірқатар шаралар жүзеге асырылған. Ол кезде Гурьев уезі Орал облысының құрамында болатын. № 109 қордың «Орал губерниялық халықты қамту бөлімінің директивалық нұсқаулары» деп аталатын № 1-ісінде «Орал губерниясының барлық азаматтарына» атты Үндеу сақталған. Онда былай делінген: Тек қана Орал губерниясының кең байтақ аумағында ғана емес бүкіл Еділ бойын жайлаған қуаңшылық барлық егіс өнімдері мен шөпті құртып жіберді. Осы ауданда орналасқан он миллионнан кем емес жұртшылық келесі жылдың өніміне дейін мемлекеттің көмегінсіз өмір сүре алмайды. Ел ашығуда. Барлық шаруашылықтар, егіншілік болсын, мал өсіру болсын аса ауыр жағдайға ұшырады: егістік үшін тұқым, малға жем-шөп жетіспейді.

Осы жағдай елдің азық – түлік қорының азаюына, бүкіл халықтың ашаршылыққа ұшырауына әкеліп отыр. Совет өкіметі жұмысшыларды, казактарды және қазақтарды біріктіре отырып, бірнеше соғысты жеңіспен аяқтады, ол тағы да жақындап келе жатқан стихиялық нәубетті халықты жұмылдырып жеңіп шығады деген сенім бар. Сондықтан Орал губерниясының әрбір адал азаматы Совет Республикасының оларды өздерінің қайғысымен жалғыз қалдырмайтына сенетін болсын. Губернияның жағдайын тонаушылық қатты қиындатып отыр, ол ашаршылыққа қарсы кең түрде күресуге тұсау болуда. Біз оларды толықтай талқандамай, деревняларға көмегіміздің жететіндігіне күмәндіміз.

Шаруалар, казактар, қазақтар! Қазіргі сіздердің бірінші міндеттерің бандиттерді жоюға көмектесу болып табылады. Сіздердің толықтай қолдауларыңның арқасында біз бұл мәселені оңды шеше аламыз. Бір сәтті кешіктірмей жергілікті жерлерде беделге ие болатын советтердің жұмысын қайтадан қалыпқа келтіріңдер. Біздің ортақ қасіретімізден құтылу үшін Совет үкіметіне көмек ретінде жергілікті жерлерде кооперативтер мен артельдер құрыңдар. Тез арада өзара көмек комитеттерін құрып, олардың жұмысын іске қосыңдар. Жергілікті жерлердегі барлық өзара көмек комитеттері ашыққан адамдарға көмекті еш кідіріссіз бастаулары керек. Ашыққандарға көмек ұйымдастыруға байланысты іс-әрекеттерді біріктіру үшін Губерниялық атқару комитеті жанынан ашыққандарға көмек комиссиясы құрылды, оларға жергілікті жерлердегі атқарылған жұмыстар жөнінде өте тез түрде хабарланып тұруы керек. Басқа түскен осынау аса ауыр стихиялық қасыреттің алдында ешкім де бей жай қалмай, аштыққа ұшыраған туысқандарымызға көмекке асығайық. Тек қана жұмыс, әрбір азаматтың өз міндетін жанқиярлықпен атқаруы арқасында біз жүздеген, мыңдаған өмірді аш өлімнен сақтап қала аламыз! Ұлы істер үшін бір сағатта тоқтамастан бәріміз аттанайық!

Комиссия төрағасы: Чеботарев (Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 109: 1).

Бұған жауап ретінде 1921 жылдан бастап Гурьев уезінде ашаршылыққа қарсы күресті ұйымдастырудың комиссиялары құрылып, олар сондай жағдайға ұшыраған адамдардың тізімін жасақтап азық-түлік бөлуді ұйымдастырған. Гурьев уезі бойынша төмендегі мазмұнда үндеу жасақталып басшылыққа алынған:

Үндеу

Гурьев уезінің тұрғындары Сіздерге біздің үндеуіміз арналады. Ресей халқын ауыр жағдай қамтыды. Сіздер Еділ бойы халқының аштықтан азап шегіп жатқандығын білетін боларсыздар. Дұрыс қоғамның мүшелері өздерінің жүректерінің қалауымен ашыққандарға көмек қолдарын созуда.

Ашыққандарға көмектесіндер

Сіздер, Ұлы Совет Республикасының азат азаматтары, мемлекеттің өзі сіздерді ашыққандарға көмекке шақырады, себебі азаматтардың экономикалық теңдігі бірдей емес. Сондықтан барлық күш-жігерімізді, ең соңғы азық- түлігімізге дейін Поволжьеде аштықтан қырылып жатқандарға жіберуіміз керек.

Көмектесіндер

Еркін Қырғыз Республикасының азаматтары Гурьев уезі атқару Комитетінің жанынан құрылған көмек Комитеті Сіздерді Азаматтық борыштарыңды өтеуге шақырады.

Атқару Комитеті жанындағы ашыққандарға көмектесу комитеті.

Орал облысы бойынша ашыққандарға көмек ұйымдастыру комиссиясы жергілікті жерлерде басшылыққа алу үшін өзінің өкілетті уәкілдерін тағайындап, оларды қолдарына арнаулы мандат берген. Гурьев уезіндегі Зеленый, Жаманқала, Редут болыстарында ашыққандарға көмекті ұйымдастыру ісінің уәкілі Катковтың мандатында бұндай шараға жауапты қызметкерлердің міндеттері мен құқылары анық көрсетілген.

Мандат

Берілді, Осы құжат арқылы Губерниялық аштыққа қарсы күрес комиссиясының мүшесі Катков Павлға, яғни оған, Губерниялық атқару комитеті Президиумының 1923 жылы 2 наурыздағы № 39 Қаулысының негізінде Губернияның Гурьев уезіндегі Зеленый, Жаманқала, Редут, Самара болыстарында ашаршылыққа қарсы уездік қор құру компаниясын ұйымдастыруға және ашаршылықтың зардаптарын жоюға, сол індеттен қаза болғандарға ескерткіш қоюға өкілеттік берілді.

Бұдан бөлек ж. Катков жоғарыда көрсетілген шаралардан басқа өзіне бөлінген болыстардағы болыстық, ауылдық, селолық Советтердің ашыққандарға көмек ұйымдастыру

ісі бойынша атқарған жұмыстары туралы тексеріп, Губерниялық комиссияға жазбаша есеп беріп отыруға міндетті.

Катковтың өзіне тапсырылған шараларды орындауға байланысты өкімдері жергілікті атқару комитеттері үшін міндетті болып табылады.

Өзіне тапсырған міндеттерді ж. Катков директиваларға сай жауапкершілікпен орындай отырып, тек Губерниялық атқару комитеті мен Губерниялық Комиссияның алдында жауап береді.

Гурьев уезі территориясында орналасқан барлық атқару комитеттері, болыстық, ауылдық, селолық советтер ж. Катковтың ашаршылыққа қарсы күрес туралы тапсырмаларын бұлжытпай орындауға міндетті.

Ескерту: ж. Катковтың баруға тиісті пунктеріне дейінгі және қайта оралуға қажетті транспорттық құралдар мен ат-көлікті қамтамасыз ету мәселесі жергілікті жерлердің советтері есебінен шешілуі тиіс.

Губерниялық аштыққа қарсы күрес Комиссиясы төрағасы: Чеботарев (Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 109: 1).

Осындай мандаттар Гурьев уезінде 1921-1923 жылдарда ашаршылыққа қарсы күрес жүргізуге Губерниялық Комиссиядан бөлінген уәкілдер Құлбатыровқа, Шөкеевке, Поповқа берілген (Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 109: 2).

Гурьев уезінде 1921-1923 жылдардағы ашаршылыққа байланысты деректер Атырау облыстық мемлекеттік архиві № 109 қорының №№ 1, 2, 3, 8, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 42 істерінде сақталған. Сол құжаттардың бірі № 32 істе Гурьев уезі бойынша 1921 жылы ашыққан адамдардың тізімі берілген. Бұл тізімге аштыққа ұшыраған 336 жанұя енген. Бұл жанұяларда 907 адам тіркелген. Бұл тізімге енгендерге 1922 жылдың 19 наурызынан 1923 жылдың 5 қаңтарына дейін уездік комиссияның бақылауымен азық-түлік үлестірілген. Атырау облыстық мемлекеттік архивіндегі құжаттардан білгеніміздей аштыққа ұшыраған отбасыларға ұн, шәй, әртүрлі май өнімдері, киімдік мата тізімге орай үлестірілген. Тізімдегі отбасылардың ұлттық құрамына жасаған анализ бойынша: барлығы 336 отбасының тек 10-ы орыс отбасы болған. Ол барлық ашыққан отбасылардың 2,9 пайызын, барлық отбасы мүшелерін есептегенде орыс отбасыларында 43 адам тіркеліп, ол 4,7 пайызды құраған. Бұл тізімдегі отбасылардың көпшілігі қазақ ұлтының өкілдері болғандықтан ашыққан адамдар ауылдық жерлердің тұрғындары деп қортынды жасауға болады. Бұлар Жайық өзені бойында орналасқан Жаманқала, Редут, Карманово, Зеленый селоларының тұрғындары болуы керек. Бұл тізімге енген отбасылардың басым көпшілігінде 3 баладан 5 балаға дейін болған, яғни бұлар ашаршылықтың зардабын көп тартқан болуы мүмкін. Барлығы № 109 қордағы істерден әрқайсында 200-ден 350-ге дейін отбасы басшыларының аты-жөні тіркелген 9 тізім бар. Ол тізімге енген азаматтарға азық-түлік үлестірілген. Сол кезде Нарын құмында өмір сүрген жұртшылық өкілдеріне ашаршылыққа байланысты көмек жөнінде деректер табылмады. Шамасы уезд басшылығы олар өз күндерін өздері көрсін деген болар. Оның үстіне құмаршықтың арқасында ол жұртшылықтың аштыққа ұшырамай, ілдалдалап өмір сүріп жатқандарын білген де болулары мүмкін еді.

Қордың №32, 33 істерінде ашыққандарға көмек беру үшін жасақталған 2 тізім берілген. Бірінші тізімге 250 отбасы енген. Олардың ішінде 2 баладан 5 балаға дейін 75 отбасы тіркелсе, қалған 175 отбасылар жалғызбастылар болған. Барлығы 344 адамға көмек көрсетілген. Осы тізімдегі ашыққандардың ұлттық құрамы: барлығы 250 отбасының арасында 65 отбасы қазақ, қалған 185 отбасы орыс ұлтының өкілдерінен тұрған. Яғни қазақтар 26, орыстар 74 пайызды құраған. Бұлар Гурьев қаласының тұрғындары болатын.

Барлығы 9 тізімге енген 1903 отбасына ашаршылыққа қарсы күрес комитетінің тарапынан ол отбасыларына көмек көрсетілген. Ол отбасылары мүшелерін қосып есептегенде барлығы 7612 адамға азық-түлік үлестірілген (Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 109: 32).

Бірақ ол тізімдерде көрсетілген ашыққан адамдардың саны дәл емес екендігін сол ауыр кезеңде Жылойқоса ауданында болған ашаршылық туралы Атырау облыстық мемлекеттік архивінің № 109 қоры, № 8 ісінде 20-жылдарда жазылған мына бір құжаттың мазмұнынан білуге болады:

1922 жылы 12 наурызда құрылған Жылойқоса ауданы бойынша ашыққандарға көмек комитетінің қызметі туралы баяндамада былай делінген: Гурьевтен жарлықты ала салысымен

шұғыл түрде ашыққандарға көмек комиссиясын құрдық. Алайда, жоғарыдан ешқандай ереже немесе нұсқаудың болмағандығынан бізге де тек жарлық берумен шектелуге тура келді. Белгілі уақыт өткеннен кейін комиссияның жұмысы дұрыс жолға қойылып, секретариатты шұғыл түрде ашыққандардың есебін жүргізуге қостық, нәтижесінде аштыққа шалдыққан құрамында 1300 адам тіркелген

450 семья анықталды. Аудандық ашыққандарға көмек комиссиясының шұғыл түрде жүргізген ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде аудан бойынша ашыққан адамдардың дәл есебі жүргізіліп, оларға жеке карточкалар толтырылды, комиссияның картотекасында сол категорияға жататын адамдардың үштен бірінің карточкалары жасақталды. Аудандық атқару комитеті қызметкерлері және жергілікті мекемелердің күшімен ашыққандарға көмек берудің әдістері мен мүмкіндіктері жоспарланды. Аса мұқтаж адамдарға ет тағамдарын бөлуге ерекше мән берілсе де, оны жұрттың бәріне жеткізе алмағандықтан, Гурьев қаласына кепкен балыққа наряд беруге тура келді, бірақ ол да мәселені түбегейлі шеше алмады, нәтижесінде комиссияның жұмысына қарамастан ашыққандардың саны азаймай, кісі өлімі күн сайын көбейіп келеді. Оның үстіне бұл елдің халқы тұщы ауыз суға зәру болғандықтан нарядпен алған балық өнімдерін тамаққа ашы сумен қосып пайдаланғандықтан көп адам өліп жатыр. Көктемге қарай Гурьевтен жас балықтың көбірек жеткізілуіне қарамастан өз ауданымыздың ашыққан халқынан басқа көршілес Қызылқоға, Қаратөбе аудандарынан аштыққа ұшыраған халықтың Жылойға ағылып келуіне байланысты барлығы 350 адамға арналған жатахана ұйымдастыруға тура келді. Ол адамдарға халықтан жиналған ет, балық өнімдері үлестірілді. Халықтың ауызынан жырып жиналған азық-түлікті «ортақ қазанға» салып пайдаланып отырмыз. Әрбір ашыққан адамға берілетін тағамның күндік нормасын белгіледік. Бірақ ол да аса мардымсыз. Негізінен нормаға кепкен балықты пайдалануға тура келіп тұр. Жетім балалар үшін приют ашқан едік, олар тырдай жалаңаш болғандықтан іштеріне ас тұрмай понос басталды, приютте ешқандай мебель, төсек-көрпе болмағандықтан, оның үстіне Гурьевтіктер біздің талаптарымызды орындамағандықтан приютті жабуға тура келді. Балалар шыбындай қырылып жатыр. Уезден Шөкеев бастаған аштыққа күрес жөніндегі комиссияның өкілдері келгеннен кейін аудан территориясында қара бидай өсіру жоспарланып, 5 шығыр тұрғызылатын болды. Алайда егістікке себетін тұқым болмағандықтан шығырлар жұмыс істемей тұр. Гурьевке 20 пұт тары сұраған біздің өтінішімізге өз адамдарыңды қайықпен бірге жіберіңдер деген жауап алдық. Аудандық ашыққандарға көмек комиссиясында артық адамдар да, қаражат та болмағандықтан бұл мәселені де шеше алмай тығырыққа тірелдік. Содан кейін бұл қиын мәселені шешу үшін Гурьев қаласынан уездік комиссияның 2 өкілі іс сапарға ауданға келді. Аштыққа күрес жөніндегі төтенше комиссияның өкілі жолдас Құлбатыров далаға келгеннен кейін ашыққандардың пайдасына жұртшылықтан 338 қой, 25 түйе, 6 сиыр, 1 жылқы жиналып, Жылойға жіберіліп, есепке алынды. Сонымен қатар ашыққандарға 153 бас қой еті үлестіріліп берілді. Қызылқоға, Қаратөбе аудандарынан ашығып көшіп келген отбасыларын уезд орталығының көмегімен далалық жерлерге көшірген дұрыс болар еді, ол үшін ондай отбасыларға барак сияқты тұрақтарды тұрғызу керек болады, ал оған біздің ешқандай мүмкіндігіміз жоқ екендігін қатерлеріңізге береміз. Негізінен, аудандық ашаршылық комитетінің операциясы жақсы жүріп келеді, тек Гурьевтен немесе басқа жақтан қолдау керек.

Аштыққа көмек комитетінің төрағасы: Құлжанов (Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 109: 8).

Сол кезеңде жазылған ашаршылық туралы құжаттарды салыстырып, анықтап қарағанда ауылдық жерлерде ашыққан адамдардың барлығын бірдей тізімдерге енгізбегендігі байқалады. Ол Жылойқоса ауданының мысалынан көрінеді. № 109 қордың № 8 ісінде осы ауданның ашыққандарының саны 172 адам деп көрсетілген, ал баяндамада 1300 адам деп берілген. Аталған қорда жинақталған құжаттардың арасынан Есбол, Теңіз, Қызылқоға Доссор аудандарында ашыққан адамдарға көмек ұйымдастыруға байланысты мәліметтер мен деректерді мүлде кездеспейді. Бұдан, әрине ол жақтың жұртшылығы ашаршылыққа ұшыраған жоқ деген қорытынды шығаруға болмайды. Уезд бойынша ашаршылықтан қаза болған адамдардың саны туралы мәліметтер кездеспеді. Ол мәліметтерді Орал губерниясы бойынша жинақталған құжаттардан іздестіруге тура келеді.

1921-1922 жылдары кеңес үкіметі өзінің «батыл» шешімімен Атыраулық байлар мен ауқатты адамдарға ашыққан адамдарға тіркеп, олардың жандарын сақтап қалуға пайдаланыпты. Облыстық архивтің № 109 қорының № 31, 32,37 істері соған дәлел болып табылады. Мысалы, 1922 жылдың тамыз айында Гурьев уезі Плотивинск болысының №11 ауылының ашаршылыққа ұшыраған 160 тұрғынының тізімі жасақталып, оларды азық-түлікпен қамтамасыз етуге сол жердің байлары Жұбанов Есімді, Ертілеуов Көбенді, Жұбанов Есенкелдіні, Балмұқанов Ерниязды, Асаубаев Қолбекенді, Қатимиров Ақбайды, Бекешев Сакенді, Дүйсалиев Төкешбайды, Кенғанов Махамбетті, Макенов Избанды, Қарабалин Нұрды, Биманов Шәріпті, Есниязов Тынымқұлды, Жанғалиев Қапалыны, Аймағанбетов Сабитті, Аймағанбетов Кенжені әрқайсына 5-10 отбасыны асырауға міндеттеген. Мысалы, Жұбанов Есімнің қамқорлығында Алмағанбетов Баймұқан, Жолдыбаев Ахмет, оның әйелі Зүбайда, Жолдыбаев Бөрібай, әйелі Збира, баласы Есмағанбет, қызы Әлия болса, оның туысы Ескелді Жұбановтың «мойнына» мына ашыққандарды ілген: Ібішев Сайлау, Жұманов Қазбек, Жұманов Қазғұл, Фамилиясы белгісіз Темірбай, Есов Жадай, оның әйелі Зағипа, Исов Қойшыбай, Исов Накен, Отанов Құлымбет, оның әйелі Қапиза, Қожамқаев Тасбай, оның әйелі Сұлу. Осылай жалғасып кете береді... Келесі 1922 жылдың 12 мамырында жасақталған ашыққандар мен оларды құтқарған байлардың тізіміне Гурьев уезі № 1 ауылының азаматтары енген. Бұл ауылдың ашыққан 61 азаматына азық-түлік беруге Амандосов Бошан, Тыныштықов Дошан, Есетов Сәлім, Ибраев Нарынбай, Оразов Тәжігерей, Беркетов Бисембі, оразов Сембай, Тілегенов Жұман, Қобдабаев Базар, Тәжіғалин Мұрат, Пұсырманов Бисен, Көлеков Шынтас, Исатаев Жұма, Жалғасов Шора, Жалғасбаев Өтеғұл есімді бай азаматтар тіркелген.

1922 жылы Гурьев уезі Ақжал болысы №2 ауылының ашыққан 75 азаматына сол өңірдің ауқатты азаматтары Төребеков Бөкенді, Қарабасов Құтқұлды, Қарабасов Сұлтанды, Жарықов Қанатты, Мырзаев Әмірді, Жаналиев Сарсенді, Жасынов Сағынды, Жаналиевті (аты көрсетілмеген), Алманов Бекқұлды тіркеген.

1922 жылы сол болысқа қарасты №3 ауылдың ашыққан 67 азаматына көмектесу үшін Қодабаев Дәуітті, Өтемісов Қойбағарды, Алишанов Хасанды, Таңбаев Шаштыбайды, Бүркітов Қабида, Көшенов Исламды, Бибатов Рахипті, Іргежанов Қайреденді, Жайыновты, Дәулетов Ақанды, Балтабаевты, Қылышбековты, Алиевті, Аманиязов Баймағанбетті, Шойтасов Шағамбетті, Жайкүтов Нұғманды тіркеген.

Сол жылы Ақжал болысының № 4 ауылының 35 азаматына Шорқанбаев Өмірзақ, Бекбосынов Тілеген, Нысанов Махамбет, Махамбетов Жүнісқали, Бурабаев Оспан, Шығанақов Ниязбек, Әбілхайыров Құрман есімді ауқатты адамдар жәрдемдескен.

1922 жылдың 13 тамызында жасақталған Гурьев уезі Бестөбе болысы № 3 ауылының ашыққандарының тізіміне 115 азамат еніп, оларға азық-түлік беруге міндеттелген Санбаев Сүймағанбет, Көптілеуов Манабай, Үздібаев Битен, Аманжұсов Бақытжан, Бөриев Жолдыбай, Темірбеков Боран, Жауғаштиев Ізтелеу, Бұқарбаев Рысқали, Үздібаев Қоздыбай, Орысбаев Темірбай, Темірбеков Бесбай, Биманов Сапи тіркелген.

Сол болыстың №4 ауылының ашыққандары мен ауқаттыларының тізімі 1922 жылдың 10 тамызында жасақталыпты.

Бұл ауылда аштыққа ұшыраған 100 адамға азық-түлікпен Самбетов Ақшулақ, Самбетов Боқан, Машанов Бекмұқан, Төлеманов Ағис, Төгілгенов, Атанғарин Мәмбет, Иманқұлов Ернияз, Айтөриев Алпысбай, Айтілесов Рақым есімді көмектескен.

Бестөбе болысының №5 ауылында 1922 жылы тамыз айында тізімде көрсетілген 90 ашыққан адамдармен өздерінің қолдағы бар азық-түлігімен Мамбетниязов Машкерім, Кешербаяев Сарық, Қазиев Жанай, Алжаров Ақуан, Айтенов Қазі, Сарбөпиев Байгелді, Есов Бисекен, Тілеубаев Тілепберген, Қарағолов Алтынбай, Жорамұратов, Өтекенев Қауеп, Аманбаев Нұрғали, Қыбалиев Ербаксық есімді ауқатты адамдар бөліскен.

Сол болыстың №6 ауылында ашыққандардың 1922 жылдың 10 тамызында тізімі жасақталып, оған енген 122 адамға Жанайбаева Атабике, Жанайбаева Шағира, Мұқанов Оразбай, Соқырсариев Қапан, Майғанов Бимұқан, Шакиров Ермұқанбет, Қарабаев Ожамбай, Қарабаев Жақия, Ниязова Аққыз, Наурызов Ораз, Сұлсейітова Айтжан, Қарымсақов Бижан көмектескен.

Бестөбе болысының №8 ауылында 1922 жылдың тамыз айында 158 ашыққан адамның тізімі жасақталып, оларды азық-түлікпен қамтамасыз етуге Қалбаев Сары, Бітімбаев Ақтан,

Наурызов Жұбанияз, Құтжанов Жұман, Жанаев Сисенбай, Есетов Әділ, Аманиязов Қосымбай, Қошанов Мыңбай, Аманшиев Өсербай, Тажиева Мүрипа, Ищанов Төлен, Сауанов Есенғазы, Тажиев Әбіш беркітіліпті.

Келесі тізімге 1922 жылдың 6 тамызында Бестөбе болысының №9 ауылының 104 тұрғыны енгізіліп, оларға көмектесу үшін Жанадилов Күнбай, Асекнов Лекер, Кеңесбай, Шонке, Мұқан, Аманов Мырзақұл, Иманов Жұмағазы тіркелен.

1922 жылдың 7 тамызында жасақталған тізімге болыстың №2 ауылының 141 ашыққан адамы енгізіліп, оларды азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін Наурызов Абдрақман, Ершіманов Дүйсен, Наурызов Абат, Ботаев Тұрыш, Аманиязов Шоқпар, Шолпанов, Қауақов Қазбай, Бірманов Оңайкұл, Бірманов Жаманкұл, Жаманов Төлеу, Құлмағанбетов Сары міндеттелген.

Барлығы Гурьев уезі бойынша ашыққан 1285 адамға 149 ауқатты, бай адам қол ұшын беріпті.

Ашыққан тұрғындарға өздерінің азық-түлігімен бөліскен байлардың тізімі

Плотивин болысы бойынша: Жұбанов Есім, Ертілеуов Көбен, Жұбанов Есенкелді, Балмұқанов Ернияз, Асаубаев Қолбекен, Қатимиров Ақбай, Бекешев Сакен, Дүйсалиев Төкешбай, Кеңғанов Махамбет, Макенов Избан, Қарабалин Нұр, Биманов Шәріп, Есниязов Тынымкұл, Жанғалиев Қапалы, Аймағанбетов Сабит, Аймағанбетов Кенже;

Гурьев уезі № 1 ауылы бойынша: Амандосов Бошан, Тыныштықов Дошан, Есетов Сәлім, Ибраев Нарынбай, Оразов Тәжігерей, Беркетов Бисембі, оразов Сембай, Тілегенов Жұман, Қобдабаев Базар, Тәжіғалин Мұрат, Пұсырманов Бисен, Көлеков Шынтас, Исатаев Жұма, Жалғасов Шора, Жалғасбаев Өтеғұл;

1922 жылы Гурьев уезі Ақжал болысы № 2 ауылы бойынша: Төребеков Бөкенді, Қарабасов Құтқұлды, Қарабасов Сұлтанды, Жарықов Қанатты, Мырзаев Әмірді, Жаналиев Сарсенді, Жасынов Сағынды, Жаналиевті (аты көрсетілмеген), Алманов Беккұл;

1922 жылы Гурьев уезі №3 ауылы бойынша: Қодабаев Дәуіт, Өтемісов Қойбағар, Алишанов Хасан, Таңбаев Шаштыбай, Бүркітов Қаби, Көшенов Ислам, Бибаев Рахипі, Іргежанов Қайреден, Жайынов, Дәулетов Ақан, Балтабаев, Қылышбеков, Алиев, Аманиязов Баймағанбет, Шойтасов Шағамбет, Жайкүтов Нұғман;

Ақжал болысының № 4 ауылы бойынша: Шорқанбаев Өмірзақ, Бекбосынов Тілеген, Нысанов Махамбет, Махамбетов Жүнісқали, Бурабаев Оспан, Шығанақов Ниязбек, Әбілхайыров;

1922 жылы Гурьев уезі Бестөбе болысы № 3 ауылы бойынша: Санбаев Сүймағанбет, Көптілеуов Манабай, Үздібаев Битен, Аманжұсов Бакытжан, Бөриев Жолдыбай, Темірбеков Боран, Жауғаштиев Изтелеу, Бұқарбаев Рысқали, Үздібаев Қоздыбай, Орысбаев Темірбай, Темірбеков Бесбай, Биманов Сапи.

Сол болыстың № 4 ауылы бойынша: Самбетов Ақшулақ, Самбетов Боқан, Машанов Бекмұқан, Төлеманов Ағис, Төгілгенов, Атанғарин Мәмбет, Иманқұлов Ернияз, Айтөриев Алпысбай, Айтілесов Рақым;

Бестөбе болысының № 5 ауылы бойынша: 1922 жылы тамыз айында тізімде Мамбетниязов Машкерім, Кешербәев Сарық, Қазиев Жанай, Алжаров Ақуан, Айтенов Қазі, Сарбөпиев Байгелді, Есов Бисекен, Тілеубаев Тілепберген, Қарағолов Алтынбай, Жорамұратов, Өтекенов Қауеп, Аманбаев Нұрғали, Қыбалиев Ербақсиық;

Бестөбе болысы № 6 ауылы бойынша: Жанайбаева Атабике, Жанайбаева Шағира, Мұқанов Оразбай, Соқырсариев Қапан, Майғанов Бимұқан, Шакиров Ермұқанбет, Қарабаев Ожамбай, Қарабаев Жақия, Ниязова Аққыз, Наурызов Ораз, Сұлсейітова Айтжан, Қарымсақов Бижан; көмектескен.

Бестөбе болысының №8 ауылы бойынша: Қалбаев Сары, Бітімбаев Ақтан, Наурызов Жұбанияз, Құтжанов Жұман, Жанаев Сисенбай, Есетов Әділ, Аманиязов Қосымбай, Қошанов Мыңбай, Аманшиев Өсербай, Тажиева Мүрипа, Ищанов Төлен, Сауанов Есенғазы, Тажиев Әбіш;

Бестөбе болысының № 9 ауылы бойынша: Жанадилов Күнбай, Асекнов Лекер, Кеңесбай, Шонке, Мұқан, Аманов Мырзақұл, Иманов Жұмағазы;

Бестөбе болыстың № 2 ауылы бойынша: Наурызов Абдрақман, Ершіманов Дүйсен, Наурызов Абат, Ботаев Тұрыш, Аманиязов Шоқпар, Шолпанов, Қауақов Қазбай, Бірманов Оңайкұл, Бірманов Жаманкұл, Жаманов Төлеу, Құлмағанбетов Сары міндеттелген.

Геолог селосының тұрғыны, еңбек ардагері 87 жастағы Өтеулиева Қанзибаның естелігінен: «Біз соғыстың ауыртпалығын көрген болсақ, әке-шешеміз жалшылықтың азабы мен ашаршылықты көрген адамдар.

«Жалшылық жүрген жерде, жоқшылық ілесіп жүреді», - деп бұрынғылар айтқандай, менің ата-анам осы айтылғандарды бір кісідей-ақ көрген екен. Әкем үш ағайынды жігіт болған, кіші інісінен бала болмағандықтан, мені солардың тәрбиесіне бергеннен кейін, біз Тайсойғанға көшіп кеттік. Өзімнің әкем Іскендір қатты науқастанып, 1942 жылы қайтыс болғаннан кейін, біз қайтадан елге көшіп келдік. Көп ұзамай 1943 жылы мені бауырына басқан анам қайтыс болды. Бертін келе өзімнің туған анамнан есінде қалған өмір жолыңды, әкеме қалай тұрмысқа шыққаныңды айтшы деп сұрадым. Сонда, анам маған: « Бәрі есімде, ештеңені де ұмытқаным жоқ. 1928 жылдан бастап, айрандай ұйып отырған елде ойранның неше түрі басталғаны мәлім. Байлар мен атқамінер ел азаматтары мен пірадар молдалардың сақалдарынан тартып, бүкіл ел-жұрттың, бала-шағасының алдында сабағанын, жағаларын жыртқанын көзім көрді. 1928 жылы мешітінің тас-талқанын шығарып, менің көкем Тегісбайды (әкем Іскендірдің ағасы) мылтықтың дүмімен түйгіштеп, алдарына салып айдап, сол кездегі ауданның орталығы Кулагинодағы түрмеге әкетті. Көп ұзамай елде аштық басталды. Содан кейін біздің мал мүлкімізді тартып алуға советтік белсенділер келе жатыр деген хабарды естіп, әкем 13 жастағы мені түйеге мінгізіп, 5-6 түйені «Көбейсай» деген жерге апарасың деп жұмсады. Түн ортасында түйелерді жеткіздім. Қуғыншылардың атқан оғы мен мінген түйенің өркешіне тиіп, келгенше қан сауғалап келді. 1929 жылы Тегісбай көкем тұтқындалғаннан кейін, асыраушысыз қалған біздің әулетіміз ашттыққа кезіктік. Өлі есімде, әкем әр күнгі кешкісін бүкіл ағайындардың әрқайсысының үйіне жағалай өлген адам жоқ па екен деп тексеріп шығатын еді. Бір үйдегі келіні «қайнаға, таңғы тамағымыз жоқ»- дегенде, ол кісі «таңғы тамақ тәңірден» депті. Анамның айтысы, алланың көмегімен тамақтары жалғаныпты. Біз Жайық өзенінен бөлініп қалған қарасулардың жағасында өсетін борық шөп «әншоқайды» талшық қылып жан сақтадық. Біздің әулеттен шыққан Тегісбай көкеміз өте әділ, парасатты адам болды, оның молдалық ісін баласы Хамидолла жалғастырды. Есен руының өкілі, біздің әулетіміз қыздарын 17-ге келмей тұрмысқа бермеген, бірақ жоқшылық пен ашаршылықтың кесірінен мені 1922 жылы 16 жасымда Маңқыстау өңірінен босып көшіп келе жатқан көшпенділерге малға айырбастап беріп жіберді. Жасы үлкен адамға әйел болғым келмей, мен қалайда қашып кетуге бел байладым. Содан түн қараңғысында мен біздің ауыл жаққа жолмен қаштым. Бірақ қолдарына жалын ұстаған қуғыншылар қуып жетіп мені ұстап алды. Екінші күні кешкісін ебін тауып тағы да қаштым. Ақыры әкем Іскендірдің ауылына түнделетіп жеткеніммен ол кісінің қаталдығынан қорқып, Тегісбай көкемнің үйін паналауға мәжбүр болдым. Қарағым, аштық пен жоқшылық не істетпейді, менің ата-анам әбден тарыққанда «суға кеткен, тал қармайды» - дегендей, балаларының үлкені болған мені аштықтың ащы тырнағынан құтқару үшін малы бар, бас сауғалап көшіп келе жатқан біреулерге ұзатып жіберген түрі екен. Көп ұзамай екі-үш жыл өткесін сол жердің бай орысы Ходиннің жалшысы болып жүрген қолы шебер сендердің әкелеріңе тұрмысқа шықтым. Ал біздің әулеттің ішінде мұсылманша сауатты Тегісбай көкем мен оның ұлы Хамидолла да совет үкіметі тарапынан көп теперіш көрді. 1928 жылы Кеңес үкіметінің шешімімен Добиядағы Тегісбай мешітін жауып, қараша айында өзін жаяу 11 – ауылға айдатады. Қараша айының аяғында сот болып, дүние мүлкін конфискулеп, Әлімбайұлы Тегісбайды ату жазасын беруге үкім шығарады. Ертеңіңе Гурьевке жаяу айдайды.

Гурьевтің түрмесіне түскеннен кейін, өзінің рұқсатымен Бүкіл Одақтық Ресей старостасы Калинин М.И атына сот үкіміне наразылық арызын сол жерде жұмыс жасап жүрген жас жігіттер жаздырып, Мәскеуге жібереді. Кейін болған сотта Әлімбайұлы Тегісбайды 4 – жыл бас бостандығынан айыруға және Батыс Қазақстан облысына 2 – жылға жер аударуға түпкілікті үкім шығарады. Сол кездегі Гурьев қаласында қазіргі Ескі базардың маңында орыстың Ақ шіркеуі болған, соны бұзу кезінде абақтыдағы «сенімді» дегендерін жұмысқа пайдаланған және бір күнді екі күнге есептеген. Тегісбай Әлімұлына шіркеудің бұзылған тастарын күзеттеріп қойды. 1930 жылдың қараша айында түрмеден босатып, Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының Сарман ауылына жер аударды. Сол ауылда 1932 жылдың көктеміне дейін тұрып, елге қайтуға рұқсат алады.

Добиядағы ескі үйін жөндеп, майлап – сылап қоныстанады. Ол кезде ауылда да жағдай мәз емес еді. Түрмедегі, жер аударуда жүрген жылдар денсаулығына әсер тигізбей қалған жоқ. 1934 жылы 20 қазан күні өзі бүкіл саналы ғұмырын арнаған ислам дінінің ошағы болған мешітінің жанына жерленді.

Анамның маған айтқан осы мәліметтерінен біз, балалары ата-анамыздың соғысқа дейінгі аштықтан, жоқшылықтан көрген азабын білсек, 1937 жылы туған мен соғыс жылдарындағы қиыншылықтарды көзіммен көрдім. 7-8 жастағы біздер колхоздың егіс даласында анамызбен бірге еңбек еттік. Әсіресе, соғыс жылдары біз талай рет аштықтың зардабын тартқан болатынбыз. Ол кезде біз Шой деген ауылда тұрдық. Біздің жанымызды алып қалған екі дақыл болды. Біріншісі- қарасудың жағасына шығатын «Әншоқай» деген шөп болса, екіншісі асқабақтың ботқасы еді. Қысты күндері оның екеуі де таусылған кезде қатарынан үш-төрт күн бойы ашыққан кездеріміз болды. Аштан өлмеуіміз үшін бізге тәулігіне бір уыс бидайды үлестіріп беретін еді. Сол бір уыс бидайдан нан пісіру үшін анам маған өзі таңертең егіс даласына жұмысқа кетерде келіге немесе қол диірменге салып ұн дайындауға тапсырма беріп кететін еді. Сосын өзі кешке келгесін (қазіргі адамдар сенбейтін де шығар) колхоз басшылығы үлестіріп берген сиырдың терісін пышақпен турап бізге содан сорпа дайындап беретін. Одан бөлек, бізге, жастары 10-ға толмаған балалардың бәріне қойдың, түйенің жүнінен соғыстағы әскерлерге шұлық пен қолғап, темекі қап тоқуға тапсырма берілетін.

Менің анам 9 құрсақ көтерді. Үлкен ұлы соғысқа кетіп, Сталинград шайқасында мерт болды, қайда жерленгені белгісіз. Сол тоғыз баладан қазір 1947 жылы туған інім Имашев Мақсот екеуіміз ғана қалдық. Ашаршылықтың, жоқшылықтың кесірінен 5 бірдей бауырым кішкентай кезінде опат болды. Олардың обалын кім көтереді (Өтеулиева, естелік).

Қорытынды. Осы айтылғандардан шығатын қорытынды: Біріншіден, Атыраулық ақталмаған байлардың бәрін анықтап, ақтауға ұсыныс беру қажет. Екіншіден, кезінде бүкіл мал-мүлкін ортаға салып, колхоздардың құрылуына жағдай жасаған байлардың есімдерін қазіргі ұрпаққа насихаттау керек. Олардың есімдерін өздері өмір сүрген аймақтардағы елді мекендерге, көшелерге немесе басқа объектілерге беру мәселесін қарастыру керек. Осы мәліметтерге облыстық онамастикалық комиссияның мүшелерінің назарын аударғым келеді.

Алғыс айту. Мақала OR11465470 «XX ғ. 20-50 жж. Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін және ақтау процестері: бірыңғай деректер базасын құру» жобасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржылық қолдауымен дайындалған.

Әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

Арен А. 1921-1922 жылдардағы ашаршылық. // «Қазақстан тарихы» порталы, 4 наурыз 2020 ж. [https:// e-history](https://e-history).

Атырау облыстық мемлекеттік архиві (АОМА) 109- қор, №1- іс.

АОМА. 109-қ. 2-іс.

АОМА. 109-қ. 8-іс.

АОМА. 109-қ. 31, 32, 37-істер.

АОМА. 109-қ. 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 42- істер.

Геолог селосының тұрғыны, еңбек ардагері 87 жастағы Өтеулиева Қанзибаның естелігі.

Кан Г. История Казахстана. – Алматы: «Алматы кітап», 2011. – 223 с.

Нағымұлы Ш. Батыс өлке тарихының тағылымды беттері. – Ақтөбе «Хабар-сервис» баспасы, 2018. – 151 б. – 54 б.

Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бізге бәрінен қымбат // Егемен Қазақстан. 5 қаңтар 2021 ж.

Шурин Х. В сквозь бурю. – Алма-Ата: «Казиздат», 1960. – 111 б.

References

Aren A. 1921-1922 zhyldardagy a sharshylyq [Famine of 1921-1922] // "History of Kazakhstan" portal, March 4, 2020. [https:// e-history](https://e-history). [in Kazakh]

Atyrau regional state archive (ARSA). F. 109. C. 1.

ARSA. F. 109. C. 2.

ARSA. F. 109. C. 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 42.

ARSA. F. 109. C. 8.

ARSA. F. 109. C. 31, 32, 37.

Kan G. Istoriya Kazakhstana [History of Kazakhstan]. – Almaty: «Almatykitap», 2011. – 223 p. [in Russian]

Memory of 87-year-old Oteuliyeva Kanziba, a resident of the village of Geologist, a labor veteran. [in Kazakh]

Nagymuly Sh. Batys olke tarihyryn tagylymdy betteri [Educational pages of the history of the Western region]. – Aqtobe «Habar- servis» baspasy, 2018. – 151 p. [in Kazakh]

Shurin H. V skvoz' buryu [In through the storm]. – Alma-Ata: «Kazizdat», 1960. – 111 p. [in Russian]

Toqaeв Q.K. Tәuelsizdik bizge bәrinen qymbat. [Independence is dear to us] // Egemen Qazaqstan. January 5, 2021. [in Kazakh]

ХҒТАР 03.20.00

КЕҢЕС БИЛІГІНІҢ ҚАЗАҚ АУЫЛДАРЫН ЖОЮ САЯСАТЫ

Сәрсембин Үмбетқан Қуандықұлы^{1*}

¹Философия ғылымдарының кандидаты, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің кафедра меңгерушісі. Қазақстан, Ақтөбе қ. E-mail: sarsembin82@bk.ru, <https://orcid.org/0009-0004-1478-3824>

*Автор-корреспондент

Андатпа. Мақалада кеңес өкіметінің қазақ ауылдарын жою саясаты архив құжаттар негізінде зерделенеді. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивінің құжаттары негізінде большевиктер қазақ ауылдарын рухани орталықтар деп танып, елге, ауылдарға рухани тірек болып отырған байлар мен діни адамдардың рөлін жойып жіберудің неше түрлі амалдарын біртіндеп енгізе бастағандығы дәлелденеді. Қазақ ауылдары тек қана мал шаруашылығын жүргізу тәртібінен тұрмады. Қазақ ауылы рухани дамудың ұясы болды. Ауылдардың жанында үлкен орталыққа айналған мешіт, медресе, халыққа қорған болған тұлғалар жерленген қорымдар болғандығы белгілі. Кеңес өкіметі дінге, ділге, шаруашылыққа, мәдениетке алапат шабуыл жасады. Мақалада кеңестер билігі тарапынан мешіттерді тіркету, діни қоғам ретінде қайта құру, үкіметке арнайы салық төлеу міндеттелгендігі, құдайға құлшылық ететін адамдардың әлеуметтік мәртебесі белгіленіп, ауылдарда кеңес үкіметіне тіркелген мешіттерде Құдайға деген құлшылығы үшін салық төлейтін адамдардың саны 20 адамнан кем болмауы және олардың ішінде әлеуметтік мәртебесі бай, жан-жақтан білім алған, бұрын елге қызмет еткен адамдардың болмауы керектігі қатаң түрде қадағаланғандығы деректермен дәйектеледі. Ірі байлар отырған қазақ ауылдарының мал-мүлкін тәркілеуде коммунист жасақтары құрылып, олардың қолына қару берілгендігі, қазақ қоғамындағы байлар институтын түп тамырымен жою саясатының құрығына байдың төңірегіндегі қарапайым адамдар да іліккендігі, ауылдарды жою саясатының түбі ашаршылыққа әкелгендігі зерделенеді.

Түйін сөздер: саяси қуғын-сүргін, қазақ ауылы, ұлттық сана, тәркілеу, шаруашылық, мешіт, медресе және т.б.

МРНТИ 03.20.00

ПОЛИТИКА СОВЕТСКИХ ВЛАСТЕЙ ПО УНИЧТОЖЕНИЮ КАЗАХСКИХ АУЛОВ

Сәрсембин Үмбетқан Қуандықұлы^{1*}

¹Кандидат философских наук, заведующий кафедрой Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова. Казахстан, г. Актөбе. E-mail: sarsembin82@bk.ru, <https://orcid.org/0009-0004-1478-3824>

* Автор-корреспондент

Аннотация. В статье исследуется политика советской власти по уничтожению казахских аулов на основе архивных документов. На основании документов Актюбинского областного государственного архива доказано, что большевики признали казахские аулы духовными центрами и постепенно начали внедрять различные приемы, чтобы разрушить роль баев и мулл, которые являлись духовной опорой страны, аулов. Отмечается, что казахские аулы не состояли исключительно из порядка ведения животноводства, рядом с аулами находились мечети, медресе, могильники, где были захоронены курганы. Религиозные и богатые люди в деревне подвергались политическим репрессиям. Советская власть зарегистрировала мечети, реорганизовала их в религиозное общество, обязала платить специальные налоги правительству и устанавливала социальный статус верующих людей. В селах строго соблюдалось, чтобы в мечетях, зарегистрированных в советском правительстве, должно было быть не менее 20 человек и не должно быть среди них людей с богатым социальным статусом и всесторонне образованных, ранее служивших стране людей. Изучается также создание коммунистических отрядов по конфискации скота в казахских селах, где находились крупные баи, которых обеспечивали оружием, а так же политика искоренения института баев и простых людей, находившихся вокруг баев в казахском обществе, что и привело к голоду.

Ключевые слова: политические репрессии, ауыл, национальное сознание, конфискация, хозяйство, мечеть, медресе и др.

IRSTI 03.20.00

THE POLICY OF THE SOVIET AUTHORITIES TO DESTROY KAZAKH VILLAGES

Sarsembin Umbetkan Kuandykuly^{1*}

¹Candidate of philosophical Sciences, head of the Department of K. Zhubanov Aktobe Regional University. Kazakhstan, Aktobe E-mail: sarsembin82@bk.ru, <https://orcid.org/0009-0004-1478-3824>

*Corresponding author

Abstract. The article examines the policy of the Soviet government on the destruction of Kazakh villages on the basis of archival documents. Based on the documents of the Aktobe regional State Archive, it is proved that the Bolsheviks gradually began to introduce various techniques to recognize Kazakh villages as spiritual centers and destroy the role of rich and religious people who are the spiritual support of the country, villages. It is noted that Kazakh villages did not consist exclusively of the order of animal husbandry, there were mosques, madrassas, burial grounds near the villages, where mounds were buried. In addition, the authorities of the Soviets are obliged to register mosques, transform them into a religious society, pay special taxes to the government, establish the social status of worshipers, and in villages registered with the Soviet government, the number of persons paying taxes for worship in mosques is not less than 20 people and of them rich social status, comprehensive education, served the country It is being studied whether the created

Key words: political repression, auyl, national consciousness, confiscation, economy, mosque, madrasah, etc.

Кіріспе. Кеңес үкіметінің қазақ қоғамының ішкі құрылысын өзгертуге бағытталған саясаты ең алдымен қазақ ауылдарын жоюдан басталғандығы тарихтан белгілі. Ауыл - ұлттың ұясы. Ауылдарды жою шаралары бірнеше бағытта, түрлі сатыда жүргізілді. 1923 жылдары қазақ қоғамындағы діннің қызметін шектеуге қатысты үкімет қаулылары жариялана бастаса, 1925 жылы ауылдарды қайта қарап, ауылдық кеңестерді, жаңадан жұмысшы поселкелерін құрып қазақ ауылдарын соларға көшіру жұмыстарына қатысты жоғарыдан тапсырмалар түсе бастаған. Байыппен қараған адам бұның ар жағында үлкен саясат тұрғанын көреді. Қазақ даналығында «ауыл ел бесігі» - деп түсінік бар. Ауыл тарихи мағынаға ие ұғым. Осыны түсінген кеңестік билік жергілікті ұлт көп шоғырланған аймақтардағы қазақ ауылдарын жою, өзгерту жұмыстарына ерекше мән берген.

Қазақ ауылдары ғасырлар бойы ұлттың болмысы мен мәдениетінің рухани кіндігіне айналып отырғаны белгілі. Қазақтың тұрмыс-тіршілігі әуелі мал шаруашылығына тәуелді. Әлихан Бөкейханов айтқандай жер малды, мал қазақты асырайды. Өмір сүру атамекен

жағдайына тәуелді болғандықтан ұлттың барлық құндылықтары алдыменен оның кеңістігін, байлығын дұрыс игеруге бағытталып (қызмет етіп) отырған.

Кеңес билігі құрылғаннан кейін ұлттың болмысы мен мәдениетін өзгерту мақсатында саясат жүргізді. Әсіресе, дәстүрлі шаруашылықты түп тамырымен жоюға бағытталған кеңестік реформалар орны толмас қайғы – қасіретке әкелді. Серіктестіктер, артель, кооперация құрудың арғы жағында елдің болмысының тұтастығы мен рухани тереңдігін сақтап тұрған тұлғалар институтын әлсірету, яғни қазақ байларын түгелдей жою саясаты көзделді. Сол кездегі қазақ қоғамындағы елге жаны ашитын, іскер адамдарды жаппай қудалау, репрессияға ұшыратудың салдарынан ең соңында ұлттың өзі де жойыла жаздағандығы тарихтан белгілі. Ұлттың шаруашылығы – мемлекеттің негізгі тірегі, темір қазығы. Шаруашылық, елде бірлік, іскер адамдар болмаса мемлекет, қоғам қожырап, түбі жойылып кетеді. Елдің мәдениеті мен шаруашылығы бірі-бірімен тығыз байланысты. Шаруашылық ғасырлар бойы ұлттық тәжірибенің негізінде жетіліп отыратын дүние. Ұлттық тәжірибе деп ұлттың интеллектуалдық мүмкіндіктерін, соның негізінде қалыптастып отырған іскер адамдардың жасаған иігіліктерін айтамыз. Ұлт шаруашылығының жүгізілу тәртібі, әсіресе оның тәжірибелері ең алдымен атамекен жағдайына байланысты. Қазақ даласы мал шаруашылығына қолайлы болғандықтан көшпелі тұрмыстағы шаруашылықты жетілдірудің тәсілдері көне заманнан – ақ берік қалыптасқан. Қазақ хандығына дейінгі мәдениетімізде де көшпелі шаруашылықты жүргізу тәртібі сақталып отырған еді. Сондықтан да, қазақтың көшпелі негіздегі мал шаруашылығындағы тәртіп пен тәжірибе ғасырлар қойнауынан тамырын тереңге жіберіп, ұрпақтан – ұрпаққа ауысып отырған. Ал, байлар кешегі аумалы – төкпелі кезеңдерде халықтың осы бір тәжірибесін сақтап, сол арқылы қазақ қоғамының болашағына қызмет етіп отырған адамдар болатын-ды.

Патша билігі тұсында қазақ қоғамы өзінің негізгі дәстүрлі институттарынан қол үзгенімен, байлар мен діни адамдар қолдан келгенше халық шаруашылығын сақтау үшін күресіп отырды. Қазақтың ең соңғы ханы Кенесарыдан кейін де іштей болса да, яғни шаруашылықты сақтап, ұлт болашағы үшін күресу жойылған жоқ. Патша билігі қазақ даласындағы стратегиялық маңызы бар жерлерге бекіністер салып, әскерін мықтап бекітіп алған тұста, қазақтың ел басқарған адамдары елдің тұтастығын сақтау мақсатында халықты айналасына шоғырландырып отырған. Қазақ қоғамының ішкі құрылымын өзгертпеу үшін патша билігіне қарасты болыс, сот секілді қызметтерге барынша араласуға мәжбүр болды. Сөйтіп, бар мүмкіндіктерінше қазақ қоғамындағы шаруашылық пен діннің қызметін сақтап отырды. Патша билігі қазақ қоғамын белгілі бір тәртіппен ұстауда арнайы дін қызметкерлерін тағайындап, жер-жерлерге жіберіп отырса, ал қазақ байлары осы саясатқа қарсы тұра алатын мешіт, медреселерді сақтап қалды. Сөйтіп, көптеген діни адамдардың, алаш зиялыларының қалыптасуына әсер еткен. Олардың қазақ балаларын оқытып, елдің рухани орталықтарына айналған ауылдардағы мешіт, медреселердің қызметін дұрыс пайдалану арқылы ұлттың дінімен қатар, мәдениеті мен тілінің де сақталуына ықпал еткендігі байқалады. Егер, сол кездегі қазақтың байлары осындай қызмет жасамаса, алаш зиялылары қалыптаспаған болар еді. Осының бәрін зерделеп үлгерген қызылдар билігі қазақ қоғамының тірегі болған байларды түп-тамырымен жою үшін бар күшін салды.

Методология. Мақалада тарих, философия ғылымдарында қолданылатын ғылыми зерттеу әдістері қолданылды. Тарихшылық, объективтілік, салыстырмалы талдау, жүйелеу, талдау әдістері қолданылды. Мақаланың дерек көзі-архив құжаттары.

Талқылау. Кеңестік тоталитарлық қоғам және оның зардаптары туралы тарихшы ғалымдар көптеген құнды ғылыми-зерттеу еңбектерін жариялады. Тіпті, кеңес өкіметі тұсында да қазақ зиялылары қазақ ауылына қатысты кеңестік саясаттың қате екендігін айтып та, жазып та кетті. Мәселен, қазақ ауылында тап күресі жоқ екендігі туралы Жүсіпбек Аймауытов және өзге де Алаш зиялылары жазды.

Тәуелсіздік алған уақыттан бастап Т.Омарбеков, Қ. Алдажұманов және т.б. тарихшы ғалымдар 1920-1930 жж. Қазақ ауылындағы қасіретті жағдай туралы тың деректерге толы ғылыми еңбектерін жазды.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын заңдық және саяси тұрғыдан толық ақтау жолында көптеген жұмыстар атқарып, 2022 жылы архив құжаттарын қамтыған 31 том

жариялады. Алайда, әлі де қызылдардың қылмысын әшкерелейтін құжаттар архив сөрелерінде тұнып тұр.

Зерттеу нәтижелері. Қазақ ауылдары сақталған жерде ұлттың барлық игіліктерінің қолданысқа түсіп өзінің рөлін бекітіп отыратындығын большевиктер көзбен көрді. Ауылындағы ұлттық мәдениетінен сусындап, елдің тұрмыс тәжірибелерімен етене араласып өскен балаға ертең ер жеткенсоң ел басқару, оның мүддесін қорғау ісі қиынға соқпайды. Ауыл сақталса қазақта сақталады, керісінше оның болмысы күшейіп, ұлттың өзіндік санасы қайта қалпына келіп отырады. Себебі, ата-анасын, айналасын, елдің өмір сүру тәсілдерін жақсы көрген, терең білген адам оған сақындық жасамайды. Қазақтың рухани өмірінің бұрыннан-ақ, сонау патша заманында зерттеліп болғандығы белгілі. Ал, большевиктер қазақ ауылдарын рухани орталықтар деп таныған. Осы үшін олар елге, ауылдарға рухани тірек болып отырған байлар мен діни адамдардың рөлін жойып жіберудің неше түрлі амалдарын біртіндеп енгізе бастаған.

Біріншіден, мешіттерді тіркету, діни қоғам ретінде қайта құру, үкіметке арнайы салық төлеу міндеттелді. Құдайға құлшылық ететін адамдардың әлеуметтік міртебесі белгіленді. Ауылдарда кеңес үкіметіне тіркелген мешіттерде Құдайға деген құлшылығы үшін салық төлейтін адамдардың саны 20 адамнан кем болмауы керек және олардың ішінде әлеуметтік мәртебесі бай, жан-жақтан білім алған, бұрын елге қызмет еткен адамдар болмауы керек. Сонымен қатар, кеңес үкіметінің талабын орындап, бекіткен ережеге бағынған діндердің барлығына бірдей ерік берілді.

Екіншіден, елдің мәдениетінде бұрыннан келе жатқан діни мерекелер, садақа беру, ауқатты адамдардың қоғамына жәрдемдесуі, той жасауға және тағы да басқа елді ортақ іске жұмылдыратын қайырымдылық түрлерін шектеді. Мешіт ұстап, медреседе бала оқытып жатқан ұстазға қолдау көрсетіп, көмектесуге шектеу қойды. Соның ішінде мешіттерде жиналған адамдарға кеңес үкіметінің жүргізіп отырған саясатын талқылауға қатаң тиым салынды. Деректерден үзінді келтірсек: «Қазақстанда орналасқан қазақ халқының және басқа да шығыс халықтарының мәдени артта қалуының арқасында мұсылман дінбасылары әлі күнге дейін халыққа үлкен әсер етеді. Мұсылман дінбасылары Қазақстанның еңбек халқына өз ықпалын ең алдымен жеке пайда табу және өзінің таза касталық рухани ұйымдарын қолдау мақсатында пайдаланады. Ұйымдардың пайдасына үлкен қаражат жинайды. Алымдар адамдардан сырттай алынады және жиі мәжбүрлеу тәртібімен жүргізіледі. Бұқараға «діни» әсер, әрине, бұл жағдайларда өте кең қолданылады. Содан кейін халыққа шексіз дерлік әсер ете отырып, мұсылман дінбасылары Кеңес өкіметінің халықтың мәдени деңгейін көтеру және жұмыс істейтін бұқараның өмір сүру жағдайлары мен өмірін жақсарту үшін жүргізіліп жатқан барлық іс-шараларына қарсы дұшпандық саясат жүргізеді. Осы мақсатта мұсылман дінбасылары халықтық білім беруді өз қолдарында ұстауға тырысады. Ол заңды емес мектептерді ашады және қолдайды. Өзіне ЗАГС функцияларын тағайындайды. «Емдеумен» (науқастарды емдеумен) айналысады, байлар мен ақсақалдардың соттарының беделін қолдайды... Діни қауымдастықтарды кеңес қоғамына қарсы саяси ұйымдарға айналдырады. Тізімдер жасау арқылы сенушілерді сенбейтіндерге қарсы қояды. «Қосшы» одағының мүшелеріне қарсы үгіт - насихат жүргізіп, оларды «кәпірлер» деп жариялады. Мұсылман дінбасыларының бұл әрекеті Кеңес үкіметін бірқатар тиісті шараларды, соның ішінде әкімшілік бойынша да шаралар қабылдауға мәжбүр етеді...» (Ақтөбе ОМА, 56: 23).

Қазақ ауылдары тек қана мал шаруашылығын жүргізу тәртібінен тұрған жоқ. Ауылдардың жанында үлкен орталыққа айналған мешіт, медресе, халыққа қорған болған тұлғалар жерленген қорымдар болды. Халықтың санасы ортақ құндылықтарға бағынды. Ар мен ұят түсінігі әр адамның өзіндік санасының түп қазығына айналып отырды. Осындай әдеп түрлерін большевиктер терістеп, қаралап отырған. Сол кездегі қазақ қоғамынан шыққан ірі тұлғалардың тағылымына қарапта, отбасының рөлі жеке адамның ғана емес ұлттың болашағын айқындайтын үлкен институтқа айналып отырғандығын көресің. Туыстық қатынастың өзі ұлттық мүддені қорғауға қызмет етіп отырған. Ұрпақты кісілікке тәрбиелеуде ұлт игіліктерінің барлығы АМАНАТ деп үйретілді. Осының негізінде небір тұлғалар қазақ ауылдарынан өсіп-жетілді.

Большевиктердің қазақ ауылдарын жоюдағы саясатының халыққа ауыр тигені сондай, ел аштыққа ұшырады. Себебі, ауылдардағы үлкен орталыққа айналған мешіттерді қыспаққа

алу, діни тұлғаларды, өзге де елдің бетке ұстар адамдардың еркіндігін шектеу саясаты, байлардың мал-мүлкін тәркілеу, кез-келген жөн білетін ел адамына жүргізілген қысым (байшыл, атқа мінер, банды деген жала түрлері) ақыр соңында елде түк қалмай халықтың ерісіз босқынға айналуына дейін жеткізген. Басында большевиктердің ұжымдастыруын қазақ қоғамы тегістей қабылдаған жоқ. Мал-мүлкі тәркіленіп, отбасымен басқа жаққа жер аударылып жатқан байларға ара түскендер көп болған. Солақай саясаттың салдарынан үлкен көтерілістердің орын алғандығы белгілі. Осы көтеріліс басшыларын жойып, оған қатысқан адамдардың басым бөлігін ұстап, басқа жаққа жер аударғаннан кейін қызылдар мал, ет дайындау жоспарын желеу етіп көптеген ауылдарға қысымын одан сайын күшейте үскен. Мәселен 1931 жылы 26 ақпанда өткен Ырғыз аудандық партия комитетінің бюро отырысында аудандағы мал, ет дайындау жоспарының орындалуы талқыланған. Сонда етке тапсырылатын мал санын толықтыру мәселесіне қатысты былай деп қаулы шығарған: «Мал дайындау жұмысының әлі қарқыны енген жоқ, нашар жүріп келеді. Бүгінгі күнге дейін орындалған 30%-ақ. Байлардың жасырған малын шығарып оларды толық есепке алу жұмысы өте нашар. Сондықтан мал дайындау жұмысының нашарлығы кімнен айып екенін ашу үшін бригада жіберіп дайындау орындарын екі күн срок ішінде тексеріп қара шаруа бақылау инспекциясына жүктелсін. Малың жасырып, кемітіп, жоқ қылып отырған байлардың жасырған малдарын табу жұмысы күшейтілсін... Жасырғаннан табылған малдар алынып, даярлау орындарына тапсырылсын... (Ақтөбе ОММ, 107: 16).

Ірі байлар отырған қазақ ауылдарының мал-мүлкін тәркілеуде коммунист жасақтары құрылып, олардың қолына қару берілген. Қазақ қоғамындағы байлар институтын түп тамырымен жою саясатының құрығынабайдың төңірегіндегі қарапайым адамдар да іліккен. 1931 жылдары аудандарда өткізілген партия отырыстарының хаттамаларында байлар деп отырғаны ауыл адамдары болған. Себебі, ең ықпалды байлар 1927-28 жылдан қалмай ақ сайлау құқынан айырылып, басқа жаққа жер аударылған. Осы кісілердің мал-мүлкі тәркіленгенімен, алаш идеясының ықпалының жойылмайтынын көрген большевиктер кеңес билігіне халықты біржола тәуелді қылу жұмыстарын күштеп жүргізгенін байқасың. Бірқана сол кездегі Ақтөбе облысындағы жағдайға келсек, 1929-30 жылдары орын алған көтерілістерді (Батбаққара, Ырғыз, Тоқа, Қарабұтақ, Адай, Табын, Назар және т.б.) жаншып, күштеп басқаннан кейін осы аймақтардағы ауылдардың барлығы кеңес үкіметінің қатаң бақылауында болған. Ауыл адамдарының малдарын азайтып, олардың күшін колхоз жұмысына пайдалану көзделді.

1931 жылы 20 ақпанда өткізілген Ырғыз аудандық партия комитетінің отырысында: «Аудандық атқару комитетінің бюросы өлкенің берген мал жоспарын қабыл алмай кемітіп алғандығын орасан саяси қатер деп табады. Бұл нағыз оңшылдық болғандығын анық мойынға алады... Дайындық орындарының және уәкілдердің мал дайындауға салып отырған күші, қарқыны түкке тұрмайды... Дайындаушы орындардың істеген ісін бақылап отыру прокурормен саяси мекеме уәкіліне тапсырылсын. Мал дайындау ең артта қалып 5 күндік ақпарды бермей отырған уәкілдермен ауыл кеңестерін тексеріп, оларды сотқа тарту аудандық атқару комитетінің практикасына тапсырылсын. Қазіргі хал орасан жедел қызмет істеуге керек қылады. Міне осы жағдайды есепке алып ауылдарға тағы да 10 уәкіл жіберілсін. Барлық ұяларға кандидат группаларына және уәкілдерге өлкелік комитет бюросының қарары туралы хатқа жазылып оларға әлі де болса жұмысты күшейту барлық уәкілдерге партия қатарындағыларға большевиктік жігер салып барлық ауыл жұртшылығымен бірге өлкелік берген жоспарының жүрегінде болуы тапсырылсын... Батрак, кедей, орташалардың арасында әлеумет жұмысы әлі жеткіліксіз нашар болып келеді. Байларға, әлділерге қысым беру ісі тіпті нашар. Сондықтан, байларды аяусыз жазалап олардың жасырғандарын тез тауып таптық борышты орындап шығуға барлық еңбекшілер жұртшылығы шақырылсын... Жоспарды уақытында асыра орындау үшін аудандағы барлық ұйымдардың ынтасы арттырылсын. Байлармен әлді шаруаларға берілген жоспарды тез ендіру амалдары байлардың жасырған малдарын табуға барлық жұртшылық ұжымдастырылсын. Олармен аянбай күрес тез ашып тез соттау ісі қолға алынсын» деп жазылған (Ақтөбе ОМА, 107: 12-13).

1932 жылы «Актюбинская правда» газетінің беттерінде ұжымдастыруға қатысты облыс басшыларының баяндамалары қайта-қайта жарияланды. Жарық көрген мақалалардан колхоздастыру жұмыстарының насихатталғанын көруге болады. Сол кездегі ОБЛЗУ басшысы

Тирановтың «О состояний коллективизации в казахском ауле и об очередных задачах» тақырыбындағы баяндамасын қарайтын болсақ, Ақтөбе облысында 1932 жылдың өзінде кеңес үкіметіне қарасты 84 000 қожалық бар екендігі жазылған, оның 68 000 қазақ қожалықтары деп көрсетілген. Облыста жүргізіліп жатқан ұжымдастыруға қатысты жарияланған мақалалардың барлығы да дәстүрлі ұлт шаруашылығының тиімділігін терістеп, халықтың ұлттық санасын жоққа шығаруға, жоюға бағытталған: «Мы имеем в области – округленно 84 000 хозяйств, из них 68 000 казахских. Иначе говоря, свыше 60 проц. хозяйств падает на казахское население. Классовые враги и их идеологи пытались теоретически обосновать невозможность социалистического пути развитие сельского хозяйства. Профессор Макаров, один из вредителей тормозивших развитие сельского хозяйства в нашей стране, утверждал, что: «Колхозное движение есть прежде всего восстановленческое движение». Что это значит? Что колхозное хозяйство способно довести уровень производства только до довоенного уровня и не может его превзойти. Такова «теория» классовых врагов, опрокинутая действительностью эпохи социалистического строительства» (Актюбинская правда, 1932: 3.).

Егер, сол кездегі қызылдар билігінде отырғандар шынымен ел экономикасын көтеруді көздесе, онда ұлттың барлық тәжірибесін сақтап, іскер адамдарын да қолдаған болар еді. Шаруашылықты жүргізудің тәртібін меңгерген кісілердің тәжірибесін қоғам үшін пайдаланар еді. Өкінішке орай, кеңес билігіндегілер бұлай жасаған жоқ. Жөн білетін адамдарды қудалау күн сайын артқан. Сайлау құқынан айыру, партиялық тазалау, тіпті ұлт болашағына қарсы күрес оқу орындарын тазалауға дейін ұласқан. Қазақ қоғамына орны толмас зардап әкелген ұжымдастыру науқанының негізінде, большевиктер екі мақсатты қана көздеген: біріншісі, ұлт зиялыларын, елдің бетке ұстар адамдарын (оларды қуғындап, әлсірету арқылы) түгелдей жойып жіберу. Екіншісі, қарапайым адамдардың күшін тегін пайдалану, қазақ ауылдарын ет дайындауда табиғи өнім көзіне айналдыру. Егер, қазақтың байлары, басқа да зиялы адамдары әлсіреп, түгелдей жойылмаса халықты басқара алмайтынын, елімізді шикізат көзіне айналдыра алмайтындығын большевиктер жақсы білген.

Ұжымдастыру кезінде халықтың күші молынан пайдаланылды. Жалған саясатпен «отырықшы» қылудың негізінде шаруашылықты жатқа (өздеріне) тәуелді қылу мақсаты көзделді. Елдің бар жиғанын, ата-бабасынан келе жатқан байлығын тартып алып шаруашылықты ортақ қылуда негізгі пайда «орталыққа» кетті. «Кедейлердің мүддесін қорғаймыз» деген қызылдардың өзі қанаушы күшке айналды. Адамды кеңестік саясатқа толықтай бағындыру үшін қоғамның есігі жан-жақтан мықтап жабылды. Кісілік талғам, көзқарас, тіпті діни сенімнің өзі адамның ішінде жасырын түрде өмір сүрді. Жеке басының бостандығы, ұлттың мүддесі үшін қарсылық білдіргендер бірден партиялық тазалауға іліккен. «Жергілікті ұлтшылдықпен күрес» деген ұран большевиктік күш көрсетудің ұранына айналды.

Жылма жыл күшейіп отырған тәркілеу сынды құйтырқы саясаттың салдарынан халық көтерілді. Ал, 1932 жылы Голощекин кеңес қоғамына «жат элемент» ретінде саналған адамдардан тартып алынған мал-мүлікті және ет, астық дайындау науқанын үлкен жетістік деп «санаған». Оның баяндамаларында осы сарындағы сөздер жиі кездеседі: «Ең алдымен, 28 жылы, үлкен өзгерістерге қарамастан және сол кездегі өткенмен салыстырғанда, Қазақстан архаграрлық өлке болғанын еске салуымыз керек. Ол кезде қазақ ауылы негізінен көшпелі және жартылай көшпелі, тек қана тебіндік, жартылай табиғи мал шаруашылығымен айналысқан. Мал шаруашылығы өте тұрақсыз болды. Малдың негізгі массасы (50 процент және одан да көп) тиесілі болды... бай шаруашылықтарының проценті 69-70 процентті құрайды. Қазақ ауылының шаруашылықтарын кедей шаруа қожалықтары құрады... Ауылдың қоғамдық қатынастарында жартылай феодалдық қатынастар әлі де басым болды; жартылай феодалдардың халықты қанауы олардың экономикалық күші мен рулық қатынастардың қалдықтарын пайдалану негізінде өтті..." (Актюбинская правда, 1932: 2).

Байлар қазақ қоғамында негізгі үйлестіруші, ауыл аймақтың тұрмысына жауапты адамдар болған еді. Кеңес билігі құрылған тұстың өзінде білетін адамдардың айтуынша, қазақтың әрбір байында шамамен 5000 және 3000 шамасында жылқы болған. Ал, қарапайым ауыл адамдарында шамамен 300-200 үстінде қой, 20 сиыр, 50 жылқы, 10-20 түйеден болған. Осы себептен байлар жерді сақтау үшін, патша билігімен келісімге келе отырып елді қорғау үшін далалықта бөлек отырған. Әлихан Бөкейханов жазғандай: «Жер көп болса мал бақса, бұл шаруаны қылған жұрт малмен бірге көшіп жүрген. Жер аз болса, жердің һәуасы егінге

қолайсыз болса, мал шаруасын ұстап отырып, малды көшіріп қойып, жұрт өзі отырықшы болған».

Әділетсіздіктің, түрлі қысымның салдарынан қазақ ауылдары үлкен қиыншылыққа ұшырап жатқан тұста кеңес билігі бір қана ет, астық өнімдері бойынша Қазақстаннан мол пайда тапқан. Голощекин: «Төрт жыл ішінде Қазақстанның халық шаруашылығы ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпте үлкен өсімге қол жеткізді. 29 жылдан бастап жалпы өнімнің өсуі (миллион сом): 667,3; 909,1 1.039,5; 1.141,9 милл. сом. Сонымен қатар, өнеркәсіп өнімінің сол жылдардағы пайыздық үлесі келесідей: 28,9; 28,3; 35,3; 53,2 процент. (32 жылдан бастап бақылау цифрлары беріледі). Ауыл шаруашылығының жалпы және тауарлық өнімдерінің өсуімен қатар өнеркәсіп өнімдерінің өсуі байқалды, бұл қазір Қазақстанды архиаграрлық аймақтан аграрлық индустриялыққа айналдырды...» - деп көрсеткен (Актюбинская правда, 1932: 3). Кеңес билігі тарапынан саяси қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың тағдырын зерттеуде мына нәрсені ескерген жөн. 1928 жылы Ақтөбе облысы бойынша мал-мүлкі тәркіленіп Қарқаралыға жер аударылғандар шамамен 70 адам болған. Бұлар кеңес билігі тарапынан ірі байлар деп танылған адамдар. Осы кісілердің мал-мүлкін тәркілеудегі жеке істерін қарайтын болсақ, Алашорда қызметін қолдады, олардың жасақтарына қолдау көрсетті деп жазылған. Бұлардан тартып алынған мал саны қасақана аз көрсетілген. Әр адамнан тәркіленген жылқылардың саны шамамен 600-500 шамасында. Шын мәнінде оларда бұданда көп мал болған (5000 мен 3000 шамасында жылқы өсірген байлар сол кездің өзінде қазақ қоғамында аз болмаған). Ал, тартып алынған осыншама малдың қай жолмен сыртқа жіберілгені белгісіз. Кейбір деректер бойынша Ақтөбе облысының аудандарындағы байлардан тартып алынған жылқыларды үйір - үйірімен Орск қаласындағы ет комбинатына айдап апарған. Айдап апарған жылқылардың кейбір үйірі ауылына қайта қашып келген көрінеді. Темір жол арқылы да тәркіленген малдар сыртқа жөнелтіліп отырған. Тәркіленген жылқылардан шаруаларға пайдалануға кредитке берілгендігі жөнінде де деректер мол кездеседі. Мәселен «Степная правда» газетінің 1929 жылы 12 наурызындағы санында «Животноводсоюз Сев. Зап. области снабжает к весеннему севу бедноту и колхозы несколькими тысячами лошадей в кредит» - деп жазылған.

Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағатының қорларында ет пен астық дайындауға қатысты да деректер көп кездеседі. Облыстық мұрағаттың 63-ші қорында ет дайындауға қатысты арнайы құжаттар сақталған. Мәселен 1930 жылы 28 шілдеде Ақтөбе округком конторы жанындағы «Союзмясо» төрағаларының ет дайындау шараларына қатысты жиылысы өткен. Сонда облыс бойынша ет дайындау жұмыстарының баяулап қалу себептері қаралған. Жиналысқа «Союзмясо» басшысы Верзунов, Дудник, «Живсоюз» өкілі Лимонов, Скотоводтан Лакер, Егоров, Госбанктен Глазков, Магбунов, Торготделден Крутиков, Казторган Подкуко, Ветотделден Иванов және т.б. өкілдер қатысқан. Жиналысты «Союзмясо» басшысы Верзуновтың өзі жүргізген. Жиналыс барысында жасалған баяндамаларда мынадай деректердің келтірілгенін көруге болады: «По имеющимся сведениям на 26 июля «Скотоводу» передано системой «Союзмясо» 5757 голов и Живсоюзом на 13 июля 1930 г. 3730 голов. Причинами тормозящими комплектование стад совхозов являются массовые случаи задержки или маточного скота находящегося на передержке или со стороны населения так и районных организаций наличием задержание некоторых пунктов повальной скот находился на передержке...» (АОМА, 23: 9). Бұл 1930 жылғы аз уақыт ішіндегі жағдай. 1928 жылдан бастап «бай», «кеңес үкіметіне қарсы элемент» деп танылған адамдардан тәркіленген малдың өзі қаншама? 1930 жылдың бір айының өзінде бір ғана Ақтөбе облысынан қаншама мың бас малдың етке тапсырылғанын байқауға болады. Осы жиналыстың қаулысында, «... мәжіліс «Малшы» және «қой өсіруші» совхоздарының табындарын толықтыру барысы туралы жолдас Верзуновтың баяндамасы мен өлкелік кеңсе жеделхатын тыңдағаннан кейін кеңес береді:

1. Жинақтау барысы жеткіліксіз, сондықтан «Малшы» бойынша жоспардың 30%-ті, «Қой өсіруші» бойынша жоспардың 75%-ті орындалды. Жоспардың орындалуын тежейтін негізгі себептер малдың төлдемеуі...

2. Қолда бар мүмкіндіктерге қарай отырып ... шамамен 5000 басқа дейін дайындаушыларда бар және алынатын тәркіленген малдардан 2000 басқа дейін алу көзделіп отыр».

3. «Союзмясо» және «Малшыға» барлық мал дереу тапсырылсын. «Малшы» табынын қалыптастыруды, және «Қой өсіруші» табынын жинақтауды аяқтауды күшейту шараларын қабылдау...

4. Келісімшарттардан және ағымдағы дайындамалардан, сондай-ақ алынған тәркіленген малдардан алынатын барлық аналық өндірістік малды тікелей мақсаты бойынша кідіріссіз «Союзмясо» беруге міндеттелсін...» -делінген (АОМА, 23: 9). Халықтың ішінде байлар мен басқа да адамдардың мал-мүлкін тәркілеу тек бір уақытпен шектелмей 1930-31 жылдары да, тіпті одан кейін де жүргізілгенін ескеру қажет. Кеңес билігі құрылғанға дейінгі уақытта қазақ ауылдарында мал саны аз болмаған. Халықтың қолында жақсы өмір сүруге, тұрмысты жақсартуға жеткілікті мал болған. Ал, 1929 жылдан кейін бұндай мүмкіндік қалған жоқ. Сөз бен ісі бір бірін қайшы келетін тәртіп, ереже, түрлі науқандар ең соңында елді үлкен қиындыққа әкеліп тіреді. Көптеген адамдар бай болмаса да бай деп танылды, кедей болмаса да кедей деп танылып колхоздың жұмыстарына мәжбүрлеу орын алды. Бұған амалсыздан көнді, көнбегені қуғындалды, аштықтың, кеңестік саясаттың құрбанына айналды, басқа жаққа кетуге мәжбүр болды. Айналып келгенде бұның барлығының ел мәдениетінің түп тамыры саналған ауылдардың да жойылуына әкелгендігін көреміз. Сондықтан да, ауылдарды өзгерту, мешіт-медреселерді тарқатып, ел ішінде үлкен мәдени орталыққа айналған ауылдарға басқа атау берудің астарында да үлкен саясат жатқандығын ескерген жөн. Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағатындағы қорларда кездесетін деректерге жүгінсек, 1929-30 жылдардың өзінде қазақ ауылдарында (большевиктер бірыңғай қазақтар отырған жерлерді солай атаған) мал саны көп болған. Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағатының 63 қорында 1929 жылғы Ақтөбе округіндегі тері өңдеу көрсеткіші бойынша құжаттар сақталған. Осы деректерде кездесетін мал санына келер болсақ қазақ ауылдарында 252963 жылқы, 595418 сиыр, 1221125 қой, 277545 ешкі, 231775 түйе болған. Ал большевиктер айтқан орыс ауылдарына келсек оларда колхоздар есебінде 39905 жылқы, 164577 ірі қара, 161 620 қой, 9218 ешкі, 2356 түйе тіркелген (АОМА, 23: 47).

Ақтөбе облысындағы 1929-30 жылдарға арналған тері өңдеу жоспарында 1 кварталда 22 000 ірі қара, 70 000 қой, 2 кварталда 44 000 ірі қара, 140 000 қой, 3 кварталда 27500 ірі қара, 35000 қой, 4 кварталда 15500 ірі қара, 105 000 қойдың еті мен терісін сыртқа жіберу жоспарланған. Осы жоспар бойынша бір жыл ішінде сойылатын мал саны 110 000 ірі қара, 350 000 қой делінген (АОМА, 23: 50).

Кез-келген мемлекеттің, қоғамның дербестігін айқындайтын өз өлшемі бар. Бұның өлшемі ең алдымен уақыт пен елдің тұрмыс жағдайына байланысты көрініп отырады. Сол себептен ел шаруашылығына қатысты анықтаманы беруде оған бір жақты ескі, көне деп қарауға болмайды. Елді сақтап, ұлтты асырап келген шаруашылық жаңа заманға да қажет, уақыттың жаңа ағымдарына да ілесе алады. Ұлттың қазіргі өмірі мен болашағына қажет негізгі дүние – жер. Сондықтан да, ел территориясы барлық кезде қорғалып отыруды қажет етеді. Жер болмаса ұрпақ мемлекетін сақтай алмайды. Ал, атамекен болмысы кез - келген жаңа өзгеріске біртіндеп көшуді қажет етеді.

Большевиктердің қазақ ауылдарын жоюға ешқандай қақысы жоқ еді. Ежелден белгілі елдің тұрмысы алдыменен оның болмысына тәуелді. Ал, елдің болмысы ең алдымен оның территориясының табиғи жағдайларына бағынады. Мәселен, қазақтың қол өнерін, сөз өнерін, күй өнерін, атқа міну мәдениетін, туыстық қатынастарға негізделген тәжірибелерітөл мәдениеттің, қазақ қоғамының артта қалғандығын көрсетпейді. Қазақтың киіз үйі ұлт шаруашылығын жүргізу тәртібіне де байланысты жиі қолданыста болған. Киіз үй бөлшектерінің өзінде танымдық нәрселер мол. Қазақ мал шаруашылығын көшпелі негізде бекерден бекер жүргізген жоқ. Елдің көп жерлерінде халық отырықшы да болды. Жерді қорғауда осындай шаруашылық түрлерін сақтау болашақ үшін тиімді болғандығын көреміз.

Сол кездегі қазақ ауылдарының орындарына зер салғанда, олардың табиғаты ерекше жерлерге орналасқандығын байқаймыз. Қазақтың байлары ауылдың шетінде немесе малдың көптігіне байланысты жерді тоздырмау үшін жанындағы аз қана үйлермен ауылдан бөлек отырған. Халық малды көп ұстағандықтан ауылдағы үйлер саны 15-20 дан аспаған. Қазақтың байлары патша заманында-ақ сот, болыс қызметтерінде жүріп бірнеше ауылды басқарған. Сол кездің өзінде қызметте жүрген байлар елдің пайдасы үшін шағын ауылдарды да қалыптастырып отырған. Тарихтағы қазақ ауылдарының орналасу ерекшеліктерін қарағанда

Жүсіпбек Аймауытовтың мына бір сөзі есімізге түседі: «..Бұрынғы уақытта қазақ елі ұйымшыл, ері жауынгер, биі әділ, намысқор, адамы әрі бітімді, қайратты, сауықшыл болған екен. Досымен достасып, жауымен жауласуға табанды, қайғыра да, қуана да білген халық екен... Қазақтың ұлттық қалпы өзгерді. Тірлігі мақсұты басқа, ниеті шалғай, суық бауыр жаттың қолына тиді. «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» деген ұшырады. Кемеңгер билердің заманы құрып, адамды мал мен пұлға сатып алатын заманға килікті.

Қазақтың тұрмысы өзгерді. Киіз үйде қыстап, суыққа шынығып, қуатты, қайратты денелі өсетін қазақ тазалығы жоқ, аласа жер үйге кіріп, аурулы нашар болып, мыжғырланып, еңсесі көтерілмей өсетін қалыпқа түсті. Осы себептен адамның өсімі де кеміді» (Аймауытов, 1999: 116). 1931-33 жылдары қазақ қоғамында орын алған аштық, індет түрлері кеңес билігі жүргізген солақай саясаттың салдарынан өршіген. Себебі, халықтың қолында жейтін түк қалмады, бұрын далада шынығып өсетін халық бұрынғы тұрмыс қалпынан қол үзді. Соның салдарынан аурудың түрі көбейіп адам шығыны көп болған.

Ел мықты болуы үшін алдыменен ауыл күшті болуы керек. Бұрынғы қазақ ауылында жөн білетін кісілер көп болғандықтан ауылда күшті болған. Халыққа ненің дұрыс, ненің бұрыс екендігі үйретіліп отырған.

Бұрынғы қазақ ауылында рухани орталықтар, тәжірибелі кісілердің тағылымы арқылы халық ортақ ережеге бағынып ұлттық бірегейлікте өмір сүрген. Оның тұғыры - елдік сана. Ал, елдік сана иелері байлар мен діни тұлғалар еді. Олар да ұлт зиялыларының қатарындағы адамдар. Алаш зиялылары елдік сана арқылы қалыптасты. 1926 жылы Қызылорда қаласында өткен ҚазОАК-тің 5 шақырылымында қазақ ауылдарын жойып жұмысшы поселоктарын құруға қатысты мынадай шешім шыққан: КСРО-ның көшпелі және жартылай көшпелі аудандарында сирек қоныстанған жерлерде жекелеген ауылдар мен ауылдар арасында 35 шақырымнан астам жер бар. Атқару комитеттерінің тиісті қаулылармен (губ., обл, окр) халық саны 300-ден кем емес ауылдар мен селоларда жеке ауылдық, ауылдық және қышпақ кеңестері құрылады, бірақ тұрғындары 150-ден кем емес ауылдардағы Ауылсельсоветтер құрамы 3 адамға дейін төмендетілуі мүмкін» (Ақтөбе ОМА, 31: 2).

Тарихтағы қазақ қоғамында ру (Ақтөбе ОМА, 31: 2).

Тарихтағы қазақ қоғамында рухтың тазалығын сақтаудың өзіндік тәртібі мен ережесі ерте қалыптасты. Бұлар дұрыс сенім, кемел білім, таза ақыл, дұрыс көзқарас арқылы қоғамына тегістей көрініп отырған. Осыларды сақтай алған ауылдар рухтың тазалығына кепіл бола білді. Қазақта жиі айтылатын сөздің бірі «өлі разы болмай тірі байымайды» деген ұғым. Оның астарында ата-баба рухы ең алдымен жер мен елді (ұлттың негізгі мүлкі) қатар сақтап кейінгі ұрпаққа табыстай алғанда қана күшейеді деген мағына жатыр. Кеңес билігі жойған ауылдардың орнынан осы дәстүрдің ізін анық байқасың. Сол кездегі ауыл маңындағы бейіттерге ірі тұлғалар жерленген. Осы ауылдарда мешіт ұстап сталиндік репрессияның құрбаны болған кісілердің өзі нар тұлғалар болған еді. Ал, оларды қалыптастырған кісілер осы ауыл маңындағы қорымдарда жатқандығы анық. Мәселен, қазіргі Ырғыз ауданының Құтикөл ауылынан 35-40 км жердегі Ақсай ауылының орнында революцияға дейін үлкен ауыл болған. Осы Ақсай ауылында Мәтiкұл деген бай болған. Ал оның баласы Орман деген кісі де үлкен дәулет иесі атанған адам. Бұл кісі 1918 жылы қайтыс болған. Көне көз қариялардың айтуы бойынша осы жерде 300- ден астам шаңырақ болған. Үлкен рухани орталыққа айналған мешіт болған. Орман бай 10000-нан астам қой өсірген. Ауыл ақсақалдары «Мәтiғұлұлы Орман өте зерек жан-жақты білімді адам болған. Осы жерден Аралға баратын жол бойында өзен жағасына мешіт, бала оқытатын медресе салдырған. Осы мешіт тұрған жерден 4 шақырымдай жерде көл жиегінде қыстаулардың орнының ішінде үлкен қыстаудың орны кешеге дейін көрінетін» - деп те айтады. Ақсай ауылын 1919 жылы большевиктер «Жалаулы» деп өзгертіп, кейін 1929 жылдары бұл ауылдың ауқатты кісілерінің мал-мүлкі тәркіленген. Осы жерде тұрған үйлердің көбісі 1931-33 жылғы аштықта жан-жаққа бас сауғалап кеткен.

Ақтөбе облысының аудандарында бұдан бөлек ауылдардың орны көп. Сондай ауылдардың бірі ретінде Ақтөбе облысының Қарғалы ауданындағы Қарғалы, Дамбар, Шаншар өзендерінің жанындағы ауылдардың орнын айтар едік. Бұл ауылдардың да жанында үлкен мешіт, медреселер болған. Үлкен ескі қорымдардың орны әлі күнге дейін тұр. Қорымдағы құлыптастардың көбі шағатай әрпі араласқан төте жазумен жазылған. Осы ауылдардан шыққан кісілер де сталиндік репрессия құрбаны болған.

Қорытынды. Әр адамның қоғамда атқаратын өзінің сүйікті ісі болады. Сүйікті іс санадан, ішкі әлемнен шығады. Кісілігі мол адам үшін сүйікті іс бұл қашанда ұлтқа қызмет ету болғандығы белгілі. Сол себептен қазақтар зиялы адамның ойы, көзқарасы мен пікірі әлеуметтік ортаға үлгі болады деп есептеген. Қоғамның рухани деңгейі терең болса кейінгі буыннан ұлтқа адал қызмет ету ісі талап етіледі. Өкінішке орай, кешегі большевиктер осының барлығының жолын кесіп ұлттық санаға қажет тәжірибелердің барлығын тарих өрісінде бөгеп тастаған.

Мәдениеттің де бастапқы әрі негізгі принципінің өзі жанды, сананы жетілдіруге бағытталғандығы белгілі. Ұлтқа тән ортақ жанды жетілдіруде негізгі салмақ діни адамдарға, билерге, жырауларға өзге де талант иелеріне келіп түсті. Ал, патша заманында-ақ бұлардың көбісінің күштеп жойылғаны белгілі. Сол себептен, діни адамдардың тарихта өздеріне үлкен міндетті жүктегенін осыдан-ақ көруге болады. Арғы жағындағыларды айтпағанның өзінде бірқана Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп Көпеев сынды тұлғаларды шығарған қазақ ауылдарының тарихтағы орнын қалай ұмытамыз? Сол кездегі рухани орталыққа айналған орындардың қазіргі университеттер мен ғылыми институттардан кем жұмыс жасамағанын көруге болады.

Қызылдар билігі келгенге дейінгі қазақ қоғамының тарихи өміріндегі кеменгерлік пен зиялылықтың рухын салмақтап, біріктіріп отыратын тұстарын да күштеп жойылған қазақ ауылдарының орнынан байқауымызға болады.

Халықтың діни сенімін, ұлттың өзге де рухани дүниелерін шектеп, ұлт зиялыларын қудалау қасақана «советтік сананы» қазақ қоғамына күштеп енгізу үшін жасалды. Егер, уақыттың қоғамнан, қоғамның адамнан талап ететіні жасампаздық, бәсекеге қабілеттілікті арттырып отыратын игілік түрлері болса бұлардың алдыменен қоғамда өмір сүруіне кепіл болатын көзі ашық, көкірегі ояу, ұяты бар адамдар. Дін мен төл мәдениетіміз большевиктерге «кедергі» болды. Большевиктер жүргізген дінсіз қоғам құру саясатының негізгі астарын осыдан-ақ байқауға болады. Аштықтың, елдің бетке ұстар адамдарының сталиндік репрессияға ұшырауы халықтың бойында үлкен қорқыныш ұялатты. Кеңестік билікке бойында үрей, қорқыныш ұялаған халықты басқару оңай еді. Өзіне сенбей өзгеге сенетін адамдарды қалыптастыру көзделген. Қазақ философиясында тәуекелшіл болу деген түсінік бар. Бұның мәнінде әуелі адам өзіне сенімді болуы керек. Өзіне сенімді болу үшін адам ақыл, тәрбие, мінез, білім, имандылықты иеленуі тиіс. Бұлардың бәрінен жұрдай, өзіне сенімді емес адам кімді қорғай алады?

Ұлттың негізгі байлығы - оның адамының мықты болуы. Адамның денсаулығы, оның ішінде қоғамның саулығы өте маңызды. Қоғамның саулығы бірнеше қырымен көрінеді. Әуелі халықтың денсаулығы, екінші рухтың биіктігі. Бұны мінсіздік дейді қазақта. Үшіншісі жақсы тұрмыс. Бұл үшеуіне де тікелей әсер етіп отыратын тәрбие мен білім, қоғамның болашаққа үлгі болуы. Яғни, қоғамда ортақ мақсат, ізгі қасиеттер болуы қажет. Бұның не нәрсе екендігін қоғамына түсіндіретін, үйретіп отыратын да тұлғалар. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы діни тұлғалардың рухани қызметі ортақ мақсат пен ізгі қасиеттерді халқына ұғындыру болған еді.

Хандар заманында да байлардың рөлі жоғары болған. Егер, қазіргідей бейбіт заман орнаса, байлар елде өндіріс орындарын ашып, ұлт шаруашылығы негізінде жаңа экономикалық айналымды қалыптастырар еді. Қарапайым халық алдыменен шаруашылық өнімдерін байларға өткізеді. Қазір орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту қажет деп жатырмыз, байлар тарихта сол заманның деңгейінде ата кәсіптің түрлерін түгелдей сақтап отырған. Тек олардың заманында бүгінгідей өнімді сыртқа шығаратын орталықтар болмады. Қазақтың азық-түлік технологиясына қарап, қарапайым болса да жаңа уақыттың жаңа тәжірибесіне ілесе алатын мүмкіндіктің қашанда болғандығын ескеру қажет. Қазіргі уақытпен қарайтын болсақ сол кездің өзінде қазақ қоғамында экономиканы тұрақтандыру бағыты дұрыс қалыптасқан. Бұл мал, егін шаруашылығымен байланысты экономика, сауда байланыстарын жетілдіру болатын. Іскер адамдар барлық кезде де қажет. Қоғам, билік тарапынан шынайы іскерлік бағалануы керек. Сол замандағы байлар қай жағынан да іскер адамдар болды.

Еліміздің географиялық орналасуы да сыртқы жаудан қорғануды талап етті. Осындай қиыншылықтарды жеңуде барлық кезде қазақ қоғамында адам шығыны аз болмаған. Бір жерді қана иеленіп, ауыл, қала болып отырса жер тозады. Бұндай ортада аз күш жұмсап, көп мал ұстап отыру мүмкін емес. Тарихтағы қазақ қоғамында төрт түлік негізгі әлеуметтік ресурс

болғандықтан мал саны аз болмауы керек. Айналып соғып отыратын табиғи апат тағы бар. Ол үшін жердің үстіндегі байлық күні бұрын қорғалуы тиіс. Осындай бірінен соң бірі туындап отыратын қажеттіліктер елге үлкен міндет болып жүктелген. Негізгі міндет елдің тазалығымен, тұтастығын сақтаумен бірге жердің де тазалығын, тұтастығын қорғау, соған бейімделген шаруашылықты дамыту болып саналған. Кеңестік ұжымдастыру осы игіліктердің барлығын жойып жіберді. Барынан айырылған халық «аштан өлгенше соғысып өлейік» деп көтеріліске шықты. Қызылдар билігі амалсыздан қолына қару алған адамдарды «банда», «қарақшы», «антивоветтік» деп айыптап, аямай жазалады. Көтерілістерге басқа «өң» беріп, ұлтын сүйген тұлғаларды (Алаш) айыптап, бір сөзбен айтқанда елдің бас көтерер адамдарын қырып салды. Жалған айыптау сол бір қасіретті кеңестік кезеңнің басты белгісі болды. Сталиндік саясат адамдардың санасына үрей мен қорқынышты ұялатқаны соншалықты, адамдарды тегін жасыратын деңгейге жеткізіп, адамдарды бір-біріне сенбейтін дәрежеге жеткізіп, бірліктің іргесін сөкті.

Әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

- Аймауытов Ж. Бес томдық шығ. жинағы. 5-т. – Алматы: Ғылым, 1999. – 304 б.
Актыубинская правда. – 1932, 23 июля. – № 109.
Актыубинская правда. – 1932, 5 ноября. – № 195.
Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві (АОМА). 4-қ. 1-тіз. 31-іс.1-22-пп.
АОМА. 5-қ. 1-тіз. 107- іс. 1-227-пп.
АОМА. 63-қ. 1-тіз. 23-іс. 144-п.
АОМА. Қ.4. 1-тіз. 56-іс.1-56-пп.

References

- Ajmauytov Zh. Bes tomdyq shyg. zhinagy. 5-t. – Almaty: Gylym, 1999. – 304 p.
Aktubinskaya pravda. – 1932, July 23. – № 109.
Aktubinskaya pravda. – 1932, November 5. – № 195.
Aktobe regional state archive (ARSA). F.4. In. 1. C. 31. L.1-22.
ARSA. F.5. In. 1. C. 107. L. 1-227.
ARSA. F.63. In. 1. C. 23. L. 144.
ARSA. F.4. In. 1. C. 56. L. 1-56.

**1920-1950 ЖЖ. ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДА
ҚАЗАҚСТАННАН КЕТУГЕ МӘЖБҮР БОЛҒАН БОСҚЫНДАР
ВЫНУЖДЕННЫЕ БЕЖЕНЦЫ ИЗ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД РЕПРЕССИЙ
И ГОЛОДА 1920-1950-Х ГГ.
FORCED REFUGEES FROM KAZAKHSTAN IN THE PERIOD
OF REPRESSION AND HUNGER IN 1920-1950s.**

ХҒТАР 03.00.20

**РЕСЕЙ АЙМАҚТАРЫ БОЙЫНША
ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫНЫҢ ОРНАЛАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы^{1*}

¹PhD докторы, Астана қаласындағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты филиалының директоры. Қазақстан, Астана қ. E-mail: koz.mahabbat_85@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>

*Автор–корреспондент

Аңдатпа. Мақалада автор 1930 жылдардың басындағы ашаршылық жылдарындағы қазақ халқының мәжбүрлі көші-қонының ерекшеліктерін және мәжбүрлі босқындардың Ресейдің іргелес аумақтарына орналасуын зерттейді. Мәжбүрлі босқындарды зерттеу арқылы сол кезеңдегі оқиғалардың толық бейнесін қалпына келтіруге мүмкіндік ашылады және Отандық тарих ғылымы жаңа деректермен толықтырылады. Автор Қазақстанда кеңестік модернизация салдарынан қазақ халқының дәстүрлі өмір салтының күйрегіліп, елде жаппай ашаршылық болғандығын атап көрсетеді. Босқын болуға мәжбүр болған қазақтардың басым бөлігі, қудалау көріп, күнкөрісті қалаларда, поселкелер мен колхоздарда және Қазақстаннан тыс жерлерде іздеуге мәжбүр болды. Автор РКФСР аумағында қазақ босқындары негізінен Орта Еділ, Батыс Сібір және Оралдағы өнеркәсіптік кәсіпорындарда, совхоздарда, колхоздарда орналастырылып, жұмысқа орналастырылды деген қорытындыға келеді. Қазіргі уақытта қазақтардың Ресейдің іргелес аумақтарындағы мәжбүрлі көші-қонының және олардың бейімделуінің тұтас көрінісін қалпына келтіру қажеттілігі туындауда. Дұрыс бағыттағы әрі дер кезіндегі көші-қон адамдарды аштықтан құтқаратындығы да белгілі.

Түйін сөздер: мәжбүрлі қоныстандыру, ашаршылық, наразылық қозғалысы, көші-қон, босқындар, құрылғы, бейімделу.

МРНТИ 03.00.20

**СПЕЦИФИКА РАЗМЕЩЕНИЯ И УСТРОЙСТВА
КАЗАХСКИХ БЕЖЕНЦЕВ ПО РЕГИОНАМ РОССИИ**

Козыбаева Махаббат Маликовна^{1*}

¹доктор PhD, директор филиала Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова в г. Астана. Казахстан, г. Астана. E-mail: koz.mahabbat_85@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>

*Автор-корреспондент

Аннотация. В статье автор изучает особенности вынужденных миграций казахского населения и размещения их на сопредельных территориях России в годы голода начала 1930-х гг., что позволит восстановить полную картину событий того времени и дополнить историографию новыми фактами. Автор отмечает, что в Казахстане советская модернизация привела к практически полному разрушению традиционного уклада и массовому голоду. В основной своей массе казахские беженцы прошли через репрессированную машину раскулачивания и насильственного оседания, и, лишившись основных средств производства, вынуждены были искать средства существования в городах, поселках и колхозах и за пределами Казахстана. Автор приходит к выводу, что на территории РСФСР, казахские

беженцы в основном размещались и трудоустраивались на промышленных предприятиях, совхозах, колхозах на территории Средней Волги, Западной Сибири и Урала. В настоящее время назрела необходимость в восстановлении цельной картины вынужденных откочевков казахов и их адаптации на сопредельных территориях России, поскольку своевременная откочевка спасла людей от голодной смерти.

Ключевые слова: насильственное оседание, голод, протестное движение, откочевки, беженцы, размещение, устройство, адаптация.

IRSTI 03.00.20

SPECIFICITY OF PLACEMENT AND DEVICES KAZAKH REFUGEES BY REGION OF RUSSIA

Kozybayeva Makhabbat Malikovna^{1*}

¹PhD, director of the branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology in Astana, Kazakhstan, Astana. E-mail: koz.mahabbat_85@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>

*Corresponding author

Abstract. In the article, the author studies the features of the forced migrations of the Kazakh population and their placement in the adjacent territories of Russia during the famine years of the early 1930s, which will allow us to restore a complete picture of the events of that time and supplement historiography with new facts. The author notes that in Kazakhstan, Soviet modernization led to the almost complete destruction of the traditional way of life and mass starvation. For the most part, Kazakh refugees went through the repressed machine of dispossession and forced settlement, and, having lost their main means of production, were forced to look for means of subsistence in cities, towns and collective farms and outside of Kazakhstan. The author comes to the conclusion that on the territory of the RSFSR, Kazakh refugees were mainly accommodated and employed at industrial enterprises, state farms, collective farms in the Middle Volga, Western Siberia and the Urals. At present, there is a need to restore the whole picture of the forced migrations of the Kazakhs and their adaptation in the adjacent territories of Russia, since timely migration saved people from starvation.

Key words: forced settlement, famine, protest movement, migration, refugees, accommodation, device, adaptation.

Кіріспе. КСРО-да 1930-шы жылдардың басындағы ашаршылық кезеңінде халықтардың жаппай қоныс аударуы орын алды. Ресей ежелгі дәуірден бастап Ұлы Дала мен Солтүстіктің көшпелі халықтарымен көршілес өмір сүрді, біртіндеп көшпелі және жартылай көшпелі аймақтарды өз орбитасына енгізді. Осындай үдерістердің шарықтау шегі КСРО-да 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың басында жүзеге асырылған көшпелі аумақтарды күштеп жаңғыртуы болды. Бұл ретте КСРО-ның көшпелі және жартылай көшпелі аудандарының санатына Қазақстан, Қырғызстан, Бурят-Моңғолия, Тува, Якутия, Қалмақ Республикасы және тіпті Солтүстіктің бұғы шаруашылығымен айналысқан халықтары кірді. Негізінен, кеңестік билік құрамындағы халықтардың барлығы дерлік мәжбүрлі қоныстану мен мүлікті тәркілеу құғын-сүргін машинасынан өтіп, өндірістің негізгі құралдарынан айырылып, қалалардан, елді мекендерден және колхоздардан күнкөріс іздеуге мәжбүр болды.

КСРО-ғы 1930 жылдардың басындағы ашаршылық кезінде ең көп зардап шеккен көшпелі халық ретінде қазақтардың мәжбүрлі көшуі тарих ғылымы үшін аз зерттелген және өзекті мәселе болып қала береді. Қазіргі уақытта қазақтардың мәжбүрлі қоныс аударуы мен Ресейдің іргелес аумақтарына бейімделуінің тұтас бейнесін қалпына келтіру қажеттілігі туындап отыр, өйткені уақытылы қоныс аудару адамдарды аштықтан құтқарды. Сонымен қатар, бүгінгі таңда қазақ диаспорасының ең көлемді бөлігі (600 мыңнан астам адам) Қазақстанмен шекаралас Ресей аумағында – Алтай өлкесі мен Алтай Республикасында, Новосібір, Омбы, Тюмень, Курган, Орынбор, Астрахан, Саратов және Волгоград облыстарында тұрады. 1989 жылғы Бүкілодақтық халық санағы бойынша қазақтардың басым бөлігі – 130 мыңнан астам адам Батыс Сібірді мекендеген, оның ішінде тек Омбы облысында 75 мың адам өмір сүрген,

қалғандары Новосібір және Тюмень облыстарының оңтүстігінде, сондай-ақ Алтай өлкесінде қоныстанған (От Урала до Енисея, 1995: 66). Дәл осы аймақ 1932-1933 жылдардағы ашаршылық кезеңінде екі миллионнан астам адам қаза тауып, қоныс аударған қазақ босқындары үшін негізгі баспанаға айналды.

Материалдар мен әдістер. Әдістемелік негіз ретінде зерттеу объектісі өзінің эволюциялық дамуында зерттелетін тарихизм принципі алынды. Зерттеу барысында жалпы ғылыми және арнайы-тарихи әдістер (тарихи-типологиялық, мәселелік-хронологиялық, тарихи-жүйелі әдістер), сондай - ақ макро және микро-тарихи тәсілдердің синтезі қолданылды. Дереккөздер ретінде Ресей Федерациясының Мемлекеттік архивінде (РФМА), Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивінде (РМЭСТА), Ресей мемлекеттік жаңа тарих архивінде (РМЖТА), Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінде (ҚРОМА), Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде (ҚРПА), Новосібір облысының Мемлекеттік архивінде (НОМА) және Тюмень облысының Мемлекеттік архивінде (ТОМА) және т.б архивтерде анықталған архивтік құжаттар пайдаланылды. Сонымен қатар, құнды дереккөздер ретінде архивтік құжаттардың жарияланған жинақтары болды [24, 25, 26, 27].

Талқылау. Ғылыми тұрғыдан алғанда, тақырып аз зерттелген, дегенмен 1930 жылдардың басындағы ашаршылық мәселесі бойынша шартты түрде екі топқа бөлуге болатын көлемді тарихнама бар. Зерттеушілердің бірінші тобы 1930 жылдардың басындағы Қазақстандағы ашаршылықты және оның салдарын зерттеумен, ал екіншісі тікелей Ресейдегі қазақ диаспорасымен және оның қалыптасу тетіктерімен, сондай-ақ қазақтардың этнографиясын зерттеумен айналысты. Ж.Б. Әбілхожин, М.Қ. Қозыбаев, М.Б. Тәгімов (1989), Қ.С. Алдажұманов (1992), Т.О. Омарбеков (1994, 1997) және басқа да Қазақстандық зерттеушілердің бірқатар жұмыстарында қазақ халқының қоныс аударуы өмір сүрудің мәжбүрлі шарасы ретінде көрсетілген. Республикадағы үздіксіз ұжымдастыру және көшпенділерді отырықшы өмір салтына көшіру, 1931-1933 жылдардағы жаппай ашаршылық және оның салдары туралы кеңес өкіметінің саясатын зерттеуде шетелдік ғалымдар Р. Конквест (Конквест, 1988), И. Огайон (2009), Р.В. Дэвис пен С. Уиткрофт (2011) және т.б. үлестерін қосты. Мысалы, неміс тарихшысы Р. Киндлер өзінің «Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане» атты еңбегінде кең дереккөздік база негізінде «көшпенділер» – ашаршылықтан қашқан қазақтың босқындары – дағдарыс уақытының басты көрсеткіші ретінде болды, ал ұжымдастыру мен күштеп отырықшыландыру үдерісі көшпелі мәдениеттің өзіне қауіп төндірді" деп жазды (Киндлер, 2017). Кеңес Одағының көшпенділерінің белгілі зерттеушісі Ф. Сеницын өзінің "Советское государство и кочевники" кітабында "көшпелі өркениеттің биліктің әрекеттеріне ең күшті реакциясы көтерілістер мен ...қоныс аударуында көрінді" деп атап өтті (Сеницын, 2019: 125-127). Сібірдегі сталинизм саясатының ерекшеліктерін Н.Ф. Бугай (2012), С.А. Папков (2012) зерттеді. Бұл тақырыпты зерттеуде Батыс Сібірдегі ашаршылық кезіндегі босқын қазақтарға және ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Сібірдегі әлеуметтік катаклизмдерге арналған М.П. Малышева мен В.С. Познанскийдің (1999) зерттеулері ерекше орын алады (2007). Сібірде қазақ босқындарының пайда болуының кейбір жағдайлары И.В. Октябрьскаяның (1995), Г.М. Меңдіқұлованың (1997), З.Е. Қабылдиновтың (2001), Н.А. Томиловтың (2013), Ш.К. Ахметованың (2002) тарихи-демографиялық және этнографиялық сипаттағы еңбектерінде, сондай-ақ "От Урала до Енисея (народы Западной и Средней Сибири)" (1995) және "Казахи Тюменской области: история, язык, культура" (2013) атты ұжымдық еңбектерде де қамтылған. Алтай және тюмень қазақтарының өмірі туралы естелік сипаттағы құнды дереккөздер ретінде П. Мұхтасыровтың (2013), К. Қабдулвахитовтың (2010) және басқалардың жұмыстары болып табылады. Бірқатар ауқымды еңбектердің барына қарамастан, оларда қазақтардың мәжбүрлі қоныс аударуы жеке құбылыс ретінде емес, белгіленген үдерістердің бөлігі ретінде қарастырылады. Сондықтан да қазақ босқындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен бейімделу ерекшеліктері аз зерттелген мәселе болып қала береді, ал ғалымдардың кейбір тұжырымдары пікірталасты қажет етеді және дереккөздер кешені негізінде қосымша зерттеуді талап етеді.

Зерттеу нәтижелері. Белгілі болғандай, күштеп ұжымдастыру мен мәжбүрлі дайындық науқандары КСРО-да жаппай ашаршылыққа алып келді. Сол уақыттағы жалпы демографиялық шығындар 8 миллионнан астам адамды құрады. (Кондрашин, 2014: 294). Ең көп зардап шеккен аймақтардың бірі Қазақстан болды, онда 1932-1933 жылдардағы ашаршылық

кезеңінде халықтың үштен бір бөлігі аштық пен эпидемиядан қаза тауып, республикадан тыс жерлерге қоныс аударды. Бұл дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысатын қазақтардың көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарының негізі болып табылатын өлке экономикасының ерекшеліктерімен байланыстырылды. 1920 жылдардың аяғында Қазақстанда колхоздар құру мақсатында қазақтарды күштеп қоныстандыру салдары мал басының күрт азаюына әкелді (Ильиных, 2010: 293). Нәтижесінде 1930 жылдың маусым айында 100 мыңнан астам адам аштыққа ұшырады. (Киндлер, 2017: 228). Жағдай 1931 жылдың жазында егіннің нашарлауына байланысты шиеленісіп, халықтың КСРО-ның гүлденген аймақтарына және Қытайға жаппай қоныс аударуына әкелді. 1932 жылы республиканың ауыл шаруашылығының толық құлдырауын білдіретін жаңа егіннің шықпауына әкеліп соқты.

Республикадағы жағдай қайғылы оқиғаның шынайы себептері мен ауқымын көргісі келмейтін жергілікті биліктің көзқарасына байланысты ушыға түсті. БКП (б) Қазкрайком хатшысы Ф.И. Голощекин Қазақстандағы барлық мәселелерді қазақ ауылдарындағы әлсіз кеңестендіру мен таптық күреспен байланыстырды, ал қоныс аудару үдерісін халықтың аштықтан құтылу үшін мәжбүрлі шаралары ретінде емес, «өмірді қайта құрумен» теңестіріп жазды: «Қазақ ешқашан өз ауылынан шыққан емес, көшіп-қону жолдарынан басқа жолдарды білмеген, ендігәрі бір ауданнан екіншісіне оңай ауысып, орыс, украин колхоздарына қосылады, Еділ бойындағы және Сібірдегі шаруашылық құрылысқа, жұмыстарға ауысады» (Голод в казахской степи, 1991: 157). Сондықтан 1931-1932 жылдары орталық билік қабылдаған шаралар жеткіліксіз болды (РМҚЗТА, 165: 149).

Голощекиннің орнына келген Л.И. Мирзоян 1933 жылы 24 ақпанда Л.М. Кагановичке Қазақстандағы істердің жай-күйі туралы жазған хатында: "Мен Мәскеу қ. кетіп бара жатқанда-ақ Қазақстандағы жағдайдың ауыр екеніне сенімді болған едім, бірақ менің мұнда көргенім күткенімнен де асып түсті... Қоныс аудару дегеннің де жағдайы қуантарлықтай емес... Аудан басшылары аштыққа ұшыраған ауылдарға ... нан жеткізбейді, қазақ халқына уақтылы көмек көрсетуді ұйымдастырмайды, соның салдарынан бұл халық малды, оның ішінде шаруаға арналған малды жеп, содан кейін өздерінің үйреншікті орындарынан басқа аудандарға, теміржолдарға, өндірістік орталықтар мен қалаларға көшуге мәжбүр. Жолда және тіпті қалаларда милиция күн сайын дерлік аштықтан өлгендердің мәйіттерін жинап жүр" (ҚРПА, 5827: 17-22 об.).

Қоныс аудару жергілікті тұрғындарға үлкен зиян келтірді. 1930 жылдың басынан 1931 жылдың ортасына дейін Қазақстаннан КСРО, Қытай, Иран, Ауғанстанның көршілес аудандарына 281 230 қазақ шаруашылықтары қоныс аударды. Ашаршылық кезеңінде барлығы 1 130 мың қазақ босқыны елден кетті, оның ішінде тек 454 мың адам кейін отанына оралды (Қорытындысы, 1992: 1). Көші-қон көрсеткіші көрші өңірлердегі қазақтар санының бұрын-соңды болмаған өсуін растайды. Егер 1926 жылғы санаққа сәйкес республикадан тыс жерде 314 мың қазақ тұрса, 1939 жылғы санақ деректері бойынша – 794 мың адам. 1926-1939 жылдары босқындар есебінен қазақтар саны өсті: Қырғызстанда – 10 есе, Тәжікстанда – 7 есе, Түркіменстанда – 6 есе, РКФСР – 2,3 есе, Өзбекстанда – 1,7 есе (История Казахстана, 2009: 286).

Қоныс аударудың басты себебі - халықтың мүшкіл жағдайы мен жаппай ашаршылық. Мамандардың бағалауы бойынша, бұл ашаршылық ауқымы жағынан алдыңғы аштық жылдарынан асып түсті. 1926 және 1939 жылдардағы бірінші және екінші Бүкілодақтық халық санақтарының талдауына сүйене отырып, ашаршылық жылдарындағы халық санының қысқаруы 2 – ден 4 млн. адамға дейін анықталды. Санақ деректері бойынша басқа этностардың саны да азайды: украиндар – 859,4 – тен 658,1 мыңға дейін, өзбектер-228,2-ден 103,6 мыңға дейін, ұйғырлар-62,3-тен 36,6-ға дейін. Осы мәліметтерден аштықтың ауқымы үлкен болғанын көруге болады. Сондықтан ашаршылық құрбандарының саны әлі де нақтылануда (История Казахстана, 2009: 285).

27	Лавровый лист	0,2
28	Перец молотый	0,3
29	Горчичный порошок	0,3
30	Уксус	2
31	Крахмал картофельный	5
32	Аскорбиновая кислота (добавляется в первое блюдо непосредственно перед раздачей)	50 мг/чел/день

Выводы. Таким образом, режим содержания, выполняемая работа, нормы выработки заключённого влияли на продовольственное обеспечение и нормы питания осуждённого. Нормы питания заключённых имели существенные различия. Во всех пенитенциарных учреждениях ГУЛАГа в годы Великой Отечественной войны нормы питания снижались, а продукты заменялись другими, не всегда равнозначными. Бесспорно, то, что представлено в документах исправительно-трудовых лагерей ГУЛАГа, отличается от жизненных реалий сталинского периода. Самой распространённой формой поощрения являлось зачисление заключённых на улучшенное питание. Так, нормы питания для заключённых, содержащихся в оздоровительных пунктах, были выше по сравнению с заключёнными исправительно-трудовых

лагерей, так и военнопленными. Авторы приходят к выводу, что такое внимание к определённой группе заключённых объяснялось вовсе не гуманными соображениями, а необходимостью привлечения контингента к выполнению экономических задач. Достоверно известно, что нормы питания, предназначенные для различных категорий, заключённых и менявшиеся в разное время, в Карлаге никогда не соблюдались. По свидетельствам бывших заключённых, соприкасавшихся с системой организации лагерного снабжения, «образцы» пайков были несравнимы с тем, что выдавалось заключённым.

В отличие от руководства гитлеровской Германии, советское правительство уделяло внимание вопросу сохранения жизни и здоровью военнопленных, что нашло отражение в регулярном продовольственном обеспечении. Реальная практика исправительно-трудовых лагерей ГУЛАГа зачастую не соответствовала нормам гуманности в вопросах питания заключённых.

Рацион питания в пенитенциарных учреждениях сегодня намного выше по сравнению с содержанием заключённых в исправительно-трудовой системе НКВД. Мы не можем не учитывать того, что в современных условиях качество приготовления пищи при наличии необходимых продуктов в исправительно-трудовой системе соответствует всем требованиям потребления калорий в день.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта OR11465470 «Массовые политические репрессии в Казахстане в 20-50-х гг. XX в. и процессы реабилитации: создание единой базы данных» при финансовой поддержке Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Список литературы и источников:

Алланиязов Т.К. История лагерей ГУЛАГа и ГУПВИ в Казахстане: опыт и проблемы изучения. – Екатеринбург, 2021. – 306 с.

Бастемиев С.К. Исправительные учреждения Казахстана (историко-правовой аспект): монография. – Павлодар, 2009. – 258 с.

Белова Н.А. История ГУЛАГа в современной историографии // Пенитенциарная наука. 2013. № 2(22). – С. 64-70.

Бородкин Л.И. ГУЛАГ в годы войны // РСМ. 2016. № 1 (90).

Веремеев Ю. Нормы питания немецких военнопленных в 1941-1943 годах // [Электронный ресурс] Анатолия армии <http://army.armor.kiev.ua/hist/paeknem-plen.shtml> (дата обращения: 02.04.2023).

Военнопленные в СССР (1939-1956). Документы и материалы. // Сост. М.М. Загоруйко, С.Г. Сидоров, Т.В. Царевская; Под ред. М.М. Загоруйко, М., 2000. – 1120 с.

Государственный архив Карагандинской области (ГАКО). Ф. 108. Оп. 2. Д. 5. Л. 11 об.

ГАКО. Ф. 108. Оп. 2. Д. 60.

ГАКО. Ф. 1171. Оп.1 Д. 582.

Дильманов С.Д. Исправительно-трудовые лагеря и лагеря военнопленных НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30-е -50-е годы XX века). Специальные лагеря НКВД-МВД СССР в 40-е годы XX века. – Астана, 2019. – 644 с.

Елеуханова С. В. История Карлага: охрана, режим и условия содержания заключённых (1930-1956 гг.). Автореферат дисс. канд. ист. наук. – Караганда, 1997. – 30 с.

Карлаг=Карлаг=Karlag: альбом / под общ. ред.: Н.О. Дулатбекова. – Алматы, 2012. – 576 с.

Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50-е годы XX века). Т. 6: Исправительно-трудовые лагеря в Казахстане: Карлага. Сборник документов и материалов. Составители тома: З.Г. Сактаганова, А.У. Аупеннова / Под общ. ред. Е.Т. Карина. – Астана, 2022. – 388 с.

Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 ноября № 1255. «Об утверждении натуральных норм питания и материально-бытового обеспечения подозреваемых, обвиняемых, осужденных и детей, находящихся в домах ребенка учреждений уголовно-исполнительной системы, и образцов формы одежды осужденных // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1400001255> (дата обращения: 30.03.2023).

Реент Ю.А. Проблемы обеспечения режима трудовой деятельности подразделений ГУЛАГа в условиях военного времени (1941-1943 гг.) // Уголовно-исполнительное право. 2015. № 3 (21) – С. 132-137.

Сиганова Т.В. ГУЛАГ в годы Великой Отечественной войны // Омский научный вестник. 2004. № 4 (29).

Смыкалин А.С. Питание в лагерях и тюрьмах Советской России: Исторический аспект // Правоведение. – 1998. – № 4. – С. 80-89.

Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д. Карлаг. – Караганда, 1997. – 175 с.

References

Allaniyazov T.K. Istoriya lagerej GULAGa i GUPVI v Kazahstane: opyat i problemy izucheniya: [The history of GULAG and GUPVI camps in Kazakhstan: experience and problems of study] Publishing solutions, 2021. – 306 p. [in Russian].

Bastemiev S.K. Ispravitel'nye uchrezhdeniya Kazahstana (istoriko-pravovoj aspekt) [Correctional institutions of Kazakhstan (historical and legal aspect)] – Pavlodar: Kereku, 2009. – 258 p. [in Russian].

Belova N.A. Istoriya GULAGa v sovremennoj istoriografii [The history of the Gulag in modern historiography] // Penitentiary Science. 2013. № 2 (22). – pp. 64-70. [in Russian].

Veremeev YU. Normy pitaniya nemeckih voennoplennykh v 1941-1943 godah [Nutrition standards of German prisoners of war in 1941-1943] // [Elektronnyj resurs] Anatomiya armii <http://army.armor.kiev.ua/hist/paeknem-plen.shtml> Request data: 02.04.2023 [in Russian].

Voennoplennye v SSSR (1939-1956). Dokumenty i materialy. [Prisoners of war in the USSR (1939-1956). Documents and materials] // Sost. M.M. Zagorul'ko, S.G. Sidorov, T.V. Carevskaya; Pod red. M.M. Zagorul'ko. – M., 2000. – 1120 p. [in Russian].

State archive of Karaganda region (SAKO). [The State Archive of the Karaganda region (hereinafter GAKO). F. 108. In. 2. C. 5. [in Russian].

SAKO. F. 108. In. 2. C. 60.

SAKO. F. 1171. In. 1. C. 582.

Dil'manov S.D. Ispravitel'no-trudovye lagerya i lagerya voennoplennykh NKVD-MVD SSSR na territorii Kazahstana (30-e -50-e gody XX veka). Special'nye lagerya NKVD MVD SSSR v 40-e gody XX veka. [Correctional labor camps and camps of prisoners of war of the NKVD-Ministry of Internal Affairs of the USSR on the territory of Kazakhstan (30s -50s of the XX century). Special camps of the NKVD of the Ministry of Internal Affairs of the USSR in the 40s of the XX century]. – Astana, 2019. – 644 p. [in Russian].

Eleuhanova S.V. Istoriya Karlaga: ohrana, rezhim i usloviya sodержaniya zaklyuchyonnykh (1930-1956 gg.). [History of Karlag: protection, regime and conditions of detention of prisoners (1930-1956). – Abstract of dissertation of the Candidate of Historical Sciences. – Karaganda, 1997. – 30 p. [in Russian].

Қарлаг=Карлаг=Karlag: album / under the general ed.: N.O. Dulatbekov. – Almaty: Polygraph Combine, 2012. – 576 p.

Materialy Gosudarstvennoj komissii po polnoj reabilitacii zhertv politicheskikh repressij (20-50-e gody XX veka). T. 6: Ispravitel'no-trudovye lagerya v Kazahstane: Karlaga. Sbornik dokumentov i materialov. Sostaviteli toma: Z.G. Saktaganova, A.U. Aupenova [Materials of the State Commission for the Complete rehabilitation of Victims of Political Repression (20-50-ies of the XX century). Vol. 6: Correctional labor camps in Kazakhstan: Karlaga. Collection of documents and materials. The compilers of the volume: Z.G. Saktaganova, A.U. Aupenova] / Pod obshch. red. E.T. Karina. – Astana, 2022. – 388 s. [in Russian].

Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 28 noyabrya № 1255. «Ob utverzhdenii natural'nykh norm pitaniya i material'no-bytovogo obespecheniya podozrevaemykh, obvinyaemykh, osuzhdennykh i detej, nahodyashchih'sya v domah rebenka uchrezhdenij ugovovno-ispolnitel'noj sistemy, i obrazcov formy odezhdy osuzhdennykh [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated November 28, No. 1255. "On approval of natural norms of nutrition and material and household support for suspects, accused, convicted persons and children in children's homes of institutions of the penal enforcement system, and samples of convicts' uniforms] // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1400001255> (Request data: 30.03.2023) [in Russian].

Reent YU.A. Problemy obespecheniya rezhima trudovoj deyatelnosti podrazdelenij GULAGa v usloviyah voennogo vremeni (1941-1943 gg.) [Problems of ensuring the regime of labor activity of gulag units in wartime conditions (1941-1943)] // Penal enforcement law. 2015. No. 3 (21) - pp. 132-137. [in Russian].

Siganova T.V. GULAG v gody Velikoj Otechestvennoj vojny // [GULAG during the Great Patriotic War] // Omsk Scientific Bulletin. 2004. № 4 (29).

Smykalin A.S. Pitanie v lageryah i tyur'mah Sovetskoj Rossii: Istoricheskij aspekt [Smykalin A.S. Pitanie v lageryah i tyur'mah Sovetskoj Rossii: Istoricheskij aspekt // Pravovedenie. – 1998. - № 4. – S. 80-89 [in Russian].

Shaimukhanov D.A., Shaimukhanova S.D. Karlag. – Karaganda, 1997. – 175 p. [in Russian].

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОСТАНДЫҒЫ, ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ АУМАҚТЫҚ
ТҮТАСТЫҒЫ ҮШІН КҮРЕСУШІЛЕР – ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ РЕТІНДЕ
БОРЦЫ ЗА СВОБОДУ, НЕЗАВИСИМОСТЬ И ТЕРРИТОРИАЛЬНУЮ ЦЕЛОСТНОСТЬ
КАЗАХСТАНА КАК ЖЕРТВЫ РЕПРЕССИЙ
FIGHTERS FOR FREEDOM, INDEPENDENCE AND TERRITORIAL INTEGRITY
OF KAZAKHSTAN AS VICTIMS OF REPRESSION**

ХҒТАР 03.20.00

**МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТИҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ
АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА**

Маликова Сауле Зейнуллиновна^{1*}

¹Тарих ғылымдарының кандидаты, Солтүстік Қазақстан облыстық архивтің директоры. Қазақстан, Петропавл қ. E-mail: malikova_saule@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4777-0649>

*Автор-корреспондент

Аңдатпа. Қазақтың ұлы ақыны, азаттық үшін күресте жанын қиған аяулы ұлдарының бірі – Мағжан Жұмабаевтың ардақты аты арамызға оралғалы отыз жыл болып қалды. Осы кезеңде, әсіресе коммунистік идеология құрсауынан босанып, тарихи дамудың Тәуелсіз жолына түскеннен бері, Мағжан есімін қастерлеп, ақынның өмірі мен шығармашылығы жан-жақты зерттелуде. Әлеуметтік әділетсіздік құрсауын бұзып шығып, «Гуннан туған Күн ұлы» екендігін архив деректері арқылы дәлелдеп, Мағжан біздің заманымыз үшін де «Жастардың ой-санасының әміршісі» екенін өз халқы ғана емес бүкіл Түркі әлемі мойындап отырғанын халықаралық «Түріксой» ұйымының 2018 жылды «Мағжан жылы» деп жариялауы дәлел екенін көреміз.

Түйін сөздер: Мағжан Жұмабаев, ақын, «Шолпан» өлеңдер жинағы, Алаш қайраткерлері, Омбы облыстық қазақ комитеті, «Жас Азамат» газеті, «Бостандық туы» газеті, 1921-1922 жылдары Солтүстік Қазақстандағы ашаршылық, «Табалдырық» манифесі, Қызылжар, деректер, Тюрксой, архив.

МРНТИ 03.20.00

**ЖИЗНЬ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА
В АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ**

Маликова Сауле Зейнуллиновна^{1*}

¹Кандидат исторических наук, директор Северо-Казахстанского областного архива. Казахстан, г. Петропавловск, E-mail: malikova_saule@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4777-0649>

*Автор-корреспондент

Аннотация. Тридцать лет прошло с тех пор, как к нам вернулось почетное имя Магжана Жумабаева, великого казахского поэта, одного из его любимых сыновей, погибших в борьбе за свободу. В этот период, тем более что он освободился от тисков коммунистической идеологии и вступил на самостоятельный путь исторического развития, жизнь и творчество поэта подробно изучаются, почитая имя Магжана. Преодолевая социальную несправедливость и доказывая архивными данными, что Магжан есть «сын Солнца, рожденный от Хунна», не только его собственный народ, но и весь тюркский мир признает, что Магжан является «властителем умов молодежи» для нашего времени.

Ключевые слова: Мағжан Жұмабаев, поэт, сборник стихов «Шолпан», деятели Алаш, газета «Жас Азамат», омский областной казахский комитет, газета «Бостандық туы», голод 1921-1922 годах в Северном Казахстане, манифес «Табалдырық», Қызылжар, Тюрксой, архив.

IRSTI 03.20.00

LIFE AND WORK OF MAGZHAN ZHUMABAYEV IN ARCHIVAL DOCUMENTS

Malikova Saule Zeynullinovna^{1*}

¹Candidate of historical sciences director of the North Kazakhstan regional archive. Kazakhstan, Petropavlovsk. E-mail: malikova_saule@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4777-0649>

*Corresponding author

Abstract. Thirty years have passed since the honorable name of Magzhan Zhumabaev, the great Kazakh poet, one of his beloved sons who died in the struggle for freedom, returned to us. During this period, especially since he was freed from the grip of communist ideology and entered the independent path of historical development, the life and work of the poet are being studied in detail, honoring the name of Magzhan. Breaking through social injustice and proving through archival data that Magzhan is the "son of the sun born from Hun", not only his own people but the whole Turkic world recognizes that Magzhan is "the ruler of the minds of the youth" for our time. ", we can see that it is proof.

Key words: Magzhan Zhumabayev, collection of poems «Sholpan», newspaper «Zhas Azamat», Omsk regional Kazakh committee, newspaper «Bostandyk tuy», famine in 1921-1922 in North Kazakhstan, manifesto "Tabaldyryk", Kyzylzhar, Tyurkoy, archive, poet.

Кіріспе. Құжаттарға іздеу жүргізіп, анықтап, көзі көргендер мен туған – туыстарының естеліктері, ғалымдар мен өлкетанушылардың газет және журнал беттерінде Мағжан Жұмабаев (1893-1938) жөнінде жаңа деректер, оның өмір тағлымын, азамат, ақын, қайраткер тұлғасын ашуда жаңа қырларынан көрсетеді.

Мағжанның оқуы мен қызмет етуінде туған өлкесі Қызылжардың орны ерекше.

Қызылжарда Мағжанның тамаша туындылары жарыққа шықты, осында жанын тербеткен шабытпен Мағжан биік поэзия әлемінде талмай қалқып, алып ақынға айналды. («Туған жер», 382).

1915 ж. Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде Мағжан жерлес досы Бекмұхамед Серкебаевпен, башқұрттың көрнекті ақын-жазушылары Шайқызада Бабичпен және Сәйфи Құдашпен оқуын жалғастырды:

«Шайқызада мен Мағжан екеуі біздің медресе мақтаныштары болды. Шығыстың барлық білімін меңгерген жас Мағжан өз замандастарын таң қалдырды. Ол араб-парсы және түркі текті тілдерді жетік білді – дейді Бекмұхамед Серкебаев өз естелігінде (СҚМА, 1370:1).

1912 жылы Қазанда Мағжанның «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шықты. Қазір біздің қолымызда ақының баспадан шыққан тұңғыш өлеңдер жинағы да бар. Бұл 1912 жылы Қазан қаласындағы Каримовтер баспаханасында басылып шыққан «Шолпан» кітабы. Кітап Қазақстан Ғылым академиясы әдебиет және өнер институтының ғылыми кітапханасының қолжазба бөлімінде сақталған. Осыған дейін әдебиет пен өнер зерттеушілері бұл басылымның елімізде сақталғанын білмей келген.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының методологиясы объективтік, тарихилық, салыстырмалы талдау мен жинақтау қағидаларына сәйкес алынды. Тарихи құжаттар, деректер салыстырмалы әдіспен сараптаудан өткізіліп, архив деректерін талдау арқылы анықтауға талпыныс жасалды. Сонымен қатар кейінгі кезде қалыптасып келе жатқан тың бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдар, жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан жазылған еңбектер басшылыққа алынған.

Талқылау. Мағжанның «Шолпан» өлеңдер жинағының тарихына келсек, жас ақынның әдемі өлеңдер жазып жүрген талабын, ұстазы, Ғалымжан Ибрагимов аңғарған. Ғ. Ибрагимов Мағжан өлеңдерінің қолжазбасын Қазандағы Каримовтар баспаханасына тапсырады, ол 1912 жылы кітап болып басылып шыққан.

Абайдың өлеңдер жинағы 1909 жылы Петербургте басылып шықса, іле сала жас Мағжанның кітабының жарық көруі оның танымал болып келе жатқан ақын екенін көрсеткен еді. Міне, енді сол Мағжанның алғашқы өлеңдер жинағымен баршамыз таныстыуға мүмкіндік туып отыр.

Кітаптың бас тақырыбының астына төрт жол эпиграф берілген:

Жетсе егер қорқынышты қара түнім,

Басса от, тілім қурап, шықпай тәнім.

Көңілашар, кеудеме жан кіргізер

Өлең – менің Шолпаным, Күнім, Айым.

Жинаққа автордың отыз өлеңі кірген: «Өлең», «Ант қайда?», «Жатыр», «Жазғы таң», «Атақты ақын, сөзі алтын, хакім Абайға», «Сорлы қазақ», «Туған жерім – Сасықкөл», «Бала мен түс», « Қазағым», «Бұлбұл» және т.б. Кітап 50 беттен тұрады. Соңында осы баспаханнан шыққан қазақ тіліндегі кітаптардың жарнама тізімі берілген.

Уфадан оралған Мағжан, қазақтың азаматтық ұраны болған «Оян қазақ!» өлеңдер жинағының авторы Міржақып Дулатовпен кездесіп, оның кеңесімен орыс және әлем әдебиетінің шығармаларымен танысады.

1917 жылдардағы Ақпан, Қазан төңкерістерінде Мағжанның саяси қызметі басталды. 1917 жылы сәуірдің 25-нен мамырдың 7-не дейін Ақмола, Атбасар, Омбы, Петропавл уездерінің делегаттары Омбы қаласында Ақмола облыстық қазақ съезін өткізді. Алаш қайраткері Ережеп Итбаев, бастаған ұйымдық комитет жұмысына Мағжан Жұмабаев қатысты. Мәжілісте 10 адамнан тұратын Омбы облыстық қазақ комитеті құрылды. Төрағасы Айдархан Тұрлыбаев. Сөйтіп, Қызылжар өлкесінде ұлттық мемлекеттік билік органдары қалыптаса бастады.

1917 жылы 21 шілдеде ашылған 1-ші жалпықазақ съезі Ресей мемлекеттілігі және оның құрамындағы Қазақстанның тағдырын қарап, «автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін құру» идеясын ұсынды. Съезд Ресей құрылтайына депутаттыққа кандидаттар тізіміндегі ұлт зиялыларының ішінде Әлихан, Ахмет, Міржақып, Халелдермен бірге Мағжан да сайланды. Осылай Алаш саяси партиясының негізін қалаушылардың қатарында Мағжан Жұмабаев болғанын көреміз (СҚМА, 1:33).

Ал 1917 жылы желтоқсандағы бүкілқазақ II съезінде Алаш автономиясы жарияланып, Алаш Орда үкіметі құрылғанда, оның құрамында Солтүстік өңірдің өкілдері болды. Олар: Мағжан Жұмабаев, Айдархан Тұрлыбаев, Кошмұхамед Кеменгеров, Жұмағали Тілеулин, Ахмет Жанталин.

Мағжан өміріндегі аса бір бедерлі белес, оның қайраткерлігін айғақтайтын 1918-22 жылдар. 1918 жылы 30 шілдеде шыға бастаған, қазақтың ұлттық баспасөзінің тарихында елеулі орны бар «Жас азамат» газеті ұлт тәуелсіздігін жақтап, отаршылдық езгіге қарсы тұрған қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси газеті болды. Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін!» деген өлеңі осы газеттің 18 тамыз 1918 жылы 3-ші нөмірінде басылып шықты, Бұл өлең сол замандағы қазақ жастарының ел-жұрт алдындағы тарихи міндетін көрсетіп берген бағдарлама десе болғандай дей отыра, осы өлеңнің бірінші рет жариялануы дейміз.

Өлеңнің беташары ретінде «Жас Азамат» газеті мынадай сөздер жазыпты: «Жастар! Алда жүрген, Алаш жолына аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі, өрнек алыңдар. Елдіктен, ерліктен айырылып, екі жүз жылдай еңсесі түскен елді ойлаңдар. Күнді - түн, жақынды – жат, пайданы – зиян деп жүрген, толық саяси хұқықтарын іздеп алуға ер жетіп, есі кірген елді ойлаңдар!» дейді, ал Мағжан өзінің атақты «Мен жастарға сенемін!» деген өлеңінде:

Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты.

Қырандай күшті қанатты

Мен жастарға сенемін!..

Мағжан Жұмабаев 1920 жылдың басында Омбыда шыққан «Кедей сөзі» газетінің және кейінірек Петропавлда жарық көрген «Бостандық туы» (қазіргі облыстың «Солтүстік Қазақстан») газетінің жауапты редакторы болып тағайындалды. Сол газетте басылған «Автономия кімдікі?» - мақаласында Мағжан 1920 жылы 26 тамызда жарияланған қазақ автономиясы: «Айлы, күнді, қанды, отты тарихы бар; кең, бай, терең тілі, әдебиеті бар; басқаларға үйлеспейтін төресі, шаруасы бар – қазақтыкі. ...Жүз жылдар орыс ақсүйектері мен байларының тепкісінде елдігін ұмытпаған Алаштікі. «Аязды күні айналған, Бұлтты күні толғанған, Құрығын найзадай таянған, Қу толағай жастанған, Ер қазақтың автономиясы бұл!»

- деп, халыққа сөз тастап, қазақтың осы мемлекеттік құрылымын нығайтуға шақырады (Кедей сөзі, 1921).

Мағжан шығармаларында қоғамдық дамуды таптық жолмен қарауға қарсы шықты. Сондықтан да, басылым атауының «Кедей сөзінен» «Бостандық туына» алмастырылғаны Мағжанның тікелей қатысуымен жүргізілгені туралы пікірді де қолдаймыз.

1921-1922 жылдары Қазақстанды ашаршылық қамтыды. Ақмола губерниясында 1921 жылы наурызда 1021 мың адамның 472 мыңы аштыққа ұшыраған. Солтүстік Қазақстан облыстық архив деректері: «1921 ж. аяғында Аш босқындар күннен-күнге көбейіп барады. Петропавл және Атбасар уездерінде олардың саны отыз мыңнан асып кетті. Атбасар және Көкшетау уездерінде жергілікті 62 мың қазақ пен 30 мың орыс аштыққа ұшырады. Ал 1922 жылғы қаңтардың алғашқы 25 күнінде Петропавлда 70 адам аштан өлді, 105 адам ісіп-кепті. Дәл қазір 70 адамның мәйіті тамақ пунктінің қорасында үюлі жатыр. Коммуналдық шаруашылық бөлімі көшеде аштан өлгендерді жинап, көмуге үлгере алмауда. Ақпан айында жағдай тіпті асқынып кетті. Күн суытты. Жер-жерден үрейлі хабарлар келіп жетті. Аштық пен ажал аранын ашып, Қазақстанның солтүстігінен, орталыққа қарай жылжи тарап барады. Оны тоқтатар күш жоқ сияқты.

Көкшетау уезіндегі болыстарда аш-арықтар саны 150 мың адамға жетті, оның ішінде 130304 адам мүлде аш. Әсіресе қазақ болыстары қатты күйзеліс үстінде. Аштар қайыңның қабығын, ағаштың мүгін, тіпті ұн араласқан топырақ жеуге мәжбүр. Атбасар уезінде арам өлген малдардың терісін, сүйегін кеміруде»-деп мағлұматтар береді (СҚМА, 1:33).

1922 жылы 5 мамырда Қызылжарда аштыққа қарсы күрес жөніндегі төтенше комиссияның мәжілісі болды. Мәжіліске Көкшетау, Атбасар, Петропавл уездерінде орналасқан қазақ ауылдарының қиын жағдайы тұңғыш рет баса көрсетілді. Қабылданған қаулыда Помгол комиссиясының құрамына қазақтардан адам кіргізу туралы Мағжан Жұмабаевтың ұсынысы қабылданып, ол аштыққа қарсы күрес комиссиясының төрағаның орынбасары болып бекітілді.

Сол күні, 1922 жылы 5 мамырда, М. Жұмабаев Қостанай губкомының өкілдері ретінде Любимов пен Ключковты Семей губерниясына іс-сапарға жіберу қағазына қол қояды. Ертеңіне, яғни мамырдың 6-күні Иван Михайлович Бебен мен Георгий Елисеевич Сальниковты Петропавл уезі Вознесен болысы Надежда поселкесінің өкілдері ретінде Ақмола уезіне мал мен астық жинауға жіберіп, мандаттарына қол қояды.

Сол күні Мағжан аштыққа қарсы күрес үшін жедел түрде уездік Помголдің құрамына қазақ қызметкерлерін енгізу қажеттігін тағы да баса айтып, бұл жұмысқа Ерденев, Бегішев, Байғазин, Төкібаевті ұсынады (СҚМА, 3:134).

Мағжан мамырдың 22 – күні Жакупов Ғалымның Сарыайғыр, Келтесор, Тайынша, Жамантұз, Торанғұл болыстарына аштыққа ұшырағандарға көмек көрсетуге жібере отырып, нақты тапсырмалар берген. Жергілікті органдардың аштыққа ұшырағандардың тізімін, жедел түрде ақпарат беру, азық-түлік қорын есепке алып, аштарға дұрыс бөлінуіне, жиналған көмекті Помголдың рұқсатымен тарату қажеттігіне баса назар аударған.

24 мамырда мухтасиб Абдухаликовқа мұсылман халқынан көмек жинап, оның 25 пайызын Помгол қорына, 75 пайызын Қызылжардың аштарына тарату туралы құжатқа қол қойған.

1922 жылғы 9 маусым күні ПОМГОЛ төрағасының орынбасары Жұмабаев губерниялық әскери комиссар Приморскийге қазақтың 100 жетім баласын және мүмкін болғанша орыс балаларын қамқорлыққа алуды сұрап, хат жолдайды (СҚМА, 3:238).

1922 жылғы 11-маусым күні Мағжан «Мир труда» газетінде мақала жазып, қазақ даласындағы аштықтың тұтас ұлтқа қатер төндіріп отырғанын көрсетіп, ащы шындықты жайып тастайды: «С осени 1921 года наша Акмолинская губерния сделалась ареной смертного шествия немого царя. С тех пор киргизы нашей губернии на почве голода переживают те же испытанья и страданья, каковым в течение двух лет подвергнуты их братья в верхних губерниях Киргизской Республики. Перед мной лежат официальные отношения нескольких Киргизских волисполкомов Петропавловского и Кокчетавского уездов. Именалинский волисполком пишет: «В нашей волости голод начал сильно чувствоваться с ноября 1921 года. Все бедное население волости до осени, съев весь свой скот, всю зиму поголовно занималось скотокрадством. Небывалый джугт прошлой зимы скопил почти весь скот, каковой сократился до 70 процентов. Люди пухнут и умирают... На почве голода разрушается, киргизские хозяйства и сам народ подвергнут нравственному разложению. Пора услышать стон Сары-Арки

и понять полное страданий жуткое молчание киргизского народа» (Газета «Мир труда», 1922). Осылай жасанды туған аштықтың зардаптарына өкіметтің назарын аударып қана қоймай, Мағжан аштыққа ұшыраған халыққа тікелей көмек ұйымдастырудың бел ортасында жүрді.

Кеңес үкіметі Мағжанның бұл белсенділігін сырт қалдырмады. Алғашында ақынның шығармаларына тыйым салудан басталған қудалау, біртіндеп оның Қызылжарын тастап, бас сауғалауға мәжбүр етті.

Мағжан ғұмырнамасының іздері жақында Ресейдің әлеуметтік-саяси тарих архивінде (Москва қ.) де бар екені анықталды. Айталық, 1917 жылдың наурызынан қарашаға дейін Ақмола облыстық қазақ комитеті ағарту бөлімінің меңгерушісі болған.

1922-1923 жылдары Ташкентте қазақ оқу-ағарту институтының лекторы (оқытушысы), Түркістан Республикасы мемлекеттік ғылыми Кеңесі құрған Қазақстанды зерттеу қоғамы төрағасының орынбасары.

Қоғам төрағасы Халел Досмұхамедов, мүшелері: Мұхтар Әуезов, Мұхаметжан Тынышпаев, Александр Есполов. Қоғамның мақсаты – қазақ халқының мәдени дамуына жағдай жасау. (қазақ тілі мен терминологиясы, әдет-ғұрпы тарихы, ұлттық өнері, мектептерде сабақ беру, ғылым және өнер адамдарына қолдау).

1923 жыл Түркістан республикасының квотасымен Мағжан мемлекеттік стипендия алып, Москваға оқуға кетеді. Онда Жоғары көркем – әдебиет институтында (3 жылдық) 1924-1925 жж. оқыған.

Мағжанның өзі жазғандай, 1923 жылдың соңында Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетіне (КУТВ) штаттан тыс лектор қызметіне алынады. Сонымен қатар, Москвадағы КСРО халықтары кіндік бапасының қазақ-қырғыз бөліміне қызметке кірді. Өз шығармашылығымен қатар мекеменің арнаулы аудармасымен де айналысады (РГАЛИ, 337).

Мағжанның осы баспада басылып шыққан кітаптар тізімін айтсақ олар: «Сауатты бол» (Ересектердің сауатты болуына қолғабыс қылатын кітап), аудармалары: 2 бөлімнен тұратын В. Лениннің «Февральдан Октябрьге бет алу» (6000 дана), «Қара шаруа туралы» (8000 дана); М.Горькийдің «Сұңқар жыры», Вс. Иванов «Төрт әңгіме», Кременский мен Лонковичтың кітапшалары бойынша «Күркіреу, найзағай, электр» (4000 дана), Ж. Карревиннің «Дүниенің тарих, шаруа жағрафиясы және т.б.

Мағжанмен бірге Москвада Зылиха, қайын енесі Ғадам Жалтырова және он жасар інісі Сабыржан тұрған. Сабыржан Москваның № 19 мектебінде оқыған екен.

1923-1924 жылдары М. Жұмабаев ұсынған «Табалдырық» манифесі жөнінде тарих ғылымдарының докторы, профессор М. Қойгелдиев: «бұл Алаштың шығармашылық саласындағы ортақ ұстанымын білдірген бағдарламалық құжат болатын. Мағжан бұл құжатты Мәскеуде жүріп даярлап, елдегі түрлі орталықтарда жүрген белгілі қазақ зиялыларына, ең алдымен ақын, жазушы және журналистерге таратып, пікір білдірулерін, лажы болса баспасөзде жариялап, оны кең аудиториямен таныстыру жағын қарастыруларын өтінуі де сондықтан еді. «Табалдырықтың» авторы шығармашылық кемеліне жеткен Мағжан болатын, ал оның артында Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов сияқты ұлт-азаттық күрестің көшбастаушылары тұрды.

«Табалдырықтың» бағдарламалық күш-қуаты оның сол бір күрделі тарихи кезеңде қазақ қаламгерлері үшін ең өзекті қоғамдық мәселелерге қатысты өз тұжырымдарын ортаға салуында еді. Сондай-ақ, онда жасалынған тұжырымдар большевиктік билік ұсынған идеологиялық ұстанымдардан анағұрлым кең ауқымды еді, ал оның авторының жалпыадамзаттық құндылықтарды елеп-екшеу дәрежесіне көтерілгендігі анық аңғарылып тұрды. Манифестің ұстанымы: қазақ әдебиеті өзгеру жолында тұрған елінің өмірлік мәселелерінен тысқары бола алмайды, ол – уақыт ағымындағы ұлттың қоршаған ортаға, түрлі өзгерістерге, тұрмысқа деген өзіндік көзқарасы, философиясы. Басқаша айтқанда, әдебиет – таза ұлттық құбылыс» - деді («Солтүстік Қазақстан», 2009).

1927 жылы туған еліне қайтып оралып, 1929 жылға дейін Петропавлдағы қазақ педагогикалық техникумы мен кеңес-партия мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген. Архивімізде тынымсыз жүргізілген іздеу жұмыстарының нәтижесінде Мағжанның өзі толтырған анкеталық құжат табылды. Ақын бұл анкетаны 1927 жылы Петропавл қаласындағы орыс педтехникумында оқытушы болған кезінде толтырған. Құжаттың сұрақтарына жауап бере келіп, Мағжан:

1) Өзінің туған күні, айы мен жылын 1893 жыл 7 қараша,

2) Туған жерін – Петропавл уезі, Бейнетқор ауданы, алтыншы ауыл деп жазыпты.

Білімі туралы: 1) Омбыдағы мұғалімдер семинариясында төрт жыл оқып, 1917 жылы аяқтаған;

2) 1918 жылы мұғалімдер институтында оқығаны тың дерек;

3) Мәскеудегі әдебиет және көркемөнер институтына 1923 жылы түсіп, екі жыл оқыған, бірақ оқу орнын аяқтамағанын осы құжаттан көріп отырмыз.

Жұмысы: 1927 жылы Мағжан орыс педагогика техникумында қазақ тілінен сабақ берген. Бірақ, негізгі қызмет орны деп Петропавлдағы совет-партия мектебін атаған.

Ол анкетаны 1927 жылғы 12 желтоқсанда өз қолымен толтырып, құжат соңына Мағжан Жұмабаев деп өзінің қолын қойған (СҚМА, 535:43).

Осынау жаңа мағлұматтар 2018 жылы ақпан айының 15-20 күндері халықаралық Түріксоy ұйымының ұйымдастырумен, ақын атамыздың туғанына 125 жыл толуына орай, Анкарада өткен халықаралық симпозиумда жария етілді.

Мағжан 1937 жылдың наурыз айында Алматыға келеді. Сол жылы 30 желтоқсанда қайтадан тұтқындалып, «кеңес өкіметіне қарсы күрес жүргізіп, Жапонияның пайдасына шпиондық жасады», - деген жалған айыппен, ату жазасына кесіледі.

Зерттеу нәтижелері. Бұл мақаланы, зерттеушілер ең алдымен, Мағжан Жұмабайдың өзі жазған өмірбаянынан, тергеуде айтқан деректерден тек қана шындық тұрғысындағы мағлұмат ұсынуды мақсат етті. Халық арасында, анау айтыпты деген деректер тексерілді. Сенімсіздеріне орын берілген жоқ.

Қорытынды. Тәуелсіздік алған халқымыз сүйікті ұлын, жыр пайғамбарын қолынан түсірмей, төбесіне көтеріп, тағзым етті. 125 жылдық мерейтойы Қызылжар жерінде республикалық дәрежеде салтанатпен атап өтілді. Петропавлдың ең үлкен көшелерінің біріне есімі беріліп, қаланың вокзал бөлігінде еңселі ескерткіші орнатылды. Бір кезде өзі сабақ берген педтехникум орнындағы колледж де ұлы ақын атын алды. Оның кіндік қаны тамған Булаев ауданы Мағжан Жұмабаев атындағы аудан болып өзгертілді. Жыр пайғамбары Мағжан Жұмабаевтің өмірі мен шығармашылығы зерттеу жалғасуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Жұмабаев М. Туған жер. – Петропавл, 2008. – 382 б.

Кедей сөзі. – 1921. – 12 қаңтар.

Мир труда. – 1922. – 11 маусым.

Ресей мемлекеттік әдебиет және өнер архиві (РМӨӨИ). 596-қ. 1-т. 337-іс.

Солтүстік Қазақстан. – 2009. – 28 қазан.

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві (СҚМА). 1370-қ. 1-т. 1-іс.

СҚМА. 1370-қ. 1-т. 3-іс.

СҚМА. 1616-қ. 1-т. 1-іс.

СҚМА. 1616. 1-т. Іс 3.

СҚМА. 2-қ. 1-т. 535-іс.

References

Zhumabaev M. Tugan zher. – Petropavl, 2008. – 382 p.

Kedey sozy. – 1921. – January 12.

Mir truda. – 1922. – June 11.

Russian State Archive of Literature and Art (RSALA). F. 596. In. 1. C. 337.

Soltustik Qazaqstan. – 2009. – October 28.

State archive of North Kazakhstan (SANK). F. 1370. In. 1. C.1.

SANK. F. 1370. In. 1. C. 3.

SANK. F. 1616. In. 1, C. 1.

SANK. F. 1616. In. 1. C. 3.

SANK. F. 2. In. 1. C. 535.

ХҒТАР 03.20.00

АЗАТТЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕС: БИЖАН БІЛӘЛОВ ІСІ

Махат Данагүл Ахметкәрімқызы^{1*}

¹Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының меңгерушісі. Қазақстан, Астана қ., E-mail: danagul77@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-8038-2680>

*Автор-корреспондент

Аңдатпа. Мақала Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылдың 24 қарашасындағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығын орындау және 2021 жылдың қаңтар айында жариялаған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында айтылған ХХ ғасыр тарихының ақтаңдақтарын терең зерттеп, ақиқатын ашу туралы ой-пікірлерін қолдай отырып, мәселені тарих ғылымы тұрғысынан зерделеуге арналған. Автор ұсынып отырған мақаласында бүгінгі күнге дейін өзекті мәселенің бірі – ХХ ғасырдың 50-60 жылдарындағы қоғамдық-саяси ахуал, осы кезеңдегі қазақ жастарының белсенділігі және саяси диссиденттер мәселесін қарастырған. Ұзақ жылдар архивтің «аса құпия» қорында сақталып, есімі елге белгісіз болып келген азаттық жолындағы күрескер Бижан Біләловқа қатысты тың деректерді ғылыми айналымға қосқан. Автор бір партиялық тоталитарлық жүйе идеологиясы мен саясатына қарсылық білдіргендерге ресми билік органдары мен қоғамның көзқарасын, күрес әдістерін және бақылау түрлерін архивтердегі «құпия», «аса құпия» деректер негізінде анықтауды, сонымен қатар саяси қуғын-сүргіннің зардаптары мен қасіретін ашып көрсетуді мақсат еткен.

Түйін сөздер: Қазақ, Бижан Құтыбайұлы Біләлов, ұлт-азаттық күрес, КСРО, коммунистік партия, саяси қуғын-сүргін, диссидент, жастар қозғалысы, психиатриялық аурухана.

MRSTI 03.20.00

THE STRUGGLE FOR FREEDOM: THE CASE OF BIZHAN BLALOV

Makhat Danagul Akhmetkarimkizi

¹Doctor of Historical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU Head of the Otyrar Kitap Khanasy Scientific Center. Republic of Kazakhstan, Astana. E-mail: danagul77@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8038-2680>

*Corresponding author

Abstract. The article is devoted to the execution of the Presidential Decree of November 24, 2020 On the State Commission on the Full Rehabilitation of Victims of Political Repressions and the study of issues from the perspective of history, supporting reflection on the disclosure of the truth and deepening of the historical problems of the twentieth century, presented in the article «Independence is Greater than Anything» which was published in January 2021. In the article the author considers one of the still relevant issues of socio-political situation in the 50-60 years of the twentieth century, the activity of Kazakh youth and the problem of political dissidents during that period. New information about the freedom fighter Bijan Blalov, whose name for many years was unknown in the country and was kept in the «top secret» archive fund, is introduced into the scientific turnover. The author's aim was to reveal, on the basis of «secret» and «top secret» archival data, the attitudes of official authorities and society toward opponents of the ideology and policies of the one-party totalitarian system, methods of struggle and types of control, as well as to describe the consequences of political repression.

Key words: Kazakhstan, Bizhan Kutubaiuly Blalov, national liberation struggle, USSR, Communist Party, BK(b)P, political persecution, dissident, youth movement, psychiatric hospital.

МРНТИ 03.20.00

БОРЬБА ЗА СВОБОДУ: ДЕЛО БИЖАНА БЛАЛОВА

Махат Данагүл Ахметкаримқызы^{1*}

¹Доктор исторических наук, профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева Директор научного центра «Отырар кітапханасы», Республика Казахстан, Нур-Султан. danagul77@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8038-2680>

*Автор-корреспондент

Аннотация. Статья посвящена исполнению Указа Президента Республики Казахстан от 24 ноября 2020 года «О Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий» и изучению вопросов с точки зрения исторической науки, поддерживая размышления о раскрытии истины и углублении проблем истории XX века, изложенных в статье «Тәуелсіздік бәрінен қымбат», опубликованной в январе 2021 года. В представленной автором статье рассматривается один из по сей день актуальных вопросов общественно-политической ситуации в 50-60-е годы XX века, активность казахской молодежи и проблема политических диссидентов в тот период. В научный оборот введены новые сведения о борце за свободу Бижане Блалове, имя которого долгие годы было неизвестно для страны и хранилось в «совершенно секретном» фонде архива. Целью автора было на основе «секретных» и «совершенно секретных» архивных данных раскрыть отношения официальной власти и общества к выступавшим против идеологии и политики однопартийной тоталитарной системы, методы борьбы и виды контроля, а также описать последствия политических репрессий.

Ключевые слова: Казахстан, Бижан Кутыбаевич Блалов, национально-освободительная борьба, СССР, коммунистическая партия, БК(б)П, политическая репрессия, диссидент, молодежное движение, психиатрическая больница.

Кіріспе. КСРО-ның қоғамдық-саяси өмірінде орныққан әкімшіл-әміршіл жүйенің қуғандуалары мен айыптаулары 1941-1945 жылдары болған соғыс салдарынан бәсеңсігендей болғанымен, соғыстан кейін қайта қаһарына мінді. Оған БК(б)П Орталық Комитетінің 1946 жылдың 14 тамыздағы «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы қаулысы нақты дәлел бола алады. Қазақстан партия комитеттері өз жұмысын жоғарыда аталған қаулы аясында жүргізді. КСРО құрамындағы барлық республикалардың, оның ішінде Қазақстанның да қоғамдық-саяси, рухани-мәдени өмірі бір партиялық (коммунистік партия) жүйенің бақылауына алынды.

Мәскеу мен Ленинградта «Ленинград ісі», «Дәрігерлер ісі» жүріп жатқанда Қазақстанда талантты қазақ тарихшы-ғалымы Е.Бекмахановқа қарсы «Бекмаханов ісі» ұйымдастырылып, Кенесары мен Абайға қатысты шығармалар мен ғылыми ой-пікірге қарсылық күшейді. Е.Бекмахановпен қатар басқа да көрнекті ғалымдар мен жазушылар, журналистер саяси және буржуазиялық-ұлтшылдық қателіктер жіберді деп айыпталды. Олардың қатарында А.Жұбанов, Х.Жұмалиев, Б.Шалабаев, М.Әуезов, Б.Сүлейменов, Е.Смайлов, Ә.Марғұлан, А.Мұздыбаев және басқа азаматтар болды.

«Космополитизммен», яғни шетел мемлекеттерінің мәдениетіне көңіл бөлушілермен күрес науқанында 1917 жылғы қазанға дейінгі кезеңде қазақ халқының рухани-мәдени өміріне өткір шығармаларымен үн қосып, еркіндікті аңсаған Шортанбай, Мұрат, Дулат («Зар заман» ақындары) және О.Қарашев феодалдық-реакцияшыл ақындар деп танылды. Б.Кенжебаев, Т.Нұртазин, Ә.Қоңыратбаев, Е.Бісмайылов және басқалар ұлтшылдар ретінде қудаланды.

1953 жылы 5 наурызда И.Сталин қайтыс болғаннан кейін елдің қоғамдық-саяси өміріне өзгерістер ене бастады, Қазақ КСР Ғалым Академиясының тарих, археология, этнография институтын, тіл және мәдениет институтын, Кеңестік жазушылар Одағын «ұлтшылдардан» тазалау науқаны тоқтатылды. 1930-1950 жылдары істі болғандарды, партия қатарынан шығарылғандарды ақтау мәселесі көтерілді. Баяу да болса қоғамда жүргізіліп жатқан өзгерістер тоталитарлық жүйенің ыдырай бастағанын көрсетті. Алайда, Н.С. Хрушев және оның төңірегіндегілердің И.Сталиннің жеке басына табыну мен елде орын алған оқшылықтарды

сынға алуы, орныққан жүйенің күйреуі емес еді. Кеңестік билік одақтас республикаларға толық еркіндік беру мәселесін күн тәртібіне қоймады, қайта патша өкіметінің Орта Азия мен Қазақстанды отарлауын ақтау мақсатында Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылғандығы кеңінен насихатталды. Сталиндік билік саяси айып тағып қуғындаған азаматтар толық ақталмады. Қазақ интеллигенциясының біразына кешірім жасалғанымен, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов және т.б. алаш қайраткерлерінің қызметіне әділ баға берілмеді. 1956 жылдың 19 желтоқсанында КОКП Орталық Комитеті жергілікті партия ұйымдарына «Партия ұйымдарының бұқара арасындағы саяси жұмысын күшейту және жау элементтердің антисоветтік бас көтеруіне тыйым салу жөнінде» арнаулы жабық хатын жолдады. Бұл жабық хат – елдің қоғамдық-саяси өмірінде айтарлықтай өзгеріс болмайтынын, кеңестік тоталитарлық жүйенің тұтқындау науқаны жасырын жағдайда жалғаса беретінін көрсетті. Қазақстанды орталықтан басқару ұлттық егемендікті толығымен шектеді. Оған қарсылық ретінде қазақ жастарының азаттық жолындағы күресі жалғасты. XX ғасырдың 50-жылдары Бижан Біләлов және басқалар жалғастырған ұлт-азаттық күресі кейінгі жылдары да жүріп жатты. Қазақ жастарының ұлттық санасын ояту мақсатында Мәскеуде оқитын қазақ жастары: Б.Тайжанов, С.Ақатаев, М.Тәтімов, М.Ауэзов «Жас тұлпар» атты ұйым құрды. Мұндай ұйымдар кейінірек Ленинградта, Киевте, Алматыда, Одессада, Ригада, Павлодарда, Қарағандыда, Ақмолада, Семейде, Шымкентте және басқа жерлерде пайда болды.

Методология. ҚР ҰҚК арнайы архивінен тың деректерді іздестіру, сараптама жасау және зерттеу жұмысы барысында XX ғасырдың 50-60 жылдарындағы қоғамдық саяси ахуалға, қазақ халқының азаттығы мен еркіндігі жолындағы күреске қатысты тың деректерге қол жеткіздік. Аталған архивтің құпия қорынан Бижан Біләловтың күнделіктері мен хаттары, өтініштері, мерзімді басылымдардың редакцияларына жолдаған мақалалары және тергеу материалдары табылды. Зерттеу барысында Б.Біләлов ісіне тіркелген тарихи деректер жүйеленіп, деректанулық талдау жасалды. Архивтердегі, сирек кітаптар мен қолжазбалар қорындағы, баспасөздегі және тарихнамалық деректердегі XX ғасырдың алғашқы жартысындағы ұлт мәселесіне, қазақ мәдениеті мен әдебиетіне қатысты материалдар салыстырыла зерттеліп, мәселеге қатысты қайшылықты көзқарастың тарихи себептері айқындалды. Б. Біләлов өзі өмір сүрген, XX ғасырдың 50-жылдары қоғамда орын алған олқылықтарды билік органдарына, мерзімді басылым редакцияларына хат, аноним хат, үнпарақ арқылы жеткізгені анықталды. Материалдардың мазмұны, хаттарды, аноним хаттарды жазу, жасау, тарату әдісі мен техникасы зерттелді. Б. Біләловтың күнделік дәптерде, хаттарда, мақалаларда жазылған ой-пікірлері бір-бірімен салыстырыла талдау жасалып, азаттық жолындағы күрес идеясының қайнары, барысы, нәтижесі жүйеленді. Хаттар, күнделіктер, мақалалар, тергеу ісіндегі Б.Біләловтың және куәгерлердің берген жауаптары, т.б. тарихи деректерді жүйелеу және зерттеу жұмыстары барысында Бижан Біләловтың өмірбаяны бір ізге түсірілді, оның қоғамдық-саяси көзқарасы мен ұстанымы айқындалды.

Ұлт-азаттығы жолындағы күрескер Бижан Біләловқа қатысты бұрын ғылыми айналымға қосылмаған тың деректерді зерттеуде жалпы ғылыми әдістерден: шолу, талдау, жүйелеу, салыстыру, индукция, дедукция, қорыту және басқа әдістер, нақты тарихи зерттеу әдістерінен: тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы, тарихи-жүйелілік әдістері қолданылды. Айта кеткен орынды, жоғарыда аталған мемлекеттік комиссияның саяси қуғын-сүргінге қатысты деректерді іздестіру, зерттеу, «құпия» және «аса құпия» құжаттарға сараптама жасау, құпиясыздандыруға ұсыну жұмыстары барысында XX ғасырға қатысты бұрын ғылыми айналымға қосылмаған мол дерек көзімен танысып, ұлт азаттығы жолындағы күрес үздіксіз жалғасып, тек қана күрес әдісі өзгеріп отырғандығына көз жеткіздік.

Талқылау. КОКП XX съезінен кейін Мәскеуде, Ленинградта және одақтас республикаларда тоталитарлық жүйенің кемшіліктерін сынау, ресми бір партиялық жүйеге оппозициялық көңіл-күй байқалды. Демократиялық қозғалысқа сталиндік тазарту мен қуғын-сүргін құрбандарының туыстары, жазушылар, ғалымдар және еркіндік аңсаған жеке адамдар мен топтардың өкілдері қатысты. 1950 жылдардың екінші жартысына қарай жеке адамдар, оншақты адамнан тұратын астыртын ұйымдар өздерінің талап-тілектерін партия, комсомол комитеттеріне, басшы қызметтегі жауапты адамдарға, газет-журнал редакцияларына хаттар арқылы жеткізіп, үнпарақтар арқылы таратты. Еркіндік аңсаған кеңес халқы Н.С. Хрущевтің

КОКП XX съезінде жасаған «Сталиннің жеке басына табыну туралы» баяндамасын үлкен үмітпен қарсы алды. Өкінішке орай, халық үміті ақталмады. КОКП Орталық Комитеті 1956 жылғы 19 желтоқсанда партия ұйымдарына жолдаған «Партия ұйымдарының бұқара арасында саяси жұмысын күшейту және антисоветтік, дұшпандық элементтердің қаскүнемдіктерінің жолын кесу туралы» хаты және осыған ұқсас «жабық хаттары» кеңестік-коммунистік жүйені тұрақтандыруға жұмыс жасады. «Жылымық» жылдары саяси қылмыскер ретінде жауапқа тартылған, мәжбүрлі түрде психиатриялық емдеуге жатқызылған азаматтардың көбінің есімі бүгінгі күнге дейін белгісіз болып келді. XX ғасырдың 50-жылдарындағы ұлт азаттығы жолындағы күрескер Бижан Біләловтың тағдыры соған дәлел.

Кеңестік әкімшіл-әміршіл тоталитарлық жүйеге, қоғамдағы заңсыздыққа қарсы тұрып, құқықтық мемлекет құруға талпынған адамдар диссиденттер деп аталды. Алайда бұл мәселе ұзақ жылдар бойы жабық тақырып саналды. Диссиденттік қозғалысқа қатысты алғашқы еңбектер 1980-1990 жылдары ғана жариялана бастады. Л.М. Алексееваның «История инакомыслия в СССР. Новейший период» (Алексеева, 1992) атты еңбегі – кеңес одағындағы ресми партиялық бағыттан өзгеше ойлайтындар туралы алғашқы еңбектердің бірі. Онда Кеңес одағындағы диссиденттік қозғалысқа қатысушылар туралы жүйелі сипаттап жазуға ұмтылыс байқалады. Ал, А.Н. Савельев өзінің «Политическое своеобразие диссидентского движения в СССР 1950-х – 1970-х годов» (Савельев, 1998) атты мақаласында диссиденттердің баспа ісі оның қоғамдық санаға, диссиденттік қозғалысқа әсері қарастырылған. Сонымен қатар А.Б. Безбородовтың тарихнамалық мақаласы (Безбородов, 1996) мен оқу құралын (Безбородов, 1998), А.А. Даниловтың (Данилов, 1995), А.А. Королевтың (Королев, 1997) т.б. басқа да еңбектерді атауға болады. Француз профессоры, политолог Сесиль Вессье өзінің «За вашу и за нашу свободу. Диссидентское движение в России» (Вессье, 2015) деген еңбегінде диссиденттік қозғалысқа қатысты мол тарихи дерекке талдау жасады. Бұл еңбектің құндылығы да сонда, автор Мәскеу, Париж және Еуропаның басқа да аймақтарындағы диссиденттерден алынған сауалнаманы кітапта дерек ретінде пайдаланды. Қазақ диссиденттері туралы Ә.Қара (Қара, 2012), Ж. Аупбаев (Аупбаев, 2020), С. Бейісбай (Бейісбай, 2021) және басқалар еңбектер жазып жариялады.

Қоғамда орын алған қайшылықты мәселелерді ашық айтқан, мерзімді басылымдарға мақала жазған, ресми органдарға өтініш білдірген жеке адамдар, ұйымдар мен топтар ресми органдардың бақылауына алынып, олардың еркін ой-пікіріне тиым салынды. Алайда, біз қарастырып отырған ұлт азаттығы жолында күрескен Алматы медициналық институтының 6 курс студенті Бижан Біләлов туралы бұрын айтылмады, «Бижан Біләлов ісі» ұзақ уақыт құпия сақталды. Ашық дерек көздерінде оның өміріне қатысты екі қысқа дерек кездеседі. Оның бірі Бижан Құтыбайұлы Біләлов туралы анықтама, екінші «Ашық тізім» (Открытый список). «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы» жұмыс тобындағы осы жолдардың авторы 2022 жылдың қараша-желтоқсан айларында ҚР ҰҚК АА Бижан Құтыбайұлы Біләловқа қатысты деректі тауып, құпиясыздандыруға ұсынған болатын. Арнайы комиссияның шешімімен құжаттың құпиялылығы алынып, кейбір деректер көп томдық құжаттар жинағының 11 томына (Касымов және т.б., 2022: 332-344) енгізілді. «Ұлт жады» журналына ұсынылып отырған мақала азаттық жолындағы күрескер Бижан Біләлов туралы алғашқы зерттеу болып табылады.

Зерттеу нәтижелері. Кеңестік билік пен коммунистік партияға қарсы пікірлері үшін Б.Қ. Біләловқа 1958 жылдың 12 тамызында бұлтартпау шарасын таңдау қаулысы (58-10. ч.2) толтырылып, осы жылдың 13 тамызында қамауға алынды. Бижан Құтыбайұлы Біләлов кім?

Бижан Құтыбайұлы Біләлов¹ 1930 жылы Қостанай облысы Амангелді ауданы Құмкешу ауылында дүниеге келген. Әкесі Құтыбаев Біләл, анасы Құтыбаева Ажар. Анасы 1941 жылы қайтыс болып, соғыс жылдарының ауыртпалығына, туған анасының дүние салуы қосылды. Бижан өзінің жазбаларында мінезі тұйық әрі аурушаң болып өскенін айтады. Анасы қайтыс

¹Оның өз қолымен жазған хаттарының бірінде Бижан Біләлұлы Құтыбай атасы деп жазған, соған қарағанда Бижан қазақы дәстүрмен ата-әжесінің бауырында өсіп, тегін үлкен атасына жазған болу керек. Біз зерттеуімізде архивте тіркелген құжатты негізге алдық. Ескерту: орыс тілінде жүргізілген тергеу ісінде «Біләлов Бижан Кутыбаевич» деп жазылған, біз іске тіркелген Б.Біләловтың өз қолымен қазақ тілінде жазғанындай Бижан Құтыбайұлы Біләлов деп алдық.

болған соң ол ағасының қолына келген, әкесі Біләл Басығарина Мәкен деген адамға үйленіп, одан екі ұл, екі қыз сүйген.

Бижан 1937 жылы Қостанай облысы Таран ауданы Екатериновка ауылындағы мектептің 1 сыныбына оқуға барып, 1-2 сыныпты осы мектепте оқыды. Ал, 3-5 сыныптарды Қостанай қаласында, 6-10 сыныптарды осы облыстың Амангелді ауданында² оқыды. 1948 жылы орта мектепті бітіріп, келесі оқу жылы (1949 жылы) Қостанай қаласындағы фельдшер-акушер дайындайтын мектепке (кейін медициналық училище деп аталды – Д.М.) оқуға түсті. Ол оқу орынын 1953 жылы бітіріп, сол жылы Алматы қаласындағы Қазақ медицина институтының санитарлық факультетіне құжат тапсырды. Қабылдау емтихандарынан сәтті өтіп, жоғары оқу орынына оқуға қабылданды.

Ол медициналық институтта жақсы оқумен қатар емханаларда қосымша жұмыс жасап, білім мен тәжірибені ұштастырды. Жасы алпыстан асқан қарт әкесінің отбасына қаржылай жәрдем беруді де естен шығармады. Білімін үнемі жетілдіріп, ағылшын, түрік тілдерін меңгеруге ұмтылды. Орыс және басқа тілдердегі ауру атауларының қазақ тіліндегі атауын немесе баламасын іздеп, медицинаны қазақ тілінде сөйлетуге талпынды. Ана тіліндегі кітап, газет-журналдарды, «Қамбар батыр», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», мақал-мәтел және басқа да ауыз әдебиетін сүйіп оқыды. Ол сонымен қатар қоғамда болып жатқан оқиғаларға да бей-жай қарамады. Қазақ халқының еркіндігі мен бостандығы туралы ой-пікірін, қоғамда болып жатқан оқиғаларға көзқарасы мен ұстанымын, ішкі ой-толғанысын күнделікке түсіріп, өзекті мәселелерді мерзімді басылымдар редакциясына, ресми органдарға хат арқылы ашық білдірді. Бижан Біләлов өзінің күнделік жазбалары мен хаттарында кеңес билігі тарапынан саяси, әлеуметтік және мәдени салаларда жіберілген кемшіліктер, ұлт мәселесіндегі бұрмалаушылықтар және қоғамдағы басқа да өткір мәселелер туралы ой-пікірін ашық жазды. «Қазақ халқы шын мәніндегі еркіндік пен тәуелсіздікке қалай қол жеткізеді?» деген сауалдың жауабын және тәуелсіздік алудың жолдарын іздеді. Орныққан әміршіл-әкімшіл жүйе қазақ студентінің елдің еркіндігі мен тәуелсіздігі туралы ой-пікірінен үрейленіп, оны жауапқа тартты. Мәселе түсінікті болу үшін Бижан Біләловтың ісіне тіркелген құжаттарға кеңірек тоқталайық.

КОКП Орталық Комитетінің 1956 жылдың 19 желтоқсанында «Партия ұйымдарының бұқара арасындағы саяси жұмысын күшейту және жау элементтердің антисоветтік бас көтеруіне тыйым салу жөніндегі» арнаулы жабық хатты кеңестік тоталитарлық жүйенің тұтқындау науқанының жаңа кезеңін ашты. Кеңестік билік кемшіліктерін сынға алған, өздерінің ой-пікірін ашық айтқан адамдарды ресми органдар бақылауға алды. Соның бірі Алматы медицина институтының 5 курс студенті Бижан Біләлов болатын.

Бижан Біләлов ісінде 1956 жылдың 12 қарашасында Алматы қаласының Сталин аудандық комсомол комитетіне өзін комсомол қатарынан шығару туралы өтініші, 1957 жылдың қазан айының басында «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» және «Казахстанская правда» газеттерінің редакциясына сөз бостандығын талап етіп жазған хаттары тіркелген.

1956 жылдың 12 қарашасында астаналық Сталин аудандық комсомол комитетіне жолдаған оқушы дәптерінің 8 бетіне жазылған өтініш-хаттың қағазы сарғая бастағанымен жазуы анық. Б.Біләлов өтініш-хатында комсомол қатарында болудан бас тартқан. Оның себебін: «XIX ғасырда қоныстанған ұлттық аймақтардағы орыстар. Олар қазақ жерінде тұрып, байырғы халыққа адал емес, оларға менсінбеушілікпен қарайды... Солардың көзін жойғысы келеді. Бұл олардың басты мақсаты... Мен бұған сонау 1949 жылы көзім жетті. Бұл жағдайда олардың негізгі әдісі - алдау. Бұл бос әңгіме емес. Бұл бақылаудың нәтижесі... » (ҚР ҰҚК АА, 15: Заявление, Вх. 5/9 /15/XI – 56 г.) деп түсіндіріп, ақиқатты қанша іздегенімен үнемі алдауға кездесетінін айтқан. Мұндай мазмұндағы хаттар, өтініштер т.б. жазбалар бірден партияның саяси-идеология бөліміне және басқа да ресми органдарға жөнелтілетіні белгілі. Б.Біләловтың өтініш-хаты да 1957 жылдың 21 қаңтарында Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне жолданды. Б.Біләловпен тиісті органдар саяси тәрбиелік мазмұндағы жұмыстар жүргізіп, соңы оқудан шығаруға дейін барды. Б.Біләлов алпыстан асқан қарт әкесі мен 1-11 жас аралығындағы шиедтей төрт бауырының қамын ойлап, комсомол қатарында қалуды ұйғарды.

²Ол өзінің тергеуде берген жауабында Әлменов Қайыр деген ағасы Қостанай облысы Амангелді ауданы Жаңа ауыл ауылында тұратынын айтқан, Бижан осы кісінің қолында тұрып оқыса керек.

Ол 1945-1958 жыл (мамыр) аралығында комсомол қатарында болып, тек жасының ұлғаюына байланысты комсомол қатарынан шығарылды.

Кеңестік билік халықтың өзіндік ой-пікірін ашық айтуға барынша тиым салғандықтан, олар өздерінің талап-тілектерін, арыз-шағымдарын үнпарақтар (листовка), аноним хаттар арқылы білдірді. XX ғасырдың 20-30 жылдары жүргізілген бай-кулактарды тәркілеу, отырақшыландыру, ұжымдастыру жылдарынан бергі кезеңде үнпарақтар мен аноним хаттар елде көп тараған еді. Оларда адамдардың аты-жөні нақты көрсетілмегендіктен, оны жазған адамды табу қиындық тудыратын. Ел арасына тараған үнпарақ үлкен қозғалысқа ұласып, әміршіл-әкімшіл жүйеге қауіп төндіреді деп түсінген жоғары партия органдары бақылау шараларын күшейтті. ОГПУ органдары жұмысының нашарлығы қатты сынға алынып, үнпарақ, аноним хат таратушылармен күрес жанданды. Бірақ, халықтың наразылығы жазылған үнпарақ, аноним хат жазу тоқтаған жоқ. Соның бірі – 1957 жылдың 7 тамызында Қостанай облыстық комитетіне «Куәгерлер» (Очевицы) деп қол қойып, жолдаған аноним хат. Хатта қазақ ұлтының тағдырын шешетін көкейтесті саяси мәселелері (31/VII – 57 ж) жазылды. Облыстық партия комитеті хатшысының атына жолданған аноним хатта: «...Ұлы мәртебелі тақсыр сіз айып етпеңіз егер біз осы күні жүргізіліп отырған коммунистік партияның саясатына белгілі бір маңызды жағдайларға сүйенген дәлелдер мен өзіміздің ойымызды айтсақ. Біз сіздің көңіліңізді мынаған аударғымыз келеді. Қазақ халқы жас бала сияқты жаңадан ғылымға бас көтеріп келе жатқан халық. Сондықтан сәбиге қыршын жас кезінде ешбір қысым, кедергі жасамау керек, оның әрбір сезімін жаншып тыю өте өрескел, озбырлық. Сол сияқты қазақ жұрты да. Біздің кәзіргі «Қазақстан» деген алдамшы атымыз өзімізді өзіміз есіркегендіктен жұбатқандық. Бұл ат шындығынан алғанда өзін ешбір ақтамайды. Үйткені Қазақстанда жай үгіт ретінде айтылып жүргенмен қазақ тілі мемлекет тілі болудан қалды. Қалаға барсаң орыс тілін білмейінше ешбір аяқ басып жүре алмайсың. Осы өтірік пе? Одан қалды почта ісі, военкомат ісі т.б. кілең орыс тілінде жүреді. Осы өтірік пе? Ауылда болсын, селода болсын не деревня болсын үкімет билігі орыстардың қолында. Біз қашанғы бұлай өмір сүре береміз. Бізді коммунистік даурықпа үгітпен ешбір алдамай-ақ қойыңдар. Біз қазақ халқының бақытсыз болашағына өте қынжыламыз, зарлаймыз» (ҚР ҰҚК АА, 15: Секретарю областного комитета КПСС) деп Қазақстанның отар елдер қатарында екенін жазған.

Б. Біләлов бастаған жастар қол қойып «Қазақтың ежелгі мұраларын сақтайық» деген атпен «Қазақ әдебиеті» газеті редакциясына жолдаған бірінші хатты баспадан шықпаған соң, 1957 жылдың 6 қазанында «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясына тағы бір хат жолдады. Ол өзінің «Қазақ әдебиеті» газетіне жазған хатында қазақ жастары ана тіліндегі газет-журналдарды құрметтейтінін әрі өте сүйіп оқитынын айта келе: «Қазақ әдебиеті» ескі әдет-ғұрыптардан арылу жолында, қазақ жастарын прогресске, ұлттық сана-сезімділікке баулу жолында үлкен роль атқарады. Бұл газет бірден-бір қазақ жастарының ойынан шығатын және қадірлейтін газет...

Маған орысша айтуға лұқсат етерсіз. Кәзір қазақ «тілінің өркендегені сонша» біз тіпті өз тілімізде тілдесуден қалып барамыз» (ҚР ҰҚК АА, 15: 43 – 58) деп өз ойын орыс тілінде жалғастырған. Бижан Біләловтың бұл хаты «Қазақ әдебиеті» газеті редакциясына аспаннан жай түскендей әсер етсе керек, 1957 жылдың 12 қазанында кезектен тыс партия ұйымы жиналысын өткізіп, хат жабық есік жағдайында талқыланды. Газет редакциясы партия жиналысы қабылдаған қаулыны және хаттың түпнұсқасын Қазақстан КП ОК-не (И.Д. Яковлев пен Н.И. Журинге), көшірмесін ҚКСР МҚК-не (В.В. Губинге) жолданған. Осы жылдың 10 қазанында «Казахстанская правда» газеттерінің редакциясына да хат жолдады. Екі хаттың жазылуына да себеп болған «Казахстанская правда» газетінің 1957 жылдың 4 қазанындағы № 233(9162) санында жарияланған «Любовь народа обязывает» деп аталатын бас мақала. Мақалада қазақ тілінде шығатын «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газетінің жұмысы сынға алынып, С.Мұқанов («Дала толқындары») пен И.Есенберлиннің («Бақыт туралы ән») шығармаларын басқаны үшін айыптаған, аталған газет-журналдар жұмысын жақсарту қажеттігі айтылған. «Казахстанская правда» газетінің сынымен келіспеген Бижан Біләлов 1957 жылдың 10 қазанында «Казахстанская правда» газетіне хат жолдап, онда: « ... Мен сіздердің редакцияңызға екінші рет хат жазып отырмын. ... Мен «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз» журналының оқырманымын, осы газет пен журналды жамандап, қудалағандарыңызға ренжідім. Қазақ жастарының сүйікті газеті «Қазақ әдебиетіне» жала

жабуға, қарсы болуға дәтіңіз қалай барды?! Біздің сүйікті газетіміз «Қазақ әдебиеті» шындықты жазады, орыс тіліндегі «Казправда» және «Ленинская смена» газеттері сияқты шындықты бұрмалап көрсетпейді. «Қазақ әдебиеті» қазақ халқының жан-дүниесін, арман-мүддесін бейнелейді, ұлттық сана-сезімге тәрбиелейді, өткеннің барлық қалдықтарымен күреседі. Ол қазақ ұлтына қызмет етеді, шын мәнінде солай болуы керек. Міне, сондықтан да қазақ жастары оны құрметтейді, бағалайды. «Қазақ әдебиеті» газетіне қалай қару алып, қалай қарсы болсаңыз да, сөксеңіз де, жамандасаңыз да, біз, қазақ жастары, әлі де аяулы газетімізді сүйюді тоқтатпаймыз. Бізге осындай газет керек. «Қазақ әдебиеті» газетімен салыстырғанда сіздің «Казправда» түкке тұрмайтын газет. Барлық жаңалықты біз «Правда», «Комсомолская правда» т.б. газеттерден оқи аламыз. Сендердің газеттерің мүлдем артық, оны жабу керек. «Казправда» газетіне жұмсалатын барлық шығындарды алып қазақ халқының игілігіне пайдаланған әділетті болар еді. Қазақтың сүйікті журналдары мен газеттерін өз-өзіңізге сенімді түрде үнемі «сынға» алуға ұмтыласыздар. Қазақ мұны сізден сұрамайды. Неге мұрыныңызды кез келген жерге тығып жүрсіз. Қазақ жастары мен газеттері өзіне қажетін байқайтындай сауатты. Біз мұны сізден ешқашан сұраған емеспіз және сұрамаймыз. Біздің ішкі ісімізге араласпауларыңызды өтінеміз. Өткеннің қалдығын сынағанға біз қарсы емеспіз, бірақ сіздердің балтамен күретамырдан шабумен келісе алмаймыз. Осылайша өзіңізді жау ретінде, әрқашан және барлық жерде басқалардың ісіне араласатын отаршыл ретінде көрсетесіз. ...Қазір де өмір сүруге тыйым салып отырсыздар, ешбір еркін ой ашық айтылмайды. Кез келген ұлттық сезім аяусыз басылады. Мысалы, профессор Е. Бекмаханов, Б. Майлин, С. Сейфуллин сынды көрнекті жазушыларымыздың соты және І. Жансүгіров және басқа да істер. Оны халықтан жасырғыларыңыз келеді. Жоқ, жасырмаңыздар. Қазақ ұлтының патриоттарын құртып, тек айтқанға көніп, айдағанға жүретін малдарды ғана қалдырмақсыздар ғой. Жоқ, ол ойлағандарыңыз болмайды. Сіздерде шындық болған емес, болмайды да» (ҚР ҰҚК АА, 15: Тетрадь № 1) деп жазды. Бижан Біләловтың «Казахстанская правда» газетіне жазған бұл хаты Қазақстан КП ОК хатшысы Н.А. Жандилдинге тапсырылды.

Республикалық газет редакцияларына жолдаған хаттары жоғары партия комитеті мен мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде үлкен дүмпу туғызғанынан еш хабарсыз Б.Біләлов Қостанай облысы Амангелді ауданы Құмкешу ауылында тұратын туысы Ғалымжан Жүнісовке де хат жазып, өзінің қоғамдық-саяси ой-пікірімен бөлісті. 1957 жылдың 20 қазанында Ғалымжанға: «... Еділден Алтайға дейін, Орал тауынан Тәшкентке дейін, Омбыдан қырғызға дейін қазақ таралған. Біз осы жерлерге қазақтарды толтыруымыз керек. Бізге халық өте көп керек. Біз оны қайдан аламыз. Біздің санымыз орыстардай болу керек. Бұл үшін қалыңнан (қалың малдан – Д.М), руға бөлінушіліктен безу керек. Бұл алға бастырмайтын сарқыншақтар. Орыстар, ағылшындар, немістер т.с.с. руға бөлінбегенде олар қазақтан кем бе? Жоқ, біздің қазақ олардың басып кеткен ізіне де жетпейді. Қазақ сондай артта қалған, надан, дінге соқыр, сезімге нанғыш. Бізді ел қылып көбейтем деген Амангелді, Әлібиді коммунистер жұтып қойды. Енді қазақ ұлтының мүддесін көздейтін кім бар? Ешкімде жоқ. Үйткені сатылған. Біз қазақ қаласы, қазақ өкіметі болуына тырысуымыз керек. Орыстар басшылық етіп біз қашанға барамыз.

«Еділ бойы ен тоғай» деп Исатай

«Ел қондырсам деп едім» деп зарлап өтіп еді Махамбет. Бізде солай өтеміз ғой. Біздің тілегіміз қашан орындалады. ...Біз революционер адамдармыз» (ҚР ҰҚК АА, 15: Письмо от 20/X.57) деп жазды.

Ғалымжанға 1957 жылдың 30 қазанында жазған келесі хатында амандық-саулық сұрай келе: «Бұндағы жаңалық астанада орыс газеттері «Казправда», «Ленинская смена» біздің яки қазақ жастарының сүйетін газеті «Қазақ әдебиетін» текке бас салып кінәлауда. Бізді билеген орыстар қазақ жастарын орысқа табынушылыққа тәрбиелеуде. Орыстар бізде ешбір ұлттық сана-сезімнің болғанын жақсы көрмейді. Олардың ылғи ырқына көніп тұрса, ешбір қарсы сөз айтпай. Сонда оларға жағады. Олар бізді қасқырдың баласындай біртіндеп өзіне үйретіп шықпақ. Ішетін, тышатын және қалтқысыз бағынатын біз бір хаюан болдық. Қазақтың әлі өзі билеген тәуелсіз, дербес мемлекеті жоқ. Орыстар билеген мемлекет, сол мемлекет пе? Олар титтей де болса ұлттық сана-сезімі бар кісіні коммунистік сандырақ теориямен ұлтшыл бәлен-бәштен деп кінәлап шыға келеді. Бұнда кісінің ұлттық еркін ойлауына ешбір жағдай жоқ. Орыс империализмі енді өз тырнағынан бізді босатқысы келмейді. Олардың біздің

қазақтың ұлан-байтақ жерінде сонша көп құжынауы біздің келешегімізге, келешек ұрпағымызға үлкен апат туғызады. Біз де баяғы ноғайлардың жолын қуамыз. Олардың жері де өте кең еді: Қырым, Дунайдан Еділге дейін, Харковтен Кавказға дейін олар көшіп-қонып жүр еді XIX ғасырда. Ал кәзір ол жерлерде не бар? Сондықтан прогресшіл сапалы қазақ жастары өз ұлтының тағдырын өз қолына алуға тиіс. Күнделікті ағысқа сүйеніп жүре берген бұл нағыз хаюандық ... Бұл үшін біз жастардың ұлттық сапасын көтеруге тиіспіз. Ол өзінен өзі келмейді. Ал қазақтың көпшілігінде ұлттық мүдде сана-сезім жоқ. «Қазақ әдебиеті» газеті бізді кішкене соған үйреткісі келгендей. Бірақ соған орыстар аранын ашуда. Кейбір қазақ жастары бұған өте наразы. Жақын арада жоғарыда айтылғандай орыс редакциясына хат жазылған ...

Мен қажырлы, күшті кісі болсам өте жақсы саяси ұйымдастырушы болар едім, үйткені менің саяси ойларым басқа қазақта жоқтың қасы. Олар тәуелсіз талқылауды білмейді ... Бірақ менің жұртқа ешбір жақындығым жоқ ... Мында мен ашыққан түгіл, тамақты жегім келмейді, аппетитім жоқ. Айлығым алғаннан ақ құриды. Мен кілең кітап жинаудамын» (ҚР ҰҚК АА, 15: Письмо от 30/X.57) деп жазды.

Бижан Біләловтың 1957 жылдың 20 желтоқсанында «Лениншіл жас» газеті редакциясына, 1958 жылдың 31 қаңтарында Ғалымжан Жүнісовке жолдаған хаттарында түркі халықтарының тұтастығы мен бірлігін сақтау және қазақ елінің тәуелсіздігі мен еркіндігі туралы ойларымен бөлісті.

«Ғалымжан! Енді саяси мәселе жөнінде айтайын. Өнеугі хатымда айттым ғой: Алматыда орыстар 85-90% деп ... «Қазақ үкіметі» деп аталатын алдамшы ұғым – өкімет шындығынан алғанда қазақтардың қолында емес... Осы күнге дейін қазақ тілінде институт жоқ, мысалы медицина әлі орысша. Ешбір қазақ қаласы жоқ, бір ауыз сөз айтсаң ұлтшыл бөлен-түглен деп талқыға салады. Бұлай қалайша қазақ ұлты дамымақ?

...Жалпы бір ұялас, тілдес халықтар, түрік халықтары мыналар: түрік, азербайжан, өзбек, ұйғыр, ноғай, құмық, гагаузы, қарашай, түркмен, қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, «чуваш», якут, т.б. бір тілдес ұлттар (мысалы: алтайлар, тувалар, хакастар т.б.). Бұлардың ата-бабалары ежелгі сарматтар, гүндер, түрік қағанаттары. Олар мыңдаған ғасырлар бойы сонау Манчжуриядан бастап Англияға дейін мекен етіп жүрген. Енді бұлар Түркиядан басқасы азып-тозып құруға айналуға. Егер бұлардың әрқайсысы сақталғысы келсе бірімен бірі дос тұруға тиіс. Түріктер кәзір арабтық мұсылмандықты онша жақтырта қоймайды. Түркияда кәзір республика. Түркияның жалауы қызыл, бір жұлдыз, бір айы бар. Олар шарифатты әлде қашан құртқан. Кәзір қыздары европалықтарша киініп, ашық жайдары күліп жүр. Түркияда кәзір халықтық демократиялық өкімет. Онда дінге қарсы сөз айтсаң сені кінәламайды. Қазақтар бұны теріс ұғынбасын, сен айтып түсіндір. Жоғарғы аталған түрік ұлттарының ішіндегі ең тәуелсіз мемлекет – Түркия. Бізге кәзір діннің керегі жоқ. Адамшылықтан кетіп бара жатсақ заң, өкімет бар ғой. Дін бұрын адам жабайы болып жүргенде керек болған еді. Енді неге керек? Жұрттың бәрі де кәзір құдай сияқты заңнан да қорқады. Ал, заң даналардың қорытындысы, әділ жол. Біз прогреске құдаймен емес, заңмен жетеміз. Түркияда да заң күшті» (ҚР ҰҚК АА, 15: 67-70) деп заңды жоғары қойды. Бұл хатты почта бастығы орта жолда ұстап, антикеңестік мазмұнда деген ілеспе хатпен бірге 1958 жылдың 27 ақпанында Қазақ КСР МҚК-не жолдады.

Бижан Біләлов 1958 жылдың 23 мамырында Ғалымжанға жазған келесі бір хатында: «...қазақтардың ойлайтыны өз елінің, өз ұлтының атын шығарып көркейту емес, өз жеке қарабасының пайдасы, бірін бірі алдап жеу, іздегені пайда, мансап, арсыздық, озбырлық т.с.с. әрине бұндай ұлт еш уақытта көркеймейді» (ҚР ҰҚК АА, 15: Письмо от 23/V- 58 г.) деп, туған халқының кемшілігін айтып, оған жаны ауырды. Ол басқа халықтармен салыстырғанда қазақ халқының артта қалуы, ұзақ уақыт Ресейдің отары болуында деп түсінді. 1958 жылдың 25 мамырында Ғалымжанға жазған хатында: «...Бізде ешбір ерік, бостандық жоқ қой. Мысалы ұлттық наразылықты білдіруге, орыс солай деп бір сөз айтсаң болғаны сені күстәнә қып, комсомол жиылысына салып әлек-тәлек қылады. Осы еркіндік пе? Комсомолға зорлап кіргізеді. Мен былтыр комсомолдан шығам деп арыз бергенімде институттан шығара жаздаған. Осы бостандық па? Тағы да шығам деп жүрмін ...» (ҚР ҰҚК АА, 15: Письмо от 25/V- 58 г.) деп қазақ халқының толық еркіндікке қолы жетпегенін дәл басып айтты. Коммунистік қызыл отардан шығудың жолдарын іздеген Бижан Біләловты ресми органдар 1956 жылдан сырттай бақылауға алып, 1958 жылдың 12 тамызында бұлтартпау шарасын таңдау қаулысын (58-10. Ч.2) толтырды. Осы жылдың 13 тамызында Қазақ КСР МҚК (ҚР ҰҚК АА, 15: 2) оны

қамауға алды. Алматы медицина институтының Шевченко көшесі 118 үйде орналасқан жатақханасындағы Б.Біләлов тұратын № 9 бөлмесінен: Б.Қ. Біләловтың XXVIII № 556551 паспорты, әскери билеті, студенттік сынақ кітапшасы, ішіне 100 сом ақша салынған жинақтау кітапшасы, № 674 Туу туралы куәлігі, № 656 студенттік билеті, 2 дана қалың дәптер және қойын дәптер (блокнот), бір жазба кітапша, 6, 15, және 9 беттік оқушы дәптері, олар № 1, 2, 3 деп нөмірленіп алынған, 16 беттен тұратын жазбалар, «Лениншіл жас» газеті редакциясына жазған 2 беттік мақала, 9x12 топпен түскен фотосурет, 1958 жылдың 5 қарашасында Ғ.Жүнісов пен Б.Біләловтың хаттары (1957 жылдың 30, 20 қазанында, 1958 жылдың 9 қаңтары, 23, 25 мамырында жазылған), жазбалар бар қоңыр түсті блокнот, 1956 жылдың 25 мамыры, 3 қазаны және 1958 жылдың 8 тамызындағы хаттар, өмірбаяны, ағылшын тілі сөздерінің аудармасы, түркі тілдес халықтардың тізімі жазылған парақтар алынды. Б.Бижановтың кеңес билігі тарапынан жіберілген кемшіліктер мен ұлт мәселесі туралы ой-пікірлері жазылған материалдар мұқият қаралып, түгелдей дерлік іске тіркелді.

Б. Біләловқа қатысты № 125/23 тергеу ісі 1958 жылдың 13 тамызында басталды. Осы жылдың 15 тамызы күнгі тергеуде, 1957 жылдың 31 шілдесінде жазылған аноним хат қашан, қайда және қандай мақсатпен жазылғаны жөнінде жауап алынды. Б.Біләлов өз жауабында 1957 жылдың 31 шілдесінде Қостанай облыстық партия хатшысына жазылған аноним хат, сол жылы Қостанай облысы Қарабалық ауданы Бөрілі селосында оқу тәжірибелік жұмыстар кезінде дайындалып, Бөрілідегі ауыл шаруашылық техникумына оқуға келген төрт жасөспірім балаға көшіртіп жазғызғанын, ондағы мақсаты ресми органдар тексеретін болса, әр түрлі адамдардың қолымен жазылған жазбаны нақты кім жазғанын анықтау қиын болады деп ойлағанын айтты. Қостанай облысына қарайтын Қостанай, Семиозерный және Федоров аудандары атынан жазылған хатты 1957 жылдың 2-3 тамызында Қостанай қаласында және қала маңындағы Наримановка поселкасында орналасқан почта жәшіктеріне салғанын да жасырмады. Хатты көшіріп жазғандардың аты-жөнін сұраған кезде, «олар Қостанай облысы аудандарынан ауыл шаруашылық техникумына оқуға түсу мақсатында келген қазақ балалары, бойлары менен аласа, жас мөлшері 15-16-да болса керек, алайда орыс тілі пәнінен өте алмай, өз ауылдарына қайтты. Олардың аты-жөні кім екенін білмеймін» деп жауап берді. Кейінгі тергеу кезінде де хатты көшіріп басқан төрт қазақ баласы туралы ешқандай да мәлімет бермеді³.

1958 жылдың 18 тамызында Б.Біләлов ісіне ол оқитын институттың 5 курс студенті Темірбеков Жамшиттің өтініші (ҚР ҰҚК АА, 15: 94-97) тіркелді. Өтініште Б.Біләловтың коммунистік партияның ұлт саясатын сынға алып, Түркияның қоғамдық құрылымын үлгі етіп айтатыны, түркі халықтары туралы кітаптарды көп оқитыны, комсомолдан шығу туралы өтініш бергені айтылған. Қазақстанда өткен конференцияға АҚШ пен Түркияның делегаттары келгенде оларды гүл шоғымен қарсы алғанын жазған.

1958 жылдың 23 қыркүйегінде ҚКСР МҚК тергеушісі Ж.Темірбековтен куәгер ретінде және аталған өтінішке байланысты жауап алды. Ол өзінің өтінішінде жазғандарын қайталап, Б.Біләловтың сабақты жақсы оқитынын, өз ойын сабақтастықта жақсы баяндайтынын, оның «жергілікті қазақтар тек далада мал бағумен айналысады, бар жақсылықты орыстар көруде, республикада басшы органдарда орыстар отыр, Қазақстанның еркіндігі, тәуелсіздігі насихат мақсатында, тек қағаз жүзінде ғана, ауыл шаруашылық, өнеркәсіп салаларын басқа ұлттардың, оның ішінде орыстардың көмегінсіз-ақ өркендете аламыз» деп айтқан пікірлерін қосқан.

Ж. Темірбеков: «Б.Біләловтың ойынша «Қазақстан тек қазақтар үшін» және сол пікірінен қайтқан емес» деді. Пікір талас кезінде Бижан Біләловтың «өзіндік пікірің жоқ, кітаптағы жаттанды сөздерді қайталайсың» (ҚР ҰҚК АА, 15: 98-103) деп өзін сынға алғанын да жасырмаған.

Б. Біләлов ісіне Алматы маңында студенттердің ауыл шаруашылық жұмысында жүргенде танысқан Семей медициналық институтының студенті Владимир Сергуниннің өтініші де тіркелген. В.Сергунин 1958 жылдың 22 тамызында ҚКСР МҚК хат жазып, Б.Біләловтан антикөнестік мазмұнда хат алғанын хабарлаған және оған тиісті шара қолданылуын (ҚР ҰҚК

³Тергеу органдары бұл жасөспірім балаларды да кейіннен тауып, Рахметов Қорғанбек деген баладан 1958 жылдың 15 қазанында түсініктеме жаздырып алған. Б.Біләловтың хат көшіріп басқандар: мен, Рахметов Қорғанбек, Нұржанов Совет, Абжанов Ермек, Төртқараев Ноян, Құтжанов Қабдұл-Хамит деп көрсеткен. Бұл балалардан тергеу барысында жауап алған. Іске тіркелген. ҚР ҰҚКА. – 15-қ., В-тізбе, арх. №103. Том 1. – 149 – 149 қ.б.-пп.

АА, 15: 61) сұраған. Сондай-ақ, Б.Біләлов ісіне Алматы қалалық Сталин ауданы комсомол комитеті хатшысы В.Медведовтың 1958 жылдың 15 қыркүйегінде ҚКСР МҚК Б.Біләловтың антикеңестік іс-әрекетін айыптап жазған хаты тіркелген.

Кеңес билігі орнағаннан бергі уақытта саяси баптар бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдарды стационарлық психо-неврологиялық больницалар мен институттарда медициналық тексеруден өткізу кеңестік сот жүйесінің ажырамас бөлігі болатын. Сол дәстүр И.Сталин өлгеннен кейін де жалғаса берді. ҚКСР СМ Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің тергеушісі 1958 жылдың 27 тамызында Бижан Біләловты сот-психиатриялық тексеруден өткізу туралы қаулы алды. Алматы қалалық психо-неврологиялық больница дәрігерлері Б.Біләловты тексеріп, оның психикалық аурумен ауырмайтынын анықтады. 1958 жылдың 2 қазанында комиссия төрағасы: Вецнер, психатрия кафедрасы меңгерушісі міндетін атқарушы Зальцман, Ленский, комиссия мүшесі Новопашенная 5 парақтан тұратын тексеру қорытындысына қол қойып, тергеушіге жолдады. Алайда, Б.Қ. Біләловқа қалайда айып тағып, қоғамнан оқшаулау қажет болса керек, Қостанай фельдшерлік-акушерлік техникумынан мінездеме, емдеу мекемесінен анықтама сұралды. Аталған оқу орнының оқу бөлімі меңгерушісі Ардатов пен партия комитетінің хатшысы А.С. Сек 1958 жылдың 31 қазанында Б.Біләловқа жағымсыз мінездеме (ҚР ҰҚК АА, 15: 228-229) берді. Қостанай психиатриялық больницасы 1949-1953 жылдары аталған емханада Б.Біләловтың ем қабылдағанын, оған шизофрения диагнозы қойылғанын, 1953 жылы 31 қазанда амбулаторлық тексеріс кезінде психостения анықталғанын (ҚР ҰҚК АА, 15: 230) хабарлады.

Бижан Біләловтың тергеу ісінде бір-біріне қарама-қайшы пікірлер мен жазбаша берілген анықтамалар кездеседі. Мысалы: Алматы медициналық институты санитарлық-гигиеналық факультетінің деканы П.М. Кудияровтың Б.Біләловқа берген мінездемесінде, студенттің тәртіпті және жақсы оқитыны, бұрын ескерту алмағаны (ҚР ҰҚК АА, 15: 219) айтылған. Оның антикеңестік іс-әрекеті туралы бірде-бір сөз жазылмаған. Б.Біләловпен бір топта оқитын Фаина Медведкина куәгер ретінде берген жауабында: оның жақсы оқитынын, кез-келген мәселе бойынша өз ойын толық әрі мазмұнды, жүйелі жеткізетінін, оны ауру адам деп айтуға болмайтынын (ҚР ҰҚК АА, 15: 82) айтқан. Сөйтіп, Қостанай және Алматы қалаларында Б.Біләлов оқыған оқу орындарындағы жауапты қызметкерлер, бірге оқыған достары, оның денсаулығына тексеріс жүргізген дәрігерлер пікірі екіге жарылды. Қостанай дәрігерлері берген анықтама Алматы қалалық психо-неврологиялық больницасына жолданып, диагнозды қайта қарау сұралды.

Алматы қалалық психо-неврологиялық больницасы (Артюх (төраға), сот-талдау бөлімінің меңгерушісі Вецнер, психатрия кафедрасы меңгерушісі міндетін атқарушы Зальцман) екінші рет берген қорытындысында: «Б.Біләловқа берілген дәрігерлік анықтама-қорытындысын өзгертуге ешқандай негіз жоқ, алғашқы қорытынды өзгеріссіз қалды» деген ұйғарым шығарды. Жазықсыз жауапқа тартылып отырғанын түсінген Б.Біләлов, ауруханада жатып курстас достарынан СОКП ОК хат жазып, өзінің жазықсыз екенін хабарлауын, қазақстандық прокурордың атына өтініш жазып тергеушіні ауыстыруын сұрауды өтінді.

Б. Біләлов 1958 жылдың 29 тамызында СОКП ОК хатшысы Н.С. Хрущевқа өз атынан өтініш хат жазды. Ол хатта комсомолды қиналғанға көмек беретін ұйым деп ойлап, қателескенін, 1954 жылы 30 маусымда өзін бір топ адам соққыға жығып, жарақаттап кеткенде істің ақ-қарасы ашылмай, тіпті бұзақыларға жаза да қолданылмағанын, 1957 жылы бір студенттің шовинистік пиғылын ашу мақсатында айтқан сөздері үшін, комсомол жиналысындағы белсенділер Б.Біләловтың өзін кінәлағанын айтып, мәселенің ақ-қарасын ашуды сұрады.

Өтініш-хатта: « ... Бұл мені қатты ренжітті және мен коммунистерді, олардың саясатын мүлдем жек көріп кеттім. Саяси жағдайлардың ішінде: барлық мекемелердің орыс тілінде болуы, сондай-ақ барлық іс қағаздары, кейбір батырлардың, ақындардың әдебиеттен, сондай-ақ музыкадан алынып тасталуы; көшедегі кейбір адамдардың шовинистік әңгімесі. Осы себептерге сүйене отырып, мен коммунистер мен олардың ұлт саясатын жек көре бастадым, газет редакцияларына, басқа да органдарға анда-санда жіберетін түрлі жазбаларымда олар туралы жаман сөздер айттым. Түрік делегациясы Алматыға конференцияға келгенде, мен оларға кітаптарды, қаланың көріністерін сыйға тартып, қолтаңба алғым келді. Бірақ мені

оларға жолатпады. Сондықтан мен кек алғым келіп, делегацияға хат жазуды ұйғардым... Бірақ алдын ала байқағанымдай хат түрік делегациясының қолына түспеді. Міне, мені «сатқындық жасады» деп айыптап отыр. Менде ешқандай сатқындық ой болмады. Бұл қате...» (ҚР ҰҚК АА, 15: Секретарю ЦК КПСС тов. Н.С. Хрущеву) деп жазды.

Б. Біләлов 1958 жылдың 2 қыркүйегінде Алматының Сталин аудандық партия комитетіне де өтініш хат жолдап, 1957 жылдың мамыр айынан 1958 жылдың 29 тамызына дейінгі аралықта саяси тұрғыда адасқанын, ол пікірлерінен толық бас тартқанын айтты. Оның ақиқатқа жетем деген талпынысы нәтижесіз қалып, тергеу ісі жалғаса берді. Тергеу органы 1958 жылдың 25 қыркүйегінде Б.Біләловтан алынған хаттар мен басқа да жазбаларға графикалық сараптама жасау, 1958 жылдың 11 қарашасында оның «ауруын» анықтау мақсатында Мәскеудегі профессор В.П. Сербский атындағы сот-психиатриялық институтына тексеруге жіберу туралы қаулы қабылдады.

1958 жылдың 6 қазанында Б.Біләловтың 1957 жылы 31 шілдеде Қостанай облысы Қарабалық ауданында тәжірибеден өту кезінде антикеңестік мазмұнда аноним хат жазып, оны жастар арасында таратқанын анықтау және төрт студенттен жауап алу мақсатымен тергеу уақыты 12 қазаннан 12 қарашаға дейін тағы бір ай мерзімге ұзартылды. Б. Біләловтың 1958 жылдың 19 қарашасында ҚКСР МҚК тергеушісіне жолдаған хатында: «.. Шынымды айтсам, билікке бос саяси әңгіме жазған жоқпын, үкімет билігін нығайтуға көмектесетін, Кеңес мемлекетінің әлсіз жақтары мен басқа да мәселелерін жаулардан жасыру үшін қолдан келген іс...» (ҚР ҰҚК АА, 15: Письмо «Комитет госбезопасности КГБ») деп араша сұрады.

Бижан Біләлов 1958 жылдың 7 желтоқсанында Мәскеу қаласындағы В.П. Сербский атындағы сот-психиатриялық институтына жатқызылды. Ол сот-психиатриялық тексеруде «түрме маған жаңалық емес, комсомолдар мен органның штаттағы агенттерінің қорлауының жалғасы», ал профессор В.П. Сербский атындағы сот-психиатриялық институтына қайта тексеруге жіберу «әдейі азаптау» деген ойын, «мен қазақпын, қазақтар еркіндігін алуы керек» пікірін дәрігерлерге ашық айтты. Бірақ, еркіндікті аңсаған қазақ студентінің ой-пікірін мәскеулік дәрігерлер «психикалық ауытқудан айтылды» деген тұжырым жасады.

Психиатриялық «ауруды» жазалау мақсатында қолдану тәжірибесінде диссиденттерге көбінесе «жеке тұлғаның ауыр-паранойялық дамуы» және «летаргиялық шизофрения» диагнозы қойылатын еді. Одан басқа психикалық аурулардың диагноздары сирек қойылды. Әсіресе, диссиденттердің ақыл-ойының бұзылуын негіздеу үшін аз ингредиентті шизофрения диагнозы қолданылды. 1959 жылғы 12 қаңтарда Бижан Біләловтың денсаулығы туралы В.П. Сербский атындағы сот-психиатриялық институтының мамандары: «шизофрения түріндегі психикалық ауру, арнайы психиатриялық емханада мәжбүрлі емдеу қажет» (ҚР ҰҚК АА, 15: 237) деген 6 беттік сот-медициналық сараптама берді. Мәскеу мамандары қорытындысына сәйкес, 1959 жылдың 21 ақпанында Бижан Құтыбайұлы Біләловқа арнайы психиатриялық емханада оқшаулап, мәжбүрлі емдеу үкімі шықты. 1959 жылдың 21 наурызында КСРО ПМ-нің Ленинград қаласында орналасқан арнайы психиатриялық емханасына (ҚР ҰҚК АА, 15:35) жатқызылды.

Психиатриялық емдеу орнында 1958 жылдың 7 желтоқсанынан 1959 жылдың 12 қаңтарына дейінгі аралықта Бижан Біләловқа дәрігерлік бақылау жасалып, «гипохондриалық сандырақ түріндегі психикалық ауру» деген диагноз қойды. Сөйтіп, ол КСРО ПМ-нің Ленинград қаласында орналасқан арнайы психиатриялық емханада үш жылын өткізді. Аталған психиатриялық емхана дәрігерлері 1962 жылдың 2 ақпанында Б. Біләловты мәжбүрлі емдеуді тоқтатып, өзінің туған жеріндегі азаматтық больницаға ауыстыру туралы қорытынды берді, шешім 7 наурызында (№ 21-0169) шықты. 1962 жылдың 25 мамырында психиатриялық емдеу орны 7 наурыздағы № 21-0169 шешімнің тез арада орындалуын талап етіп, сот-тексеру органына жеделхат жолдады. 1962 жылғы 25 шілдеде Алматы қалалық соты Б.Қ. Біләловтың ісін тоқтатып, Алматы медицина институтындағы оқуын жалғастыру туралы шешім (ҚР ҰҚК АА, 15:45) шығарды. XX ғасырдың 60 жылдары психиатрияны саяси мақсатта пайдалану КСРО-да саяси қуғын-сүргіннің негізгі түрлерінің біріне айналды. Сот-медициналық және жалпы психиатрия институттары өткен ғасырдың 80 жылдарының соңына дейін «есі дұрыс емес» деп танылған саяси диссиденттерді мәжбүрлеп емдейтін мекеме болып келді.

Қорытынды. Ұлт азаттығы жолындағы күрестен қатты үрейленген ресми билік, ұлт еркіндігі мен тәуелсіздігін көтерген белсенділерді үнемі қоғамнан аластап, қудалап отырды.

Ұлт азаттығы жолында күрескен саяси белсенді Б.Қ. Біләловты билік өздеріне саяси қарсылас санап, психиатриялық ауруханаға қамады. Бұл И.Сталин өлгеннен кейінгі Н.С. Хрущев билігі кезінде де бір партиялық коммунистік жүйе өз үстемдігін сақтап қалу жолындағы іс-шараларын, ресми партиялық идеология мен саясаттан басқа бағытта ойлаушылармен күресін жалғастыра бергенін айғақтайды. Н.С. Хрущев қызметінің соңы 1964 жылдың қазан айында аяқталды. Саяси қателікке толы бұл кезеңде қазақ халқының ұлттық мәдениетінің аясы жылдан жылға тарыла түсті. Ұлттық салт-сана өткеннің сарқыншағы саналып, интернационализм түсінігі үстем идеологияға айналды. Интернационалдық тәрбиенің астарында ұлыдержавалық шовинизм жатқанын жақсы түсінген студент Бижан Біләлов қазақ ұлтының еркінгі мен тәуелсіздігі мәселесін көтеріп, ұлт азаттығы жолында күресті.

Алғыс айту. Мақала OR11465470 «XX ғ. 20-50 жж. Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін және ақтау процестері: бірыңғай деректер базасын құру» жобасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржылық қолдауымен дайындалған.

Әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

Алексеева Л. М. История инакомыслия в СССР. Новейший период. М.: Моск. Хельсинк. группа, 1992. – 384 с.

Аупбаев Ж. Тағдыр // Ана тілі. – 2020. – 14 мамыр. – [Электронный ресурс] – URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/57180> (дата обращения: 06.03.2023 г.)

Бейісбай С. Одаққа сыймаған диссидент // Егемен Қазақстан. – 2021. – 1 қараша. – [Электронный ресурс] – URL: <https://egemen.kz/article/294959-odaqqa-syymaghan-dissident>. (дата обращения: 07.03.2023 г.)

Безбородов А. Б. Историография истории диссидентского движения в СССР 50 – 80-х гг. // Советская историография / под ред. Ю. Н. Афанасьева. М.: Владос, 1996. С. 399 – 426.

Безбородов А. Б. Феномен академического диссидентства в СССР: учеб. пособие. М.: Изд. центр РГГУ, 1998. – 75 с.

Вессье С. За вашу и нашу свободу. Диссидентское движение в России. Серия: Критика и эссеистика / пер. с франц. Е. Баевской, Н. Кисловой, Н. Мавлевич. М.: Новое литературное обозрение, 2015. – 576 с.

Данилов А. А. История инакомыслия в России. Советский период 1917 – 1991. Уфа, 1995. – 211 с.

Королев А. А. Диссидентство как общественно-политический феномен. М.: Наука, 1997. – 411 с.

Қара Ә. Орта Азиядан шыққан дара диссидент Махмет Құлмағамбетов: Мен Қазақстан тәуелсіздік алған соң ақталдым! 23 ақпан 2012 жыл. – [Электронный ресурс] – URL: <https://www.abdulvaharqara.com/орта-азиядан-шыққан-дара-диссидент-ма/> (дата обращения: 07.03.2023 г.)

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы архиві (ҚР ҰҚК АА). 15-қ., Тіз. В. Арх. іс 103. Том 1. 2-п.; Заявление, Вх. 5/9/15/XI – 56 г.; Секретарю областного комитета КПСС.

ҚР ҰҚК АА. 15-қ., Тіз. В. Арх. іс 103. Том 2. 43-58 қайырма п.; Тетрадь № 1; Письмо от 20/X.57; Письмо от 30/X.57; 67-70 қайырма п.; Письмо от 23/V- 58 г.; Письмо от 25/V- 58 г.; 94-97-пп.; 98-103-пп.; 61-п.; 228-229-пп.; 219-п.; 82-қайырма п.; Секретарю ЦК КПСС тов. Н.С. Хрущеву; Письмо «Комитет госбезопасности КГБ; 237-п.; 15-п., 35-п.; 45-п.; 48-п.

Савельев А. В. Политическое своеобразие диссидентского движения в СССР 1950-х–1970-х годов // Вопросы истории. – 1998. – № 4. – С. 109 –121.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т. 11: Борцы за национальную свободу, независимость и территориальную целостность Казахстана. Сборник документов и материалов. Составители тома: С.А. Касымов, А.Ж. Илияс, К.М. Еримбетова, Ж.У. Кыдыралина, Д.А. Махат, М.М. Козыбаева, К.К. Сарсембина / Под общ. ред. Е.Т. Карина. – Астана, 2022. – 568 с.

References

- Alekseyeva L. M. *Istoriya inakomsliya v SSSR. Noveyshiyy period.* [History of Dissent in the USSR. The Newest Period.] Moscow: Moscow Helsinki Group, 1992. – P. 384. [in Russian]
- Aupbayev J. Tagdır [Fate] // *Ana tili.* - 2020. - 14 мамыр. - [Electronic resource] – URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/57180> (date of reference: 06.03.2023). [in Kazakh]
- Beyisbay S. Odaqqa sıymagan dissident [A dissident who did not fit into the Union] // *Egemen Kazakhstan.* – 2021. – November 1. [Electronic resource] - URL: <https://egemen.kz/article/294959-odaqqa-sıymaghan-dissident> (date of reference: 07.03.2023). [in Kazakh]
- Bezborodov A.B. *Istoriografiya istorii dissidentskogo dvijeniya v SSSR 50 – 80-x gg.* [Historiography of the History of the Dissident Movement in the USSR in the 1950s and 1980s.] // *Soviet Historiography* / ed. by Y.N. Afanasyev, M.N. Afas'ev. – Moscow, 1996. – P. 399-426. [in Russian]
- Bezborodov A. B. *Fenomen akademicheskogo dissidentstva v SSSR: ucheb. posobiye.* [The Phenomenon of Academic Dissidence in the USSR: textbook.] Moscow: Publishing Center of the Russian State University for the Humanities, 1998. – P. 75. [in Russian]
- Vessye S. *Za vashu i nashu svobodu. Dissidentskoye dvijeniye v Rossii. Seriya: Kritika i esseistika* / per. s frans. YE. Bayevskoy, N. Kislovoy, N. Mavlevich. [For Your and Our Freedom. The Dissident Movement in Russia. Series: Criticism and Essayism / translated from French by E. Baevskeya, N. Kislova, N. Mavlevich] M.: Novoye literaturnoye obozreniye, 2015. – P. 576. [in Russian]
- Danilov A. A. *Istoriya inakomsliya v Rossii. Sovetskiy period 1917–1991.* [History of Dissent in Russia. Soviet Period 1917–1991.] – Ufa, 1995. – P. 211. [in Russian]
- Korolev A. A. *Dissidentstvo kak obshchestvenn-politicheskiy fenomen.* [Dissidence as a social and political phenomenon] Moscow: Nauka, 1997. – P.411. [in Russian]
- Qara A. *Orta Aziyadan shıqqan dara dissident Maxmet Qulmagambetov: Men Qazaqstan tәuysizdik alğan son aqtaldım! 23 aqpan 2012 jil.* [Makhmet Kulmagambetov, a dissident from Central Asia: I was justified after Kazakhstan gained independence! February 23, 2012.] – [Electronic] – URL: [https://www.abdulvahapkara.com/orta-aziyadan-shıqqan-dara-dissident-ma/\(data-obrashcheniya:07.03.2023g.\)](https://www.abdulvahapkara.com/orta-aziyadan-shıqqan-dara-dissident-ma/(data-obrashcheniya:07.03.2023g.)) [in Kazakh]
- Special archive of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan (SA NSC RK). 15-q., Tiz. V. Arx. is 103. Tom 1. 2-p.; Zayavleniye, Vx. 5/9 /15/XI – 56 g.; Sekretaryu oblastnogo komiteta KPSS. [in Russian]
- SA NSC RK. 15-q., Tiz. V. Arh. is 103. Tom 2. 43-58 qaiyrma p.; Tetrad № 1; Pismo ot 20/X.57; Pismo ot 30/X.57; 67-70 qaiyrma p.; Pismo ot 23/V- 58 g.; Pismo ot 25/V- 58 g.; 94-97-pp.; 98-103-pp.; 61-p.; 228-229-pp.; 219-p.; 82-qaiyrma p.; Sekretaryu SK KPSS tov. N.S. Khrushchevu; Pismo «Komitet gosbezopasnosti KGB; 237-p.; 15-p., 35-p.; 45-p.; 48-p. [in Russian]
- Saveıyev A. V. *Politicheskoye svoeobraziye dissidentskogo dvijeniya v SSSR 1950-x–1970-x godov* [The Political Peculiarity of the Dissident Movement in the USSR of the 1950s and 1970s] // *Voprosy istorii.* – 1998. – № 4. – P. 109–121. [in Russian]
- Sayasi qugyn-surgin qurbandarın toliq aqtau jonindegi Memlekettik komissiyanın materialdarı (XX gasirdin 20-50 jildarı) = Materiali Gosudarstvennoy komissii po polnoy reabilitatsii jertv politicheskix repressiy (20-50 godı XX veka). T. 11: Borsı za nasonalnuyu svobodu, nezavisimostı i territorialnuyu selostnostı Kazaxstana. Sbornik dokumentov i materialov. Sostaviteli toma: S.A. Kasımov, A.J. Iliyas, K.M. Yerimbetova, J.U. Kıdıralina, D.A. Maxat, M.M. Kozıbayeva, K.K. Sarsembina / Pod obshch. red. YE.T. Karina. [Materials of the State Commission for the Complete Rehabilitation of Victims of Political Repressions (20-50 years of the 20th century). T. 11: Fighters for National Freedom, Independence and Territorial Integrity of Kazakhstan. Collection of documents and materials. Compilers of the volume: S.A. Kasymov, A.Zh. Ilias, K.M. Erimbetova, J.U. Kydyralina, D.A. Makhat, M.M. Kozybayeva, K.K. Sarsembina / Ed. by E.T. Karin.] – Astana, 2022. – p. 568. [in Russian]

ХҒТАР 03.00.20**ПХК (НКВД) ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫН ҚУДАЛАУ САЯСАТЫ****Сарсембина Құралай Қуандыққызы^{1*}, Илияс Айбар Жағыпарұлы²**

¹Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер, Астана қаласындағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының филиалы. Қазақстан, Астана қ. E-mail: kuralai_sk@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5571-7944>

²ҚР Бас прокуратура қызметкері. Қазақстан, Астана қ. E-mail: 7172639@gmail.com

*Автор–корреспондент

Аңдатпа. Мақалада 1920-1950 жж. саяси қуғын-сүргін қазақ қоғамының ерекшеліктеріне сәйкес әзірленіп, жүргізілгендігі айтылып, тың деректер негізінде кеңестік биліктің Алаш зиялыларын қудалау саясаты дәйектеледі. ПХК тарапынан жазылған «Восточному отделу ОГПУ. Докладная записка» деп аталатын құжатта Қазақстандағы «буржуазиялық-ұлтшыл партияның қалыптасу мәселелері» талданған. Аталған құжаттың «Предреволюционный период и казинтеллигенция»; «Февральская и октябрьская революция и Партия алаш в Казакстане»; «Национальное оформление Казакстана и деятельность националистического элемента»; «Деятельность националистической интеллигенции по земельному вопросу»; «Деятельность националистической интеллигенции на идеологическом фронте. Вузы и средние учебные заведения»; «Литература и печать»; «Эмиграция» деген тараулары және өзге де Алаш зиялыларына қатысты НКВД тарапынан жазылған архив құжаттары бүгін заман талабына сай зерделенеді.

Түйін сөздер: саяси қуғын-сүргін, тоталитаризм, ұлттық сана, отбасы, саясат, мемлекет, руханилық, қуғын-сүргін шаралары, депортация.

МРНТИ 03.00.20**ПОЛИТИКА ПРЕСЛЕДОВАНИЯ АЛАШСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ
В ДОКУМЕНТАХ НКВД****Сарсембина Қуралай Қуандықовна^{1*}, Илияс Айбар Жағыпарович²**

¹Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник, филиал Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова в г. Астана. Казахстан, г. Астана. E-mail: kuralai_sk@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5571-7944>

²Сотрудник Генеральной прокуратуры РК. Казахстан, г. Астана. E-mail: 7172639@gmail.com

*Автор–корреспондент

Аннотация. В статье отмечается, что политические репрессии 1920-1950 гг. были разработаны и осуществлялись в соответствии с особенностями казахского общества, и на основе новых данных объясняется политика преследования алашской интеллигенции советской власти. Со стороны НКВД написано «Восточному отделу ОГПУ. Документ под названием докладная записка» анализирует «Проблемы формирования буржуазно-националистической партии» в Казахстане. На основе указанных документов: «Предварительный период и казинтеллигенция»; «Февральская и октябрьская революция и Партия Алаш в Казахстане»; «Национальное оформление Казакстана и деятельности национального элемента»; «Деятельность национальной интеллигенции по земельному вопросу»; «Деятельность национальной интеллигенции на идеологическом фронте»; «Вузы и средние учебные заведения»; «Литература и печать»; «Архивные документы, написанные НКВД в отношении глав», «Эмиграция» и других алашских инеллигентов, сегодня изучаются в соответствии с современными требованиями.

Ключевые слова: политическая репрессия, тоталитаризм, национальное самосознание, семья, политика, государство, духовность, репрессивные меры, депортация.

IRSTI03.00.20

**THE POLICY OF PERSECUTION OF THE ALASH INTELLIGENTIA
IN THE DOCUMENTS OF PCIA****Sarsembina Kuralai Kuandykovna^{1*}, Iiyas Aybar Zhagyparovich²**

¹Candidate of historical sciences, leading researcher, the branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology in Astana. Kazakhstan, Astana. E-mail: kuralai_sk@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5571-7944>

²Employee of the General Prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan. Kazakhstan, Astana. E-mail: 7172639@gmail.com

*Corresponding author

Abstract. In the article of 1920-1950 it is noted that political repressions were developed and carried out in accordance with the peculiarities of Kazakh society, on the basis of reliable data, the policy of persecution of the Alash intelligentsia of the Soviet government is justified. From the NKVD side it is written "To the Eastern Department of the OGPU. The document entitled "documentary record" analyzes "the problems of the formation of a bourgeois-nationalist party" in Kazakhstan. To the specified document "the preliminary period and the kazintelligence"; "The February and October Revolution and the Alash Party in Kazakhstan"; "The national registration of Kazakhstan and the activities of the national element"; "The activities of the national intelligentsia on the land issue"; "The activities of the national intelligentsia on the ideological front. Universities and secondary educational institutions"; "Literature and literature"; Archival documents written by the NKVD in relation to the heads of "Emigration" and other Alash intellectuals are being studied today in accordance with modern requirements.

Key words: political repression, totalitarianism, national identity, family, politics, state, spirituality, repressive measures, deportation.

Кіріспе. Қазақстан Республикасы Президенті К.К. Тоқаевтың 2020 ж. 24 қарашасындағы № 456 Жарлығымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық заңды және саяси тұрғыдан ақтау мақсатында Мемкомиссия құрылғаны жұртшылыққа белгілі. Нәтижесінде Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тақырыбы төңірегінде қол жетімсіз болған архив материалдарына зерттеушілердің қолдары жетіп, көптеген деректер ғылыми айналымға түсе бастады.

Қуғын-сүргіннің адам айтқысыз дәрежеде ауқымды болғаны соншалықты, сол халық басына қасірет үйірген зұлмат пен зобалаң жылдарды тиянақты зерттеу үшін ең кемі ширек ғасыр қажет болар деп пайымдаймыз.

Сол бір қайғылы кезеңнен сыр шертетін құжаттардың көпшілігі әлі күнге дейін толық ашылған жоқ. Құпия құжаттардың аз қана бөлігі қол жетімді.

Бүгінгі күнге дейін біздің қолданған құжаттарымыз теңізге аққан тамшы секілді. Сондықтан да, сол бір кезеңнің құпиясы толыққанды ашылмай отыр.

Бұлай дейтін себебіміз 1920-1950 жж. саяси қуғын-сүргін қазақ халқының ерекшеліктеріне сәйкес әзірленіп, жүргізілген. Халқымыздың шаруашылық қалпы, салт-дәстүр, әдет-ғұрпы, діни сенімі «феодализм қалдығы» деген атаумен белгіленіп, «арта қалушылықпен күрес» өршіп, тіпті өмірдің «мәніне» айналды. Ұлттық рухтың күре тамырына алапат шабуыл жасалды. Адам айтқысыз жауыздық, қайырымсыздық орын алып адам саясаттың құралына айналды.

XX ғасырдың басында бірнеше ғасырларға созылған отаршылық саясатынан титықтаса да, әлеуметтік әділетсіздіктен қалжыраса да қазақ халқының ұлттық рухы биік болды. Сөзімізге дәлел, Алаш (қазақ) рухын көтеру үшін өздерін Алаш деп атаған ұлтын сүйген зиялылардың тарих сахнасына көтерілуі.

Осы тұста халқымыздың басынан өткен тарихи оқиғаларды пайымдағанда қазақ рухының құламай биік болуына себеп болған - қазақтың аналары, қазақтың әйелдері деген көзқарасымызды білдіреміз. Аналардың даналығы, төзімділігі, шыдамдылығы, өжеттігі қазақ сынды ұлтты тәрбиелеуде басты рөл атқарды. Ұлт мінезіндегі жоғары игілік пен мейірімділік

жолында құрбан болуға дайын тұратын ерекшелік ана бойынан берілген қасиет деп те айтуға болады. Сол қасиеттің арқасында тоталитарлық тәртіп салдарынан қазақ даласына қуылып келген түрлі ұлт өкілдеріне қолдарындағы барын беріп, соңғы нанымен бөлісті. Осындай ерлік туғаны болмаса да адам баласының аштан өлуіне бей-жай қарай алмаған жүрегі мейірімге толыәйел-ананың қолынан қана келер еді.

Сондықтан да, қазақ даласы көптеген халықтар үшін екінші ана болды. Қазақ әйелі еврей, поляк, шешен, украин, неміс және т.б. жетім балаларға ана бола білді. Оларды нағыз Отаншыл әрі қайырымды адам ретінде тәрбиелей алды. Бұл дегеніміз өздерін жер анамен байланыстырған қазақ әйелінің биік санасын көрсетеді. Себебі, жер – күллі адамзаттың анасы. Жалпы қазақ халқы өзін табиғаттың баласы секілді тәрбиелеген. Әйелдер ғаламмен үйлесімділікті ерекше сақтауға тырысқан. Сондықтан да, дұрыс ойлап, қалай дұрыс өмір сүру қажеттілігін, баланы қалай тәрбиелеу керектігін тереңнен білген. Нәтижесінде, батырлар, даналар, ақын-жыраулар, Алаш көсемдері дүниеге келді.

Нағыз зиялылардың, яғни ұлтын сүйгендердің бойында ұлттық рух биік болады. Қазақ ұлтының ұлттық рухы тұрғысында пайымдау жасағанда, өзіміздің ұлт зиялыларының осы мәселе тұрғысындағы тұжырымдарына сүйенуіміз шарт. Ахмет Байтұрсынов «Рух ұлы мақсат, ұлы мұрат үстінде керек. Жұрт үшін, көп үшін құрбандыққа шалынуға даяр болған кезінде сезінесің... рух үшін қымбат дүние – жұрт қамы, жұрт ісі» (Байтұрсынов, 2003:114) – деп ұлттық рухтың мазмұнын айқындады. Ал Шәкәрім ғұлама: «Рух деген дінсіз таза ақыл, мінсіздің ісі шын мақұл. Нәпсі дер рухсыз жандарды» – деп ұлттық рухтың мазмұнын мінсіздік проблемасы арқылы ұғындырды. Есті, парасатты, білікті де білімді, бір сөзбен айтқанда, тектілік (бұл жерде азаматтың жеке басының тектілігін айтып отырмыз - автор) келбеті жоғары адамды рухы биік тұлға дейміз. Ұлттық рухымыз тарихымыздағы қазақы келбетпен дәйектеледі. Кеңестік саясат осы қазақы келбетті тарих сахнасына кетіру үшін бар күшін салды.

Саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени саланың барлығына алапат шабуыл жасалынды. Ұлтын сүйген, қазақы келбеті биік, білімі мен білігін ел пайдасына жұмсаған тұлғаларымыз қуғын-сүргін құрығына бірінші ілікті. Голощекиннің «Кіші қазан» саясатының салдары ел басына алапат ашаршылық әкелді. «Аштан өлгенше соғысып өлейік» (архив деректерінде осындай деректер жиі кездеседі) деп халық халықты қырған саясатқа қарсы көтерілді. Ашаршылықтан қырылған халыққа Алаш зиялылары араша түсті, қолдарынан келгенше аштан қырылған халықты құтқарды. Алаш зиялылары халықпен бірге болды. Оларды халықтан ажырату мүмкін болмады. Осыны түсінген кеңестік саясаткерлер Алаш зиялыларын қазақ қоғамынан ажыратуға тырысты, басқа өңірлерге қызметке жіберді, елге жолатпай жер аударды, ақырында өмірлерін қиды. Қызылдар билігі Алаш зиялыларын халық жадынан қанша ұмыттыруға (есімдерін ататқызбай, оларға қарсы күрестер ұйымдастырып, кітаптарын, еңбектерін жойып. Отбасы мүшелерін қудалап және т.б.) тырысқанымен, халық санасында ұлтын сүйген тұлғалар мәңгі қалды.

Ұлттық рухтың халі саяси элитаның әлеуметтік қызметіне байлаулы. Өйткені, саяси элитасы ұлт мүддесін ойлай, қорғай білген қоғамның даму жолы айқын әрі сапалы болмақ. Негізі ұлтының азаттығы, еркіндігі үшін соңғы демдеріне дейін жанталаса күресіп, тарих төрінде Алаш зиялылары деген атаумен қалған, ұлтын қалтқысыз сүйген зиялыларымыз - тарихымыздағы ерекше құбылыс. Олар қысылтаяң уақытта бастарын бәйгеге тіге жүріп, аз уақыттың ішінде халықтың ұлттық санасын дүр сілкіндірді. Қазақ елінің конституциясын әзірлеп, гимнін жазып, ұлтқа керегін жазу үшін, халықпен байланыс орнатып ақылдасу үшін «Қазақ» газетін шығарып, съездер ұйымдастырып, қазақ комитеттерін құрып, елді бүліншіліктен қорғау үшін милиция, әскер жасақтап, ақтар мен қызылдар айқасқан уақытта ұлтының басын қатерге тікпеу үшін, елдің жарқын болашағы үшін ақтармен де тығыз байланыс орнатып, одан кейін қызылдар билігін орнатқаннан кейін кеңес өкіметі жағына өтіп (елге қызмет жасау мақсатында, бойларындағы білігі мен білімін халыққа беріп кету мақсатында) жанталасты. Себебі, басқа амалдары болмады. Алаш зиялыларының халқының жарқын болашағы жолындағы жанпида күресін кеңестер билігі теріс түсіндірді. Себебі, коммунистік партия Алаш зиялыларын халықтан жаттандырып (отчуждение), халық жадынан шығарып тастауды мақсат етті. Өйткені, Алаш зиялыларына деген халықтың құрметі, ықыласы зор еді. Сол себептен де, саяси қуғын-сүргін жылдарында елімізде адам айтып

жеткізе алмас қасірет орнап, жазықсыз құрбандар саны орасан көп болды. Кеңестік билік архивтерге өздеріне тиімді құжаттарды тіркеп, ұлт зиялыларын, тіпті қарапайым адамдарды халыққа «жау» етіп көрсетіп, бірін бірін «сатқан» деген түсінікті қалыптастыруға ұмтылып, кейінгі ұрпақ олардан безініп, ұмытсын деген мақсатты көздеген. Бұл жаңалық емес. Бұл мәселе туралы танымал тарихшы ғалымдарымыз айтып та, жазып та жүр.

Материалдар мен әдістер. ҚР ҰҚК арнайы архивінен 1920-1953 жж. саяси қуғын-сүргінге қатысты деректерді зерделеу барысында ПХК тарапынан жазылған көптеген құжаттарды қарастырдық. «Восточному отделу ОГПУ. Докладная записка» деп аталатын құжатта Қазақстандағы «буржуазиялық-ұлтшыл партияның қалыптасу мәселелері» талданған. Аталған құжаттың «Предреволюционный период и казинтеллигенция»; «Февральская и октябрьская революция» и «Партия Алаш в Казахстане»; «Национальное оформление Казахстана и деятельность националистического элемента»; «Деятельность националистической интеллигенции по земельному вопросу»; «Деятельность националистической интеллигенции на идеологическом фронте. Вузы и средние учебные заведения»; «Литература и печать»; «Эмиграция» деген тараулары және өзге де Алаш зиялыларына қатысты НКВД тарапынан жазылған архив құжаттары негізінде мақала жазылды. Сонымен қатар, мақаланы жазу барысында талдау, сараптау, жүйелеу, салыстыру, индукция, дедукция, және өзге де жалпы ғылыми әдістер пайдаланылды.

Талқылау. Кеңестік арнаулы құзырлы орындар партия «тапсырмасын» орындады. Тіпті, кеңестік арнайы құзырлы органдар «Алаш-Орданы», «қазақ ұлтшылдығын», «панисламизм», «пантүркизм» және т.б. жіліктеп зерттеген.

Себебі, кеңес өкіметі құрылған күннен бастап ұлттық мемлекет құруға деген ниетке қарсы болды. М. Шоқай естеліктерінен үзінді келтірсек: «...1917 жылғы революция ұлттық мемлекет құруымызға мүмкіндік береді деп үміттеніп, сеніп едік. Бұл үмітіміз бен сеніміз ақталмай, алданып қалдық.

...Сол күндері талай қағаз жазылды, талай жоба жасалды. Өзіміздің әлсіздігімізді, қалың елдің жеткілікті дәрежеде ұйымдаспағанын ойлап, өз күшімізге сене алмайтындықтан, тілегімізді айтудан қорқып едік. Сондықтан орыс революцияшыл демократтары басшыларының көмегін пайдалануға мәжбүр екенімізді сездік.

...Орыс революцияшыл демократтары билік басына келгенде сынақтан қатты сүрінді. Олар патша заманында орыстан өзге халықтардың өкілдерін жатырқамағанымен, қолдарына билік тиген кезде оларды шеттетіп, маңайына жолатпай қойды» (Шоқай, 2007: 16-17).

Кеңестік арнайы құзырлы органдар «АЛАШ» істерін қайта-қайда сүзгіден өткізіп отырған. Бұлай дейтін себебіміз, «Алашорда» деп аталатын архивтегі істердің әбден қаралғандықтан тоз-тозы шығып, ескіріп қалған. Демек, өз қылмысын жақсы білетін, әрі оны жасырғысы келген билік ұлттық сананы дүр сілкіндіретін «Алашордадан» өмір бойы (құлағанша) «ығып, сескеніп келген. Қазақ зиялыларының ұлттық мәні, алаш зиялыларының феномені қайта -қайта әр қырынан «сарапталған». Тағы бір ескеретін жайт, кеңестік құжаттар өзінің «саясатының мәнін ашатын» материалдарды жинақтап, сақтауға ерекше басым бергендігі. Бұны қазақтың болмысын, тарихи санасын тереңнен білетін, әрі архив құжаттарын көп зерделеген адам бірден ұғынады.

Кеңестік көзілдірікпен сарапталған құжаттарға азат ел, тәуелсіз сана тұрғысынан қарау керек. Енді кеңестік көзілдірікпен қаралып, кеңестік пиғылмен жазылған архив құжаттарына Алаштық көзқараспен (ақиқат), яғни ұлттық сана биігінен зерделеуге ұмтыламыз.

Қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірінен, бір сөзбен айтқанда қазақ халқының табиғатынан, ұлттық болмысынан, қалпынан хабарсыз билік өзіне ыңғайлап, өзінің діттеген мақсатына сай сараптамалар жасап, кейінгі ұрпақ кеңестік саясатты, қызылдар билігі тарапынан жүргізілген шараларды «ақтап, мадақтап, жақтап», яғни кеңестік көзілдірікпен қарау үшін жазып кеткен құжаттар өте көп. Мәселен, бір қана құжатқа байыппен үңілгенде көптеген мәселенің беті ашылады. Қысқаша қайырғанда, кеңестік биліктің қылмысы айқын көрінеді. Біліп тұрса да, өздеріне тиімді «сараптамадан» қайтпай, бір жақтылықпен жазғандары, «өзімдікі дұрыс», «өзгеше ойлайтындар» керек емес деген принцип анық та айқын көрінеді.

Зерттеу нәтижелері. ПХК тарапынан жазылған «Новые принципы казахского контрреволюционного национализма» деген құжатта «Прежде чем говорить о новых

принципах казакского к-р национализма, надо будет проанализировать хронологию его прежних принципов» - дей келе, одан әрі қазақ контрреволюциялық ұлтшылдығын төрт кезеңге бөліп қарастырып, әр кезеңнің ерекшелігін, әр кезеңдегі адамдарды жіліктеп қарастырған. Бірінші кезеңге 1916-1920 жж. жатқызады: Орынбордың қазақ далалық өлкесінің мәдени, әкімшілік орталығы болғандығы, Ахмет Байтұрсыновтың жалпы редакциясын басқаруымен «Қазақ» газетінің жарияланғандығы, болашақ Алашордашылардың алғашқы екпінді тобы ұйымдасқандығы жазылып, Ахмета Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Ғ.Бірімжанов, Б.Қаралдин, Т.Шонанов және т.б. зиялылардың тізімдері берілген. Олардың келесідей мақсатты көздегендігі жазылған:

«1. Популяризировать идею буржуазного национализма.

2. Укреплять верноподданнических чувств и веру в русского (царского) оружия. Объявить Николая второго «белым царем» (ак патша), что в религиозном смысле означало-бы святой повелитель.

3. Борются с вольнодумством, т.е. вести активную борьбу с безбожничеством, с революционным брожением во всех пунктах кочевого (казахского) народонаселение.

4. Обновить мусульманскую религию применительно к новой (военной) обстановке. Организовать духовный семинар в г. Уфе, разъяснить служителям культа стоящие перед ним задачи в деле повсеместного внедрения новой алашордынской идеологии.

5. Иметь свою агентуру во всех оластях во всех густо населенных пунктах. Собирать подписчиков на газету «Казах», обеспечить бесплатное ее распространение и организовать массовую чистку и т.д. и т.п.

6. Организовать жертвоприношение в национальный банк.

7. Отменить старые методы преподавания в Медресе и взяться за новое обучение и обязательно по байтурсуновскому букварю.

8. Вовлечь казахов как можно больше на тыловую работу и этим положить конец революционному повстанчеству.

9. Организовать прослежку за неблагонадежными (пробольшевистскими) элементами.

10. Создать свою национальную партию по типу кадетов и войти с ходатайством в государственную думу на счет национальной автономии в рамки российской имперской структуры и т.д.

Этим не исчерпывается хронология националистических принципов оренбургского (1916 г.) периода. Байтурсуновцы в первом своем воззвании (1916 г.) обещали большую реформу, в смысле демократического преобразования всего казахского быта. Они свою лже-реформу противопоставляли революционному движению казахского народа... (ҚР ҰҚК АА, 305: 21-32), - деп жазылған.

Екінші кезеңде (1920-1928 жж.) «этот период казахской национальной контрреволюции известен следующей групповщиной: 1. мендевшина, 2. сейфуллинщина, 3. садвокасовщина, 4. ходжановщина, 5. рыскуловщина. Учтем, что каждый из них занимал командную высоту...» дей келе, бұрынғы алаш офицерлері туралы айтылады. Алаш орда жойылмай, 5 жеке фракцияға бөлінді деп тұжырым жасалынады. Үшінші кезеңде (1928-1932 жж.) «конфискация казахских полуфеодалов в 1928 году была первым и самым крупным поражением казахских националистов, после памятных боев с большевиками в 1917-1919 годах» деп, алашордашылар көтерілістерді ұйымдастырды деген қорытынды жасалынады; төртінші кезең (1932-1938 жж.) «В 1933 году коллективизация сельского хозяйства в основном прошла. Кулацко-байские бунты подавлены. Организаторы (т.е. прямые участники этих бунктов) в большинстве были разоблачены. Но на командующих высотах оставались старые дельцы – ИСАЕВЫ и КУЛУМБЕТОВЫ...» деп тұжырымдалады. Одан әрі «Рождение новых принципов» деген атаумен қазақ журналистері арасындағы кеңестерге қарсы «әңгімелерге» мән беріледі: "Год тому назад (во время германского наступления на Францию) слабохарактерные интеллигентки открыто восхваляли новорежимную Германию, то с момента вступления гитлеровских войск в нашу территорию, они затаили свои "ду мы" и молча присматривались вокруг..." (ҚР ҰҚК АА, 305: 21-32), - деген мазмұндағы «сараптама» жазылған.

«Возникновение националистических формирований» деген анықтамада ұлттық ұйымдардың 1917-1919 жж. құрылғандығы, оның тірегі «буржуазиялық зиялылар, ірі саудагерлер, байлар, молдалар, патша отаршыл аппаратының бұрынғы шенеуіктері» деп

жазылады. Азамат соғысы жылдарында Алашорда Колчак пен Аннековқа жақтасқандығы, кеңестер билігі орнағаннан кейін пантүркішілдер мен Алаш-ордашылар «кеңестік құрылысты ішінен күйрету үшін күрестің жаңа әдістеріне» көшкендігі айтылып, «С этой целью и в интересах сохранения своих антисоветских кадров, лидеры пантюркистов и алаш-орды: РЫСКУЛОВ, ХОДЖАНОВ, НУРМАКОВ, САДВАКАСОВ, ЖУРГЕНЕВ, САРЫМУЛДАЕВ, ДИВЕЕВ, КУЛУМБЕТОВ, ЕСКАРАЕВ, ТОГЖАНОВ, ДЖАНДОСОВ, СУЛТАНБЕКОВ, ЖАМАНМУРУНОВ и другие проникли в Коммунистическую партию, обеспечивая затем внедрение в партию своих соучастников», - деп, одан әрі «Ақжол» газетінің редакторы С. Қожанов газет арқылы алашорда идеяларын кеңінен «насихаттағаны», Қазақстанда кеңестерге қарсы ұйымдарды ұйымдастыру жұмыстарын жүргізгендігі жазылған.

Ал, жер реформаларына жүргізуде наркомзем С. Асфендияров басшылығымен 1920-1927 жж. жер реформасын байшылдық мүддесін нығайту мен жергілікті халық пен Қазақстанда орныққан өзге ұлттар арасындағы ұлттық антоганиз өртің тұтату үшін пайдалануға «ұмтылды» деген сараптама берілген. Осы сәтте сол кезеңде БК(б)П ОК Түрккомиссиясын басқарған Г. Сафаровпен қазақ буржуазиялық-ұлттық ұйымы басшыларының «байланысы орнаған».

1921 жылы Сырдария облысы басшылығында «ходжановтық ұлтшыл ұйым мүшелері» ЕСКАРАЕВ, АРАЛБАЕВ, КУЛЕТОВ, КУЗИБАЕВ, РУСТЕМОВ И БАТЫРБЕКОВ болғандығы, сонымен қатар Жетісу облысында

ДЖАНДОСОВ У., КОШКУНОВ И, ХОДЖАНОВ және басқалаоры ходжановтық кеңестерге қарсы жұмыстарды іс жүзінде жүргізгені, Кеңестер билігін қарулы төңкеріспен құлатуға дайындалғандығы жазылған.

«П. Возникновение и контрреволюционная сущность националистических группировок», - деп жазылған тарауда 1922-1923 жж. ұлттық ұйымдардың жергілікті ұлттық топтарға бөлінгендігі, оларды өзара қауымдасқан жеке – жеке жетекшілер басқарғандығы «тұжырымдалған». Деректерді қаз-қалпында ұсынсақ: «Сонымен, Мәскеуде болған Рысқұлов, сол кезде Орынборда жұмыс істеген Дивеев пен Сарымұлдаев қатысушылары арқылы өздерінің ұлтшыл топтарын біріктіріп, оған көрнекті қазақ ұлтшылдары Арганчаев, Джанзаков және т.б. кірді.

Ходжанов та өз тобын құрды. Құрамында: Есқараев, Кулетов, Жандосов, Кошқунов, Камалов және т. б. болды.

Сонымен бірге олармен бір мезгілде Садвакасов жаңа ұлтшыл тобы құрылады. Құрамында: Садвакасов, Алибеков, ... Кадылбеков және т. б.

Мендешев тобы - Мендешев, Исаев Ураз, Касабулатов, Жангильдин және басқалардан тұрады.

Нұрмақов тобы - Нұрмақов, Сейфуллин, Асылбеков, Сәдуақасов Жанайдар және т. б.

Барлық осы ұлтшыл топтардың басшылары кеңес өкіметін құлату мақсатын көздеді. Негізінен келесі міндеттер төңірегінде контрреволюциялық ұлтшылдық қызмет жүргізді:

а) кеңестік аппаратта байшыл-ұлтшыл элементтерінің ықпалын қамтамасыз ету және халық, байлар-жартылай феодалдар мен мұсылман дінбасылары арасында беделді нығайту;

б) жылдар бойы сақталған қатынастарды сақтау, рулық билікке бағыну, халықтың діни рухын сақтау үшін күрес;

в) жастарды ұлтшылдық рухта тәрбиелеу, буржуазиялық ұлтшылдық идеяларын ояту;

г) коммунистік партия мен комсомолға Алаш-Орда, ұлтшыл және жай ғана антисоветтік элементтерді кеңінен енгізу.

БК(б)П ОК-нің топтық ұлтшылдық қызметті жою жөніндегі іс-шараларына, партиялық және кеңестік басшылықтан бірқатар көрнекті ұлтшылдарды алып тастауға және Қазақстаннан Қожанов, Нұрмақов және Сәдуақасов Смағұлды алып тастауға байланысты ұлтшылдар өздерінің бұрынғы ұстанымдарын жоғалтады. (ҚР ҰҚК АА, 305: 25).

«Ш. Біртұтас Қазақ буржуазиялық-ұлтшылдық ұйымының пайда болуы», - деген тарауда - Рысқұлов, Қожанов, Сәдуақасов, Нұрмақов, Мендешев, Исаев және т.б. кеңес өкіметіне қарсы ұлтшыл ұйымдарды біріктіруге күш салғандығы, 1927 жылдың ортасында ұлтшылдар мен троцкистер арасында байланыс орнап, келісім болғандығы, Троцкийдің бастамасымен «Сәдуақасов ұйымының» жетекші мүшелері Сұлтанбеков пен Мұстамбаев Троцкиймін кездесіп, сол жылы Сәдуақасов пен Сұлтанбеков Зиеовьевпен кездескендігі, Троцкий мен

Зиновьев Сәдуақасов пен Сұлтанбековке ұлтшылдар арасында ауызбіршіліктің жоғары болу керектігін нұсқағандығы, Сәдуақасов пен Сұлтанбеков ұлтшыл топтарды кеңестерге қарсы бірінші ұйым ретінде біріктіруді өздеріне жауапкершілік ретінде алғандығы, нәтижесінде троцкистер мен зиновьевшілдер САФРОНОВ, РОЗНЕР, ТАЙВО, ұлтшылдар – Сәдуақасов пен Мұстамбаевпен біріккендігі, 1927-1928 жж. Орынборда, Қызыл-Ордада және өзге де жерлерде ұлтшыл топтардың аралас жиналыстары өткізіліп, сенімсіз адамдарды шығарып, алауыздықты жойып, ауызбіршілікті нығайту мақсатында шешімдер шығарылғандығы жазылған. Жазылғанда жай қана жазылған емес, әрбір сөйлемде зиялылардың кеңестерге қарсы қызметі «деректермен» түйінделіп, оқыған адам сөзсіз «сенетіндей» деңгейде, яғни адамның санасын улайтындай дәрежеде жазылған. Сонымен, «бірігу процессінің» нәтижесінде ұлтшыл ұйымның жетекші ядросы «қалыптасады», яғни «ұлтшыл күштерді біріктіру бастамасын көтергендер»: Рысқұлов, Қожанов, Нұрмақов және Смағұл Сәдуақасов болып «шыға келеді».

Әрі қарай дерек мазмұнына үңілсек: «Сонымен бір мезгілде ұйым активінің құрамы, негізінен олардың алдындағы ұлтшыл топтардың белсенді қатысушыларынан қалыптасты. Бұл санатқа мыналар жатады: ИСАЕВ Ураз, КУЛУМБЕТОВ, АСФЕНДИАРОВ, ДЖАНДОСОВ Ураз, ЕСКАРАЕВ, ТОХТАБАЕВ Карим, КАРАТЛЕУОВ, БУКЕЙХАНОВ, АСЫЛБЕКОВ, БАЙДАВЛЕТОВ, ТОХТАБАЕВ Иса, ЖУРГЕНЕВ, КЕНЖИН, САРЫМУЛЛАЕВ, КОШАНБАЕВ, СЕЙФУЛЛИН, ТОГЖАНОВ, КУЛЕТОВ, СУЛТАНБЕКОВ, МУСТАМБАЕВ, ЗАБИРОВ, ЛЕКЕРОВ, МОЛДАЖАНОВ, ЖАМАНМУРУНОВ, МЕНДЕШЕВ, ДОСОВ, КУРАМЫСОВ, АЛИБЕКОВ және басқа да көрнекті ұлтшылдар » (ҚР ҰҚК АА, 305: 28).

«ІУ. Повстанческое движение в период конфискации Баев полуфеодалов и коллективизации», - деген тарау «ұлтшыл ұйымдардың байларды сақтау үшін партия шараларына қасы күрескендігімен» басталып, байларды сақтау үшін күресте шешуші рөл атқарғандар Нұрмақов, Есқараев, Аралбаев, Құлымбетов және өзге де көрнекті тұлғалар екендігі жазылып, тіпті ұйым жетекшілерінің «байларды сақтау» әрекеттерінен түк шықпағандықтан, қарулы көтерілістерді ұйымдастырғандары да «дәйектелген». Байлардың шаруашылығын тәркілеуден сақтанып, Қызыл – Құм, Қара – Құм далаларына кетуге «үгіттеген». Байлар жанындағы адамдарымен бірге шөл далаға қашқан: «Қарулы көтерілісті Есқараев, Жүргенов, Құлымбетов және Қожанов басқарған. Жергілікті жерлердегі Аралбаев, Әлібаев, Қаратілеуов және т.б. ұйым қатысушылары арқылы халықты көтерген. Созак, Қарақұм және Қызылқұм деп аталатын бұл көтерілістер жойылды.

Байлар мен жартылай феодалдарды тәркілегеннен кейін ұжымдастыру кезеңі орнады. Ұлтшыл ұйым кеңестердің үгіт-насихатына қарсы тұру, арандатушылық қауесеттердің барлық түрлерін тарату және т.б. осындай жұмыстарды жасады.

Ұлтшылдар байлар пен молдалар арқылы малды сойып алу және халықтың Қазақстаннан жаппай көшіп кетуін және КСРО - дан, негізінен Батыс Қытайға көшуін ұйымдастырады» (ҚР ҰҚК АА, 305: 34), - делінген хабарламада, Қазақстанда ұлтшыл ұйымдардың нұсқауы бойынша қарулы көтерілістер қайтадан орын алғаны туралы. НКВД, партиялық-кеңестік органдар, мәтінде «банда, бүлікшілер» деген атаулар жиі жазылады.

Батбаққара ауданындағы көтерілісті бастаған Сұлтанбеков, Ырғыздағы көтерілісті бастаған Жаманмұрынов, Бетпақдала мен Шет ауданындағы көтерілісті бастаған Масонов және ұлтшыл ұйымның өзге де мүшелерінің Шыңғыстау, Қазалы, Қарқаралы және т.б. көтерілістерді бастағандары «сарапталған»: «Осы кезеңдегі көтерілістерді дайындау мен ұйымдастыруда негізгі басшылық рөлді Құлымбетов, Асфендияров және Жандосов атқарды, олардың нұсқауы бойынша әрекет еткен барлық басқа көтеріліс ұйымдастырушылары олармен байланыста болды. Байлардың көтерілістерін ұжымдастыру саясатына қарсы халықтың стихиялық наразылығының көрінісі ретінде бейнелеуге тырысты. Қазақстандағы ұжымдастыру саясатын болдыртпауға ұмтылды. Сол кезеңде Кеңес өкіметін құлатудың тікелей міндетін қоймай, ұйым басшылары-Рысқұлов, Қожанов, Нұрмақов және басқалары көтеріліске бара жатып, Украинада және Кавказдың, Қырымның және Орта Азияның басқа республикаларынан қолдау алған жағдайда көтерілістің жеңуіне сенді».

Көтерілістерге байлар мен бандиттер, жартылай феодалдар, ат ұрлаушылар және өзге де қылмыстық элементтер «қатысқандығы» баса айтылған. «Интервенттердің көмегіне қайта назар аударатын отырып, ұлтшылдар Кеңес Одағына әскери шабуыл жасалған кезде орайластырылған кең көтерілісті дайындауға бәс тігуде, осыған байланысты әскери

интервенция сәтiне дейiн резервтелген заңдастырылған бүлiкшi кадрларды құру жолына түседi» (ҚР ҰҚК АА, 305: 34-44).

1941 жылы «сараптама» ретiнде ІХК тарапынан жазылған «Восточному отделу ОГПУ. Докладная записка»,-деген құжатта Қазақстандағы «буржуазиялық-ұлтшыл партияның қалыптасу мәселелері» талданған. Аталған құжат келесiдей тарауларға бөлiнген:«Предреволюционный период и казинтеллигенция»; Февральская и октябрьская революция и Партия алаш в Казакстане»; «Национальное оформление Казакстанаи деятельность националистического элемента»; «Деятельность националистической интеллигенции по земельному вопросу»; «Деятельность националистической интеллигенции на идеологическом фронте. Вузы и средние учебные заведения»; «Литература и печать»; «Эмиграция». Ендi осы тарауларға қысқаша тоқталып өтсек.

«Предреволюционный период и казинтеллигенция»,-деген тарауда қазақ даласын «феодалдық сауда капиталының өсуі мен қазақ буржуазиясының өмірге келуі» күйiнде сипаттап,Қазақ буржуазиясы емiн-еркiн дамуы үшiн Қазақстанның ұлттық тәуелсiздiгi үшiн күресте көзге түсе бастады, орыс саяси партиялары өкiлдерiмен байланыста болды деп сипаттайды. «Орыс саяси партияларының өкiлдерiмен байланыстар мен ынтымақтастық туындайды: мысалы, Бөкейханов 1903 жылы Омбы «Степной край» газетiнiң кезекшi редакторы болды, оны орыс әкiмшiлiк жер аударылғандар тобы шығарды, олардың арасында: ШВЕЦОВ С. П., ГОТЦ М.Р., (екеуі де белгiлi эс-Эр), КОРНИЛОВ а. а. (ка-дэ) және т. б.

Сол кезеңдегi қазақ жұртшылығының көрнектi өкiлдерi-Бөкейханов, Байтұрсынов халыққа өз қажеттiлiктерi туралы жазу құқығын беретiн Жарлықтың жариялануына байланысты патша үкiметiне жолданған петициялар берудi ұйымдастырады. Осындай петициялардың бiрi 12-ф салмақта болды және 14.500 кол қойылды.

Мемлекеттiк Думаны шақыру жөнiндегi Булыгин комиссиясының жобасына байланысты, оған сәйкес Қырғыз халқы (қазақ халқын айтып отыр-авторлар) сайланбалы өкiлдiгiнен айырылды, Бөкейханов-Байтұрсынов халықты наразылық бiлдiруге итермелейдi және патшаға Ресейдiң заң шығару мекемелерiнде қазақ халқы үшiн тең құқықты өкiлдiктi талап ететiн телеграфтық үндеу ұйымдастырады

1905 жылдан кейiн самодержавиялық Ресейдiң отарлау саясатынан Қазақстанның ұлттық-мәдени тәуелсiздiгiн қорғау үшiн күрестi жүзеге асыратын және қазақ ұлтшылдығына деген ұмтылысын бiлдiретiн ұлттық әдебиет пайда болады» (ҚР ҰҚК АА, 305: 36). Одан әрi Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов пен М. Дулатов шартты түрдi тiрлiк өмiрi қамту, ал iс жүзiндегi Өлкеде ұлт-азаттық қозғалысты ұйымдастыру мақсатында1913 жыл өлкелiк орган "қазақтар" ұйымдасты деп жазылған. Яғни, ұлтын сүйгендердiң мақсаты терiскей қарай түсiндiрiлiп, Алаштықтар «қарақан бастың қамын күйттеген» деген формуламен әнгiме басталады.

«Ақпан және қазан төңкерiсi және Қазақстандағы Алаш партиясы», - деген бөлiмде «Ақпан төңкерiсi кезiндегi Қазақстандағы ұлттық қозғалыс процесi «ұлттық-мәдени автономия» платформасында өз күштерiн ұйымдастыруға аймақтың буржуазиялық-ұлтшыл элементтерiнiң тез ұмтылысымен қатар жүрдi», - дей келе, одан әрi облыстық съездердiң ұйымдастырылғаны, - дей келе, одан әрi облыстық съездердiң ұйымдастырылғаны, онда талданған барлық мәселелер, Қазақстанның орталығы Орынборда болған Бiрiншi Қазақ съезi, қаралған мәселелер мұқият зерттелiп, жазылған. Мiржақып Дулатовтың «Қазақ» газетiнiң 1917 жылғы 244 номерiнде жарияланған «Алаш партиясы» мақаласын, сол жылдың 245 жылғы номерiнде жарияланған Алаш партиясы делегаттарының тiзiмiн, оларға жеке-жеке берiлген мiнездеме тиянақты аударылып қана қоймай өздерiне тиiмдi бағытқа сай аударылған. Ал, Алаш патиясының бағдарламасы туралы: «Өзiнiң бағдарламалық мiндеттерiн тұжырымдаудың шұғыл қажеттiлiгiн ескере отырып, басшы топ бағдарламаны жасау жасап, құрылтайшылар А. Бөкейханов, Дулатов, Байтұрсынов, Ғұмаров, Тұрмухаметов, Жаждибаев және Беремжанов қолдары қойылған «Алаш» партиясының бағдарламасы «Қазақ» газетiнiң 21 қарашадағы № 251 номерiнде жарияланады, оның негiзгi тармақтары осылай тұжырымдалған ...» (ҚР ҰҚК АА, 305: 38), - дей келе одан әрi Алаш партиясы бағдарламасын толық аударып келтiредi. «...«...Ақпан және Қазан революциялары кезеңiндегi нацинтеллигенция қозғалысы туралы жоғарыда келтiрiлген барлық мәлiметтермен бiрге келтiрiлген қаулы бiзге жiгерлi, нақты ұйымдастырылған қарсылықта өзiнiң жарқын көрiнiсiн алған осы қозғалыстың реакциялық сипаты туралы толық түсiнiк бередi.

...Қазан революциясының сәтті аяқталуы қана қазақ ұлтшылдығының идеологтарын біздің алдымызға капитуляциялауға мәжбүр етті және оның активін ыдырауға әкелді.

...Кеңес жұртшылығының аренасына шыққанда қазақ ұлтшылдары саяси күресте үлкен шыңдалумен, жоғары ұйымдастырушылық дағдылармен, үлкен беделмен және ауылдың биліктегі элементтерімен (байшылдық) тығыз байланыста әрі олардың алдында беделді болды», - ҚР ҰҚК АА, 305: 34-44), - деген сараптама да жасалынады.

«Қазақстанның ұлттық рәсімделуі және ұлтшыл элементтің қызметі», - деген бөлімде қызылдар билігінің қазақ ауылына қатысты көзқарасы айқын берілген. Деректерді қаз алпында берсек: «Кеңес билігі тұсында Қазақстанның ұйымдастырушылық рәсімделу үдерісі өлкенің өте күрделі және ерекше жағдайына сай жүрді.

Мұнда қазірде пролетариат жоқ: кедейлер мен орташалар саяси тұрғыдан қалыптаспаған және ауылдың биліктегі элементтеріне экономикалық тәуелді; қазақ коммунист кадрлары аз және ұйымның партактивінде «уклоншылдар» бар - олар бізге әлеуметтік жағынан жат ортадан шыққан (Ходжанов, Сәдуақасов және т.б.).

Рулық жүйенің қалдықтары мен халықтың надандығымен қатар артта қалған экономикалық формалар мен әлеуметтік қатынастар жағдайында, сауда буржуазиясының, байк-манап феодалдық аксүйектерінің және ұлтшыл зиялылардың элементтері саяси тұрғыдан басым.

Осындай объективті-қолайсыз жағдайда айтарлықтай мәдени күштерді тартуды талап еткен Қазақстанның ұйымдастырушылық құрылысы Қазақ буржуазиялық-ұлтшыл зиялыларын пайдалану қажеттілігіне алып келді. Қазақстанның ұлттық рәсімдеу саласындағы Үкіметінің ұлттық саясатын іске асыру, белгілі дәрежеде буржуазиялық ұлтшылдықтың талаптарын қанағаттандыра отырып, артта қалған қоғамдық нысандардың қалдықтарына белгілі жеңілдіктер туғызған ЖЭС өткізу бұрынғы Алашорда қайраткерлерінің қоғамға белсенді қатысуларына ықпал етті.

Мәселен, 1) 1920 жылы съезд кезінде заңсыз қатысқан Бөкейханов Семей қаласында өткен БК(б) П-на кіруге үгіт-насихат жүргізді, 2) партияға өту үшін Семей қаласында өткен Алаш-Орда қайраткерлерінің заңсыз мәжілісінде партияға өтетін кандидатуралар белгіленді.

Нәтижесінде Совапараттарға, тіпті бұрынғы алаштықтардың партиялық ұйымына, атап айтқанда, Байтұрсынов, Аймауытов, Әуезов және т. б. ұлтшылдық идеологтарының (айтпақшы, Коминтерннің 11 – конгресіне делегаттыққа кіре алды) ағыны байқалды, кейіннен партиядан шығарылғандардың қазкоммунистермен байланысы байқалды, бұған қолданыстағы тұрмыстық ерекшеліктер жағдай жасады.

Кейіннен саяси өмірдің жекелеген сәттерінен туындаған ішкі партиялық күрделі жағдай ұлтшылдардың қазақ коммунистерінің тұрақсыз бөлігіне сөзсіз әсер етті. Осылайша, партия ішілік – оппозицияны заңмен, буржуазиялық – ұлтшылдық бейімділікпен рәсімдеуге алғышарттар жасалды.

Кеңестік құрылыс саласында ұлтшылдар өз қызметін біздің әкімшілік, сот, кооператив, ағартушылық, ғылыми органдар мен баспасөз желісінде шоғырландырды» (ҚР ҰҚК АА, 305: 34-44),- дей келе ұлтшылдардың билік аппараттарында отырғандығы, қазақ жастары тартылған одақ, қоғамдастық, үйірмелер, мерзімді басылымдар құру үшін қазақ қоғамдық ойыноятуда екендігі; кеңестік күштердің жетіспегендігінен ұлтшылдар мен байлар партия-кеңестік ұйымдарға барлық жерде күшті «ықпал» етіп отырғандығы айтылады. Осы тұста айта кету керек, ұлтшыл түсінігін кеңестік билік теріс қарай түсіндіріп, ұлтшылдарды жойып, нәтижесінде ұлтын сүю қалпын көрсететін ұлтшыл деген түсінікті қоғамнан ығыстырды. Соның салдарынан әлі күнге дейін арамызда ұлтшыл түсінігін шовинизммен қатар қойып түсінетіндер кездеседі. Шынын айтқанда ХХ ғасырдың басында ұлтшыл болу арман болған еді.

Одан әрі ПХК сараптамасында мынадай «мәселелер зерделенеді»: ауылда әкімшілік орындарды тура басып алу (прямой захват) байқалады, осы мақсатта бай-манаптар «рулық қалдықтар» мен халықтың «надандығын» пайдалана отырып, рулық билік үшін күрес ұранымен өз мақсаттарына «жете бастаған»; жергілікті кеңестер мен «Қосшы» ұйымдарына және т.б. ене отырып «ұлтшыл-буржуазияшыл элемент, ұйымдар» аталған ұйымдардың қызметіне кедергі келтірген; яғни оларды таптық мазмұнынан ажыратып, осылайша ауылды кеңестендіруге кедергі жасаған; сайлау кампаниялары кезінде «қарқынды жұмыс жасаған» (қандай «мақсатта» екені оқырманға түсінікті болар); яғни кедейлерді, билік өкілдерін сатып

алған, жалған айтып, сөз тасыған, сайлауды негізсіз айыптаған және т.б.; жергілікті халық пен мемлекет есебінен байып, қызметтік қылмыстар жасаған; сот-тергеу орындарына кіріп алып құқық бұзған; кооператив құрылысында да нацэлементтер күшейіп, қиындықтар туындатқан; далалық ұлтшыл топтардың губерниялық және өлкелік орталықтарда өздерінің өкілдері болған; орталықты Қызылордаға көшіруде, Қазақстанға екі Түркістан облысының қосылуы, ұлтшыл элементтің саяси белсенділігінің өсуіне, далаға ие болу және ықпал етуге деген ұмтылысына әкелді; Қызыл – Орда орталық болғаннан кейін бізбен (кеңестік билік) саяси күрес аренасына айналды; ауылдағы таптық күресті шынайы жүргізуде (жер құрылысы, Қосшы одағы т.б.) шұғыл әрі ашық түрде Компартия мен нацэлемент арасында өткір қайшылықтар орнады, осыған байланысты партұйымдарында «оңшыл» қазақ оппозициясы рәсімделді; осылайша ұлтшылдар мен партиялық топ «оңшыл» уклонистер өзара тығыз блогы орнады (ауылдағы таптық міндеттерді революциялық шешуге қарсы шыққан); Қазақстандағы таптық қарама – қайшылықтың жоқтығы туралы «теория», ауылдағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарға революциялық ықпал ету саясатының жарамсыздығы туралы, жетекші партия органдарын қазақтандыруды жоғарыдан төменге қарай жүргізу туралы насихат күшейді; «ауылға бет бұру» ұраны ұлтшылдық тұрғыдан түсіндірілді, яғни атақты қазақ коммунисті Жандосовтың қазақ халқын әкімшілік-шаруашылық аудандастыру принципі бойынша құрылыс туралы танымал «теориясында» анық көрінді; Жандосов БК(б)П Өлкелік комитетінің рұқсатынсыз өзінің «теориясын» талқыға түсіріп, оның дұрыстығын мойындаған қаулы шығаруға қол жеткізген (аталған жиналысқа Қызылордадағы барлық алашшылдар қатысқан, әсіресе Жандосовтың жобасын белсене қолдағандар: ұлтшылдық идеологтары Байтұрсынов, Дулатов, Ермеков); бұл қаулыны БК(б)П өлкелік комитеті қабылдамады, мұқият талқылауға жіберді (ҚР ҰҚК АА, 305: 88-109).

«Ұлтшыл зиялы қауымның жер мәселесі бойынша қызметі» деген тарауда «...Қатыгез орыстандыру қағидатына негізделген патша үкіметінің отарлау саясаты қарсы тұру мақсатында интеллигенцияның прогрессивті элементтерінің ұйымдық бірігуіне ықпал етті», - дей келе «Қазақ» газеті, оны ұйымдастырушылар, олардың кейін алаш партиясын негізін салғандар екендігі айтылып, «Қазақ» газетінің жер мәселесіне көп көңіл аударғандығы баса айтылған. Қазақ зиялыларының жер мәселесіне қатысты қазақ халқына тиімді мәселелерді айтқан идеялары бір жақты бұрмаланып, түсіндірілген. Қазақ эмиграциясының М.Шоқай бастаған көрнекті өкілдері Кеңес үкіметінің жер саясатын патшалық Россия уақытындағы жер саясатымен сәйкестендіретіндігі айтылып, күрестің екі бағытта (біріншіден, жоспарлаушы, ғылыми – ізденіше және жер органдары басшылығын тікелей бсып алу; екіншіден – коммунист опержұмыскерлердің ұлтшылдық ықпалына түсуі) жүретіндігі айтылды.

Жер ісі қазақ халқының ең жанды жері. Жер тарылған соң халықтың қыспаққа түскендігін, шаруашылықтың күйзелгендігін, нәтижесінде дәстүрлі шаруашылық күйреп, дәстүрлі мәдениеттің ірге тасы шайқала бастағандығын бала кезінен көзімен көріп өскен Алаш зиялылары қорлық пен азапты көрген халқын жарыққа жетектеу үшін экономист пен заңгер мамандықтарын жаппай меңгерген еді. Терең білімді әрі халқының керегін білетін алаш зиялылары қызылдар қаһары төніп тұрған уақытта да тайсалмай өздерінің дұрыс пікірлерінен таймады. «Сонымен, 1925 жылы жазда Бөкейханов ЖХК-мен алдағы онжылдыққа арналған перспективалық жер жоспарын құру туралы келісім жасасты және кейбір губерниялардың көрнекті ұлтшылдарына хат жіберіп, «жоспар құру кезінде ескерілетін» хабарламаларын жіберуді ұсынды. 1925 жылы мұғалім НКЗ алдында Қазақстанның жерге орналастыру аумағына ғылыми зерттеу жүргізу туралы мәселе туындағанын айтып, Бөкейханов өз билігін қамтамасыз етуге өз бетінше қамқорлық жасап, осы мақсатта қажетті шаралар қабылдады. 22 / XII-25 ж. Мәскеуден Дулатовтың атына жазылған хатта ол былай деп жазды: «Егер біздің қазақ Үкіметі үнемі қазақ жері мен қазақ халқын зерттегісі келсе, онда Ғылым Академиясымен байланысуы керек. Бұл туралы мен Олденбургпен келіссөздер жүргізіп жатырмын. Егер маған өтінішхат туралы Халық Комиссарлары Кеңесінің Қаулысы жіберілсе, онда мен 26 / XII-Ленинградқа барамын» (ҚР ҰҚК АА, 305: 90),-деген жолдар сөзімізге бір дәлел.

Жер тіршілік негізі болғандықтан, зиялылар бұл мәселеге халықтың, болашақ ұрпақтың тағдырымен байланыстырып тереңнен қараған еді. Бұл мәселе теріс қарай түсіндірілді. Жалпы қызылдар билігі ұлттық мәселенің барлығын теріс қарай ұғындырды. Мәселен, дініне берік

тұлғаларды «панисламист», түркі халқының бірлігі туралы айтқандарды «пантюркист», халықтың малын тартып алып, аштан қалдырған өкіметке ашынып қарсы шыққандар «банда, шайка, қарақшы», кеңес өкіметін теріс саясатын айтқандарды «антисоветтік», отбасын қорғауға ұмтылғанды «Отанын сатқанның отбасы мүшесі (ЧСИР)», жағдайы бар адамды «социально опасный элемент» және т.б. Осы ұғымдардан арылу керек.

Деректерді қаз-қалпында келтірсек: «Біраз уақыттан кейін Бөкейханов тағы бір көрнекті ұлтшыл қазір Казтик мүшесі Ермековқа хат жазды: «Сіз айтқан сөздің хаттары мен көшірмесін (сөйлеген сөзі болу керек) алдым. Мен Олденбургпен сөйлестім. Академия қанағаттанарлық деп тапты, мені қазақ өкілі ретінде шақырады. Сіз Мен және Кучурбай берген жеделхатты орындайсыз..... Сіз мандат жібергеніңізді хабарлайсыз.. Мен мемлекеттік жоспар кеңесіне қатысу үшін мұндай мандат алған жоқпын.... Егер Сіз маған рұқсат берсеңіз, бұл сізге пайдалы...».

Осындай бастаманың нәтижесінде Бөкейханов, ЖХК Жерге орналастыру Орталығы Ғылым академиясымен байланысып, ерекше келісім бойынша оған Қазақстан бойынша зерттеу жұмыстарын тапсырды.

Осы жұмыстарды іс жүзінде орындау және жер нормаларының жобасын әзірлеу үшін Бөкейханов өзіне революцияға дейін де бірлескен қызметі мен баспасөздегі ынтымақтастығы арқылы жақсы таныс бұрынғы оңшыл эсэр Ғылым Академиясының профессоры Швецовты тартты. Бұл туралы біз шолудың басында атап өттік.

Бөкейханов өзінің іс – әрекетін өрістете отырып, бірқатар жауапты қызметкерлерге – бұрынғы коммунистерге, олардың ішінде Наркомзем Алибековке, ЦУЗ меңгерушісі Қаратілеуовке (бұрынғы алашинец), Коллегия мүшесі Мурзинге (оның құжаттары жоғарыда келтірілді) және басқаларға арқа сүйеді.

Қаратілеуов ЖХК атынан Ғылым академиясымен шарт жасасады. Осы Келісімге сәйкес экспедициялар өз жұмыстарын бес жыл ішінде аяқтауы керек болды әрі ол үшін бір миллион алды. 1925 жылы 250 мың сом алды.

Бұл шарт дұрыс талданбай және Қазақстанның БКП Өлкелік комитеті мен ЦСУ рұқсатынсыз жасалды. Экспедиция жұмысы Бөкейхановтың толық ықпалында болды. ЖОО оқитын студент қазақтардан, жер аударылғандардан тұратын Ол 29 адам жинайды. Үлкен шығындарға жол береді. Экспедиция жұмыс орнында (Акт. губ) бұрынғы көрнекті алашшылдарды топтастырады. Қасақана үгіт-насихат жүргізеді, Қазақстандағы орыстарды шығарып жіберуге халықты үгіттейді. Кеңес үкіметінің Жер саясатының дұрыс еместігін дәлелдейді. Кооперация арқылы социализмнің сәтсіз құрылымы идеясын насихаттайды, дамудың капиталистік кезеңінің сөзсіз болатындығы туралы идеяны таратады, оппозиция көзқарастарының дұрыстығын және т.б. дәлелдейді (Елдердің капитализм арқылы дамуы, Кеңес Одағының ыдырауы Алашорда ғалымдарының дұрыс көзқараста болғандығын дәлелдейді-авторлар).

Нәтижесінде Бөкейханов-Швецов экспедициясының 1926 жылғы қызметі нәтижесінде 1927 жылғы маусымда Қазнаркомзем мен Совнарком БК(б)П Өлкелік комитетінің рұқсатынсыз қазақ халқы үшін Бөкейханов пен Швецов ұсынған жер нормалары бекітіледі. Бұрын бұл нормалар коммунистер мен Казнаркомземнің жауапты қызметкерлерінің, соның ішінде Мурзиннің қатысуымен өткен ұлтшылдардың заңсыз жиналыстарында бірнеше рет пысықталған. Бөкейхановтың өзі бұл жолы Қызылорда қаласына келмеген, оның орнына Швецов болған. Жер нормалары өте асыра сілтелген түрде (бір қазақ шаруашылығына орта есеппен 150 т-г) жасалды, бұл байырғы тұрғындар арасында Жерге орналастыру жұмыстары аяқталғаннан кейін отарлау мақсатында артық жерлерді алып қою мәселесі туындамайтындай есепте әзірленді.

Әзірленген нормаларды жүзеге асыру арқылы орыс қоныс аударушыларын дереу көшіріп жіберу көзделді. Осылайша, 1921-22 жылдардағы жер реформасының Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі жер шаралары тиімсіз шараларды қабылдап, нәтижесінде орыс қоныстанушыларын жаппай көшіруге, олардың жаппай кедейленуіне әкеп соқтырған, ұлтаралық қатынастардың күрт шиеленісуімен қатар жүрген қайғылы тәжірибені қайталай отырып, жер майданындағы ұлтшылдықтың толық жеңісін орнықтыруды ойластырды. Бөкейханов ұлтшыл жоспарларын жүзеге асырғанда мұндай перспективалар сөзсіз болар еді.

...Соңғы уақыт кезеңінде ұлтшылдардың қызметін тереңдетудің, тікелей ауылға енгізудің және сонымен бірге осы уақытқа дейін байқалмаған мүлдем жаңа формадағы белгілері байқалады...» (ҚР ҰҚК АА, 305: 109-133).

Осылайша, жерді халықтың игілігіне орай қолдану ісін басты орынға қойған алаш зиялыларының қызметі теріс түсіндіріліп, ең соңында қоныстанушыларды «қыспаққа» алды деген анықтама да беріледі.

Кеңестік билік қоғам өмірінің барлық саласын толық бақылап, «андып» отырды. Мәселен, жоғарыда аталған құжаттың «Деятельность националистической интеллигенции на идеологическом фронте. Вузы и средние учебные заведения», - деген тарауында жастарды идеологиялық өңдеу асқынған ұлтшылдық рухында жүргізілуде екендігі «дәлелденеді». Мысал ретінде, 1922 жылы «Ақ-Жол» газетінде жарияланған М. Дулатовтың өлеңі келтірілген: «...обращенное вообще к молодежи, как страстный клич к объединению под знаменем «Алаш» «против советского насилия» во имя борьбы за независимость.

...В духе этих стихов строится и деятельность националистов на фронте просвещения». Сонымен қатар, кеңестік-партия мектептеріне арналған бағдарламаларды алашордашылардың жиі сынайтындығы; алашорда идеологтарының партиялық тәрбиелеу сипатындағы мәселелерді жалпы білім беретін пәндермен ауыстыру керектігін талап еткендігі; Қызылордада КИНО да оқу жылы бойы әдебиет, мәдениет және т.б. дәрістерді Байтұрсыновтың баспадан әлі жарық көрмеген әрі ұлттық рухтағы кітаптары негізінде оқытылғандығы; бұрынғы наркомпресс Сәдуақасовтың лектор Джарменовке (БК(б)П мүшесі) оқып жатқан коммунистерді жинап, Алаш-Орда ұлтшылдары тарапынан ешқандай ықпалдың жоқтығы туралы шешім шығаруды тапсырғандығы жазылған. Дәлел келтірсек: «Жоғары оқу орындары мен орта оқу орындарының идеологиялық тұлғалары ұлтшылдарға тұнып тұр, оны келесі деректерден көруге болады.

Ташкент Қазпедвуз оқытушылары: Досмұхамедов Халил, Қашқымбаев Иса (барлығы Алаш Орданың Батыс Үкіметінің көшбасшылары), Ермеков, Алаш-Орданың шығыс Үкіметінің мүшесі, Қостанайдағы Алаш комитетінің бұрынғы төрағасы Омаров және басқалары. Қызылорда қаласындағы Қазақ халықтық білім беру институтында: Байтұрсынов, Дулатов, Қадырбаев – Алаш Орданың идеологтары, Қаржаубаев - Алаш-Орданың Батыс Үкіметі жанындағы жазалау экспедициясының бастығы және т.б. Барлық губерниялық орта оқу орындары мен Кеңестік партия орта мектептерінде оқытушылар тек Алаш-Ординалықтардан тұрады.

Атап айтқанда, ұлтшылдардың оқушы жастарды тікелей идеологиялық өңдеу мағынасындағы қызметі ежелгі дәуірді идеализациялауда, «Қазақстанда таптық қайшылықтардың болмауы, жалпы халыққа қызмет ету қажеттілігі, зиялы қауымның қазақ халқының тарихындағы айрықша рөлі, басқа да қоғамдық күштер, яғни пролетариат Қазақстанды жоқ» және т. б. көрінуде.

Сонымен, бірінде КИНО – дағы бір дәрісте Байтұрсынов: «коммунизмді жүзеге асыру идеясы абсурд. Мемлекеттік құрылымның нысандары әрқашан сақталады» деп айтқан (ҚР ҰҚК АА, 305: 109-133).

Одан әрі Семейде Казпедтехникумның оқушылары жиналысында педтехникум меңгерушісінің шақыруымен «Қазақ халқының тарихы» деген тақырыпта дәріс оқыған, өлкетану қоғамының мүшесі Ақпаевтың(екеуі де көрнекті алашшылдар деп көрсетілген – автор) «Қазақ халқының тарихындағы шешуші рөл хандарға тиесілі. Олар орыс отаршылдығына қарсы ұлттық азаттығы жолындағы күресте ерлік көрсетті» деп айтқандығын, одан әрі Ақпаевтың өзінің дербестігінді қорғауға даяр болу керектігіне, Қызыл Армия қатарында қызмет етіп шығуға үндегендігі, «Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінің қозғаушы күші интеллигенция болуы керек» деп айтқандығы жазылған. «Жоғарыда аталған үгіт-насихаттар сабақтарда, дәрістерде жүргізіледі және танымал ұлтшыл жазушылардың материалдарында қолданлады. Сабақтар ұлтшылдық мазмұнына сәйкес түсіндіріледі.

Оқу орындарына байдың балалары тартылады. Бұл әлеуметтік-жат элемент оқу орындарына еніп, ұлтшыл мұғалімдердің жанында топтасады және бізге әлеуметтік жағынан жақын және жанашыр оқушыларға қарсы тұрады.

Нәтижесінде жалпы және ұлттық ұғымдар бойынша антагонизмге алып келетін оқу өмірін бұзатын топтар пайда болады, бұл ретте топтық күреске қарсы ВЛКСМ тартылады.

"Сараптама" Семей және Қостанай Қазпедтехникумдарында және мұғалімді даярлау бойынша Шымкент курстарында өткізіледі" (ҚР ҰҚК АА, 305: 138-141), - деген «сараптама» жасалынады.

«Әдебиет және баспасөз», - деген бөлімде жоғарыда айтылған «әуенмен» алаш зиялылары «талданып», Міржақып Дулатовтың «Оян қазағы», оған Байтұрсыновтың берген бағасы, 1922 жылы наркомпресс Сәдуақасовтың бастамасымен (жақшаның ішіне танымал уклонист деп жазылған-автор) Орынбор қаласында болған әдебиетшілер көп қатысқан, ғылыми қызметкерлер съезінде «ұлтшылдардың» басым болуы; 1920 жылы Алаш-Орда жетекшілерінің «Ақжол» газетінің маңына топтасуы; Сәуле, Сана, Тана, Қызыл-Қазақстан, Шолпан және т.б. журналдарға әдбиетші алашшылдардың белсенді қатысуы (күресу үшін); 1925 жылы Ақжол газетінің бетінде Ж.Аймауытовтың қазақ әдебиеті үшін толық бостандықты талап еткені және әдебиетшілерді бірігуге ашық шақырғандығы туралы мақаласы; антикеңестік бағыттағы кітаптар ретінде Жемчужниковтың жер мәселесі кітабы, М.Әуезовтың және т.б. хрестомиясы аталып, латынға көшу туралы талқылаулар да жазылған: «Олардың бірінде «қалам еңбеккерлеріне» үндеу бар. Байтұрсынов революцияның ықпалындағы әдеби қызметтің құлдырауы мен тоқырауын, мүлдем ашық, ешқандай бетпердесіз айтып, "қаламның еңбеккерлері" ұлттық идеалдар үшін күресте белсенді күш болып табылатындығын анық көрсетеді, оларды Кеңеске қарсы идеялық бірігу мен саяси ынтымақтастыққа шақырады, қазіргі заманғы қазақ әдебиеті мен баспасөздің міндеттеріне назар аударады; өйткені «революция принципі – тіршілік үшін күрес», онда орыстардың қазақ халқын жою қаупі тұспалданып тұр. Неғұрлым мәдениетті халық әрқашан «жеңеді»; автор патша үкіметін кеңестік Үкіметпен ашық түрде сәйкестендіре отырып, соңғысымен аяусыз күресу қажеттілігі туралы ойды айтады.

Байтұрсыновтың бұл үндеуі кеңестік жүйе жағдайындағы ұлттық элементтің әдеби міндеттерінің тұтас бағдарламасын көрсетеді. Сондықтан ерекше назар аударуға лайық...

...Жалпы, қырғыздың (қазақ халқы-авторлар) өте талантты ұлтшыл жазушыларының бүкіл тобының шығармашылығы бір мақсатқа, бізбен идеологиялық күреске бағытталған. Бір қарағанда жазықсыз өлеңдер, әңгімелер, әңгімелер, мақалалар, брошюралар, орыс классикалық әдебиетінің аудармалары түріндегі қоғамдық сана бізге жат идеалистік дүниетанымға тұнып тұр. Революция мен біздің құрылысымыздың реакциялық түсіндіреді.

Революция «құдайдың қаһары», коммунистер, «шошқалар», Кеңес өкіметі, «өлім періштесі» және т. б. бейнеленеді» (ҚР ҰҚК АА, 305: 142-154).

«Эмиграция» деген соңғы тарауында қазақ эмигранттары көп емес екендігі, Мұстафа Шоқай мен Райымжан Мәрсековтің эмиграцияның көрнекті өкілдері екендігі, Мұстафа Шоқай Қоқанүкіметі төрағасының бұрынғы орынбасары, ал Р. Мәрсеков Алаш-Орда үкіметінің қарулы күштерін ұйымдастырып әрі оның қолбасшысыболғандығы айтылған. Мұстафа Шоқай мен Райымжан Мәрсековтің қазақ ұлтшылдарының жетекші топтарымен бұрын тығыз байланыста болғандығы, олармен бірге Кеңестер билігіне қарсы қозғалыс ұйымдастыруға қатысқандығы, башқұрт ұлтшыл эмигранты З. Валидимен тығыз байланыста екендігі; эмиграция мен Қазақстандағы «ұлтшылдардың» тығыз байланысы; қазақ эмиграциясының ақгвардиялық баспада және «Йени Түркістанда» жарияланымдары (Мұстафа Шоқайдың кейбір мақалаларын аударып қойған – автор); 1926 жылы 15 маусымда Еңбекші қазақ газетінде жарияланған Жандосовтың 1926 жылы Өлкелік партия комитетінде партия міндеттері туралы мәселе бойынша сөйлеген сөзі «Эни Түркістанда» қайта жарияланғандығы жазылған. О. Жандосовтың сөйлеген сөзі аударылып келтірілген. Деректерге кезек берсек: «Казак-киргизская интеллигенция и партия «Алаш-Орда».

Хочу сказать несколько слов о партии «Алаш-Орда» и казакских интеллигентах. Каждый среди нас знает кое что об этом. Но этого слишком мало. Так, например про партии Алаш-Орда у нас имеются только те сведения, которые дают нам конгрессы коммунистической партии. 1-й конгресс заявляет, что Алаш-Орда является партией богатых. Кроме этого об этой партии мы ничего не знаем. Существует только один человек, который обстоятельно изучил историю и регламент этой партии. Этот человек т. БОЧАГОВ. Никто из нас не занимался серьезным образом изучением истории этой партии. Мы коснулись Алаш-Орды только в наших спорах, а что касается расследования БОЧАГОВА, они являются слишком противоречивыми. Тезисы БОЧАГОВА противоречат один другому. Вообще труд БОЧАГОВА написаны по

Бұл деректер негізінен орыс зерттеулерінен алындықтан кейбір қазақ даласындағы ислами білім беру ошақтары туралы терминологиялық ерекшеліктер ескерілмеген. Медресе мен мешіт ірі елді мекендер, қала мен қыстақтарда орын алғандықтан ресми тіркеуде болды. Сондықтан кеңестік өкімет тарапынан ресми тіркеуге алу мүмкін болды.

1930-1937 жж. мемлекеттік атеистік науқан шеңберінде Ақтөбе, Павлодар, Ақмола, Өскемен, Шымкент, Алматы, Жамбыл облыстарында барлық мешіттер жабылды (Преодолевая религиозное влияние ислама., 199: 256). Қазақстандағы коммунистердің ресми билік органдардың хаттама түрінде тіркелген деректерге сәйкес, 1929 жылы Қазақстан АКСР-де

2041-ға жуық мешіт, шамамен 3391 қазы, муаззин және имамдар, 4,570 шәкірт, 323 мешіт, құжыра болған (Садықова, 2015: 287-292).

1929 жылдың 8 сәуірінде Бүкілресейлік Орталық атқару комитетінің Президиумы мен РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесі «Діни бірлестіктер туралы» қаулы қабылдады. Осы қаулы қабылданғаннан кейін Қазақстанның аймақтарында 15-75 тен муридi бар 20 медресе жабылды. Сол уақытта тек Сырдария өңірінде 5115 талабасы бар 276 медресе жұмыс істеген (Аманқұл, 2020: 165). Жалпы мурид, халфа дайындайтын құжыра Қазақстан аймағында ишандар қолында болған. Әрбір ишанның 10000-нан 15000-ға дейін муридтері болған. Сондай дерекке Ақ ишан іліккен. Ол Сыр бойы мен Қаратау өңіріне ықпалы еді. Өзі тұтқындалып, кейіннен 1926 жылы Шаяндағы Ақ ишан мешіті мен медресесі, Шымкент қаласындағы Шыңғысбай Дәуітұлы мешіті мен медресесі жабылды (Аманқұл, 2020: 165).

1928 жылы мамырда Б(б)КПОК Саяси басқармасы мұсылман медреселерін жабу қарарын алды. Тек қана медреселерді жабу емес, ислам діні графикасы болып табылатын арабша жазу, араб тілі қолданыстан шығарылды. Орнына латын әліппесі 1929 жылы, кейіннен 1940 жылы кириллица енгізілді. Араб графикасын жою исламның символын құрту, сондықтан коммунистік идеология көсемдері араб әліппесімен қоса діннің де ықпалы өшеді деп есептеді. Нәтижесінде, араб әліппесімен жазылған кітаптар тәркіленді, тоналды, өртелді. Ал сол кітаптың иелері де қуғын сүргінге ұшырады, қамалды, айдалды, атылды. Қазір әлі күнге дейін сол қуғыннан зардап шеккендер бабаларынан мирас болып, жерге көмілген немесе жасырылған қол жазбаларына күдікпен қарап отыр. Кейбір құжаттарды тек қана Иасауи мұрасында қатысты қолжазбалардың 12 вагоны Ташкентке жөнелтілген деген деректер бар (Кенжетаев, 2021: 66-76). Құдайсыздардың мүшелігі жасақталды, дәріптелді. Бұл да кеңестік қоғамдық сана қалыптастыруда басты орынды иеленді. Бұған «мұсылмандардың кеңес өкіметіне наразылығы» бас көтерді.

Қазақстан аумағында болған көтерілістер бір режимге қарсы наразылық ретінде барша мұсылман қауымының реакциясы болғандықтан да, архивтердегі жаппай қуғын сүргін құжаттары, тергеу іс қағаздары мен протоколдардан тыс, ел аузындағы фольклорлық, әдеби, мәдени, жыр дастан, отбасылық шежірелер мен жекелеген деректер мен дәйектерді де назарға алуды міндеттейді. Сондықтан «Кеңестік режим және діни құндылықтық диалектика» туралы зерттеулер кешенді сипат алуы тиіс әрі жүйелі сараптамаларды қажет етеді.

Жалпыға ашық мәліметтер бойынша, 1920-30 жылдардағы Қазақстандағы Кеңес өкіметіне қарсы діни сипаттағы көтерілістердің саны 380-ге жуықтапты. Бірақ бұл да кеңестік тарихшылдық қалыптары негізінде ұсынған таным. Бұл негізінен жаппай орталықтандырылған діни құндылықтарын қорғауға шыққан мұсылмандардың типтік наразылығы болатын. Бұлардың ішіндегі ең негізгілері: 1929 жылғы Түркістан облысына қарасты Бостандық ауданындағы Исламбек Жұмабеков бастаған көтерілісі; 1929 жылғы 1-9 қарашада Қостанай округі Батпаққара ауданында болған Абайділдә Бекжанов, Сейтбек Қалиев, Ахмедия Смағұлов бастаған көтерілісі; 1929 жылғы Қызылорда аймағының Тақтакөпір ауданындағы Үббі Ибрагимов, Жәлел Мақсұт Исматуллаев, Барлықбай Нұрымов бастаған көтерілісі; 1929-1930 жж. Түркістан облысы Созақ ауданындағы Сұлтанбек хан Шолақов, Сапар қожа мен Ибрагимов Асадулла бастаған «Созақ көтерілісі»; Жамбыл облысының Сарысу және Мойынқұм аудандарын да қамтыды. 1930 жылы Қызылорда облысының Қаракұм өңірінде Жұмағазы Байымбетовтің бастауымен болып өткен көтерілісі. 1930 жылы Қызылорда облысының Қазалы, Қармақшы аудандарын қамтыған, дін білгірі, ишан Ақмырза Дамолла Тасов бастаған көтерілісі. 1931 жылы наурыз айында Шығыс Қазақстан облысының Шұбартау ауданында Мырзаш Қарамұрзиннің басшылығымен болып өткен көтерілісі. 1930 жылы тамыз-қыркүйек айларында Қызылорда облысының Қазалы ауданында Иман Мақсат Орымбетов бастаған көтерілісі. 1930 ж. Қостанай облысының Жітіқара ауданы мен Ақтөбе округінің Ырғыз ауданында өткен, Айжарқын Қанаев пен Мұхантай Саматов бастаған көтерілісі. Сондықтан осындай көтеріліс, наразылық, ішкі диалектикалық қайшылықтарды кеңестік жүйе бейберекетсіз, аймақтық, ауылдық масштабтағы дүмпу ретінде танытқан және солай бағалаған. Себебі кеңестік большевизмді пролетариаттың мақсаты, адамзаттың түпкі идеясы ретінде дәріштеген. Бүгін енді президентіміздің арнайы жарлығы негізінде, тарихқа, өткенге, әсіресе, саяси қуғын сүргін құрбандарына баға берерде, кешегі кеңестік маркстік материалистік диалектикалық тарих методологиясы қалыптастырған шаблондардан сақ

болғанымыз жөн. Қуғын-сүргінге қатысты архивтік материалдарды сараптай отырып, осы мәселеге көз жеткізуге болады. Қазақтар арасында кеңестік қуғын сүргінге төзбей, тоталитарлық билікке қарсы наразылықтар жекелеген аймақтармен шектелмейді. Мұны әдейі кеңес тарихшылығы наразылықтың өркениеттік, діни мазмұнын көлегейлеу үшін де, орталықтандырылған құндылықтарға емес, керісінше, локальдық, аймақтық және хаостық қарсылық ретінде танытуды мақсат еткендігі белгілі.

Ғылыми атеизм нұсқауы бойынша, кеңестік репрессия машинаның, қазақтың жер су атауларын да жасырып, оларды өздерінше кодтап немесе нумерациялау арқылы тергеуді жүргізгендігін көруге болады. Яғни архивтік іс құжаттарда арнайы наразылық шараларына қатысқандардың ауылын нумерациялап көрсету белең алған. Бұдан да жоғарыда айтқан, тарихи сананы ыдыратудың ерекше методы екендігін көруге болады. Сондай ақ, діни құндылықтық нормалар мен көзқарастар платформасы толығымен көлегейленген. Діни мотив, діни идея, діни құқық, діни сөйлемдер, лозунгілер, діни орталықтар туралы тергеулерде арнайы редакцияланған нұсқаларды көруге болады. Мысалы жихад ұғымы араб графикасымен жазылған тергеулерде кездеседі де, ал соның транскрипциясы немесе қысқаша аннотациясында ол туралы сөз жоқ. Архивтегі құжаттарда, әсіресе тергеу сұрақтары, почерк-қолтаңбалар бірыңғай типтік мәнге ие. Яғни сұрақтары да, жазулары да бірдей үлгіде. Қаншама тәсілмен бүрмемелесе де, тергеу жүргізгендер, наразылық білдірушілердің діни құндылықтарына қарсы арнайы жүйе қалыптастырғаны туралы жасыра алмаған.

Кеңестік режимге қарсы шыққандары туралы деректерде «Қазақстандағы наразылық актілері жекелеген аймақтармен емес, керісінше трансаймақтық сипатқа ие екендігін тануға болады. Бұл наразылықтардың өркениеттік тұрғыдан, ислами, діни, мәдени, саяси, геополитикалық, халықаралық орталықтардың назарын аударған құбылыс екендігін айтуға толық негіз бар. Сонымен қатар, Қазақстан территориясындағы кеңестік режимге қарсы діни мәндегі көтерілістің артында Түркістан облысы аумағында болған наразылық шаралары жатыр. Бұл сол кездегі тек Қазақстан ғана емес, жалпы Орта Азия Мұсылмандарының отарлаушылар мен атеизмге қарсы ортақ платформасының көрініс тапқан әрекеті болатын. Архивте ауғандық ишан - аты Сайидали, Сұлтанбек Ханның кеңесшісі әрі жақын күйеу баласы, кезінде Англияда білім алған, 1916 жылы Османлы патшасы алдында «Англияның Орта Азия Саясаты» туралы мәлімдеме жасаған. 1930 жылдары Созақ феноменінің бел ортасында жүр, Сұлтанбек Шалақовтың кеңесшісі. Кейін тергеу материалдары бойынша үштік тарапынан атылған (Кенжетаев, 2021: 66-76).

Қазақстан аумағында болған көтерілістер бір режимге қарсы наразылық ретінде барша мұсылман қауымының реакциясы болғандықтан да, Кеңестік құпия архивтеріндегі жаппай қуғын сүргін құжаттары, тергеу іс қағаздары мен протоколдардан тыс, ел аузындағы фольклорлық, әдеби, мәдени, жыр дастан, отбасылық шежірелер мен жекелеген деректер мен дәйектерді де назарға алуды міндеттейді. Сондықтан «Кеңестік режим және діни құндылықтық диалектика» туралы зерттеулер кешенді сипат алуы тиіс.

Қазақстан аумағындағы наразылық шараларының төңірегінде атылғандардың саны туралы арнайы тізім дайындалып жатыр. Бүгінгі архивтердегі құпия құжаттар негізінде «Кеңестік режим және діни құндылықтар диалектикасы» тікелей және жанама қатысы бар деп ату жазасына кесілгендердің саны анықталып жатыр.

Кеңестік режим кезінде (А. Беннигсон; Ламержи-Құл Қожай: «Кеңес Одағындағы Ислам» атты еңбегінде 26 279 мешіт, 45 339 имам, мола, муаззин; әрбір 700-1000 адамға орта есеппен 1 мешіт болғандығы айтылады) 1928-1953 жж аралығында атеистік қаулы-протоколдар негізінде, функциясы өзгертілген, яки толығымен жойылған діни ғұрып ғимараттары (мешіт, шіркеу) туралы да арнайы экспедиция ұйымдастыра отырып қайта зерделеу қажет (Bennigsen, Wimbush, 1980: 13).

Кеңестік тоталитаризмде мешіттер мен шіркеулерді жоюға, дін адамдарын (қожа, молда, ишан, имам) жер аударуға, жергілікті ауқаттыларды тонауға қарсы наразылықтың болуы табиғи ахуал болатын. Сондықтан бұл платформаны қайтадан тарихи танымға сай, ғылыми тұрғыдан зерделей отырып бағалау, саралау, ұрпаққа қайта таныту мемлекеттілігіміздің баяндылығы үшін шарт.

1920-1950 жылдардағы Қазақстандағы әлеуметтік және мәдени өмірдегі өзгерістер жаппай басып-жаныштау мен елдегі заңсыздықтың белең алуымен қатар жүрді. Террор жылдан-жылға

артып, 1930-жылдардың ортасына қарай ел халқының жартысы қырылды. Егер 1929-1931 жылдары Республикадағы он мың халқы бар ауылдың 193 адамға жалған айыптаулар тағылған болса, 1937 жылы 106 мың адам қуғынға ұшырады, оның 22 мыңы себепсіз ату жазасына кесілді (Садыкова, 2015: 201). Күнәсіз жапа шеккендердің, айдалып, атылғандардың арасында діни адамдарының көп болғандығын мұрағат сөрелеріндегі деректер, басқа да куәлер айғақтайды. Қазақстан жерінің өзі қуғын-сүргіннің үлкен лагеріне айналды.

Кез келген діни орталықтар, текке, зауияларда жиналуға, мешіттердің ішінде немесе сыртында жиналуға қатаң тыйым салынды. Қарсылық, наразылық танытқандар кеңес үкіметі тарапынан таптық жау ретінде танылды. Халық арасында діннің ғылымға қарсы сипатын атеистік-материалистік дүниетаныммен байланыстырды. Діни моральға сыни тұрғыдан қаралды. Мешіт пен түрлі діни нанымдарға қарсы насихаттық жұмыстары күшейтілді.

Ұлттық құндылықтар мен діни дәстүрдің қорғаушысы болған тұлғалар анықталып, қуғынға ұшыратылды. Рухани жағынан халық ортасында беделге ие болған сопы, ишан, ахундардың тізімі жасалып, қамауға алынды. Рухани орталықтар мешіттер мен медреседелер функциясы өзгертілді.

1929 жылы мұсылмандардың жаппай қудалауы басталды. Сол жылдан бастап 1937 жылдың 1 мамырына дейін дінді толықтай жоюға бағытталған «Құдайсыз бесжылдық» ұранның жоспары жарияланды. Н. Струвенің «КСРО-дағы христиандар» атты ғылыми жұмысында «Құдайсыз бесжылдық» жоспарының бар екендігін мұрағат құжаттарымен дәлелдеп, оған сәйкес: «1932-1933 жылдары барлық шіркеулер, сыйынатын үйлер, синагогалар мен мешіттер, 1933-1934 жылдары әдебиет пен отбасының арқасында барлық діни идеялар жоғалып, жабылуы тиіс. 1934-1935 жылдары елге, ең алдымен жастарға жалпы дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстары дінге қарсы әрекеттер өрістей түсуі қажет, 1935-1936 жылдардың соңына қарай «сиыну үйлері» мен барлық діни қызметкерлер жойылып біту керек, ал 1936-1937 жылдары ең жасырын бұрыштар мен ауыл аймақтардан дін толықтай сілінуі шарт» делінген (Аманкүл, 2020: 87).

Бұл туралы тарихи дерек ретінде көрсете кетейік, П.Смидович КСРО Орталық Комитетінің төрағасы М. Калининнің назарына жазған хатында: «Барлық мұсылман діни ұйымдары бүкіл жер бетінен құрып, жойылу қарсаңында. Қазірше мухтасибаттардың 87 % жабылды, 12 000 мешіттен 10 000 мешіттің қызметі тоқтатылды, 90-нан 97 %-ға дейін молдалар мен мүезіндердің қызметіне шек қойылды. Қазіргі кезде мұсылмандардың басқа дін өкілдерімен салыстырғанда жағдайлары өте мүшкіл...» (Садыкова, 2015: 201) деген болатын.

Қазақтар арасында кеңестік қуғын сүргінге төзбей, тоталитарлық билікке қарсы наразылықтар жекелеген аймақтармен шектелмейді. Мұны әдейі кеңес тарихшылығы наразылықтың өркениеттік, діни мазмұнын көлегейлеу үшін де, орталықтандырылған құндылықтарға емес, керісінше, локальдық, аймақтық және хаостық қарсылық ретінде танытуды мақсат еткендігі белгілі.

Құдайсыздар ұйымының республикалық орталықтары ұдайы конференциялар өткізіп, дәрістер оқып, баяндамалар жасап отырды. Ғылыми атеизм орталықтары да дінге қарсы бағыттағы материалдардың мазмұнын жіті қадағалап, кемшілігін теориялық тұрғыдан ғылыми негізде толықтырып отырды әрі әдістемелік нұсқаулықтар мен оқу құралдарын дайындаумен айналысты. Дінмен күрес, Алланы жоққа шығару концепциясы маркстік және лениндік идеяның бөлінбес бөлшегі ретінде “ғылыми атеизм” атымен ұсынылды. (Топалоглы, 1999: 14 б.).

Негізінен, мазмұны жағынан “ғылыми атеизм” өзін, теориялық және практикалық тұрғыдан «Алланы жоққа шығаруды» кең таратудың методды, сондай-ақ дінге қарсы атеистік білім берудің негізі ретінде танытады (18, 158 б.). Ал пішіні жағынан, кең мағынада коммунизмнің негізі болған «ғылыми атеизм» атеистік білім беру мен насихат ұстанымдарын ойлап табуда, өздерінің практикалық ұстындары ретінде қазақ мұсылмандығының негізі болған «Иасауи ойлау жүйесінен» және оның “тарихи тәжірибесінен” пайдалану деуге негіз бар.

Сондықтан бұл ойды тұжырымдау үшін де алдымен, «ғылыми атеизмнің» теориялық және практикалық ұстындарына қысқаша тануымыз қажет. Ол үшін де қысқаша философиялық шегініс жасау шарт. Сонымен философиялық тұрғыдан, «атеизмнің категориялық ұстыны бұл – монизм. Монизм - болмысты (идея, рух, материя және т.б.) тек бір ғана ұстанымға телітін ағым. Монистік ойлау жүйесінде, сондай ақ, пантеизмде (ал-уахдат ал вужуд) де «Жаратушы

(Алла) мен жаратылғандар (адамдар) » (ал-Халиқ пен махлуқат) бір және нақты бір принципке негізделген. Яғни, коммунизмнің негізі болып табылатын, материалистік идея тегі жағынан монизм және пантеизммен тығыз байланысты деген сөз. Мысалы материалистік бағыт бойынша, болмыстың негізі – атом, яғни материя (Сүлеймен Хайри Болай., 1996: 3). Міне сондықтан да, кеңес идеологтары атеизмнің философиялық-онтологиялық платформасы деп, материализмді, ал материализмнің негізі ретінде де пантеизмді көрсетеді. Пантеизмді С.Х. Болайдың сөзімен танытар болсақ: “табиғат құбылыстарын түсіндіруде ешқандай себеп қабылдамайтын және әлемде бір әрі өзгермейтін қағиданы мойындайтын имманентті болмыс. Демек, имманентизм тұрғысын пантеизмді де осы атеистік концепция ретінде қабылдауға болады” (Сүлеймен, 1996: 387).

Х. Ердем бұл проблеманы Тәңірі мен әлем байланысы тұрғысынан былайша қарастырады: “Пантеизмнің екі түрі бар: біріншісі Бір ғана ақиқат ол - Алла; екіншісі де жалғыз ақиқат ол - әлем. Бұл анықтаманың біріншісі – теизмге, ал екіншісі – атеизмге апарды. Біріншісі (акосмизм) көбіне метафизика; екіншісі (панкосмизм) яғни, материализм. Шындығында бұлар қарапайым ұстанымдар ғана. Қорыта айтқанда, космизмде діни және философиялық сыр жатса, панкосмизмде айқын материализм жасырынып жатыр” (Ердем, 1999: 10). Міне, кеңес идеологтарының сүйенген негізгі идеялық ұстындары мен материалдарын философиялық тұрғыдан тұжырымдағанда осындай қорытынды жасауға болады.

Қазақстанда ғылыми атеизм ошағы Алматыда болды. Олар да қазақтарды діннен ажырату айла шарғысында, “ғылыми атеизм” платформасына пайдалануда Иасауи дәстүрін алға тартып, оның да ойлау жүйесінің теориялық негізі – осы пантеизм болды деп жар салды. Басқаша айтқанда, Иасауидің ойлау жүйесі мен пантеизмді (ал-уахдат ал вужуд) зорлап біріктірді. Алайда кеңес идеологтары бұл әрекеттерінің жасанды екендігін, нанымсыздығын кеш түсінгендей болды. Бұл әрекеттерінің жүзеге аспайтындығына көзі жеткен кейбір «ғылыми атеизм» мамандары жалпы Карл Маркс доктринасы мен Қожа Ахмет Иасауи хикметтерін қасақана бірлестірудің «ғылыми танымға» қиянат екендігіне тоқталды.

Дегенмен, әлі күнге пантеизм мен Иасауидің ойлау жүйесіндегі “ал-уахдат ал-ужудты” және суфизм мен мистицизмді бір деп санайтындар да бар (Кенжетәев, 2021: 66-76). Бұл жерде «ал-уахдат ал-ужуд» пен пантеизм арасындағы формалық ұқсастықтарды қолдануға тырысқан “ғылыми атеизм” ғылым мен философия үшін емес, идеологиялық, саяси спекулятивтік мақсаттарды орындауға ұмтылғандығын көреміз. (Топалоглы, 1999: 14). К.Тәжікова “суфизмдегі пантеизмді (ал - уахдат-ал вужуд) субстанционалдық бірлік хәлі ретінде көрсетеді. “Алла әрі жаратушы әрі жаратылған болмыс; ол әрі біреу әрі көп”, (Тәжікова, 1989: 77 б.) – деген жорамал арқылы “мүмкін еместі” өзінің “тезисіне” сәйкестендіруге тырысады. Автор, әрі қарай, бұл теория Алланың эмонациясынан яғни, Алладан материяға, нұрдан (жарықтан) қараңғылыққа, шексіздіктен шектіге, соңында қарама-қайшылықтан екінші формаға өтетін трансформациялық эмонация идеясынан туындағанын айтады. Шындығына келсек, әлем алғашқы негізінен ажырап нұр мен қараңғылықтың, тұтас жауһар мен дүние, яғни тезис пен антитезистер бірлігіне барып ақырында синтезге айналды. Материалдық әлем Алладан эмонация (судур) арқылы пайда болады, ол жердегі құдайлық (илахи) рух бірте-бірте материалдық сипат алады” деген болжам арқылы материалистік диалектика методологиясының шапанын еш қиналмастан суфизмге және «уахдат-ул вужудқа» кигізе салады.

Расында да коммунистік идеологияның ғылыммен ешқандай байланысы жоқ. Себебі, коммунистік идеологияда К. Маркс ілімі дүниені өзгертудің әрекет құралы ретінде қарастырылған. Сондықтан да Маркстік және Лениндік догманың ажырамас бөлігі ретінде ғылыми атеизм, коммунистік идеологияның дінге қарсы үгіт-насихат құралы ғана болды.

Сталин дәуірінде атеизм ресми мемлекеттік және идеологиялық мәнге айналса, ал, Сталиннен кейін дінге қарсы күресте “ғылыми атеизм” маңызды идеологиялық күшке ие болды (Тәжікова, 1989: 68-121). Негізінде Маркс пен оның жолындағылардың доктринасы мынандай: “Дін қоғамдағы адамдарды езудің және қанаудың құралы ғана. Сондықтан діннің міндетті түрде жойылуы керек. Өйткені дін апиын қызметін атқаруда. Дін жойылғаннан кейін адамға ең ұлы құндылықтың өзі екендігі үйретілуі қажет және осылайша адам еркіндігіне қол жеткізуі тиіс” (Топалоглы, 1999: 140 б.).

Міне осы негізге сүйене отырып, Маркс атеизмнің әлеуметтік және экономикалық негіздерінің іргесін қалап, оны саясиландырып жұмысшы табының идеологиясына

айналдырған болатын (Тәжікова К.Х., 1989: 129). Оның пікірінше діннің бастауы қоғам. Яғни, дін қоғамдағы бай және кедей таптардың қайшылығынан пайда болған. Қоғамдағы осы таптарды жою арқылы ғана социализмді орнату мүмкін. Социализмді орнату және кеңес адамын (интернационалист) тәрбиелеу үшін ұлттарды діндерінен алыстату шарт. Сондай-ақ дін ұлтшылдықтың бастауы болып танылған. Бұл жөнінде Герхард фон Менде мынадай анықтама береді: “Кеңестер Одағында ислам дініне қарсы өте күшті күрес жүріп жатыр, мұның себебі ислам діні түрік халықтарының ұлтшылдық сезімі мен дүниетанымдарының негізгі бөлігі ретінде саналуында. Дінге қарсы жүргізілген күрес түркі ұлтшылдығына, оның мәдениетіне қарсы жүргізілген күрес деп қабылдануы тиіс” (Von Mende Gerhard, 1966: 128).

Бұл дүниетаным діннің қайнар көзі ретінде қоғамдағы әлеуметтік және экономикалық құрылымды қабылдаған және дін құбылысын мәдениет, этика, құқық, саясат және эстетика сияқты әлеуметтік сана формаларының бірі ретінде бағалаған. Бұл метод бойынша социализм құрылуы керек, соның арқасында әлеуметтік және саяси тұрғыдан адамдардың еркіндігі жүзеге асырылуы тиіс, діни сезімді қоздыратын кез келген мәлімет және танымның қайнар көздері жойылуы керек.

Қазақстандағы «Ғылыми атеизм» ошақтары қазақ мұсылмандығының негізі болған «Иасауи ілімін» осылайша өзінің “ғылыми теориялық негіздемесіне” бейімдеп, суфизмдегі психотехникалық платформаларды дінге қарсы үгіт насихаттарында пайдалануға коммунистік тәлім тәрбиеде қолдануға көп көңіл бөлген. Бұл мәселеге байланысты Ленин “Коммунистік партияның мақсаты – қаналған, езілген таптар мен ұйымдасқан діни үгіт-насихат арасындағы байланысты толығымен жойып, оларды діни түсініктерден (сенімдерден) шын мәнінде құтқару. Партия осы мақсатқа сай кең көлемде білім беру мен дінге қарсы күресті ұйымдастыруы тиіс” деген болатын (Erşahin, 1999: 133).

Алматыдағы “ғылыми атеизм” ошағы өзін теориялық және практикалық тұрғыдан атеизмді жаюдың орталығы болды. Оның басты методы - атеистік тәрбие. Осылайша революцияшыл еңбекші халықтың коммунистік партиясы дінді дұшпан санап, коммунизмге баратын жолда дінді жоюды тездетуді көздеп, сондай-ақ пропаганда жолымен, егер қажет болса дінді күштеп жойылуы тиісті ең басты кедергі ретінде қабылдауға мәжбүр болды (Bennigsen, Wimbush, 1980: 55).

Коммунистік режимде “ғылыми атеизм” идеологиясы білім берудегі міндетті пән болды. Бұған қоса дінге қарсы күресте барлық бұқаралық ақпарат құралдарында, “арнайы радио бағдарламалары, дінге қарсы фильм мен театр қойылымдары, көшпенді көрмелер, жайлаудағы малшыларды оқыту үшін аптасына бір рет ұйымдастырылатын “дінге қарсы агит клубтар”, атеизм музейлері, дінге қарсы жазылған кітаптар қойылатын бұрыштар, бастауыш және орта мектептердегі “дінсіз жастар клубтарын” қоса есептегенде дінге қарсы клубтар, кітаптар, нұсқаулар, газет мақалалары, жеке салаларға қатысты мерзімдік басылымдар мен халық үшін ұйымдастырылған сансыз конференциялар мен арнаулы баяндамалар, халыққа өз шындықтары мен диалектикалық материализмнің үстемдігін үйрету үшін мұсылмандар тұратын жерлерге бағытталған “агитпроп” (үгіт насихат) мамандары дінге қарсы идеологияның құралдары ретінде кең көлемде қолданылған. Алайда А.Беннигсон өз зерттеулерінде, “иман (сенім) мен атеизм арасындағы тарихи күресте (коммунистік режимде) жеңісті нәтиже жігерлі қарсы тұрып ешқашан кері шегінбей шыдамдылық танытқандар жағында болады (Bennigsen, Wimbush, 1980: 15)” – дейді.

«Ғылыми атеизм» мамандары, ислам тарихы мен философиясын да терең зерттеген. Ислам тарихындағы «зындық әрекеттері» мен мазхабтардың пайда болу құбылысын түсіндіргенде, оларды о бастан ақ, дінге және билікке қарсы коммунистік революцияның “алғашқы қарлығаштары” ретінде көрсетуге тырысқан. Мысалы Аббасидтер халифатына қарсы шыққандар Зороастризм, Мазоаизм, Манихеизм, Карматия және суфизм туы астында Иранда, Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігінде көтерілген деген болжам айтқан. Осы көтерілістердің барлығы діни формада болған. Бұл табиғи құбылыс. Сол дәуірлерде төңкерістің тек дінге қарсы мазхаб пен зындық әрекеттері түрінде пайда болатындығы ғылыми теориялық тұрғыдан дәлелденген. Көтерілістерде революцияшыл әрекеттің бастауы болған, қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздік пен әлеуметтік теңсіздік үшін күрескен. Ислам діні осылайша әртүрлі мазхаб өкілдерінен “әлемдік гуманистік” құндылықтарды аңсайтын социал-утопияшылдардың

пайда болуына себеп болған деген болжам айтылған. Бұл жерде коммунизм идеологтары ислам дінінің социализммен өте жақын институт екендігін айтқысы келген, солай дәлелдеген.

Кеңес идеологиясы жалпы ислам дінін «ғылыми атеизм» терезесінен көріп, бағалағандықтан, Ибн Сина (980-1037), Фараби (870-950) секілді ұлы ойшылдарды да материалистік көзқараспен дінге қарсы деп тапқан. Оларды “табиғат құбылыстары мен адамды жүйелі түрде қарастыратын натуралис-пантеист ортағасырдың еркін ойшылдары” ретінде танытқан. (Топалоглы, 1999:., 26 б.). Мысалы әл-Фараби трактаттарын аударғанда да «ғылыми атеизм» цензурасымен редакциялап басып таратқан.

Сонымен Қазақстандағы ғылыми атеизм үшін ең қауіпті кедергі – Иасауи мұрасы, ілімі, кесенесі болды. Сондықтан осы күшті “ғылыми тұрғыдан” қайта түсіндіріп коммунистік идеологияның мүддесіне қолдануды мақсат етті. Сондай-ақ оны өздерінің атеистік үгіт-насихат методтарында қолданғандығы да мәлім. Лениннің сөзімен айтқанда “қолдағы нәрселерді социализмді құру үшін қайта өңдеп қолдану” тұрғысынан сол кездегі әлеуметтік, экономикалық, мәдени және саяси өмірді толығымен қайта құру үшін тарихи диалектикалық материализмнің Маркстік түсіндірмесі күшті қаруоблатын (Тәжікова, 1989: 128). Коммунистік идеология дінге қарсы күресте үздіксіз атеистік білім беруді қолға алды. Атеизмнің өзі екіге бөлінді теориялық және практикалық атеизм. Теориялық атеизм негізі ғылыми болғандықтан да оның нәтижесі тез көріне қоймады. Сондықтан да практикалық атеизмді иектеп кетті. Сол арқылы «әрдайым Алланы жоқ санау» принципін көздеген метод енгізді. Бұл методты да Иасауи ілімінің басты компоненті- зикрден алды. Зикр деп «әрдайым Алланы еске алуды» айтамыз. Мұнда да «тезис-антитезис және синтез» үштігіндегі диалектикалық теорияны Иасауи мәдениетіндегі ең басты ритуал - «Зікрді» трансформациялап өз мүдделеріне қолданды. Міне, кеңесік режим дінмен күресте де «Иасауи мәдениетін» тарихи диалектикалық материалистік метод тұрғысынан талдады, қоғамға өздерінше түсіндіруге тырысты.

Расында Қожа Ахмет Иасауи мәдениеті, тарихи тұрғыдан Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстан, Түркіменстанда кең тамыр жайған діни-рухани құбылыс. Сондықтан Иасауи ілімі, кеңестік ғылыми атеизм қысымына, спекулятивтік теорияларына, маркстік диалектикалық материализмге негізделген шабуылдарына қарамастан өмір сүре берді. (Bennigsen, Wimbush, 1980: 13). Бұл жерде диалектикалық материализм дегеніміз - әлемнің қайта қалыпқа келуін мүмкін санайтын, мұны да санада эволюциялық сатыдан өтіп дамитын идеялар жүйесіне ұқсататын, осы эволюциялық дамуды да тезис, антитезис және синтез сияқты сатылармен түсіндіретін материалистік көзқарас (Кенжетәев, 2021: 66-76).

Ғылыми атеизм мамандары суфизм феноменін сынға алып, маркстік диалектикалық қалыпқа сыймайтындығын да көрсетіп, бәрібір ескіліктің қалдығы ретінде айыптады. Мысалы «..суфизмнің әлеуметтік саяси қыры өте әлсіз. Оларқоғамдағы тәртіпті сынға алумен ғана шектелді. Оларда революцияшыл рекация болмады. Тек әділ патша билеген парасатты мемлекет құруды аңсап, утопияшыл махди күтумен ғана шектелді» дейді. Нәтижеде олар дінді де, Иасауи ілімі мен жолын да “езілген таптың әлсіз демі, жүрексіз дүниенің жүрегі” болудан аспайтын, дүниені өзгертудің айқын және нақты жолын көрсете алмайтын ағымдар жиынтығы деп кемсітті. Нақты Иасауи мәдениеті туралы К. Тажикова, “ресми дін ретінде ислам дінін қабылдаған Қарахан билігінде суфизм оппозицияның бір түрі ретінде көрінді. Ахмет Иасауидің көзқарастарының Орта Азия және Қазақстан даласында мекендеген түркі халықтары арасында танымал болып, құрметке бөленуінің себебі дәстүрлі ислам дініне деген оппозициялық идеясы еді» дейді. Көшпенді халықтар үшін бұл ауадай қажет еді, ал Иасауидің хикметтері осы қажеттілікті өтей алды. Өйткені “Ахмет Иасауи кедей-кепшіктерге жақтасып, билік пен сол кездегі жүйені сынады” деп өз ойын дәлелдеуге тырысады. Автордың ойынша, Ахмет Иасауидің халық арасындағы даңқ-абыройынан пайдаланғысы келген Әмір Темір оның мазарына зәулім ескерткіш орнатады. Өте айлакер әрі көреген саясаткер Әмір Темір бұл зәулім ғимаратты Қожа Ахмет Иасауидің рухына құрмет үшін емес, сол аймақтағы тобырдың көңілінен шығып, қолдау табу мақсатында салдырған екен-мыс. Иасауи хикметтерінде діни-мистикалық, абсолюттік моральдық құндылықтарды, әділет, теңдікті, жақсылықты уағыздап, Қарахан мемлекеті мен жоғарғы билеуші таптың зұлымдықтарына қарсы шықты, мінеп, сынады деген сияқты түсініктері мистикалық формада болса да, прогрессивтік мағынада ілгері түр. Өйткені, бұл идея, тобырдың еркімен қалауы, арман тілегін білдіреді. Сондай-ақ, Құран мен Сунна бойынша әйел мен еркек тең емес, әйел еркектен төменгі дәрежеде тұр. Әйел үйдің

күні, қоғамдағы істерді өз алдына шеше алмайды, бөтен адамдардың алдында жүзін ашып жүре алмайды. Иасауи мәдениетінде тариқаттағы зікірге әйелдер қатыса алады. Осындай мәліметтер мен дәлелдер Иасауи ілімінің, әсіресе әйелдерге қатысты мәселеде исламда жат екендігін көрсетеді (Тәжікова, 1989: 112-114) деп өз мүдделеріне пайдаланды.

Қорытынды. Түйіндей келе, ғылыми атеизмнің кеңестік идеологияның негізі болғандығын теориялық, практикалық мәндегі қолданыс аясы мен ұстанымдарын нақты дәлелдер мен дәйектемелер негізінде тұжырымдауға тырыстық. Коммунистік идеологияда, «бардан бар жасау» тенденциясы, яғни тарихты қайта трансформациялау және түсіндіру басты идеологиялық платформаға айналып жатты. Кеңестік идеология таптық «пролетариат диктатурасын» негізге алып, оны да «большевизм» ретінде анықтады. Бұған қарсы тап саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Себебі, кеңестік жүйе, идеологиялық теориялық тұрғыдан қазақтың саяси, өркениеттік, мәдени, діни және аксиологиялық жүйесіне қарсы бағытталған еді.

Жаппай қуғын-сүргін құбылысына негіз болған КСРО-ның атеистік, саяси, мемлекеттік, нормативтік-құқықтық актілеріне кешенді талдау шарт. Кеңес мемлекетінің дінге қатысты қуғын-сүргін саясатының нормативтік құқықтық негіздері: а) 1918 жылғы 10 шілдеде қабылданған РКФСР Конституциясы. Негізгі платформа атеизм болғандықтан да, имам, молда, жалпы дін басылар жұмыс істеу «құқықтарынан айырылды»; «сайлау құқығынан» айырылды. Бірақ, салықтан босатылмады, керісінше, сотталды. Барлық мүлкі тәркіленіп, жер аударылды. Сондықтан, 1937-1938 жылдардағы жаппай репрессия басталғанда, діни мотивпен сотталғандардың құжаттарында «салық төлеуден жалтару», «контрреволюциялық насихат жасаған», «кеңестік идеологияға қарсы, дінді қолданған», «қарулы қақтығыс жасаған, бандиттер» деген айыптар тағылған.

Қазақстан аумағындағы наразылық шараларының төңірегінде атылғандардың саны мен тізімі туралы да әлі басы ашылмаған құпиялар жатқандығы анық. Батыстық зерттеуші А. Беннигсонның, «Кеңес Одағындағы Ислам» атты еңбегінде 26 279 мешіт, 45 339 имам, мола, муазин; әрбір 700-1000 адамға орта есеппен 1 мешіт болғандығы айтылады (Bennigsen, Wimbush, 1980: 13). 1928-1953 жж. аралығында атеистік қаулы-протоколдар негізінде, функциясы өзгертілген, яки толығымен жойылған діни ғұрып ғимараттары (мешіт, шіркеу) туралы да арнайы зерделеу қажет екендігі сұранып тұр.

Қазақстандағы 1920-1950 жылдардағы кеңестік идеологиялық тарихи құбылыстың орын алуындағы ОГПУ/НКВД қызметкерлерінің саяси белсенділігін негізге ала отырып, архивтік тергеу құжаттарына сыни талдау жасау шарт. Себебі архив материалдары араб графикасымен жазылған төте нұсқадағы сұрақ-жауаптардың мазмұнымен орыс тілінде толтырылған хаттама арасында айырмашылық көп. Сондықтан тесктологиялық және терминологиялық-герменевтикалық сыни көзқарас пен салыстырмалы методологиялық кешенді платформа қажет екендігі белгілі.

Алғыс айту. Мақала OR11465470 «XX ғ. 20-50 жж. Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін және ақтау процестері: бірыңғай деректер базасын құру» жобасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржылық қолдауымен дайындалған.

Әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

Аманқұл Т.О. Кеңестік дәуірдегі қазақстандағы ислам 1920-1950 жылдар. Философия докторы (phd) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2020. – 165 б.

Атеизм в СССР: становление и развитие / редкол.: А.Ф. Окулов (отв. ред.) и др. – М., 1986. – 238 с.

«Все религиозные организации мусульман находятся накануне полного разрушения...» (свидетельство муфтия Р. Фахретдинова) // Отечественные архивы. – 1994. – №1. – С. 69-72.

Всесоюзная перепись населения 1937 г. Н.А. Араловец, В.Б. Жиромская, И.Н. Киселев. – М., 1991. – 386 с.

Ердем Х. Пантеизм ве Вахдети вужуд мукайесеси. – Анкара, 1990. – 10 б.

Ислам и советское государство (1944-1990). – М., 2011. – Вып. 3. – 528 с.

Исхаков С.М. Национально-революционное движение в Центральной Азии (1917-1918): Академик П.В. Волобуев. Воспоминания. Статьи. – М., 2000. – 508 с.

Кенжеттаев Д. Құндылықтар дилеммасы: кеңестік идеология және иасауи мәдениеті // Адам әлемі. – 2021. – № 4 (90). – Б. 66-76.

- Кокебаева Г.К., Садыкова А.М. Основные направления политики советской власти в сфере религии // Вестник КазНУ. Серия историческая. – 2014. – № 4 (75). – С. 116-122.
- Ленин В.И. Социализм и религия. Об отношении рабочей партии к религии. – М., 1983. – 24 с.
- Нурғалиева А.М. Очерки по истории ислама в Казахстане. – Алматы, 2005. – 224 с.
- Нуртазина Н.Д. Наступление на ислам: антирелигиозная политика Голощекина в Казахстане и ее последствия // Казахстан-Спектр. – 2009. – №4(50). – С. 80-87.
- Преодолевая религиозное влияние ислама (Из опыта Коммунистической партии Казахстана). 1917 – начало 1930-х годов. – Алма-Ата, 1990. – 256 с.
- Садыкова А.М. Кеңес өкіметінің дін саласындағы саясаты (1918-1953 жж.). әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Қолжазба құқығында Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2015. – 201 б.
- Садыкова А.М. Дін саласында кеңестік заңнама: «Шіркеудің мемлекеттен және мектептің шіркеуден бөлінуі туралы» декреті // «VII Торайғыров оқулары. Павлодар облысындағы тұрмыс саласы. Жағдайы мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. 2 том. – Павлодар, 2015. – Б. 287-292.
- Сталин И. Вопросы ленинизма. – М., 1933. – 210 с.
- Сүлеймен Х.Б. Фалсафи доктриналар ве теримлер сөзлүгү. – Анкара, 1996. – 226 б.
- Тәжікова К.Х. Ислам: дүниетаным, идеология, саясат. – Алматы, 1989. – 176 б.
- Топалоглы А. Атеизм және оның сыны. – Анкара, 1999. – 13 б.
- Bennigsen A., Wimbush S. Enders. Muslim National Communism in the Soviet Union: A Revolutionary Strategy for Colonial World. – Chicago, 1980. – 290 p.
- Von Mende Gerhard. Komünist Blokta Milliyet Mefkuresi. çev: FethiTevetoglu, Ankara Basimevi. – Ankara, 1966. – 128 p.
- Erşahin S. Türkistan'da Islam ve Müslümanlar (Sovyet Dönemi), İlahiyat Vakfı Yay. – Ankara, 1999. – 306 p.

References

- Amanqul T.O. Kenestik dyirdegi Kazakhstandagy Islam 1920-1950 zhyldar [Islam in Kazakhstan during the Soviet era, 1920-1950 years]. Philosophy of Doctors (Phd) Sergey Nadezhin Alu Daindalgan dissertation. – Almaty, 2020. – 165 p. [in Kazakh]
- Ateizm v SSSR: stanovleniye i razvitiye [Atheism in the USSR: formation and development] / red kol.: A.F. Okulov (otv. red.) i dr. – M., 1986. – 238 p. [in Russian]
- «Vse religioznyye organizatsii musul'man nakhodyatsya nakanune polneyshego razrusheniya...» (svidetel'stvo muftiya R. Fakhretdinova) ["All religious organizations of Muslims are on the eve of complete destruction..."] (testimony of Mufti R. Fakhretdinov) // Otechestvennyye arkhivy. – 1994. – № 1. – P. 69-72. [in Russian]
- Vsesoyuznaya perepis' naseleniya 1937 g. [The All-Union Population Census of 1937]. N.A. Aralovets, V.B. Zhiromskaya, I.N. Kiselev. – M., 1991. – 386 p. [in Russian]
- Erdem H. Pantheism ve Vakhdeti vujud mukayesesi [Comparison of Pantheism and Unity of Being]. – Ankara, 1990. – 10 p. [in Turkish]
- Islam i sovetskoye gosudarstvo (1944-1990) [Islam and the Soviet State (1944-1990)]. – M., 2011. – Ex. 3. – 528 p. [in Russian]
- Ishakov S.M. Natsional'no-revolyutsionnoye dvizheniye v Tsentral'noy Azii (1917-1918) [The National Revolutionary Movement in Central Asia (1917-1918)]: Academician P.V. Volobuyev. Memories. Staty. – M., 2000. – 508 p. [in Russian]
- Kenzhetaev D. Qundılıqtar dilemmasy: kenestik ideologiya jane Iasawi madeniety [The Dilemma of Values: Soviet Ideology and Isawi Culture] // Adam Alemi. – 2021. – № 4 (90). – P. 66-76. [in Kazakh]
- Kokebayeva G.K., Sadykova A.M. Osnovnyye napravleniya politiki sovetskoy vlasti v sfere religii [Main directions of the policy of the Soviet power in the sphere of religion] // Vestnik KazNU. Historical series. – 2014. – 4(75). – P.116-122. [in Russian]
- Lenin V.I. Sotsializm i religiya. Ob otnoshenii rabochey partii k religii. [Socialism and Religion. On the attitude of the workers' party towards religion]. – M., 1983. – 24 p. [in Russian]
- Nurgalieva A.M. Ocherki po istorii islama v Kazakhstane [Essays on the history of Islam in Kazakhstan]. – Almaty, 2005. – 224 p. [in Russian]

Nurtazina N.D. Nastupeniye na islam: antireligioznaya politika Goloshchekina v Kazakhstane i yeye posledstviya [Attack on Islam: Goloshchekin's anti-religious policy in Kazakhstan and its consequences] // Kazakhstan-Spectrum. – 2009. – 4 (50). – 80-87. [in Russian]

Preodolevaya religioznoye vliyanie islama (Iz opyta Kommunisticheskoy partii Kazakhstana). 1917 – nachalo 1930-kh godov. [Overcoming the religious influence of Islam (From the experience of the Komunist party of Kazakhstan). 1917 – early 1930s.] – Almaty, 1990. – 256 p. [in Russian]

Sadykova A.M. Kenes Okimetynin dīn salasyndaǵy sayasaty (1918-1953 zh.). [Policy of the Soviet government in the field of religion (1918-1953)]. Al-Farabi atyndaǵy Kazak ultyk University. Kolzhazba Kukygynda Philosophy Doctors (PhD) Galaxin Aluhu Dain Dalgan dissertation. – Almaty, 2015. – 201 b. [in Kazakh]

Sadygova A.M. Din salasynda Kenestik zannam: «Shyrkeudin memleketen zhane mekteptynūden Bolynuī turals» decree [Soviet legislation in the field of religion: Decree "On the separation of the church from the state and the school from the church"] / «VII Toraigyrov okular. Pavlodar bald Turkys salas. Zhaggdai me keleshegi» Attas halykaralyk Gylymi-Tajribelik Conference of Local Materials. 2 Volume. – Pavlodar, 2015. – 287-292 pp. [in Kazakh]

Stalin I. Voprosy leninizma [Questions of Leninism]. – M., 1933. – 210 p. [in Russian]

Sulaiman Kh.B. Falsafi doctrinaire ve therimler therimler sUzlugu. [Dictionary of philosophical doctrines and terms] – Ankara, 1996. – 226 p. [in Turkish]

Tajkova K.H. Islam: Duniyetanym, ideologiya, sayasat. [Islam: world view, ideology, politics.] – Almaty, 1989. – 176 p. [in Kazakh]

Topaloggly A. Atheism jane onyn syny. [Atheism and its criticism]. Ankara, 1999. – 13 b. [in Kazakh]

Bennigsen A., Wimbush S. Enders. Muslim National Communism in the Soviet Union: A Revolutionary Strategy for Colonial World. – Chicago, 1980. – 290 p. [in English]

Von Mende Gerhard. Komünist Blokta Million Yet Mefküresi. [The Million Yet Idea in the Communist Bloc]. – Ankara, 1966. – 128 p. [in Turkish]

Erşahın S. Türkistan'da Islam ve Müslümanlar (Sovyet Dünemi) [Islam and Muslims in Turkestan (Soviet Period)] – Ankara, 1999. – 306 p. [in Turkish]

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ/ CONTENT

РЕДАКТОР СӨЗІ СЛОВО РЕДАКТОРА EDITOR'S WORD

Қасымов С.А.

Редакциядан / От редакции

6-9

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН МӘСЕЛЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ СПЕЦИФИКА И ОСОБЕННОСТИ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ SPECIFICITY AND FEATURES OF POLITICAL REPRESSIONS IN KAZAKHSTAN

Жанысбекова Г.А., Әшім Ж.К.

Орта Азиялық бюро қызметі барысында Оңтүстік Қазақстандағы «топтық күрестің» пайда болуы

12

Қыдырәлиева Ж.У.

«Нездоровые и антисоветские проявления»: общественные настроения, протестные группы и организации в 1940-1950-е гг. в Казахстане в документах спецоргана

22

Бейсекеева У.Ш.

Қазақстанда саяси қуғын-сүргін жүйесінің орнығуы

35

ШАРУАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ КҮШТЕП ҰЖЫМДАСТЫРУ, ЕТ, АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БАСҚА ДА НАУҚАНДАРЫНЫҢ ҚҰРБАНДАРЫ ЖЕРТВЫ НАСИЛЬСТВЕННОЙ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ, ЗАГОТОВИТЕЛЬНЫХ И ДРУГИХ КАМПАНИЙ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ОТНОШЕНИИ КРЕСТЬЯНСТВА VICTIMS OF FORCED COLLECTIVIZATION, PROCUREMENT AND OTHER CAMPAIGNS OF THE SOVIET AUTHORITY IN RESPECT OF THE PEASANTRY

Нағымов Ш.Н.

1921-1923 жылдарда Атырау өлкесінде болған ашаршылық

41

Сәрсембин Ү.Қ.

Кеңес билігінің қазақ ауылдарын жою саясаты

52

1920-1950 ЖЖ. ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚСТАННАН КЕТУГЕ МӘЖБҮР БОЛҒАН БОСҚЫНДАР ВЫНУЖДЕННЫЕ БЕЖЕНЦЫ ИЗ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД РЕПРЕССИЙ И ГОЛОДА 1920-1950-Х ГГ. FORCED REFUGEES FROM KAZAKHSTAN IN THE PERIOD OF REPRESSION AND HUNGER IN 1920-1950s.

Қозыбаева М.М.

Ресей аймақтары бойынша қазақ босқындарының орналасу ерекшеліктері

63

ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ХАЛЫҚТАР ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЖЕР АУДАРЫЛҒАНДАР ДЕПОРТАЦИЯ НАРОДОВ В КАЗАХСТАН И СПЕЦПОСЕЛЕНЦЫ DEPORTATION OF PEOPLES TO KAZAKHSTAN AND SPECIAL SETTLERS

Абуов Н.А., Шериязданов Б.Р.

Из истории депортации корейцев в Северо-Казахстанскую область

73

**ҚАЗАҚСТАНДА ГУЛАГ ЛАГЕРЛЕРІ ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ
ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫЛАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ
СУДЬБЫ УЗНИКОВ ЛАГЕРЕЙ ГУЛАГА В КАЗАХСТАНЕ И ЧЛЕНОВ ИХ СЕМЕЙ
THE FATE OF THE PRISONERS OF THE GULAG CAMPS IN KAZAKHSTAN
AND THEIR FAMILY MEMBERS**

Илясова А., Елеуханова С.В.

Особенности продовольственного обеспечения заключенных Карлага

84

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОСТАНДЫҒЫ, ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ АУМАҚТЫҚ ТҮТАСТЫҒЫ
ҮШІН КҮРЕСУШІЛЕР – ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ РЕТІНДЕ
БОРЦЫ ЗА СВОБОДУ, НЕЗАВИСИМОСТЬ И ТЕРРИТОРИАЛЬНУЮ ЦЕЛОСТНОСТЬ
КАЗАХСТАНА КАК ЖЕРТВЫ РЕПРЕССИЙ
FIGHTERS FOR FREEDOM, INDEPENDENCE AND TERRITORIAL INTEGRITY
OF KAZAKHSTAN AS VICTIMS OF REPRESSION**

Маликова С.З.

Мағжан Жұмабаевтің өмірі мен қызметі архив құжаттарында

99

Махат Д.А.

Азаттық жолындағы күрес: Бижан Білалов ісі

105

Сарсембина Қ.Қ., Ілияс А.Ж.

ПХК (НКВД) құжаттарындағы Алаш зиялыларын қудалау саясаты

118

Сдықов М.Н.

Репрессии 30-х годов против ученых. Дело С. Балаубаева

133

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАР - ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ РЕТІНДЕ
ВОЕННОПЛЕННЫЕ-КАЗАХСТАНЦЫ КАК ЖЕРТВЫ РЕПРЕССИЙ
PRISONERS OF WAR-KAZAKHSTANI AS VICTIMS OF REPRESSION**

Асилов Н.Т., Алимгазинов К.Ш.

Политические репрессии в военных комиссариатах Казахстана в 1937–1938 годы

140

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ДӘСТҮРЛІ ДІН ӨКІЛДЕРІ
РЕПРЕССИРОВАННЫЕ ПРЕДСТАВИТЕЛИ ДУХОВЕНСТВА В КАЗАХСТАНЕ
REPRESSED REPRESENTATIVES OF THE CLERGY IN KAZAKHSTAN**

Кенжетәев Д.

1920-1953 жылдар аралығындағы Қазақстандағы дін саясаты

151